



**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ӘДЕБИ СЫН



Екінші кітап

Алматы

Қазақстан Жазушылар одағы әдеби сын кеңесінің
қатысуымен дайындалған.
Абай ғылыми-зерттеу институты ұсынған.

Әдеби-редакциялық кеңес
Дәдебаев Ж. (төраға), Әбдезұлы Қ., Әмірхан М.,
Ергөбек Қ., Құлбарақ С., Мәдібаева Қ.,
Ыбырайым Б., Ысқақұлы Д.

Жалпы редакциясын басқарған Ж. Дәдебайұлы
Жауапты редакторы Л. Мұсалы

Әдеби сын. Екінші кітап / Құрастырған С. Құлбарақ. –
Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2023. – 161 б. / Абай
институтының «Әдеби сын» сериялық басылымы.

«Әдеби сын» электрондық сериялық басылымының екінші
кітабы проза сынына арналған. Авторлар әдеби шығарманы
талдау, саралау, бағалау, ойларын жинақтау біліктілігімен
ерекшеленеді.

Кітап әдеби сынның қазіргі кезеңдегі ізденістерін, проза
жанрының жетістіктерін, жазушы тұлғасын тану мен
танытудағы бағыт-бағдар сипатын аңғартады.

Кітап жоғары мектепте білім алушы жастарға, оқырман
көпшілікке арналады.

ISBN 978-601-04-6490-2

© Абай институты, 2023

ӘДЕБИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТЕН

Әдебиет сыны – әдебиеттану ғылымының құрамдас үш саласының бірі және бірегейі. Әдеби сын туралы көркем әдебиеттің арғы-бергі дәуірлердің маңдайалды қаламгерлерінен қалған сындарлы сөздердің маңызы мен мәні бүгінгі күн үшін де маңызды.

Көркем әдебиеттің көрнекті тұлғаларының біразы, олардың ішінде әдебиет сыншылары кәсіби шығармашылық еңбекпен айналысты. Ақын, жазушы, сыншы шығармалары жүйелі түрде жарияланып, халықтың әдеби, мәдени, кісілік танымының ұдайы дамуына ықпал етті. Қаламгерлердің шығармалары, кітаптары, тіпті әдеби газеттер мен журналдар жарыса жарық көріп, олардың қалың оқырмандары қалыптасты. Қиырдағы малшылар, ауылдағы еңбекшілер, қаладағы жұмысшылар, мемлекет қызметкерлері, білім, мәдениет, өнер саласындағы қайраткерлер, мектептегі жастар мен зейнеттегі қарттарға дейін көркем әдебиет туындыларын, әдеби журналдарды асыға күтіп, қызыға оқыды. Қаламгерлер шығармашылық еңбектеріне қарай қаламақы алды, қайбір кәсіби қаламгерлердің бір кітабының қаламақысы бір машинаның құнымен бірдей болды.

Капитализм тұсында капиталдың билігі үстемдік етті. Оның жыры басқадай болды. Кәсіби шығармашылық еңбекпен күн көру қиынға соқты. Әдеби газет, журналдар мен көркем әдебиет туындыларын сатып алып оқуға екінің бірінің қолы жетпеді.

Қалыптасқан жағдай аясында көркем әдебиет оқуға, әдеби сынды оқуға санаулы мамандардың ғана батылы жететін болды. Кітап оқуға деген ынта азайды.

Кейінгі тұста көркем әдебиет, көркем әдебиеттің сыны туралы түрлі-түрлі сын пікірлердің елесі көрінетін болды. Сол елестің көлеңкесінде «Әдебиеттің сыны бар ма осы?», «Әдебиет сыншылары бар ма?» деген сияқты сұрақтар естіліп қалатын болды.

Әдебиет сыншысы бүгінде әдебиет зерттеушісі, әдебиеттанушы ғалым, оқытушы қызметтерін атқарып жүр, проза, журналистика айдынына шыққан әдебиет сыншылары да бар. Әдеби сынның дамуына ақындар мен жазушылардың қосып келе жатқан үлесі де мол. Көрнекті ақындар мен жазушылардың сын-толғауларындағы ерекше нәрлі мән, сырлы саз – әдебиет сынының арнасына тың ағыс болып қосылуда.

Қазақстан Жазушылар одағы Әдеби сын кеңесінің бастауымен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Абай ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен «Әдеби сын» атты сериялық жинақтың Е-басылымының шығарыла бастауы әдеби сынның дамуына, әдеби сын мамандарының қалыптасуына, көркем әдебиетті насихаттау ісіне, көркем әдебиеттің көркеюіне жаңа серпін береді деп үміт етеміз.

«Әдеби сын» электрондық сериялық басылымында мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған және жаңадан жазылған әдеби сын мақалалар топтастырылады. Мерзімді басылымдарда жарық көрген мақалалардың дерек көздері көрсетіледі.

«Әдеби сын» сериялық басылымының кітаптары қоғамдық негізде дайындалып, жарияланады.

Жанғара Дәдебайұлы,
әдеби-редакциялық кеңес төрағасы

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
профессоры, Қазақстан Жазушылар Одағы
Басқармасының хатшысы, Халықаралық
«Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты



ШЫНАЙЫ ӨМІРДЕН ТАМЫР ТАРТҚАН ТУЫНДЫЛАР

Жиырманшы ғасырдағы қазақ әдебиетінің тыныс-тіршілігі, өсуі, өркендеуі туралы әңгіме қозғағанда, қаншама қазақтың қабырғалы қаламгерлері ойға оралады.

Ол бір тарихи шақ туған әдебиетіміздің қарқынды шарықтаған, көркем сөздің қадірі самғау биікке көтерілген, көркем шығарма жазған қазақ қаламгерлерінің де атақ, абыройы асқақтап тұрған тұс еді. Жазушының қоғамдағы орны да, қадір-қасиеті де өте биік болатын. Ұлттық тәрбиенің, ұлттық мектептің де алтын діңгегі қазақ қаламгерлерінің көркем туындылары еді...

Сол, 1950-1980 жылдар аралығында жазылған, жарық көрген көркем шығармаларға бір оралып өткенде, әдебиетіміздің барлық жанрлары қаулай көтеріліп, сандаған тақырыптар қамтылып, өнімді түрде өркендеген екен. Осынау өнімді түрде өркендеген жанрдың бірі – детектив, яғни шытырман оқиғаларды арқау ететін, солардың тосын, тартымды, оқырманын бірден баурап алатын көркемдік шешім ұсынатын туындылар еді. Оқырманы ең көп, сатылымы, өтімділігі ең жоғары баспа өнімдері де тап осы жанрдың еншісіне тиетін.

Туған әдебиетіміздің көркемдік көкжиегін кеңейткен, көркемдік бояуына жаңа тыныс берген, тақырыптық ауқымын жаңа өрістерге

алып шыққан осы жанрдағы көркем шығармаларды әсіресе жас өркен, оқушы жастар қызығып оқитын.

Қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының негізін қалап, көшін бастаған, тума талант, аса дарынды қаламгер Кемел Тоқаев болды десек қателеспейміз.

Ұлы Отан соғысының ауыр күндерін, бар азабын басынан өткерген жас майдангер елге оралысымен қалам еңбегіне отырды. Қыршынынан қан майданның отты күндері мен оқты түндерін көзімен көріп, қаншама миллиондаған құрдастары мен замандастарының ажал құшқан сәттеріне куә болған, ел басына түскен қайғы мен қасіреттің барлығын жүрегінен өткізген жас қаламгердің осынау тақырыпта қалам тербеуі заңды еді.

Жазушы Кемел Тоқаевты өмірдің өзі сөз өнеріне, яғни жазушылыққа, қаламгерлікке, оның ішінде Ұлы Отан соғысы тақырыбына алып келді.

Жазушының күллі шығармаларына арқау болған қилы-қилы оқиғалар өмірдің өзінен алынды. Сондықтан да Кемел Тоқаевтың туындыларының ең басты тақырыбы – Ұлы Отан соғысы, сол соғысты басынан кешірген, қолына қару алып жау шебінде жүріп, жүрегін оққа төсеген қатардағы қазақ солдаты, қазақ жауынгері болды.

Барлық сюжет те, сол сюжеттің негізгі өзегі болған, күллі кейіпкерлердің бел ортасында жүретін, бастан кешетін оқиғалар тізбегі де жазушының жан жүйесіне әсер еткен, мәңгілікке есінде, жадында қалған қайталанбас суреттер қалам күдіретімен қайта тірілді.

Адамдар тағдырына терең бойлайтын қаламгер шынайы кейіпкерлер сомдады. Жасанды бояуы жоқ, қолдан жасалған әсірелеуден, асыра көтеруден алыс, тұнық судың ағысындай таза, терең суреттеулерге табан тіреген туындылар өз оқырманын бірден тапты.

Қарапайым, өмірдің өз бояуындай құнарлы тілмен жазылған осынау әңгімелердің, повестердің, романдардың қайсысына тоқталсақ та алдымен шынайы өмірдің суреті алдымыздан шығады.

Өмірдің суреті дегеннен шығады, Ұлы Отан соғысы, ұлы майдан шындығы негізінен 1941-1945 жылдары қолына қару алып, ел қорғаған майдангер қаламгерлердің жазған туындыларында көрінді. Тарихтың бір тұсында ұлы шовинистік ауруға ұшырап, тоталитарлық режим орнатып, Гитлерге табынып, күллі адамзатқа ажал әкеліп, апат төндірген фашистік Германияның бас қаласы Берлиннің, бас штабы Рейхстагтың төбесіне Жеңіс туын тіккен де осынау майдангерлер болатын.

Қазақ әдебиетіне де майдангер жазушылар аса құнды, мәңгілік мұра қалдырды. Рухтары шат болсын, бір қатарын атап өтейін. Бауыржан

Момышұлы, Қасым Қайсенов, Қасым Аманжолов, Жұбан Молдағалиев, Әбу Сәрсенбаев, Хамит Ерғалиев, Жұмағали Саин, Сырбай Мәуленов, Әди Шәріпов, Тахауи Ахтанов, Әзілхан Нұршайықов, Әбдіжәміл Нұрпейісов...

Осынау қасиетті, қастерлі есімдердің қатарында Кемел Тоқаев та соғыс тақырыбын өндіре жазып, өнімді еңбек етті.

Бауыржан Момышұлын, Қасым Қайсеновті ұстаз, аға тұтты, Жұбан Молдағалиевпен дос болды.

Халық батыры Қасым Қайсеновтің естеліктерін оқып отырсаңыз Кемел Тоқаевтың қаламгерлік еңбегіне, адалдығына, кішіпейілділігіне, адами, кісілік болмысына берген бағасы, ағалық ілтипаты мен ізеті кісі тебіренерлік. Өз кезегінде Кемел Тоқаев та Қасым Қайсеновтің әдеби шығармашылығын елге таныту, насихаттау, өз тұғырына қондыру мақсатында батыр ағасы туралы қазақ және орыс тілдерінде бірнеше кітап жазды. Шығармаларын жинастырды, танымдық тұрғыдан зерттеді. Осыдан-ақ өз тұсындағы майдангер қаламгерлер ортасында Кемел Тоқаевтың жазушылық еңбегі ғана емес, сонымен қатар оның кіршіксіз адамгершілік қасиеттері, абырой, беделі, тазалығы, қарапайымдылығы, қанағатшылдығы жиі-жиі атап көрсетілгенін анық байқаймыз.

Аты аңызға айналған майдангер жазушы Әзілхан Нұршайықов: «Кемел Тоқаев қазақ жазушыларының ішіндегі оқырманы ең көп қаламгердің бірі болды. Өзі таңдап алып, негізін қалаған детектив жанрында алдына жан салған жоқ», – деп жазыпты.

Тағы да бір майдангер қаламгер Мұзафар Әлімбаев: «Өмірде ұзақ жылдар ізденіп жүріп, әдебиеттен өзін жаңылыспай тапқан, тек өзіне ғана тән оңтайлы өнерлігімен талай құнды кітаптар тудырған Кемел Тоқаевты туған халқы терең махаббатпен еске алады», – деп толғаныпты.

Кемел Тоқаевтың тырнақалды кітабы «Жұлдызды жорық» атты туындысына алғашқы жазған көркем әңгімелері топтастырылды. 1954-ші жылы мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жарық көрді. Отызға енді ғана толған жас қаламгердің тұңғыш жинағы қазақ оқырмандарын бірден елең еткізді. Жас майдангер жазушы туған әдебиетіміздің табалдырығын имене аттап, өз бағытын, өз соқпағын, өз тақырыбын таныта келді.

Алғашқы әңгімелерінің өзінен-ақ қалың оқырман ұзаққа шабатын, кең тынысты, өз тақырыбын ұңғыл-шұңғылына дейін терең меңгерген қаламгердің өзіндік қолтаңбасын бірден аңғарды.

Кейіпкерлері тың, оқиға желісі шымыр, ширақы желіде өрбіп отыратын жазу стилін шебер меңгеріп алған жазушы бір шығармадан

бір шығармаға өсіп, толысып, тереңдеп, кейінгі туындыларында күрмеуі мол, күрделі тақырыпты әр қырынан ашып, сүбелі-сүбелі шығармаларымен көрінді. Солардың ішінен алпысыншы, жетпісінші, сексенінші жылдары жарық көрген «Жұлдызды жорық», «Қыс қарлығашы», «Тасқын», «Көмескі із», «Болашақ туралы ойлар», «Замандастар сыры», «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Арнаулы тапсырма», «Сарғабанда болған оқиға», «Таңбалы алтын» атты кітаптарына енген әңгімелері мен повестерін, «Соңғы соққы», «Солдат соғысқа кетті», «Ұясынан безген құс» атты жинақтарына кірген романдарын айрықша бөліп айтар едім.

«Таудағы жаңғырық», «Замандас сыры» атты повестері де кезінде әдеби сында жақсы бағаланған көркем дүниелер. Жазушы повестерінің тілі, композициялық құрылымы, кейіпкерлер портретін сомдаудағы жазушы ізденістері де назардан тыс қалған жоқ.

Бұл туындылардың да күре тамыр тақырыбы – майдан шындығын суреттейтін оқиғаларды молынан қамтиды. Қаламгердің өз көзімен көрген, басынан кешкен шындықтан артық, шынайы, шыншыл қандай өмір болуы мүмкін? Осынау біз атап өткен әңгімелер, повестер мен романдардағы күллі оқиғалар мен кейіпкерлер әрекеті, тартыс, күрес, жеңіс пен жеңілістер, барлығы шынайы өмір көріністерінен, адамдар тағдырларынан тамыр алады.

Жазушыны өзі тағдыр кешкен замана шындығын кең қамтып, күнгейі мен көлеңкесін, кешегісі мен бүгінгісін бүркемелемей, боямасыз салыстыра жеткізуге өмір тәжірибесі итермеледі. Әсіресе, қалың оқырманның үлкен сұранысына ие болған, қазақ әдебиетіндегі алғашқы детективті шығарма – «Соңғы соққы» романы орыс және бірнеше тілге аударылып Одақ көлемінде танылды. Бұл романнан кейін ізін суытпай қаламгер келесі сүйекті, күрделі туындысы «Солдат соғысқа кетті» атты тарихи романын дүниеге әкелді.

Романдағы суреттелетін оқиғалар, көріністер, кейіпкерлер диалогтары, шығарманың композициялық құрылымы әбден төселген, көркемдік шеберлік әдіс-тәсілдерін мейлінше меңгерген жазушының қолтаңбасын анық аңғартты.

Әу дегеннен, алғашқы диалогтердің өзінен-ақ әскери училищені енді аяқтағалы отырған қазақтың қос жас жігітінің майдан шебіне аттанып бара жатқан сәттеріне куә боламыз. Бірінің есімі – Мұхаммед, екіншісі – Мейірманов. Қос кейіпкердің кейінгі өмір жолы майдан даласында, яғни Сталинградтан бастап Украина, Белоруссия, Польша жерлерін беліндегі бес қаруымен, сұр шинель, солдат етігімен жүріп өткен сан тағдырлы, азабы мен тозағы қатар түсіп жататын қалың оқиғалардың боямасыз көрінісі оқырманды бей-жай қалдырмайды.

Жалпы, қаламгердің сюжет құру, қалың оқиғалардың алтын арқауын босаңсытпай ширықтыра түсетіндігі, суреткерлік мақсатына дөп келетін көркемдік детальдарды ұтымды ұстап алатындығы, кітап мазмұнын оқырманды жалықтырып жіберетін бірсарындылықтан алыс ұстауы, детектив жанрының ең басты шарты – кейіпкерлерін сан алуан, шытырман оқиғалардың ортасында, үнемі шарпысу, тартыс, күрес үстінде көрсете білу таланты осынау туындылардың басты қасиеті дер едім.

Кейінірек, майдан, соғыс, әскери шайқас көріністерінен бірте-бірте алыстап, қаламгер таза чекистер, барлаушылар, тәртіп сақшылары, ішкі істер органдары жауынгерлерінің, қызметкерлерінің өмір, тағдырына құрылған шығармаларында да суреткерлік шеберлігін шыңдай түсті.

Енді жау тылына өткен, басын бәйгеге тігіп, барлаушылықта жүрген партизандардың, қатардағы жауынгерлердің жан кешті еңбегін, ел тыныштығын күзететін, әртүрлі қылмыстық істердің ізіне түсіп, адамдар тағдырына арашаға келетін кейіпкерлердің бір шоғыры алдыңғы қатарға шығады.

Терең зерттеулерге, қоғам өміріндегі әлеуметтік, моральдық өткір мәселелердің астарына көбірек үңілетін, сол арқылы өзінің алдымен адамгершілік, кісілік қасиеттерімен көрінетін әскери адамдардың образын, яғни қазақ әдебиетінің сан қырлы бай галереясына толымды, тосын, күрделі тағдырдың иелерін алып келді.

«Соңғы соққы» романының бас кейіпкері – белгілі Кеңес Одағының чекисі Қасымхан Чанышев. Оқырман бұл туындыда М.Фрунзе, Д.Фурманов, О.Жандосов, Б.Шагабутдинов сияқты мемлекет қайраткерлерінің бейнесімен де танысады. Қаламгер бұл беттерде де тарихи шындықтан ауытқымайды.

Кеңес чекистерінің жиырмасыншы жылдардағы ішкі және сыртқы жаулармен күрестегі ерлік істері де шытырман оқиғалар арнасында ашылады. Барлығы тарихи деректер негізінде жазылған. Осынау шытырман оқиғалардың ортасында із кесетін, аңдудың, бопсалаудың, қылмыскерді тығырыққа тіреудің сан қилы әдіс-тәсілдерін шебер меңгерген кейіпкер болмысының боямасыз шындығын әсерлі жеткізу кез келген қаламгердің оң жамбасына келе бермейді. Ол үшін жазып отырған объектіңді жақсы білу қажет.

Осы тұрғыдан келгенде Кемел Тоқаев өз тақырыбына ұзақ жылдар бойында адал болды. Ара-арасында драмалық туындыларға да қалам тербегенімен өзінің сүйікті тақырыбынан көз жазған жоқ. Сондықтан да өндіріп жазды.

Көбінесе «психологиялық талдау» әдісіне жүгінетін суреткердің шығармаларынан бірде-бір бос белбеу, осал түсіп жататын кейіпкерлерді таппайсыз.

Қызыл империя, Кеңес Одағы, саяси идеологиядағы тап күресі, партиялық әдебиет талаптары үстемдік құрып тұрған заманда қазақ қаламгерлеріне алаңсыз, жалтақтамай, еркін, шығармаларының саяси бағытын, ұстанымын бірінші орынға шығармай кітап жазу, оны баспадан жариялау мүмкін емес еді. Мемлекеттік цензура оқырманға жол тартқан, әрбір жарық көрген туындыны, оның мазмұнын, әсіресе ішіндегі кейіпкерлерін қатаң қадағалайтын.

Осындай идеологиялық қағидалардың, партиялық бақылаудың қырағы көзінен керек болса кезінде саңлақ суреткерлеріміз Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы да, Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» атты әйгілі романы да құтыла алмаған.

Әдебиеттегі Ұлы Отан соғысы тақырыбы – нағыз идеологияның қаны жерге тамбай тұрған құралына айналды. Совет халқына патриоттық тәрбие беру саясатының ең пәрменді тетігі де осынау соғыс тақырыбындағы көркем әдебиет болатын. Осы қиын өткелді майдангер жазушы Кемел Тоқаев қалай орағытып өте алды? Ең басты шығармаларына, яғни сүйекті, сүбелі деген повестері мен романдарына бас кейіпкер етіп қазақ ұлтынан шыққан жауынгерлер мен әскери қолбасшылардың бейнесін ендіре алғаны ерлікке пара-пар еді.

Кемел Тоқаевтың ең тырнақалды әңгімелерінен бастап соңғы жылдары жазылған роман, повестеріндегі басты кейіпкерлердің барлығы қазақ ұлтынан шыққан ержүрек батырлар. Балаларға арнап жазған әңгімелері мен новеллаларындағы негізгі кейіпкерлер де ауылдан шыққан қарапайым қазақ балалары мен қыздары. «Қуаныш» атты әңгімесіндегі Жомарт пен Жаннат, «Жұлдызды жорықтағы» Болат пен Рая, «Нұрлы жолдағы» Сәуле, Бақыт, оның әкесі Серікбай, «Ауыл қызы» әңгімесіндегі Мәскеуден жоғары білім алып келген жас маман Жанар Ахметова, болмаса соғыс тақырыбындағы туындысы «Күнделік» әңгімесіндегі бас кейіпкер танкист, барлаушы Алмас Айдаровтың ерлігі, іс-әрекеттері оқырман жадында жатталып қалады. Славян халқының өкілдерін негізгі кейіпкерлер етіп енгізбеген қаламгердің туындыларының тағдыры қандай болғанын әдебиет тарихынан жақсы білеміз. Осы орайда біз жазушы туындыларының әлеуметтік астарына, танымдық-философиялық құндылығына да баса мән беруіміз керек. Кемел Тоқаевтың шығармаларының ұлттық сипатын, әсіресе кейіпкер таңдау, пейзаж, авторлық баяндаулар ұлттық құндылықтарға аса мән беретіндігін көптеген зерттеушілер, әдебиет сыншылары айтып, жазып келеді. Енді кеңес заманы

тұсындағы қоғамдық-әлеуметтік өмірдің терең қатпарларын, сол қоғамдағы адами, кісілік құндылықтарды сөз өнері арқылы, көркем шығарма арқылы көтере білген, бейнелей білген қаламгерлік ізденістеріне терең, танымдық зерттеулер жүргізетін мезгіл келді.

Себебі, шынайы көркем шығарма еш уақытта заманға, уақытқа тәуелді емес. Қанша уақыт өтсе де Мұхтар Әуезовтің, Жүсіпбек Аймауытовтың, Бейімбет Майлиннің, Тәкен Әлімқұловтың прозалық туындылары бүгінгі оқырманның да қолынан түспей келеді. Қазіргі жас буын, жас ұрпақ та осынау қаламгерлердің қаламынан жүз жыл бұрын шыққан шығармаларды жатсынбайды.

Сонан соң шынайы көркем туынды тақырыпқа да тәуелді емес. Шығарманың көркемдік сапасы, яғни көркемдік құндылығы ең алдымен авторының талантына, дарын күшіне тікелей тәуелді. Дарынды қаламгер қандай тақырыпқа қалам тербесе де алдымен өзі бейнелеп, суреттеп отырған өмір шындығына, адамдар тағдырына терең бойлайды. Өмірлік шындықтың ең бір арналы ағысын, күре тамырын дәл аңғара білген қаламгерге ғана суреткер бақыты бұйырады. Суреткер бақыты бұйырған санаулы қазақ қаламгерлерінің бірі – Кемел Тоқаев. Мұны өзімен бір заманда ғұмыр кешкен майдангер қаламгер ағалары да аңғарып, кітаптарында баса көрсеткен екен.

Алдымен бейнелеп отырған кейіпкерлерінің жан дүниесіне, адами, кісілік болмысына психологиялық тұрғыдан үңілетін қаламгердің үлкен көркемдік табыстарға қол жеткізгенін жоғарыда айттық. Ал енді сол өзі өмір кешкен қоғамның әлеуметтік құбылыстарына, әлеуметтік құндылықтарына көркем шындық арқылы көз жіберу, әрине парасат биігінен, ой ауқымы кеңдігімен бағалай білу, сол арқылы адамдар тағдырын қоғамның қалың оқиғаларымен қабыстыра суреттеу қабілетіне екінің бірінің қолы жете бермейді.

Осы биікке Кемел Тоқаевтың туындылары көтерілді. Әсіресе майдан шындығын суреттейтін туындыларында әлемдік, бүкіл адамзаттық деңгейде гуманистік, өркениеттік мәселелерді көтере білді. Адамзатты әлемдік апатқа әкелетін жалпы адамзаттық апакалипсистің, күллі тіршілік атаулының біржолата жер бетінен құрып кетуіне әкелетін кездейсоқ от ұшқыны мемлекеттер, адамдар арасындағы соғыс өртінен тұтанатынын авторлық ремаркаларда астарлап жеткізіп отырады. Жазушы шығармаларының алтын өзегінде жатқан поэтикалық қуаты да осы арадан көрінеді.

Осынау идеяны қарапайым көркемдік детальдарға, кейіпкерлер арасындағы тосын диалогтерге иінін тауып, жымын білдірмей кіргізеді. Соғыс тақырыбын суреттей отырып гуманистік, пассионарлық

идеялар мен құндылықтарды қалың оқырманға нәзік жеткізе білуі жазушы қол жеткізген көркемдік табыстарының ең бастысы дер едім. Адамзат тарихындағы ең бір соғыс алапатын көп көрген, арпалысты, қайшылықты жиырмасыншы ғасырдың тарихи шындығын шынайы білгісі келетін оқырманға жазушы туындыларының құндылығы өте жоғары.

Жазушы туындылары өткен ғасырдың 70-80 жылдарында Қазақстан Жазушылар Одағы мен Қазақстан ішкі істер министрлігі ұйымдастырған детектив жанрына арналған әдеби байқауларда әлденеше рет топ жарып, бас бәйгені иеленді.

Кемел Тоқаевтың 2008-2010 жылдары жарық көрген бес томдық таңдамалы жинағына «Таудағы жаңғырық», «Замандас сыры» атты повестері де енді. Осынау таңдамалы бес томдықтың түйінді сөзі ретінде жарық көрген тағылымы бөлек, тәрбиелік өнегесі терең, толғаулы тебіреністен туған көркемдік болмысы дара туынды – «Әке туралы толғау» эссесі.

Осынау эссе-толғау да қаламгер-әкенің жан дүниесіне терең үңілуге, жас кезінен тұрмыс тауқыметі мен тағдыр салмағын қайыспай, қайсарлықпен арқалап өткен қос бауыр Қасым мен Кемел атты қазақ перзенттерінің биік рухын терең түйсінуге, ойлана отырып түсінуге жол ашады.

Лирикалық астары нәзік, сирек өмір көріністері мен адам тағдырының қалтарыстарын тебіреністе суреттейтін кітап беттерін оқығанда жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жартысында орын алған жоқшылық, ашаршылық, халық басынан өткен нәубет, репрессия, бір сөзбен айтқанда қаралы қалың оқиғалар қайта көз алдыға келеді.

Осынау ардақты әке туралы эссе-толғау көрнекті жазушы Кемел Тоқаевтың тұтас шығармашылық лабораториясынан да сыр шертеді. Сирек, бізге беймәлім, қымбат өмір деректері де құнарлы тілде қайта сөйлейді.

Қарымды, қабырғалы қаламгердің қанды майдан, алапат соғыс жалынына шарпылған, алмағайыпта ауыр жарақат алған тұғыры биік тұлғаның ғұмырбаяндық шежіресі деуге сиятын осынау еңбекті де туған әдебиетіміздің тарихын, жүріп өткен жолын шынайы бағалауға өз үлесін қосқан туынды ретінде бағалауға болады.

Өмірден ерте өткен, жанына, жүрегіне түскен сансыз жарадан жігері мұқалмаған, ең қимастары – әке, анадан, туған бауырынан, туған қарындастан мезгілсіз айырылса да арына, намысына шаң тигізбей, майдан даласынан оралысымен Қазақ ұлттық университетінде журналистік жоғары білім алып, өзінің дарынына, қалам қуатына

сеніп, туған әдебиетімізге өлшеусіз үлес қосқан, олжа салған тұғыры биік тұлпардың туындыларын уақыт жеңе алған жоқ.

Биылғы жылы жүз жылдығын ұлттық деңгейде халық болып тойлап жатқан қазақтың қайталанбас қабырғалы қаламгері, суреткер жазушы Кемел Тоқаевтың қаламынан қалған мол мұра – бүгінгі жас буынға да аса қымбат, аса қажетті рухани құндылық деп есептеймін.

2023

**Бекен ЫБЫРАЙЫМ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор**



АДАМНЫҢ МЕМЛЕКЕТКЕ АЙНАЛУЫ

**Мен өз басым әдебиеттің негізгі міндеті
әшкерелеу де, дәріптеу де, ақыл айту да,
алдарқату да емес, адамдарды, адамдық
тіршілікті әуелі өзің жете түсініп, сосын
оқушыңды жете түсіндіріп, оның өзін өзі
рухани шындай білуіне түрткі болу
деп ұғамын...**

Әбіш Кекілбаев

Сауал мен жауап

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының басында отыздың белесінен енді асқан жас жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы жазылды және жарық көрді. Содан бері жарты ғасырға жуық уақыт өтсе де, бет қаратпай, өршіп тұрған идеологиялық үстем режимге еріксіз бейімделген, әйгілеу-айқындауынан алдарқатуы басым көп туындыдан көркемдік тұрпаты бөлек бұл шығарма зерделі оқырманның назарынан тыс қалған емес.

Шығарманы оқи бастағанда-ақ, бірден аңғарылатыны – жастығына қарамастан, сөз саптау мәнері ерте қалыптасқан жазушының сенімді, нық аяқ алысы. Сөз-сәуленің кібіртіксіз еркін құйылуы, шаршатпайтын, керісінше, қызықтырып шақырудан бір танбайтын бипаздап баяндау тартымдылығы -

телегей дарияның үдере алға тартқан алаңсыз, ыдырамайтын біркелкі ағысы, күшеніп ыңырысмайтын ырғағы, қалай шүйіліп оқысаң да, ықыласыңды баурай беретін пластикасы, қоры мол, құнарлы сөзбен құбылып жеткен түйсіктің тереңдігі, алуан ойлар мен шыңыраудан шымырлап шығатын жұмбағы қабаттасқан құпия сезімдер сапырылысының дүбірі мен дүрбелеңдері автор қаламының жүр-жүрлеген жетегінен емес, мазмұн-әлемнің қажеттілігінен туындап жатуы болмысты өзінше сезініп, өзінше өрнектейтін аса дарынды жас жа-зушының жасқанбай, жарқырап келгенін айқын көрсетті.

Романды оқып шыққан соң, негізгі үш сұрақ туындайды:

1. Не айтпақшы?
2. Мазмұн арқылы ұсынылған көркемдік шындықтың кімге, қаншалықты қажеті бар?
3. Қалай айтылды?

Осы үш сұрақ романның концептуалдық әлемі мен поэтикасын байыптауға бастайды. Үшінші сұрақ төңірегінде, Әбекеңнің жазушылық шеберлігі туралы аз жазылған жоқ. Бізде ғана емес, шет елдерде де, әсіресе Германияда. Сексенінші жылдары жазушының екі томдығы ең алдымен Германияда шыққанын, оған неміс тілінде бірталай пікірлердің жарияланғанын ғылыми-ақпараттық басылымдардың бірінен ұшырасқанда, таңданғаным бар еді. Олай дейтінім – ол кезде бізде жаңа шығарма туралы пайым жекелеген бірен-саран рецензиялармен шектелетін.

Әлі күнге тиісті дәрежеде сөз қозғалмай келе жатқан алдыңғы екі сұраққа байланысты пайымдаулардың жариялануы кешегі кезеңде мүмкін емес еді. Алда не күтіп тұр, белгісіз. Ендеше кедергіден құтылып, тәуелсіздік берген еркіндік жағдайында кезінде біртүрлі қызық, әрі тосын көрінген туынды туралы айтар кез келді.

Мұндай көп қатпарлы, зер салған сайын мән-мағынасы тереңге тарта түсетін роман жазу үшін мол өмірлік-интеллектуалдық тәжірибенің қажеттігі сөзсіз. Жастықтың асау ағысымен албырттанып-құйындатып келе жатқан немесе серіліктің серуенімен шайқап жүрген Екпіннің өзекті өртейтін өткен мен құбылмалы, қитұрқылы Бүгінді байыптауға шегінбейтін ынта мен суымайтын ықылас танытуы қиын. Ендеше екінің бірі бара бермейтін, бара қалған күнде де, бажайлауы мен бейнелеуі көңілдегідей жарасым таба алмай жататын «қиынға» жап-жас Әбіш Кекілбай қалай келді, не айтпақшы деген алғашқы сұрақ еріксіз алға шығады.

Оның бұған дейінгі жазған әңгімелері мен тарихи кезеңдердің шырғаландарын шарлаған повестеріне ортақ айрықшалық – адам табиғаты мен заман, қоғам сабақтастығы мен сол сабақтастықтағы өзара тәуелділік құпиялары зардабының жеке адамға, әлеумет-топқа, әлеумет-қоғамға, одан ары ұзап, тұтас дәуірге әсерін, сол әсердің өмір-болмыстағы құбылыстарға түрткі, қозғаушы факторларға жасаған ықпалын байыптауға ден қойғаны. Болашақ кемеңгер қаламгердің қалыптасуына үлес қосқан субъективті, объективті жағдай мен түрлі себеп-салдарды сараптау, салмақтау – бөлек әңгіменің жүгі.

Тіпті жас кезінде жариялаған «Ең бақытты күн» (1963) атты әңгімесіндегі әскерден келген күйеуін сағынған келіншектің жан дүниесі мен нақты өмір ағысының байланысына мегзеген нәзік емеуріндер мен «Аңыздың ақырындағы» ханшаның көңіл күйі мен күйті, қарасақал мен бейтаныс әйелдің ұшырасуындағы сәттен көңілмен ғана жобалайтын «құпияларды» ішіңіз сезіп отырады. Сонау жылдардағы алғыр түйсік тәжірибесінің уақыт өте келе, көркемдік тәжірибеге қызмет етуге жарағаны, өмірдегі сезімталдық пен сергектіктің шығармашылық тұлғаның толайым шығармашылығына қосқан ересен үлесін «көріп» отырасыз.

«Аңыздың ақыры» тарихтағы түрлі өркениетте, алуан өмір-қоғамда өшпей келе жатқан тарихи-рухани құбылыстар табиғатының индивидуалистік, максималистік сырларына зер салған концептуалдық мазмұнымен әдеби қауымның назарын аударды. Бұған және бір себеп - романның жазылу сипаты. Бұрын-соңды ешкім дәл осы ракурстан арнайы ден қоймаған, алайда қай заманда да қарсы алдынан шығуы әбден мүмкін тарихи-философиялық оқиға-жұмбаққа, әрекет-шешім-жұмбаққа, ежелден емі табылмай келе жатқан рухани-әлеуметтік дертке қоғамдық-тарихи құбылыстар контекстінде қоғам мен тұлға талабын, табиғаты мен тағдырын салыстыра-сабақтастыра зер салды. Қай дәуірде де қалтарыста қалмай, қандай қағаберістен де қағынып шыға беретін шырғаландардың тамырлары мен байланыстарынан көз жазбай, үнемі бақылау барысында қоғам мен адам сырының сұмдығын, сымбатының сиқын, айбынының айбарағын айқындаудың, замандық сипаттың философиялық, қоғамдық-әлеуметтік салмағы мен зардабын зерттеудің әлем әдебиетінде бұған дейін кездеспеген, мүлдем тың талабы, жинақтап айтқанда, болмысты байыптау мен бейнелеудің жаңа үлгісі ұсынылды. Бұған дейінгі қазақ және әлем романдарынан басқаша, мәселен, романға арқау болған өмірлік коллизиялардың тосындығынан (мұнараның

салынуы мен қиратылуы) гөрі, психологиялық талдау барысында әлем әдебиетінде бұрын кездеспеген тәсіл-мысалдың қолданылуы: Әміршінің ұйықтап жатқан ханшаның үстінен шыққанда, еске түскен сәттер – умаждалған көрпе арқылы баяғы бала кезде көрген қарасақалдың су алуға келген әйелмен кездейсоқ ұшыра-суы, шынғырған дауыс пен қойдың мекіренгені сияқты «тосынның» психологиялық-логикалық астары, кейіпкер-лердің кейініне шешуші ықпалы, жас шебер Жағыпардың күлің-күлің еткен көгілдір мұнара арқылы ишаралаған құпиясы, соны көрген көшелінің іші сезбеуі мүмкін емес Сұлулықтың - мұнараның ханша мен ғажап ғимаратты өрген өнерліге эмоциялық әсері, эстетикалық мазмұны, соның бәріне қозғаушы, түрткі болған қызыл алманың көңілді ұйқы-тұйқы еткен астыртын пәрмен серпініне айналуы, ханның өмірдегі әрекет түгіл адамның (ханша мен шебердің) жарық дүниеден жасырған ойларына жасаған қысымы-қиянаты, алдымен ойын, сосын адамның өзін табанға таптаған жойқын озбырлығы, талай адам-пенденің пікірін қазып алып, солардың көзқарасын және талғамын таразыға тарта келе, талдай келе, жасырын шындықты, адамды танудың өзіндік, жаңа тәсілін табуға деген қайтпас құштарлығы мен белсенділігі, әмірші өзімшілдігінің өрттен бетер өршіп, оқырманның көз алдында «өту шежіресі», басқаша айтқанда, бір адам туралы мәліметі мен «білімін» бірнеше адамның (бәйбішенің, шебер Жапардың, күтуші кемпірдің, азбан құлдардың, қарт уәзірдің сөз ләмі мен қарым-қатынас елестерінен байқайтын сұңғылалығы) «еңбегі» мен «тәжірибесі арқылы молайтуы» және осы «білімін» үзік-үзік объективті жағдайлар-оқиғаларға байлап сәйкестендірмей, үнемі әміршінің бұйрығын бұлжытпайтын өзімшілдіктің өңмеңдеуі, тайынбай, табан аудармай үсті-үстіне жасаған «шабуыл» - әрекетінің арнасымен жүйелі, үздіксіз толықтыруы, болмыстанудың теңдессіз, тиімді тетігінің бірі – «адам-танудың» адымы астамшылық жолында аршындауы, бүкіл романның осы процесті айқындауға қалтқысыз қызмет етуі Әбіш Кекілбаев шығармасының әлем әдебиеті контексіндегі орны мен көркемдік бітімін бірден айрықшалайды.

Тап осындай тосын сипат – тың дәстүрге – жаңа өріске ден қойған, өзіндік Әбіш Кекілбай үлгісімен жазылған роман қазақ әдебиетінде бұған дейін болған емес, әзірге ондай теңдесі де, жалғасы да жоқ дегенде, әсіре мақтан үшін емес, әдебиеттің шексіз көркемдік әлемінде айтулы ізденіске қашанда мүмкіндік барын, әрі осындай жанкешті пайымдауды рухани қажеттілік деңгейіне көтеретін парасатты ізденіс қоғам мен

адам үшін ең басты зәрулікке, әсіресе қазіргі ақпарат тасқынында аласұрған заманда рухани кемелденуге әсері зор қоғамдық-мемлекеттік, рухани-мәдени құндылыққа айналғанына назар аудару үшін ескерсек керек.

Саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қараған заманның көзілдірігімен бір шолғанда, қараға аунап кетуге немесе нұсқап жіберуге бейім сол кездің идеологиясына, төбелдірігіне идея деген үкі тағылған талаптарға, бықынажай пікірлерге құлтасыз қызмет ететін секілді. Айталық, «қылмысы» көрінбейтін, айыптауға нақты, айқын дәлел жоқ жас ғашық, ханшаға сырттай іңкәр жазықсыз шебердің көзін ойып жазалауы ханның жауыздығын, дәуірдің сұмдығын көрсетуі сықылды көрінгенімен, түптеп келгенде, романның көркемдік мазмұнының әлемі қоғамдық-мемлекеттік болмыс пен сол болмыстың қамалы ішінде үстемдік орнатқан жағдайдың құлақкесті құлына айналған адамның табиғаты мен танымындағы замандар бойы қайталана беретін, қайғыға қамайтын қайшылықтар мен сабақтастықты сан ситуация, сын-сәттерде, қарапайым, күнделікті тұрмыста ұшыраса беретін қылық-қимыл, әрекет, кейіпкер психологиясы арқылы тайқы маңдай адам затының қайталана беретін трагедиясын алдымызға көлденең тартады. Соның барлығын ұршықтай ійіріп, диірменнің тасындай айналдырған, ақ дегені – алғыс, қара дегені - қарғыс болып тұрған, қор етем десе де, зор етем десе де, қалауы білетін, өз елінің, өз мемлекетінің құдіретіне айналған билік иесі – Алмас хан.

Осы орайда айта кетпеске болмайды, Алмас хан - Ақсақ Темірдің бейнесі, прототипі деген пікірлер ақпарат құралдарында айтылып, баспасөз беттерінде жарияланып, ғылыми баяндамалар мен сұхбат-диалогтарда әлсін-әлсін қай-таланып келеді. Бұған келісе алмаймыз. Біріншіден, Ақсақ Темір емес (біздің баспасөзде жазылып жүргендей), Әмір Темір деп атау – адамзат тарихындағы әйгілі тұлға ретінде шындықты мойындау. Тарихи тұлға ретінде әркімнің өз танымы - білім-білігі, пейіл-пиғылы тұрғысынан пайымдауы - бөлек мәселе. Өзгенің тарихын менсінбей немесе жазғыра сөйлейтін басқалардың емес, өз көзімізбен де бейтарап қарамайынша, қай басқыншы да – кезінде өз мемлекетінің тұлғасы ретінде зәру санайтын мүдделерге қарай әрекет жасайтынын ескермейінше, тарихтағы дерек-оқиғаларды, тұлғаларды әркімнің өз білімі мен білігіне сәйкес пікір айтуы салдарынан бұрмалау көбейетініне мысал мың-сан...

Қай кезеңде де заман талабына қарай әр хан – әр билеуші өз жұртының бәсекелес басқа елдерден басым түсуіне мүдделі еке-

ні тарихтан мәлім. Кез келген сәтте шабуылдауы мүмкін өзгелердің табанында қапелімде тапталмас үшін әскери басымдықпен өмір сүру қажеттілігі – бертінге дейін бетке ұстап келе жатқан тіршілік шарты. Сол замандағы әр елдің билеушілерінің арасындағы объективті, субъективті қарым-қатынастар мен соған әсер етуі мүмкін ықпалдардың үйлесу айрықшалықтары мен қайшыласу зардаптарын толық білмейінше, бұрынғы тарихи оқиғалар мен жағдайларға үкім айту, ақтау немесе жақтаудың қай-қайсысы да әсіресіз әділетті болуы неғайбіл. Ендеше оқиғалар, тұлғаларды дерек, дәйек-көздері ретінде ескеру немесе пікір білдірушінің субъективті сөзі ретінде ғана пайымдау әділетке тым құрыса бір табан жақындау талабына айналса керек...

Биліктің күдіреті мен қулығы

Сонымен бір қарағанда, заман идеологиясына бейімдеп, бейнелегендей көрінетін Алмас ханның прототипін іздеу жөнсіз және оның прототипі - талассыз, айқын. Ол – қандай шексіз биліктің де белгілі бір кезең-жылдармен тұйықталатын шектеулілігі мен зұлымдығы. Бұған тарихта мысалдар қисапсыз, тап кәзір тізіп, уақыт кетірудің қажеті шамалы. Бұрынғы тарихтың алмағайып кезеңдерін, алапат аласапыранын білетін, жеке басқа табынушылықтың қорғансыз, қарапайым қалың бұқараны қандай қасіретке қамағанын өз көзімен көрген қаламгердің бұлайша толғануына себепкер – шексіз биліктің ашық және астыртын озбырлығының жеке адам түгіл тұтас қоғамға, мемлекетке, заманға жасаған және жасай беретін, алдағы уақытта да сан рет сансыратуы мүмкін қиянаттарына деген қайсар қарсылығы, қоғамның жеке адамға көрсеткен немесе көрсете беретін қиянатын, қысастығын әшкерелеу.

Роман мазмұнына қарасаңыз, бүкіл хан сарайындағыларды шырқ үйіруге түрткі – бәрінен бұрын ханның күдігі.

Ханның ойында ойран тудырған күлбілте күдік дем беретін дәлелдің жоқтығынан күмілжіп көміліп қалмай, тұншығып өліп қалмай, қызғаныштың қызыл шоғынан тұтана келе, күдірейген күмәнға ұласты. Нақ осы күмәннің шынтуайтқа шыққанда, мызғымайтын мықты дәлел емес, желк-желк еткен желбуаз желеу ғана екенін сұңғыла, әм сарапшыл хан білмейді емес. Білгенде қандай! Сол себепті асығыс, шұғыл шешім жасаудан аулақ. Шешімді көшедегі «куәгер» көптің көзі жетіп, көңілі ұйитындай етіп, үкімді сол көптің өзіне «шығартады».

Мұнараға қастандық жасап, қиратпақшы болды деген дәлелсіз желеуді өсекке ұластырып, оған «бәледен» бейхабар қарашы - көптің «рас па, апырмайын» «бәсе, сұмдық-айға» жеткізгенде, әлгі өсекке өң кіргізіп, шырайлы тон киген шындыққа айналдыру технологиясы - үстемдіктің қашанғы сары тәсілі, арыберіден кейін принципі екеніне барлық замандағы барлық мемлекет, барша қоғам өмірі куә.

Сонымен сауаты кем немесе мүлде жоқ, байыпсыздығы салдарынан кертартпа немесе көрбала көптің көбік сөзін «өзіне сол керек» деген өкімге, сол өкімін үкімге айналдырған қаперсіз жұрттың надандыққа бергісіз білместігін пайдаланғанда, қоғамдағы, тарихтағы, жеке адамның тұтас өмірі мен күнделікті тіршілігіндегі сырт көз байқай бермейтін, байқауы мүмкін де емес небір ию-қию кілтипан-лептерге дейін сол жылдардағы жас жазушы қапысыз сезіп, сұңғыла сараптай білген, сол білгенін психологиялық талдау арқылы таратып, кейіпкерлердің табиғи ой-толғанысы арқылы шебер бейнелеген. Алпысыншы жылдардың соңында, жетпісінші жылдардың басында прозаға бел шеше, белсене араласқан жас Әбіш Кекілбаевтың заман-қоғам-адам сабақтастығының шарасыздығын, сорын идеологияның қалт жібермейтін қырағы көзі қадағалап отырғанына қарамастан, содырлы байланысты сынау жолын тапқан алғырлығы, зеректігі, зерделілігі тәнті етеді.

Тарихи дерек, өмірлік материал мен көркемдік мазмұн логикасы авторды қаншама қанаттандырып, шыңға шығандатып алып кетті деген күннің өзінде бұған дейінгі әдебиетіміздегі тап осындай жүйелі де терең мазмұн-болмысқа зер салып, бұған дейін дәл осындай философиялық концепциямен ұсынылмағанын, билік-қоғам мен адам қарым-қатынастарының қалтарыстарын ақтарғанын, шығармашылық парасат әлеуетінің бұдан кейінгі қазақ әдебиетіне зор әсер еткенін көрмеу, мойындамау мүмкін емес. Қазақ әдебиетінде «Абай жолынан» кейін бір де бір шығарма әдеби процесіміздегі ізденістерге көркемдік мазмұн кеңістігімен, көркемдік шеберлігімен мұндай әсер ете алған жоқ. Болмысты адам мен қоғам, индивидуалистік психология мен тарихи-әлеуметтік жағдай, жеке адам табиғаты мен танымындағы құбылыстар контексті, сол контексте қамтылған шындық арқылы пайымдауды өзіндік таңдап алған ракурста байыптау – шын ойшылдың, нағыз суреткердің қолынан келетін, әрі сәтімен ілуде бір жаратылатын құбылыс.

Әлденеше ғасыр бұрынғы тарихи жағдайдың шындығын алға тартып, «Бес жүз кісі тауда тас шығарып жатты. Екі жүз кісі

оны сол арадан жылтыратып өңдеді. Арба жеккен тоқсан бес піл тасып тұрды...

... Мешіттің біткеніне үш күн болды. Ішінде әрқайсысының биіктігі жеті құлаштан асатын, тастан қашалған төрт жүз сексен баған бар...

Мешіттің көк күмбезі сонау зеңгір аспанның өзіне көгілдір сәуле шашқандай, әншейінде шыжыған шілдедегі аптап ыстықтан отқа ұсталғандай, өңі тайып, ақ айранданып тұратын ол бүгін қайтадан ніл жүгіріп, мөлдірей қалыпты» / 52-бет/ сияқты мысал – суреттер арқылы кезең көрінісін көз алдымызға әкелгенімен, автордың алаңы арыда – сол заманнан бертінге дейінгі десек те, көне дәуір мен келешектегі кезеңдер аралығы десек те, қайталанып келген, әлі де жалғасуы әбден мүмкін субъективті өзімшілдіктің тарихи-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық озбырлыққа ұласуы, шексіз биліктің жазықсыз қалың ел үшін, тиран немесе жәдігөй билеушінің өз кезіндегі «беделі» мен көкжиектегі келешек атағына да көлеңке түсіретін жойдасыз, жойқын жуандықтың қасіретке душар ететін, ылаңды, қанды шежіресін айқындау, соған деген ымырасыз қарсылықты ояту. Адамзаттың бүкіл тарихы – озбырлықпен күресуі, тыныш өмір сүруге мүмкіндік беретін заманға ұмтылуы. Жеттік-жетілдік деген ХХІ ғасырда да озбырлықтың өлмей-өшпей, сонымен уланған дүниежүзілік саясаттың мың құбылып, сан түрлі қитұрқы сипатта құтырынып тұрғанына – тарихи-саяси, т.б. оқиғалар мен идеологиялық концепциялар бұлтартпас айғақ.

Концептуалды мазмұны қоғам құрсауындағы адам табиғатын, оның болмыс батпанымен байланысын байыптаған «Аңыздың ақыры» - психологиялық-философиялық роман деп кезінде орынды айтылды. «Қызыл алма» атты алғашқы бөлімінде әмірші Алмас ханның бәйбішесі жіберген қызыл алмадан күдік алуы, одан кейінгі «Мұнара», «Махаббат», «Аңыздың ақыры» бөлімдерінде кезегімен ортөбелік жас шебер Жаппардың, ханшаның ахуалы, ең ақырында мұнараны қиратуға шешім қабылдау «хикаясы» - себептері айқындалады. Оқиға желісі күрделі емес, сюжеті ықшам. Алайда әр кейіпкердің үнемі дызығып, ұстараның жүзінде тұрғандай өн бойын қорқынышты діріл мен емексіген үміт кезек билеп, алма-кезек басым түсіп жатқанда, көлкештеген, адымы қысқа қайырымдар емес, көл-көсір баяндаудың ағыл-тегіл суреттеуге ұласып, одан керісінше тәсіл алмасуы немесе екі тәсілдің де жарыса, жараса қолданылуы жас ойшыл, жас суреткердің орасан зор шығармашылық әлеуеті мен үзілмей, үздіксіз үдере алға тартып

отыратын, алған бетінен қайтпайтын, өзіне дейінгі болмаған тың тәуекелден тайқымайтын сұрапыл шабытының, сол қуаттарды негізгі мақсат – нысанаға үнемі бағындыра, бағыттай білген ұлы парасатының, нәзік сезімталдығының дәлелі.

Мәселен, құрт түскен алманың ханға жетуі – әл-әзір тиянағы жоқ, дәлелі жеткіліксіз, бұлыңғыр желеу-емеурін, ійшараның ійіне түсіп қалған күдік қана. Ұйқыдағы жас ханшаның ырықсыз, ессіз тән құмарлығының құшағында көрпені кеудесіне басып жұмарлауы, әлден уақытта саябырлап, бәйіз табуы ойға қалдырған әміршінің ілік іздеуіне себепкер – алманың бүлінгені мен көрпенің умаждалуы ғана емес, бұған дейін жинақталған өмірлік тәжірибесі. Түсінде мауқы басыл-ғандай ханшаның тыншуы мекіренген қойды еске салуына түрткі – о жар қарасақалдың қолына түскен бейтаныс әйелдің алғаш айқайлап жанұшырғанымен, көп ұзамай лажсыз ләззат құшағында масаюы, суын алып, түк болмағандай, бұраңдап кете баруы. Алма – ханша – қарасақал – суға келген белгісіз әйел – мекіренген қой... – бұлардың барлығы – қырағы ханның жадынан шықпаған, өз көзімен көрген мысал-ассоциациялар. Соларды бір-бірімен сабақтастыра салыстыру барысында ұлғая түскен күдігі – ханның енді мұнараға да, жас шеберге де жіті назар аударып, мұқият бақылауына себеп. Әсіресе балғын шағында ну жыныста қарасақал мен беймәлім әйелдің кездейсоқ ұшырасқанын өз көзімен көруі – тәжірибесіз жасты тіксіндіргенімен, таңсық сезімін қытықтап оятуы, өмірі ұмытылмастай әсер алған сәті, естуі, түйсінуі – таңдана қабылдауы. Қабылдау арқылы әсері психологиялық-эмотивтік тәжірибеге айналып, жалпы өмірлік тәжірибесін толықтырды. Осылайша «әккіленуі», есеюі - алдағы күнге жарақсыз бармай, алданып қалмай, қамданып баруына сеп.

«Осындай» тәжірибесі табан тірейтін тиянаққа айналып, шексіз билік иесіне ойға алғанын өзі ғана біле алатын зымияндықпен жүзеге асыруына қолайлы мүмкіндік береді. Қиялы тәуелсіз, ойы азат адамды бүкіл тіршілігін басынған бұйрықтың бағытына бейімдеген, ойы – тұл, қиялы - құл адам-пендеге, адам-малға, құрал-адамға айналдыруына мүмкіндігі ұшан-теңіз. Пендеге немесе тұлғаға айналдыру тетіктерін табу, пайдалану құпиялары мен кілтпандарын әбден біліп қана қоймай, одан әрі дамытатын, үсті-үстіне «жаңасын» ойлап таба беретін, үстемдіктің тұлға-«таланты» - Әмірші.

Оның өз қолындағы биліктің эзәзілдігі мен эзірейілдігін бес саусақтай біле тұра мойындауға, ерте ме, кеш пе, күндердің күнінде жұтып алатын құрдымға құлау қаупін ойлауға құлық-

сыздығына дәлел - астамшылдығы. Солай бола тұра әмірші – белгілі бір дәрежеде психолог. Аталған ассоциациялар ханшаның жан дүниесін, ханшаның талабы мен қарекетін білуге, сонымен бірге Жаппардың да «аяқ алысын» аңғаруға мейіздейді. Сол сияқты шебердің ерекше жан салып, көз жауын алған мұнара өрген өнері, еңбегі – оның өзін де, ханшаны да байқап-барлауға қажет, мызғымас тиянақ. Бір кейіпкер арқылы екіншісін, немесе керісінше, бұл аз болса, басқа характер-образдардың, ситуация, детальдардың барлығының да жиыла, тұтаса келе, ханша мен Жаппарды танытатын, «әшкерелейтін» тұтас жүйеге, дәлелдер тізбегіне ұласуы – қиыннан қиыстыру шеберлігі мен жазушының күрделі ойлау мен сезіну ерекшелігінің мысалдары.

Хан – ханша – шебер – үшеуіне қатысты психологиялық шиеленіс шытырмандары үнемі мұнараға келіп тіреледі. Ол – көптің көзін қытықтап, көңілін арбаған көрнекті, сұлу ғимарат қана емес, шебердің қол жетпес арман – ғашығы – ханшаға деген ықыласын айнақатесіз айшықтап, аспанға, айдай әлемге аян еткен махаббат ескерткіші, қайран қалып, қарамасқа қоймайтын сұлулық бейнесі, қайталанбас ынтызарлық жыры. Күлің-күлің етіп, көз арбаған мұнара, жазықсыз мерт болуға шақ қалған ханша, алып-ұшқан жас жүрегінің толқуын жасыра алмай, таспен сырласуға мәжбүр болған, өзі айта алмай, мұнараны «сөйлеткен», арманды, ынтық сырын соған ғана сеніп тапсырған жас шебердің тасқа тіл бітірген ғажап өнері түрлі кейіпкерлердің қабылдауы арқылы әлсін-әлсін бейнеленгенде, бояулар қайталанбайды, қайта бірін екіншісі толықтыра үстемелеп, мұнараның көркін әр қырынан әрлеп аша түседі. Кідіртетін кісен, тежейтін тұсауды елемей, шарықтаған қиял, төгіліп тұрған жазушы тілі, ана тілінің құнарын еркін, табиғи пайдалануы, қай кілтипан мен қай құпияны да тамылжытатын, жарасымы жанға жайлы табиғи пластикасы, психологиялық иірімдер шырғалаңы мен тұңғиығы арқылы әлем әдебиетінде ұқсасы жоқ өзіндік көркемдік әлем түзілген.

Сол әлем ұстындарының бірі – Жаппар шебер, түптеп келгенде, жазықсыз, сұлу өнердің өкілі. Әміршінің алдындағы бар айыбы – жасырын сезімінің мұнара арқылы бейнеленіп «әшкереленуі». Шығарманың басынан аяғына дейін көктеп өтетін осы ғимарат сұлулығы – әр кейіпкер үшін әркелкі, әрқилы серпін. Бірақ бұл – әлі әмірші ойлағандай қылмыс емес, кесек дәмеден ауылы алыс есекдәме ғана. Әмірші соған да іштей шамданады. Өзімшілдіктің астамшылдық атты уының тамшылай беруі салдарынан әуелгі елеусіз күдік ұлғая беріп, ақыры қызылға

ұласты. Қыжылдың қынабынан кескілеспей келіспейтін кек шықты. Ішіне қатқан кек—зіл оның еркін, алаңсыз тыныстауына мүмкіндік бермей, ойын қақпалап, озбырлығын түрткілеп оята береді. Ақыры шебердің қиялын жазалаудың амалын тауып, жаны жай табады, «есесін» қайтарады.

Жақсыны білмей, қадіріне жетпей мансұқтау – топастық, надандық, түлейлік, ал біліп тұрып мансұқтау – ішмерез іштарлық, қанқұмар қаныпезерлік. Байғұс жас шебер адал еңбегі мен аяулы өнерінің көзге шыққан сүйелдей көрініп, сарай ішіндегі саясаттың, адам ішіндегі саясаттың, сұрқиялықтың тәлкегіне айналарын білмеуі – албырт жастықтың аңғалдығы.

Мұнара сымбатының сиқырын түйсініп, ұғына алатындар, қадіріне жете алатындар санаулы ғана. Ары-беріден кейін басқа түгіл соны өз қолымен тұрғызған шебердің өзі де ақи-тақи анық білмейтін сұлулық айрықшалығын ілуде бір сарапшы ғана анықтай алады. Хан мен ханша дәл сондай деңгейдегі сарабдал болмаса да, күнде шүйілетін күдіктің көзі қырағы, кері шегінуді білмей, өңмендеуден қажымайтын күмән – әрі күншіл, әрі сыншыл. Мұндайда ақылға ақыл қоса алатын, баршадан ерек сарапшының – сыншы ойшылдың маңызы баға жеткісіз. Бірақ хан ондай тәуелсіз, тура биді іздеуге де, тыңдауға да ықыласты, құпиясының жария болып кетуінен сақтанады. Ақылман сарапшы мұндайда тиімді жол табуы, қаһарлыға да, жазықсызға да, шарасызға да шарапаты тиюі, қай-қайсысын да аман алып қалуы мүмкін еді. Алайда ханның өзімшілдіктен өрбіген озбырлығының асқынып, жазықсыздық жендеті - жауыздығы басым түсіп, бас шеберді өлтіртіп, жас шебердің көзін ойғызып тастағанымен, зорлық шешімі өле-өлгенше есінен кетпейтіні анық. Қайдан кетеді, қайыршыдан бетер қарашысы көзінше құлдық ұрғанымен, үнемі именіп, қаймығып тұратынын есінен шығарып, өз ойы, өз еркіне ие бола алмаса? Несі хан - құлына құдіреті жүрмесе?! Ханшаға қайдағы бір бейшараның, күнін көре алмай жүрген байғұстың көзі түсуі – мұның жарты әлемнің әміршісі екеніне қарамай басынуы. Хан сарайы үшін бұдан өткен сорақылық болмақ емес. Тәуелсіз ақылшысы жоқ немесе кемеңгермен келісімі кемшін қоғам, мемлекеттің жығасы қисаюы осындай біржақты, шалағай ойлардың тіршілік нормасына, жүйесіне, өмір сүру принципіне айналуының зардабы екеніне тарих куә.

Сарапшы жоқта, өнер – жетім. Талғамы жетілмеген қай белсендінің де, таңдайы тақылдаған талай-талай тапқыр емес, тақыр шешеннің, қаншама білгішсіп, езуі көпірген демагогтың

– қай-қайсысының да сөзі, пікірі, шешімі, т.т. – белгілі бір сәттегі құбылмалы көңіл ауанының, шектеулі тәжірибесінің ықпалымен қорытынды жасауы. Шексіз биліктің шыңына шыққан, өзгені қор, өзін зор тұтқан Әмірші – солардың жиынтық бейнесі іспетті.

Ол – әрі өз дәуірінің Тұлғасы, әрі Заман Құрбаны. Өзгені танып-таразылауға келгенде, соншама сұңғыла ол өз пиғылының құлына, өзімшілдігінің тұтқынына айналғанын аңғармайды. Өзімшілдіктің өзегін өштіктің өрті жайлап алған. Басқа, бейтарап өмірді байыптауға аяқ баса алмайды. Осындай дүлей қара күш – биліктің салдарынан шебер туындысының күйреуі – өнердің сирек ұшырасатын сұлулығының қор болуы ғана емес, адам қиялына – ханшаның ханға арнап ақ тілекпен салдырған мұнара – ықыласының, бәйбішеден басым түсsem деген аңқау да адал есебінің, зау биікке талпынған үмітінің соққыға ұшырап есеңгіреуі, шебердің бар білгенін сарқып жұмсаған ғажап еңбегі мен мөлдір сезімінің тас-талқан болуы. Нағыз өнер – адамның адам екенін әсіресе анық танытып, жасампаздығын мойындата алатын, қайталанбас ғажап екенін білгісі келмеген, соған қасақана қастандық жасауға ұмтылған дөкір, дүлей қара күштің аты – Зұлымдық. Сұлулықты терең сезінбейінше, қадіріне жете алмайды. Ендеше зұлымдық тартынбайды, талқандауға бейім тұрады.

Мемлекет кім үшін қажет?

Оның өлмей-өшпей, қай кезеңде де кесір-кесепатқа, замандар зауалына айналып, адам мен қоғамды үнемі шыңырауға құлатуға тырысуына дем беретін – іштарлық топырағында өнетін Өзімшілдік – Астамшылық. Шексіз билікке құмарлық – шексіз өзімшілдіктен. Қорлығы зорлығынан бетер, зорлығы қорлығынан өткен замандарда кім-кімнің де қолын жіпсіз байлаған құдірет-күш – мемлекет. Сонымен бірге анталаған қорқау-адамдардан, өзге аждаһа-мемлекеттерден қорғай алатын жалғыз күш – кім-кімнің де күн кешкен елі.

Бірақ мемлекетте мін бар!

Билікке, биліктің қолындағы күшке, байлыққа тәуелді.

Ал, биліктің саясатқа, байлықтың сайқалдыққа тәуелділігі – өзінің соры. Осыны ескермеген қоғам да, адам да өзіне өзі кіріптар.

Сол билік пен сол байлықтың ұртоқпағына айналған мемлекет - қоғамның, адамның соры, қасіреті, әрі өзін өзі жеп бітіретін кесел, кесір.

Алмас хан – сол биліктің басты тұтқыны. Алайда билікті өзіне қызметші етудің тәсілін тапты немесе соған қол жеткізді. Қолына тиген үстемдік шашылып жүрген шалағай топ пен көнбіс көпті басыбайлы етудің ең басты құралына айналып, күшіне күш қосты. Ал мансапты билікпен қамтамасыз етудің ең ұтымды құралы – мемлекет. Демек, ол – бәріне қажет құрылым. Мұндай өзара тәуелділіктің құпияларын сезіну күшейгенде, одан серпілер қуат іздеу талабы да күшейюіне ол заманда жол жоқ. Әмірші – адам-мемлекет бола тұра, заманның тәлкегі демеске амал жоқ. Әрине, пенде-адамдар, адам-малдар өзін қорлықтың қоршауынан шығармай отырған мемлекет қолдауы мен қорғауынсыз тіршілік етуі – екіталай. Соны білетін мемлекет – қоғам – әмірші де «қу». Сол адам – жұртшылығының қорғауы мен қолдауы – қай-қайсысы үшін де өмір сүру қажеттілігі. Бірінсіз бірінің күні жоқ. Соны іштей мойындай тұра, Қоғам – әмірші өз қулығының құрығы, немесе қулық – оның құрығы ғана емес, қажетіне қарай көсеуі, қамшысы, қылышы.

Осыны жете сезінген әмірші күрделі қайшылықтар жағдайына қарамастан, үстемдік атты жорғасымен тайпалып келе жатқандай көрінгенімен, өзіне өзі кедергі жасайтынын жете біле бермейді. Адам ықыласын аяққа таптап, жазықсыз жәбірлеудің барлығы да – сол мемлекеттің тікелей өзіне шашыраған заһар. Астамшылық көзін байлаған хан мұны көре алмайды, көргісі де келмейді. Бір өзі адам-мемлекетке айналған, күллі елді ашса – алақанында, жұмса – жұдырығында ұстаған оның бүкіл-мемлекеттік, бүкілхалықтық үрейге, шектеу тізгініне, құтқармайтын, қанқұйлы тажалға айналуы – өзі үшін де, мемлекет үшін де қатер. Олай болса, шектеусіз билік – әрі әмірші парасатына сын, әрі қарақшылық қанаудың қасіретті қаруы.

Мұндай қарудың иесі кім болып шығатынын әртүрлі жағдайлар тоғысы мен уақыт ағысы айқындайды. Қайыптан тайып, таққа мінсе, қауіппен сыбайлас күдіктің азғыруы салдарынан көру көкжиегі тарылып, оның тізгініндегі мемлекет, қоғам өзін қолдауға лайықты күштерін жат сезініп, өзін өзі жейтін (самоед) машина түлейге айналатынына жойылып кеткен мемлекеттердің тарихы – тапжылмайтын куә.

Бір қарағанда, шексіз билікке ешқандай шектеу жоқ, білгенін істейтін секілді. Кілтипан, міне, осы арада – «білгенін істеуде». Білмейтінін, білуге шамасы жетпейтінін жүзеге асыра алмайды. Мәселе – ой өрісінің шектеулілігінде ғана емес, адамның өзін өзі тұтқындауында. Шексіз билік иесі – өз ортасында, өз мемле-

кетінің ішінде бәрін жайпап, жаныштай алатын Жойқын. Қай заманда да, қандай алапат болса да, әр дәуірдің, кезеңнің, т.т. Жойқыны өз ниеті мен сол ниеті тіміскілеп, сұғынып-сұғанақтанып бастаған, соған ілесіп шарлап қайтқан қиялына тәуелді. Ең қиыны, әрі сорақысы – Жойқынның әрекет аймағы мен сол аймақты көзімен көрген, немесе естіген жарамсақ, жандай-шап жойқыншылардың ең алдымен өз пейілін, өз өмірін ой елегінен өткізіп, содан «тәжірибе» «жинап-қаруланып» алғаннан кейін жүрген жері, жеткен өрісіне дейін жайпауға жанығып, қажет кезде кері қайтуға жетесі жетпейтіні.

Өйткені Жойқын да, жойқыншылар да – өзінің өзімшілдігінің тұтқыны. Өмірші – Жойқын тұтқын десеңіз, айналасындағы жандайшаптар мен итаршылар, қолшоқ-парлардың барлығы – алып Жойқын мен өз жойқыншылдығының тұтқындары. Ал, тұтқын бейшара емегенде, кім? Өзгені айтпағанда, өзіне өзінің тұтқын екенін сезіне алмаған адамның одан шыға алмайтынын, шығуға талпынбайтынын, өзімшілдіктің сиқырлы шынжырдай шырмаған сайын шырмай беретінін адамзат тарихындағы озбырлықтар мен саяси-әлеуметтік әулекіліктер сан рет көрсетті.

Сорақының сорақысы – «тұтқынның» кем түйсігінің зардабы қоғам ішіндегі қисапсыз қайшылықтарға, қашса, құтыла алмайтын келеңсіздіктерге киліктіре беруі. Мәселен, әлдінің әлсізге зорлығын жеке адам-пенде – әлгі «тұтқын» жасаса, «қылмыс» деп аталып, тиісті жазасын алады немесе алуы мүмкін. Басқаша айтқанда, салдар – нәтиже – зардап дәлелге айналады да, оған әсер еткен, тудырған серпіндер тасада қалады, ескерілмейді. Мұндай мысалдар қайталана береді, салдар – қылмыс назарға ілігеді де, себеп – құбылысқа мән берілмейді, жан-жақты талданбайды. Өз елін жылатқан, теңдік бермей сұлатқан, ақылдысын қорлаған, айбындысын торлаған мемлекет, қоғам кімге қажет?! Қажетсіздің күні – қараң.

Сорақының сорақысынан өткен сұмдық – нағыз қылмыстың бет пердесінің ашылмауы, ашылған күнде де істегеніне сәйкес «жазаланбауы». Егер мемлекетті піл десеңіз, адам – құмырсқа ғана. Өз қарамағындағы сол адамды таптаған мемлекетті тұқыртып, тезге салғанды көрмек түгіл, естіген ешкім жоқ. Шексіз билікке қолы жеткен Өмірші әлдеқашан сол піл-мемлекетке, немесе Адам-мемлекетке айналған. Адамды таптаған зіл – піл-мемлекет, адам-мемлекет! Немесе мемлекет деген термин-ұғымның орнына «қоғам» деген ұғым-терминді қойсаңыз да, қосынды-қорытынды өзгермейді. Қарапайым адамды белгілі бір тіршілікке – жұмысқа мәжбүрлеген, демек,

зорлаған – қорлаған қоғамды далабалап айыптау мысалдары сансыз да, байыптап «жазалау», өмір сүруге қолайлап өзгерту талабы үнемі жүзеге аспай жатуы – тізгіннің үнемі Жойқын мен жойқыншылардың қолында қатып қалуының салдары.

Ал егер жеке Жойқынның өзіншілдігіне жойқыншылардың адам мен адамзатқа қарсы фашистік, шовинистік, т.т. идеяларымен уланғаны үстемеленсе, одан арғы тіршіліктің қандай сипатта құбылатынына, қандай қанқасап қырғынға душар ететініне – тағы да адамзаттың арғы-бергі тарихы дәлел.

Романдағы міскін-тіршіліктің күллі тыныс-тіршілігі Жойқынның ашса – алақанында, жұмса – жұдырығында, оның үстемдігі бүкілхалықтық, бүкілмемлекеттік қысым мен үрейге ұласқан. Ол сыртқы жаулар шабуылынан қорғағанымен, өз елінің ішіндегі Тажалға айналған. Мұндай жағдайда шектеусіз билік – әміршінің парасатына әрі сын-мүмкіндік, әрі таразы.

Талай-талай жорықтарды бастан өткерген ханның өмірден көрген-түйгені мол, адамды зерттеу тәсілдерін игеруге қабілеті біршама, көргенін тексеріп, аңысын аңғара алатын сұңғылалығы да айтарлықтай, белгілі бір жоғары дәре-жеде. Мұндай қасиеттерсіз тақта толықси алмайтыны айдан анық. Алайда оның өзі құрған немесе алдыңғылардан мұраға қалған қоғам үшін, сол қоғамның қамалынан шыға алмайтын адам үшін қатерлісі – әміршінің тақ иесі ғана емес, Мемлекет-адамға айналуы.

Мемлекет – көзге анық көрінетін немесе көріне бермейтін, үйлесімді, қайшылықты қисапсыз ағыс-процестер жүріп жатқан аса күрделі организм-құрылым. Саналуан ішкі-сыртқы ықпалдар салдарынан туындайтын құбыл-дірілдердің барлығын сансырамай, сарапқа салып отыру, ең тиімді шешімдерін дер кезінде қабылдау, ең оңтайлы шараларын табу немесе ұйымдастыру жалғыз Адам-мемлекетке, Пенде-мемлекетке аса ауыр екені де анық. Сыртқы саясат па, шабуыл-қорғану, әлде ымыра-мәміле ме, ұрпақтарының билікке таласу қаупі ме, қарамағындағылардың күндердің күнінде өртке айналуы мүмкін сыпсыңы мен пыш-пышы ма, сыртынан айтылатын ғайбаты ма, қоластындағы бұқараның ішіндегі туар күні мен шығар сәтін күткен қанды қыжылы ма, қарамағындағы қалың елдің қыбыр-жыбыр тіршілігі, күнделікті күпті қарым-қатынасы ма, тағы басқа есепсіз кілтипан-мәселер әміршіні қандай тастан жаралса да, қажытатыны сөзсіз.

Негізсіз күдікке, әзәзіл қаңқу мен зілді ишараға ерген кінәмшіл күмәнға тізгін берді-ақ, әмірші басымен жүрегінен дірілі кетпейтін, қорырудан көз аша алмайтын әншейін пендеден

айырмасы шамалы. Оның тізгініндегі қоғам мен сол қоғамға қамалып, амалсыз ғұмыр кешкендер үшін ең қауіптісі – Әміршінің осылайша Пендеге, Пенденің Мемлекетке айналуы. Жағдай ушығып, «осылай» болса, алдағы тіршіліктің түтіні қалай шығатынын болжау мүмкін емес. Сарапшыл, салқынқанды ақылмен келісім таппай, мейірімсіз іштарлықпен сыбайласқан қатыгездік қаруының қан тілеп, жөн-жосықсыз жалаңдауы қорқынышты. Мұндай тізгіндегі мемлекет те, қоғам да өзін өзі аңдамай құрта беретін өзінжегіш (самоед) түлейге барабар екеніне тағы да адамзат тарихы мысал.

Ойшыл суреткер Әбіш Кекілбай тамыры тұңғыққа тартқан осындай бүкіладамзаттық, бүкілзамандық мәселелерді оқырман-халық таразысына ұсынғанда, дүние-жүзінің жартысына жуығын өзіне қаратқан Әміршінің – қай заманның да кейіпкерінің белгілі бір шешімін – айналасындағы алуан тағдырлармен тоғыстыру процесін шырғалаң-шытырман психологиялық шиеленістер арқылы байыптайды. Биліктің максимализмі мен жастық сезім-махаббаттың максимализмі, пенделік сезімнің оптимизмі мен осалдығы, жігерді құм қылатын күлбілте-күйбіңнің мәңгүртке айналдыра жаздайтындай шексіз қайталануы, естанды халге сәл-ақ қалған құл тіршіліктің мүшкілдігі... – соның барлығын «тудырып» отырған о жар озбырлықтың жойдасыз пайдакүнемдігін, астамшылық аяғының астында жаншылған байғұстықтың езіле беруін ханның да, бәйбішесі мен ханшаның да, Ахмет байдың да қамқарекетіне қатысты сәттерде сан рет көргенде, үстемдіктің азғындықтан әрмендігі түңілмеске қоймайды.

Ал астамшылықтың, түптеп келгенде, азғындықтан жаралатынын, сол азғындықты өлтірмей-өшірмей, үнемі өсіре беретін әзәзіл-мыстан – басқа емес, рухани надандық, нойыстықпен кіндігі жалғас өзімшілдік екенін пайымдағанда, жазушының көкейтесті мәселе – шындықты жастайынан көкейіне құйып, санасында саралап алғаннан кейін ұсынуы – шығармашылық-азаматтық позициясы мен белсенділігіне де сабақтастығын аңдауға болады.

Әдебиетте бұрын-соңды осындай ракурста кездеспеген тарихи-философиялық шындық-мәселені – билік пен мемлекет, билік пен жеке адам, шектеусіз биліктің қоғамға, қарапайым қалың елдің өміріне тигізген зардабы, ел қасіреті, адамның өмір сүру бостандығы түгіл ойлау еркіндігіне кісен салуға, тіршілік етуге деген үмітін ойрандауы, жаутаңкөз жазықсыздарға жауыздық жасау мүмкіндігі, жеке адамның мөлшерсіз билігінің қайталанбас тарихи зорлыққа ұласуы сияқты бірінен бірі

балалай беретін мәселелерді роман-таязыға салуы – тарихи кезеңдер, тұлғалар мен өз заманын сараптау қажеттілігі. Осы орайда оялатын толғаныстар халқымыздың тарихтағы талай-талай талапайға түскенін әбден біліп, іштей назаланып налыған жазушының толғануға мәжбүрлігі болуы да мүмкін. Тарихтың тақсыретін тартып, тауқыметінен тозып, жоғала жаздаған, үркінде, ашаршылықта, соғыста түтеленген, әуіріммен әзер аман қалған халқымыздың, қоғам мен заманның сыр-сипатының құпияларын байқау, барлау мен байыптаудан туған тебіренісіне әсер еткен - «айтпаса, сөздің атасы өлетін» шындық шығар.

Адамтану мен мемлекеттану

Шығармадағы көркемдік уақыт пен көркемдік рухани кеңістіктің негізгі сипат-серпіндері қазірге дейін болып келген, алайда адам заты осы қалпынан өзгермесе, алдағы алыстарда да сан мәрте қайталана беретін, үздіксіз ағыстың беталысы мен барар жерін межелегуге бейімдейді. Мұндай қияпаттың райын әзелден-ақ аңғарған ойлылардың қанатты сөздері бертінге жеткенімен, замана озбырлары адамзатты үнемі тартынбай тежеуде. Заманына қарай адамы құбылса, жеке ел, өркениет түгіл планетаның өліге айналатыны дәлелденген дәуірде адамына қарай заманы дейтін шақ келді. Өркениеттердің әлі күнге көңілдегідей шешімін таба алмай қалжыратқан өзекті мәселелерінің бірі – билік иелерінің заманды адамға қызмет еткізудің жолдары мен тәсілдерін іздеу жолында шарқ ұруы. Мемлекеттік өзімшілдікке биліктің астамшылдығы үстемеленуінің мысалы – адамзатты талай-талай трагедияға душар етуі. Жершарылық өзара тәуелділіктің қандай үлгісі мен мысалдары да жершарылық жарасымға ұласпайынша, жеке адамның озбырлығы жойылмайтынын осындай тарих мысалынан көре аламыз. Осындай жағдайда «Аңыздың ақыры» сияқты жазылуы – ойлауы мен сөз саптауы өзгеше, дүниеге сирек келетін шығарманың көркемдік мазмұн әлемінде сайдың тасындай сараланған сипаттарды байыптау – қай кезеңде де адам мен қоғам табиғатын бажайлауға қажет көкейтесті мәселелердің қатарында.

Осы мақсаттың нысанасынан айнамайтын «Аңыздың ақыры» - зорлық-зомбылыққа қарсы ашынған шығарма-қарсылық. Кемді күнде табан астынан пайда бола қалған өкпе немесе ашу емес, замандар бойы адамзатты сорлатып келе жатқан адам затының озбырлығына деген өлмес, өшпес қарсылық. Мұндай шерлі

пайымсыз, кеудесінде жаны, бетінде ары, ойында нәрі барда қайтпайтын қайсар парасатсыз алуан тарихи дәуірлердің сабақтастығын сараптаған шығарманың жазылуы мүмкін емес. Күнбе-күн көріп-біліп жүрген адамаралық, адам мен қоғам, қоғам мен мемлекетаралық, тарих пен қоғамдық-әлеуметтік формациялар, мемлекетаралық саяси-тарихи, мәдени-рухани, экономикалық-әскери, т.б., сапырылысып жатқан қарым-қатынастар мен өзара ықпалдар, ықпалдасуды сіңіру сипаттарының күрделілігіне қарай туындайтын шытырмандар мен шырғаландар сыры мен сипаты, соларға әсер ететін объективті және субъективті факторлардың ерекшелігі уақыт айырмашылығын қажетке жарата білу стратегиясы мен тактикасы қазақ әдебиетінің қайталанбас зор тұлғасы, ұлттық мақтанышымыз – Әбіш Кекілбайдың аталған шығармасының концептуалды мазмұнына әсер еткен.

«Аңыздың ақыры» арқылы қазақ әдебиетіне болмысты сезіну мен бейнелеудің жаңа үлгісі, жаңа типі дүниеге келді. Кейіпкерлерді талдау тактикасы мен таныту стратегиясының Әбекеңе ғана тән, кемелденген соны үлгісін әкелу арқылы қазақ әдебиетіне ғана емес, әлем әдебиетіне әсер еткеніне шетел қаламгерлерінің Ә.Кекілбай шығармаларымен үндестігі мен олардың ағынан жарылып айтқан лебіздері де айтарлықтай дәлел ретінде ескерілуі тиіс.

Шығармадағы тарихтың белгілі бір дәуір-қоғамдағы дерек, шежіре емес, қай заманға да тән көркемдік уақыт-мәселеге айналуы болмыстану, адамтану, сезінудің әдебиетте бұрын-соңды ұшыраспаған перспективаларын жасады.

Ең бастысы – автордың дәуірлер, қоғамдар, мемлекеттер өмірі мен тағдырын мұқият таразылай келе, ашынбасқа қоймаған көкейкесті ойын жеткізуі, мемлекеттің өмір сүру сипаты мен болашағына биліктің ықпал жасау мүмкіндігін, жауапкершілігін сезіндіруі, жеке адамның бостандығына жасайтын зорлығының қайдан бастау алатыны, әрі соған деген тозбас, тапжылмас қарсылықтың айқындалуы. Ендеше «Аңыздың ақыры» - әлеуметтік-тарихи үстемдік пен оның табиғаты, өзіндік, астыртын психологиясы мен зардабы, озбырлық машинасына айналу қатерін пайымдауға бастайтын роман-толғаныс (размышление).

Олай болса, Әбіш Кекілбайдың «Аңыздың ақыры» атты психологиялық-философиялық романын көркемдік шеберлігімен, сезіну мен байыптау әлемінің байлығымен өз кезіне де, кейінге де зор ықпал жасаған, қазақ прозасының қайталанбас

құбылысына айналған кезеңдік классикалық шығарма ретінде байыптай білу – кейінгіге сын.

P.S. Өзіндік көркемдік-парасат әлемін қалыптастырған суреткер Әбіш Кекілбайдың арғы заманның адамы арқылы бүгінгі кезеңдегі жұмыр бастының пенделігі мен әлеуетін пайымдауға жетелейтін, бүгіннің адам пендесі арқылы арғы замандағы алшаң басқан пенде адамның өзгеге көрсетпей, жасырып баққан құпияларын байыптайтын, сол арқылы уақыттың біз мәңгілік деп ұғып жүрген ұлы ағысындағы құбылыстарды түйсіну мен түсінуге ынталандыратын, көркемдік мазмұнында қыруар сырлар қамтылған «Аңыздың ақыры» романы әлем әдебиетіндегі ешбір шығармаға ұқсамайды.

Стандартты сезіну мен суреттеуден – дәстүрлі, үйреншікті таныс сораптан мүлдем бөлек арнаға бет бұруда жазушылық түйсік жетелеген ұлы мақсат – адамға көмектесу, кемелдендіру.

Сюжет, кейіпкер таңғалдырмайды, олардың әрекетке бару жолындағы қарекеті – «олай еткен себебін» сырт көз - басқа «біреу» білмейді, сіз «куәгер» ретінде білесіз; шешімге келу сырын – «хикаяны» көлденең көк атты қаймана-біреу білмейді, куәгер Сіз білесіз. Өйткені Сіз – басқалар арқылы қол жеткен және өзіңіз тірнектеп жинаған тәжірибеңіздің қолдауымен нығайған Білімдісіз.

Сізді сондай асқар биікке күштемей-ақ құлшындырған – сыпайы, сырбаз, қарапайым қалпынан айнымай, шын сөзін жасырмай шежірелеген айнымас адал дос, ақылман сырлас – суреткер сөзі. Құпияның қандайын да қалт жібермейтін қаламгердің көреген көзі шолғанның бәрін, шалғанның барлығын сіздің сыбағаңызға береді. Осы тартуы – қаламгердің Сізді сынауға, Сізге өзіңізді және автор-қаламгерді барлауға, байыптауға ұсынылған ғажап көмек деп білген ләзім.

Бұл күнде отырып, арғы заманның қатпарын тануға жетелейтін, арғы заманның көзге көрінбейтін, көңілмен ғана жобалауға шамамыз «жететін» шындығы арқылы бүгіннің қым-қуытын байыптауға жол ашатын, мыңдаған жылдар бойы өзі білерліктей түбегейлі өзгеріске ұшырамаған, өзі танымастай өзгере қоймаған адам табиғаты атты жұмбағы қисапсыз әлемді адамтану компасы арқылы заман мен адам құпияларына үнемі жол табатын «сезімтал», терең ағыстай бойлаған мұндай шығармалар әлем әдебиетінде сирек. Дағдылы сөз саптау, шығарма тудыру «дәстүрін» ұмыттырып, шеберлік өрнегімен

тәнтi етуге тiптi де ұмтылмай-ақ, әркiм-ақ бiлетiн өмiрлiк мазмұнның – қарапайым да шексiз байтақ, шексiз тұңғыық болмыстың ұлы тереңiне қашан енгенiңдi басқа түгiл өзiңе бiлдiрмейтiн ұлы қарапайымдылық ең алдымен мазмұнның аналитикалық болмысы мен замандар, адамдар сабақтастығы ауқымынан байқалады.

Роман – замана төрi мен төменiндегi адамды, тұлғаны таразылаудың, тарихтағы тұлғаны, тұлғадағы тарихты көңiл ұйып мойындарлықтай пайымдаудың бұған дейiн болып көрмеген үлгiсi. Бұған дейiн бұлжымаған «дәстүрлi дүниенi» мүлде бөлек қырынан зерттеп бiлу құлшынысынан туған шығармада адамның жеке басының өзiмшiлдiгi мемлекеттiк деңгейдегi өзiмшiлдiкке, қоғамның қасiретiне, заман-тарихтың зәбiрiне айналуы ойға қалдырады.

Өзiңдi өзiңмен, өзгенi өзгемен бiрге таразыға тартып салыстыруыңа мүмкiндiк берiп, өзге арқылы өзiңдi, өзiң арқылы өзгенi танудың бұған дейiнгi әлем әдебиетiнде тап осындай сипатта ұшыраспаған талабы, заманауилық-тарихилық концепциялары мен перспективасын уақыт контекстiнде көркем-дiк зерттеудiң өзiңдiк айрықша үлгiсi жасалды. Адамның тұлға дәрежесiне жетуi, тұлғаның әмiршiге, әмiршiнiң мемлекетке айналу қияпатын, қиястығы мен кiтүрқысын танып-бiлгеннен кейiнгi таңдау – әркiмнiң өзiнде...

2023

Әмірхан МЕНДЕКЕ,
сыншы

ҰЛТ ЖАЗУШЫСЫ



Қабдеш Жұмаділовтің «Қылкөпір» атты романы бар. Бұл романның басты кейіпкері – Айжарық деген жазушы. Осы Айжарықтың өмірлік позициясы жөнінде автор былай дейді:

«Айжарық үшін бір ғана таразы, бір ғана өлшем бар. Адастырмас Темір-қазық жұлдызым деп соны ғана мөлшер тұтты. Ол – қазақ ұлтының мүддесі. Империя кезінде қазақты азат етуден, азаттықтан кейін тәуелсіздікті бекемдеуден артық міндет жоқ деп білді. Бұл жағынан Айжарықтың есебі

өте қарапайым: қазаққа қызмет істейтін, қазаққа пайдалы нәрсенің бәрі жақсы, оны қолдау керек. Ал қазаққа зиянды нәрсеге, мейлі ол кімнің ісі болса да, жол беруге болмайды. Бұл жағынан Британия туралы серт ұстаған Черчилльмен пікірлес. Шығармаларының алтын арқауы да осы болды. Ешқашан бүкіләлемдік ұран шақырып көрген емес. Олай ету Айжарықтың міндетіне жатпайды. Бүкіләлемдік проблемамен «адамзаттың жазушылары-ақ» айналыса берсін. Дәл қазір ағылшын да, неміс те, француз да, орыс та, қытай да Айжарықтың ақылына зәру болып отырған жоқ. Бұл үшін өз ұлтының уайымы да жетіп жатыр...».

Дәл осы жерде Қабдеш Жұмаділов өзінің кейіпкері туралы емес, өзі туралы айтып отыр десек те әбден болады. Бұған көрнекті жазушымыздың өмірі мен шығармашылығы толық куә.

Енді жазушының: «Айжарықтың есебі өте қарапайым: қазаққа қызмет істейтін, қазаққа пайдалы нәрсенің бәрі жақсы, оны қолдау керек. Ал қазаққа зиянды нәрсеге, мейлі ол кімнің ісі болса да, жол беруге болмайды», – дегеніне тағы да назар аударыңызшы. Бұл – шын мәнінде қарапайым ғана есеп емес, ұлы есеп. Ұлы идея. Ұлы міндет. Ұлы парыз. Қазақ зиялысы үшін бұдан өткен ұлы парыздың болмағы да екіталай.

Қабдеш Жұмаділов – осы ұлы парызға мейлінше адал жазушы. Осы ретте еріксіз салыстыруға тура келеді. Орыстың орманнан

да қалың оқырмандары В.Белов пен В.Распутинді әулие тұтады. Не үшін? Олардың шығармаларындағы ұлттық рух үшін. Ұлттық рух дегеніміз – халықтың ғасырлар сүзгісінен өтіп, жалпыұлттық дәрежеде мойындалған ұстанымдары. Яғни, әр ұлттың өз құндылықтарын құрмет тұтуы және оларды қорғауға әзірлігін білдіретін ерік-жігері, биік сезімі, нақты іс-әрекеттері. В.Белов пен В.Распутиннің шығармаларын бір кісідей-ақ оқыған оқырман ретінде және сол оқығанды ептеп болса да ой елегінен өткізе алуға жарайтын әдебиетші ретінде айта кетейін, В.Белов пен В.Распутиннің шығармаларындағы ұлттық рух Қабдеш Жұмаділовтің шығармаларындағы ұлттық рухтың жанында жіп есе алмайды. Ауқымдылығы жағынан да. Тереңдігі жөнінен де. Бұл тұрғыдан келгенде, Қабдеш Жұмаділовтің қадіріне біз әлі жете қойған жоқпыз. Жете бағалай алмай жүрміз.

Қабдеш Жұмаділов «Дарабоз» дилогиясын жазу арқылы талай-талай «ақтаңдақтарды» ашып берді. Әрине, «Дарабоз» – айшықты тарихи роман. Сонымен бірге бұл романды қазақтың тарихын бірден-бір дұрыс қорытқан ірі зерттеу еңбек десек те болғандай. «Дарабоз» құндылығы, бағалылығы, зәрулігі, қажеттігі, бір сөзбен айтқанда, пайдалы әсер коэффициенті жөнінен Алексей Толстойдың әйгілі «Бірінші Петрінен» артық болмаса, еш кем емес.

Қабдеш Жұмаділовтің осы романындағы Әбілқайыр хан туралы тұжырымы – түптің түбінде ақиқатқа айналып, келешек тарихшылар мен болашақ жазушылар риясыз мойындауға тиісті аса бағалы тұжырым. Мың жерден «маневр» жасасын, айналып келгенде Әбілқайыр ханның өзі мен айналасының ұстанған саяси бағыты – атың өшкір бодандық қой! Мұны ешуақытта жақтауға да, ақтауға да болмайды.

Орысқа еліктегеннің бәрін – жақсыға, орысқа ергеннің бәрін – данышпанға балап үйренген әдеттен біз әлі арылған жоқпыз. Неге болса да, қандай құбылысқа болса да әлі күнге дейін орыстың көзімен қараймыз. Орыс кімді, нені жек көрсе, біз де соны жек көреміз. Орыс кімді, нені жақсы көрсе, біз де соны жақсы көреміз. Осы дерт әбден бойына да, қанына да сіңген ірі жазушымыздың бірі өз туындысында Әбілқайыр хан мен Шақшақ Жәнібекті (тархан Жәнібекті) қалай көкке көтереді десеңізші. Әбілхайыр ханды ойшыл, данышпан, кеменгер етіп бейнелейді. Не үшін? Орысқа бодан болғаны үшін. Шақшақ Жәнібекті де алысты болжайтын көреген етіп суреттейді. Не үшін? Әбілхайыр ханның соңына бұйдалы тайлақтай ере берге-

ні үшін.

Мәуіртi келгенде неге айтпасқа, аузымен құс тістеген әлгi жазушымыздың қыза-қыза келе «орыспен тек тағдырлас қана емес, туыстас болып кетуді және мәңгілікке туыстас болып қалуды» да іштей шешіп-пішіп қоятынына не дерсіз?! Әрине, бұл пікірді ол Әбілхайыр ханның ішкі ойы ретінде береді. Бәлкім, әлгi жазушыға мұндай ой Мәскеу тарапынан сый-сияпат алу үшін кезінде керек болған да шығар, бірақ мұндай жасанды пікірдің өмірі де келте, өрісі де шолақ екенін өмірдің өзі-ақ дәлелдеп берді. Орыспен туыстасудың, онда да мәңгілікке туыстасудың қазақ үшін жалғыз-ақ (!) жолы бар. Ол – жұтылып кету! Ұлт ретінде жойылып кету!

Жарайды, Әбілқайыр хан қазақтың ертеңін, қазақтың келешегін ойласын-ақ делік. Қазақтың ішкі алауыздығын жойып, оны шоқтай етіп біріктіріп ұстағысы келсін-ақ делік. Бірақ сол үшін қазақ неге бөтен елге, жат жұртқа бодан болуы керек? Өзің өзгеге бағынышты болып жүріп, сен кімді бағындырасың, кімді жарылқайсың? Қабдеш Жұмаділов «Дарабоз» романында Әбілқайыр хан мен Шақшақ Жәнібектің осы әрекетін тасталқан етіп айыптайды. Хан Кеңесіне келіп, «қолындағы бықсыған темекісін керегенің көгіне қағып қойып», селқос қана отырған Шақшақ Жәнібекке шамырқана қарап, әйгілі Төле би былай дейді:

«– ...Мал-мүлік те ештеңе емес-ау, ең қиыны адамдардың құлдыққа еті өліп кете ме деп қорқамын. Маңдайыңа құлдық таңбасы бір басылса, ол оңайшылықпен өшпейді. Қалмақтан қағажу көргеніміз аздай, енді отбасың мен Отаныңды орысқа билетпексіңдер ме? «Бодан, бодан» дейсіңдер, боданнан – құл туады, құлдан жетесіз, жасық ұл туады. Сонда болашақ ұрпағымыздың жайы не болмақ? ...Ал Жәнібек, сенің қаптаған қалың қолың, қару-жарағың қашан сай болады? Әлде Алланың өзі аспаннан тастайды деп күтіп отырмыз ба? Бәлкім Әбілқайыр екеуің етегінің астына барып тығылған қатын патшаның рақымы түсіп, жерінді жаудан тазартып беретін шығар? Орыс өнерлі жұрт қой. Бірақ аузыңды ошақ, мұрныңды моржа етіп, түтін жұтқаннан өзге үйренген өнерің бар ма сол елден? Айтпақшы, ақ патшадан тархан шенін алған екенсің-ау. Бірақ сол тархандығың ел қорғайтын қалқан болмай, мойныға салған арқан болып жүрмесін!».

Қабдеш Жұмаділовтің өз тұстас-тұрғыластарынан бір артықшылығы, неге болса да, қандай құбылысқа болса да қазақтың көзімен қарайды. Онда да, тәуелсіз қазақтың!

Жақында біз Қабдеш Жұмаділовтің 12 томдық жинағын тағы бір рет сүзіп шықтық («Сүзіп шықтық» деп жатқанымыз, бұларды бұрын да талай рет жата-жастана оқығанбыз ғой...).

Бір көзім жеткен нәрсе, Қабдеш Жұмаділов өз тұстас-тұрғылас әріптестеріне қарағанда ақиқат пен шындықты әлдеқайда мол айтыпты. Мол қамтыпты. Ақиқат пен шындықты кім көбірек қамтиды? Еркін ойлы суреткер ғана.



Қабдеш Жұмаділов

«Соңғы көш» романын ғана алыңызшы. Бұл роман 1973 жылы жарық көріпті. Ал осы романның ішінде қоғамның бүкіл шындығы тұнып тұр: куғын-сүргін, аштық, саяси асыра сілтеу, үлкен халықтардың кіші халықтарға көрсеткен зорлығы мен қорлығы, бұратана халықтардың тағдыры... Жазушы ұлықытайлық шовинизмді келістіре, әдібін келтіре көрсеткен кезде, сіздің көз алдыңызға еріксіз ұлыорыстық шовинизм елестейді: қалай ұқсас! қалай үндес!

Автор осы романда қазақ халқының тағдырын ғажайып терең ашып көрсеткен. Өз басым «Соңғы көш» – қазақ диаспорасы жайындағы тұңғыш роман» дегенді әр-әр жерден оқып та жүрмін. Меніңше, бұл дұрыс емес. Бұл – шығармаға қиянат. Авторға қиянат. Шын суреткер бөлшекті суреттеу арқылы бүтінді көрсете алады. Қабдеш Жұмаділов те Шығыс Түркістандағы қазақтардың жағдайын суреттей отырып, қазақтың XX ғасырдағы тауқыметі мен тағдырын, азабы мен қасіретін тұтас көрсете алған.

Өзге жазушыларымыз түрлі деңгей-дәрежедегі бодандық пиғыл мен жалтаңкөз кіріптарлықтан арыла алмай отырғанда, Қабдеш Жұмаділовтің 70-жылдары «Соңғы көш» секілді азат, бостан, еркін ойлы шығарманы тудыруының басты себебі неде? Әрине, мұны тудырған – автордың азат мінезі мен бостан рухы.

Тектілігі.

«Жалпы «ұлтшыл» деген сөзден үрку керек пе? «Халықшыл», «отаншыл» деген сөздер жақсы болғанда «ұлтшыл» неге жаман болуға тиіс? Мұны құбыжық етіп көрсеткен – империялық саясат. Осыдан қорқып келген біз ұлтшыл деуге ауымыз бармай ұлтжанды деп жүрміз... Мен білгенде бұл формада айтылатын қазақта екі-үш қана сөз бар: байжанды, қатынжанды, итжанды. Үшеуі де ұнамсыз сөздер. Ұлт деген қасиетті ұғымды өйтіп қорлауға болмайды. Мен шар тартқан шағымда «бірдеңежанды» атанғанша, жасымда көп бейнетпен алған «ұлтшыл» деген атағымды сақтап қалғым келеді».

Қабдеш Жұмаділов осылай дейді. Көргені де көп, түйгені де мол жазушының байқағыштығына, аңғарымпаздығына еріксіз тәнті боласыз. Ұлтшылдық – табиғи қасиет, табиғи сезім. XX ғасырдың басында Алаш зиялылары ұлтын жан-тәнімен, беріле сүйген тұлғаларды «ұлтшыл», «ұлтшыл тұлға» деп атаған және бұл сөз жақсы мағынада қолданылған (бүгінгі «елжанды», «ұлтжанды» деген мағынада). Ал империялық саясатқа, отаршылдарға керегі кімдер? Айтқанына көніп, айдауына жүретіндер: яғни, ұлтсыздар, тамырсыздар, тексіздер, мәңгірттер... Сондықтан да олар «ұлтшыл» деген сөзге жағымсыз мағынаны арқалатты да жіберді. Ұлтын сүйетіндер «ұлтым» деуге тап бір ұрлық жасағандай қорынып жүруі үшін. Әлдебіреулер «ұлтшыл» деп айтып қала ма деп қорғалақтап, бүгежектеп күн кешуі үшін.

«Толеранттылық» (толерантность) деген терминнің шығу себебі мен түп төркінін зерттеген ғалымдар жуықта ғана мынандай «қызық» жайды анықтады. Бұл терминді ойлап тапқан да және оны айналымға енгізген де – ғалымдар емес, Батыстың саяси манипуляторлары екен. Өз пікірін, өз сөзін, өз ойын өзгелерге өткізу үшін. Тағы бір қызығы, бұлар бұл терминді әр елдің өз тіліне аударуына да қарсы. Аударса не болады? Арты ашылып қалады.

Мысалы, «толерантность» орыс тіліне – «терпимость», қазақ тіліне – «көнбістік», не болмаса «көнімпаздық» деп аударылуға тиіс. Саяси манипуляторларға орыстың мұны – «толерантность», қазақтың – «толеранттылық» деп қабылдағаны керек. Сонан кейін жүрсін сол сандалып, «толеранттылықты» (көнбістікті! көнімпаздықты!) мәдениеттіліктің бір белгісі, саяси мәдениеттің биік бір өлшемі екен деп адасып.

Осындай қитұрқы, не болмаса қылдай нәзік, жіңішке мәселелер Қабдеш Жұмаділовтің көркем туындыларында да, публицистикалық мақалалары мен сұхбаттарында да жиі айтылады. Жазушының сондағы ойы – «Қазақ қайтсе қалады қазақ болып?»

Тіпті өзгені былай қойғанда, жазушы мына іргедегі қырғыздардың қазаққа талай тісін батырғаны, «жау жағадан алғанда бөрі етектен аладының» керін келтіріп талай рет аяқтан қырқа шалғаны, тіпті бірде қазақтың жайсаңы мен жақсыларын қырып салып, олардың бастарынан «кәлла-мұнара» тұрғызғаны жөнінде де ашық жазады. Қ.Жұмаділовтің сондағы айтайын дегені не? Рас, «қазақ-қырғыз – бір туған». Әйтсе де, қырғыз – жеке ұлт, жеке ел. Ал жеке елдің өз мүддесі болады. Және олар өз мүддесі жолында ештеңеден аянбайды да, тартынбайды да. Бір сөзбен жинақтай айтсақ, Қабдеш Жұмаділов – ұлт жазушысы. Ақын үшін, жазушы үшін «ұлт ақыны», «ұлт жазушысы» атанудан асқан мәртебе де, абырой да, атақ та, даңқ та болмақ емес. «Кімде-кім өз ұлтын сүйсе, қияметте де Алла Тағала оны сол ұлттың сапында тірілтеді» дейді қасиетті Хадис. Ұлтқа, өз ұлтына қызмет еткеннің әманда жүзі жарық, жұлдызы жоғары. Қабекеңнің де жұлдызы жоғары.

«Қазақ әдебиеті» газеті,
21.01.2022



Ақеділ ТОЙШАНҰЛЫ,
Халықаралық Түркі
академиясының сарапшысы,
фольклортанушы ғалым

АЛЫП ШЫНАР

Көрнекті жазушы М. Мағауиннің тәуелсіздік жылдарында жазған жаңа тұрпаттағы шығармалары көркемдік әлемді игерудің тың арнасын қалыптастырып, ұлттық рухты сілкіндіретін өзгеше дүбірлі құбылысқа айналып отыр. Әлемдік әдебиетке түрік рухының тыныс-демін әкелген классик жазушының әсіресе соңғы кезде жазған кезкелген шығармасы формалық тұрғыдан мүлде күрделі, әдіс-тәсілі тосын. Әйткенмен бұл туындылардың арғы қатпарында, терең діңінде халық мұрасының құнарлы да айшықты белгілері мол болғандықтан оқырманды тылсым табиғатымен қызықтырып баурап алады. Біз бұл мақалада «Қыпшақ аруы», «Кесік бас – тірі тұлұп», «Жармақ» романындағы көне мен жаңаның сабақтастығын, бір сөзбен айтқанда постмодернистік лепте жазылған осы шығармалардың өзегінде өріліп жатқан фольклорлық қолданыстар мен дәстүрлі танымның қызметін ашып көрсетпекпіз.

Ең негізгі бір ерекшелік – бұл шығармалар ақиқатпен әдіптеліп, шындықпен суарылған. Сол себептен де ХХІ ғасырдағы деректілік пен нақпа-нақ ақпаратты талап ететін жаңа буын оқырманның сұранысына мүлтіксіз жауап беріп отыр.

Аталған шығармаларда қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси келеңсіз құбылыстар, атап айтқанда ұлттық құндылықтардың аяқасты болуы, тасбауырлық пен имансыздық, биліктегі шонжарлардың алаяқтығы, жаңа буын байлардың ана тілінен, ата ділінен жерінуі, қара халықтың дәрменсіз пұшайман халі, ата-баба тарихына жасалып жатқан қиянаттар, бір сөзбен айтқанда тәуелсіз жас мемлекеттің бүгіні мен болашағына кедергі келтіретін алуан түрлі кеселдер бүкпесіз сыналады. Бірақ бүгінгі өмір-тіршілігіміздің күндерегі секілді шыншыл реңдегі бұл шығармалар фольклорлық айшықты бояу-


лармен шебер әрленіп, жаңа стильмен әшекейленгендіктен оқырманды мүлде беймәлім көркемдік әлемге жетелеп, ғажайып тылсым сырларға саяхат жасата алады.

М.Мағауиннің «Қыпшақ аруы» хикаятында ХІ ғасырдан бүгінге дейінгі өнер адамының (Қыпшақ ханы Көбектің бәдізші ұлы Саржан, оның бүгінгі жалғасы мүсінші Көбеков Саржан) қилы тағдыры арқылы ұлтымыздың тарихы, саяси өмірі, мәдениетінің көкейкесті мәселесі қозғалады. Хикаятта ХІ-ХХІ ғасыр аралығындағы оқиғалар, яғни мың жылдық шегіндегі ел өміріндегі елеулі бел-белестер қамтылады. Автор хронологиялық аса ауқымды дәуірді қамту үшін мифопоэтикалық символдарды сәтті қолданып, нәтижеге жеткені көрінеді. Хикаятта кеңестік кезеңде өмір сүрген дарынды мүсінші Саржан тылсым жағдайда бүгінгі өмірден жоғалып, өзінің түпкі бейнесі қыпшақ ханы Көбектің ұлы бәдізші Саржанның дәуіріне өте алады. Осылайша замандар мен дәуірлер, өткен мен бүгін, тірі мен өлі, аруақ пен адамдар өзара тоғысып, тілдесіп, алмасып жатады. Уақыт пен кеңістікке бағынбау, ғаламдарды еркін шарлау, кедергілерді елемей – мифопоэтикалық танымның төл белгісі. Олай болса, М.Мағауин бұл шығармасында реалистік стильден саналы түрде алшақтап, керісінше, фольклорлық танымға табан тіреген деп түйін жасауға әбден негіз бар.

Дәстүрлі танымда тірі адамның мүсінін қашауға, суретін салуға тыйым салынады, өйткені, бабаларымыз адамның жаны сол бейнелерге көшіп кетеді деп сенген. Түрік халықтары адам өлген соң оның бейнесін елестетіп қуыршақ жасаған, мүсін қашаған, кейіннен тұл орнатқан, ондай нысандарға аруақ (онгон) деп табынатын болған. Хикаяның басында жазушы революция ерлерін сомдап тоқырай бастаған мүсінші досына С.А.Половцеваның «Қыпшақ тас мүсіндері» деген альбомын тарту етеді. Мүсінші ризалық білдіріп, жазушы досының мүсінін қашағысы келеді. Оған кейіпкер былай деп жауап береді:

« – Болмайды, – дедім, Саржанның шынымен айтып тұрғанына көзім жетіп. – Мен тәңіріге, аруаққа және тылсымға сенетін кісімін. Жадағай, жалғыз-ақ өлшемдегі фотосурет емес, басыңның, бар бітіміңнің нақпа-нақ көшірмесі – қолдан жасалған сыңарың... Мүмкін, шайтан қонар. Ең қорқыныштысы – менің жаным өзімді тастап, сол мүсінге көшіп кететін шығар. Түгел болмаса да, тең жарым, бөлшек бітісімен.... Рақмет, әуре болмай-ақ қой, – дедім». Бұл эпизодты хикаяттағы мифологиялық сананың құлақкүйі деуге болады. Саржан альбомды ақтарып отырып, қыпшақ аруының тас мүсініне тап болады, оған ғашық болып қалады. Ол мүсін орналасқан Украинаның Херсон өңіріне сапар шегеді, музейлерді аралайды, балбалдармен сырласады, қыпшақ тарихына қатысты еңбектермен

жіті танысады. Ақыры, тас мүсіндегі қыз – Айсұлу бегім (XI ғасырдағы жары) өзінің бір кездегі қыпшақ ордасындағы мүсінші Көбек ұғлы Саржан екенін сезінеді. Саржан бұл сырды жазушы досына айтқанда, ол бастабында өнер иесінің фантазиялық қиялы екен деп ойлайды, бірақ совет мүсіншісі үкімет басшысынан екі метрден екі көкшіл мәрмәр тас алып, ежелгі мүсіндерді (Айсұлу мен өзін) қашап, оларға, тіпті, жан бітіргісі келеді. Бұл іске Айсұлу бегім аян беру арқылы қолдау көрсеткен соң Саржан іске шұғыл кіріседі. Мүсін жасалып болғанша Саржан екі дүниенің ортасында жүреді, бұрынғы бабалардың әлеміне барып, саяхаттап келіп отырады. Межелі мерзімге жеткенде досын шақырып, мүсіндерге жан кіргізу рәсімін жасайды. Мынадай арбау сөз айтады: «Уа, тәңірім! Қуат бер, құтын қайтар, жан бер!».



Ежелгі түріктер жанды құт деп те атайды, демек, жазушы магиялық ескі үлгіге де иек артады. Сонымен, Саржанның жаны өзі қалыптаған тасқа айналып, ол 1173 жылға қайтадан өтіп кетеді де, өнер иесінің қала көшелеріне тұрғызған мүсіндері, тіпті, энциклопедиядағы өмірбаяны да қырық күннің ішінде тылсым жағдайда жоғалады. Жазушы бұнда қырық күнді бекер алып отырған жоқ, өйткені, дәстүрлі түсінікте адамның рухы қырық күнде арғы дүниеге өтіп үлгереді ғой. Саржанның музейге аманаттап тапсырған мүсіндері түнде қимылдап, қозғалады. Әрине, бұл эпизодта хикаялық сарын бар, ақыры, екі мүсін де қол ұстасып, ежелгі қыпшақ ғаламына қарай беттеп, зым-зия жоғалып кетеді. Қысқасы, «басқа бір кеңістік, басқа бір өлшемге» өтіп, көзден таса болған мүсінші 2004 жылы 19 қазан күні жазушының ұялы байланысына хабарласады. Сөйтсе, Саржан еліміздің алыс бір түкпірінде ауылда сурет пәнінен сабақ береді екен, Айсұлу ханым екеуі арғы қыпшақ әлемінен 1986 жылы көктемде

оралған көрінеді, қыздары да бар, аты – Айбике. Саржан досына «Халқымның қасиетін әйгіледім. Таспен бедерленген тарихын жасадым... Бақытты болдык, Айсұлу екеуіміз. Екі жалғанның да қызығын көрдік... Қозы мен Баян тәңіріден құшақтары жазылмас үш күндік ғұмыр сұраған екен. Ал, біз, міне, отыз... жоқ, тура қырық төрт жыл! Бұдан асқан қандай бақыт, қандай мерей, мәртебе болуы мүмкін!?», – дейді.

Жазушы эпикалық санадағы Қозы мен Баянның қайта тірілу сарынын әдейі еске салады. Бір сөзбен айтқанда, автор фольклорлық үлгілерді молынан пайдалана отырып, мүсіншіні (әрине, оқырманды да) сонау өткен ғасырларға бабалар дәуіріне шарлата алады, әрі нақтылы деректерді, тіпті, библиографиялық мәліметтерді ұсына отырып, бүгінгі өнер адамының (мүсінші мен жазушының) нәзік болмысын, талайлы тағдырын, ұлттық рухты оралту жолындағы күресін, бұл жолда жасалған әртүрлі көлделен кедергілерді шынайы суреттейді. Хикаятта автор ежелгі қыпшақтың сынған мүсінін бүтіндеуді мақсат қылған өнерпаздың жанкешті өмірін суреттей отырып, қазіргі қазақтың толымды кескін-келбеті, ірі тұр-тұлғасы бабалар мұратымен үндескенде түгенделеді деген ойды ишаралайды.

Бүгінгі қоғамның нақтылы тыныс-тіршілігі, жазушы М.Мағауиннің өмірбаяндық деректерінен үзіктер (Мәселен, «Айсұлу... әй, иә, Бақытжамал, яғни Бақыт-сұлу ыдыс-аяғын жуып-шайып, балалардың ертеңгі киім-кешегін ыңғайлап, күнделікті күйбең шаруасына жегілген. Мен тағы да кабинетіме кіріп, оңашаландым») оқиғаға мейлінше шыншыл сипат беруге көмектессе, мифопоэтикалық айшықтар бүгінгі ұрпақты бабалар дәуірімен табыстырып, жас буынның зердесінде ұлы қыпшақтың рәміздері жалғаса беретінін дәйектейді. Жазушының бас кейіпкер Саржан мүсіншіні ауыл мектебіне мұғалім етіп, қайта оралтуы – тәуелсіздіктен кейін ұлттық құндылықтар тегеурінді күшке айналғанын тұспалдайтын ишара. Шынтуайтында, сонау сақ-хунну, көне түрік таңба-символдары егеменді еліміздің рухани-саяси өмірінде шешуші мәнге ие болып отырғаны шындық. Мәселен, Күлтегін ескерткішінің Астанаға оралуы да бүгінгі күнгі елеулі оқиға. Байырғы архетиптер, рәміздер ұрпақ жадында осылайша оянғандықтан қазіргі жас ұрпақтың өкілдері өткен бабалардың қаһармандық дәуірімен өзін табиғи жалғастықта, үндестікте сезіне алады. Сол себептен де арғы ғасырларға ұшқыр қиялмен саяхаттай да алады, демек, бүгінгі кішкентай Саржандар мектеп партасынан да табылары хақ. Хикаятта қыпшақ ғаламынан қайта оралған Саржан Көбеков өз қызы Айбике туралы «Биыл он сегізге шықты, облыстық педагогика институтында оқиды», – деп, нақтылы мәлімет беруі өткен мен бүгіннің қоғамда орын алып отырған сабақтастығын танытқандай.

«Ертең із-түзсіз жоғаламыз. Ертең болмаса, келер жыл, келесі ғасыр, бір заман – беймәлім ықылымда.

Барлық ғұмыр ғана емес, сол ғұмырды бағыштаған барлық ісіміз – елеске айналады. Қуатты қиялмен бұл дүниеге қайтадан шақыра алатын бір ұрпағың табылмаса», – дейді жазушы.

«Қыпшақ аруы» хикаятында мифопоэтикалық әрлеулер көркемдік құрал ретінде, шынымен, мол қолданылғандықтан (расында, бұл туынды жазушы М.Мағауиннің жеке шығармашылығында ғана емес, қазақ әдебиетінде мүлде тосын, соны стильдің басы болғандықтан да) сырттай қараған жанға шығарма тылсым рай танытады. Бірақ шығармада бүгінгі күнгі тұрмыс-тіршілік деректермен суреттеліп, қоғамдық-рухани өміріміздегі әдепкі істер айна-қатесіз әшкереленіп отырады (Мәселен, бір ғана деталь, телефон соққан біреу: – Мақауин деген жазушы сен боласың ба? – дейді. Оған жазушы: – Адам естімеген мақауды іздейтін сенің өзің қай мақұлықсың? – дейді дік етіп). Осындай себептерге де байланысты шығарма шынайы, шыншыл сипатта.

М.Мағауиннің жаңа бағыттағы прозасының ішіндегі елеулі бір шығарма – «Кесік бас – тірі тұлұп» хикаяты. Бұл шығармада Моңғолиядағы қазақтар тарихында «Жалама айдаған жылдар» деп белгіленген қанды оқиға суреттеледі. Астраханда 1860 туған ұлты қалмақ, Ресей азаматы Далама Дамбийжанцан Амурсанаевтың (жергілікті қазақтар оны Жалама деп атаған, М.Мағауин Жа-лама деп жазады, біз автордың жазуы бойынша бердік) Моңғолиядағы қазақтарға салған ойран-лаңы, қасіретті зобалаңы хикаятта кеңінен көрініс табады. Атап айтар болсақ, қалмақ Жа-лама Моңғолдағы қазақтарды қазіргі Баян-Өлгей жерінен қудалап, көшіруге әрекет жасап, елді қорлап, будда дініне шоқындыру, ату-шабу зұлматын жүргізгені тарихтан белгілі. Тіпті, ол Ақынбек деген азаматты көнбегені үшін жазалап, тірідей сойып, тұлыбына шөп тығып, бас имеген қайсар қазақтарды қорқытпақ болған. Ол өзін жергілікті аңқау моңғол малшы-араттарына «Мен сендерді манж-қытай бодандығынан азат еткелі келген әйгілі сардар Әмірсананың қайта тірілген бейнесімін, киелі аруағымын» деп таныстырып, сол кезеңдегі Моңғолия билеушілерінен айлакерлікпен қолдау да табады. Жа-лама 1912 жылы 8 тамызда батыс Моңғолияның Қобда шаһарын манж-қытай билеушілерінен азат ету соғысына қолбасшы Магсаржав, Дамдинсүрэндермен бірге қатынасады. Бұл оқиғадан кейін қос түйелі диуана кейпінде келген Жа-ламаның беделі күннен-күнге артып, ақыры, дәрбет, ұранқай, торғауыт, қазақтардың басын қосып, Моңғолияның батысында жеке дара хандық орнату саясатын жүргізеді. Осы мақсатына орай қазақтарды қазіргі қонысынан түп қопарып, моңғолдар мығым отырған Өріктікөл, Хандағатай, Торху-

нағқа (Дөрбет Далайхан еліне) қарай үркітіп, айдайды. Дамбийжанцан Амурсанаевты зерттеушілер жай бір жалаңаяқ диуана емес, Ресейдің кәсіби жансызы еді деген де пікір білдіреді.

Осы трагедиялы оқиғаларды М.Мағауин биік көркемдік деңгейде, қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат тарихындағы қасірет, адамшылыққа қарсы жасалған қылмысты қимыл ретінде жанайқаймен бейнелей білген.

“Кесік бас – тірі тұлұп” деген шығарманың атының өзінен ежелгі сөз өнерінің белгі-бедері менмұндалап тұр. Себебі, шығыс халықтарының сөз мұрасында кесік бас, кесік қол әйел образы тұрақты кездеседі. Мәселен, қазақта “Қу бас”, “Киелі бас сүйек”, “Мұстақым” деген ертектерде тылсым кереметке ие өлі бастың шытырман өмір тарихы баяндалады. Бірақ жазушы хикаятта бейнелеген “кесік бас” ертегідегідей кереметке ие беймәлім бас емес, ол – Ресейдің кунсткамера музейінде сақталып тұрған, формалинге матырылған қанішер қалмақ Жа-ламаның басы, ал, “тірі тұлып” – ол – Чехиядағы музейде сақталған қазақ бекзадасы Ақынбек марқұмның терісі екен. Ертектерде “қу бас” тіріліп, өз тарихын баяндайды немесе сол бас сүйектегі сырлы жазу шындыққа айналады. Хикаятта, керісінше, автор «кесік бас» пен «тірі тұлыптың» тағдырын өзі суреттейді. Шығарманың алдымен аты, одан кейін ішіндегі шытырман хикаяттық сарындар фольклорлық үлгі-бедерді көрсетіп тұр.

М.Мағауин бұл шығармасында мифтің тірілуін, қазақтың емес, нақтырақ айтқанда, моңғол малшы-араттарының арасында айтылатын «Әмірсананың қайта тірілетіндігі» туралы мифтің өмірге оралуын таңбалайды. Тегінде, әйгілі сардар Әмірсана (кезінде Абылайханға келіп паналайтын Жоңғария қолбасшысы) манж-цин әскерінен жеңіліп, орысқа қарай бас сауғалап, аттанарда еліне «Мен күндердің бір күнінде қайта келіп сендерді шүршіт-қытайдан азат етем!», – деп, серт берген деседі. Халықтың санасында батырдың осы серті ұзақ сақталғаны сондай, дөрбеттер орыс саудагері В.В.Бурдуковқа кездескенде «Әмірсана қашан келеді? Бізді қашан қытай езгісінен құтқарады? Ол туралы хабар-ошар бар ма?», – деп, үнемі сұрайтын болған. Бұндай ұғымға жеткізуші тағы бір себеп, будда дінінің түсінігінде аруақты ерлер басқа адамның кейпінде өмірге қайтадан туып, қасиетті әулие – Құбылған болып жаратыла алады деген наным да бар. Моңғолияға ақ түйелі диуана кейпінде келген Жа-лама халықтың осы пәк сеніміне дап-дайын қожа бола қалады. Бір сөзбен айтқанда, ол халық зердесіндегі Әмірсана туралы мифті қайта тірілткен бейне екені даусыз. Хикаятта қайта тірілген Әмірсана бейнесін жазушы былайша өрнектейді:

«Өзін баяғы Әмірсана ханның қайта тірілген әзиз тұлғасы – құбұлған

деп жариялаған, қос өркеші баладай ақ атанға мінген жұмбақ лама сәске түс, сауда әбден қызған, у-ду, ашық-жайсаң бір күні дәл осы базарға келіп кіруі тиіс еді...

– Әмірсана... – деген тұншығыңқы үн естілді топ ортасынан.

– Әмірсана... Әмірсана... – десті тағы бір дауыстар.

Дауысқа дабыр қосылды, дабыр-гуілге, гуіл-жаппай ұранға айналды...

– Уа, халқым! – деген, күмбірлеген үн естілді биіктен. – Дәл таптыңдар. Сонымен қатар, нақпа-нақ емес. Әмірсана қайтып оралды. Ол рас. Бірақ өзі емес. Жаңғырып, жаралған тірі кейпі. Құбұлған! Мен – Жа-лама, Тибетте, Лхасадағы Далай-ламаның өзінен бата алған, Мәңгілік өмір дарағының қасиетті жапырағын жеген Жа-лама, сол Әмірсананың туған шөбересі болам! Иә, мен – құбұлған Әмірсана!».

Аңқау елге арамза молда дегендей, ақыры, Қобда қаласын манж-қытайдан азат еткеннен кейін Жа-ламаның атақ-абыройы артып, ол батыс өлкенің жарты патшасына айналады. Қазақтарды қырып-жойып, ішкері қоныс аудартып, көнбеген Ақынбектің терісін тірідей сойып, тұлып жасайды. Бұл оқиғаның куәгері, халық ақыны Нәжікеш Таңқайұлы былай деп жырлайды:

Жайладық жаз маусымда Олоннуурға,
Ләшкердің өкімімен бардық зорға.
Сойғызып Ақынбекті бітеу тұлып,
Құтылмас әбден түстік темір торға .

Жа-ламаның үйінен адамның тері тұлыбын көзімен көрген орыс саудагері В.В.Бурдуков одан: «Бұл не үшін керек?», – деп сұрағанда, ол шімірікпестен: «Бұл маған діни рәсім жасағанда қажет», – деп жауап берген екен. Бұл дерек хикаятта былайша көрініс табады:

«– Тамаша тері, – деді, құрбандығының қақыраған даусынан күш алып, қасапшының айрықша шеберлігіне риза болып, мерейі көтеріліп тұрған Жа-лама. – Арық та емес, семіз де емес. Тамаша тері...

Жаңа ғана құрметті тұтқынға бажайлап ұғындырған. Әуелі арқа терің сыпырылады. Қасиетті дабылды қаптау үшін. Содан соң қалған терің... Не үшін екенін айтқан. Тұлұп! Бізше тұлұн. Сендердің жайнамаз сияқты. Құдіретті сары діннің өзгеше рәсіміне орай, өз құдайымыз – шын құдайға мүнәжат еткен, атаулы, айрықша күндерде алдыма төсеймін, сенің әдемілеп иленген мүбәрак теріңді».

Әмірсананың қайта тірілуі туралы аңыздау ұлт азаттығын аңсаған халықтық миф болса, бұл адам баласына жат зұлымдық түсінік Жа-ламаның сырқат санасынан туған өзгеше жыртқыштық кесел болса

керек. Жаны шығуға айналғанда шәйт Ақынбек қанішерді қарғап көз жұмады:

«Жа-лама! Қарғыс атсын сені! Басың найзаға шаншылсын! Етіңді ит жесін! Екі жалғанда тыным таппа! Тұрағың тозақтың төрінен болсын!».

Бұл қарғыс айна-қатесіз орындалғаны хикаяттың соңында көрініс табады. Иә, Моңғолияның революциялық қызыл өкіметінің көсемі Д.Сүхбаатардың бұйрығымен Нанзад батыр, Дугаржав, Даш бастаған топ бүлікшіл қаныпезер Жа-ламаның бекінісіне шеберлікпен еніп, оны атып өлтіреді.

Осы тарихтың көркем жаңғырығы хикаятта нанымды суреттеледі. Жауынгер Дашы атып өлтірілген Жа-ламаның басын кесіп ап, оның тәнін итке жегізеді де, кесік бастың бұзылмай сақталуын ойластырады. Сол кезде Жа-ламада құлдықта арып-ашып жүрген қазақтың екі шалы оған кездесіп, ақыл кеңес береді.

«Екі ақсақал әрі абыржып, әрі таңырқап, азғана отырды да, зұлымдыққа орай жаза ғой деп тоқтаған. Ақыры, күтпеген кеңес шығарды. Аз-мұз тұз сіңіп, біршама сорғығаннан кейін, басты сексеуілдің түгінімен ыстау керек еді. Қазақтың шалдары басқаша қисын тапты. Торсық, торсық бар ғой. Қымыз ашытатын. Моңғолдың емес, қазақтың торсығы. Сондай болуы керек деп ұғындырды. Иә, талай көрген — әбден ысталған теріден тігеді екен. Мына Жа-ламаның басы сол торсықтай болып ысталса, қандай жақсы... Дашының көңіліне қона кетті».

Астрахань қалмағы Жа-лама ата-баба кегі үшін қазақтың қыр соңына түссе, алаштың қарапайым екі қариясы оның басын баппен ыстап, кек қайтарғаны тұспалданады. Кесік бас «жүз жыл көрмеде тұрса да, бұзылмастай» ысталып болған соң Жа-лама туралы жалпақ моңғол жұртына таралған аңыз-лақаптың соңына нүкте қойылады. Яғни, хикаяттың басында жанданған миф енді «өледі». Ол былайша көрініс табады:

«Жа-ламаның тұздалған, ысталған, қазақтың көн торсығындай қатып- семген кесік басы найзаға шаншылды. Орталық революциялық өкімет алдамшы лама, қанышер қарақшының шынымен өлгенін, енді қайтып оралмасын, ешқандай бүлік, толқуға жол жоқ екенін, жаңа, қызыл діннің күш-қүдіретін әйгілеу үшін сырттан келген сенімді қалмақ шеріктерінен арнайы жасақ құрып, найза ұшына бекітілген басты жаңғырған, жаңарған ұлыстың барлық аймағында отырған еңбекші халыққа көрсетіп шығу туралы жарлық берді.

Жа-лама өліпті! Басы найзаға шаншылып, ел аралап жүр!...».

Сонымен, хикаятта 1912 жылы Ақынбек айтқан қарғыс 1922 жылы орындалып, Жа-ламаның етін ит жеп, басы найзаға да шаншылады.

Қарғыста қапысыз айтылғандай, «жаны да екі дүниеде тыныш таппағаны» былайша бейнеленеді:

«XX қатыгез, темір ғасыр дүниеге әкелген әщады құбыжықтар әулетінің бірегейі ғана емес, ең алғашқы ірі тұлғасы Жа-ламаның қанға тоймаған жаралы жаны күні бүгінге дейін тыным тапқан жоқ, өзінің кесік басын күзетіп, Ленинград-Петербургта әлі жүр деседі. Жылына бір рет – өзі аңдаусыз, оқыс қазаға ұшыраған қаңтар айының он жетісі күні, кешкі алакөлеңкеде, Кунсткамераның астыңғы, қоймалы бөлігінде елес-сүлдесі көзге көрінеді, қақпағы жарылып сынған шыны текше ішінде, сасық формалинге сусындап жатқан өзінің кесік басына телміре қарап, үнсіз, тілсіз, сөлбірейіп, азғана тұрады, содан соң ғайыпқа айналады, бірақ ешқайда кеткен жоқ. Кунсткамераның ішінде болмаса, сыртында, тақау төңіректе, қайткенде де өзін өлім жазасына кескен осы ежелгі шаһардың бір жерінде, жүр деседі».

Жазушы «Кесік басқа ақы берсе де, жуымас едім. Тірі тұлұпты сұрап жүріп, өз көзіммен көрдім... Тірі тұлұптың бүгінгі ұрпағы ретінде», – дейді осы күнгі Прагадағы кеңістікке қайта оралып.

Хикаяттың соңында жазушы адамға жасалған қиянат адамзатқа ортақ екенін сездіріп, талай зобалаңды бастан кешкен қазақтың сыртқы терісі сойылса да, ішкі жүрегі, өр рухы қалпында қала бергенін әйгілеп, алаш ұрпағын қайсарлыққа үндейді, ерекше философиялық түйін жасайды:

«Теріміз тірідей сыпырылды. Сүйегіміз ғана қалған. Құры жан діңкелеп, қу сүйек саудырап, бүгінгі күнге жетіппіз. Зарығасың, қамығасың, бірақ тәуба айтпасқа тағы амалың жоқ... Тері – сыртқы кеп. Халықтың өзі емес, жамылғысы, ауыспалы киімі. Тарихтың ұзақ жолында тағы бір өзгеріппіз. Сүйек бүтін. Жара жазылады. Әйткенмен... әуелгі, тума кебімді ұмыта алмайды екем. Қуанышты да, қайғыны да. Неше мың жылдық ғұмырымның жарым сағат, жарты минутын».

М.Мағауиннің қоғамдық санаға дүмпу туғызған келесі бір романы – «Жармақ». «Жармақта» Қазақстанның қазіргі қоғамдық-саяси өміріндегі шешімін таппаған келелі мәселелер сөз болады. Бұнда бас кейіпкер екіге жарылған – Қазыбеков Мұрат Бейсенұлы ұлттық рухтың жоқшысы, кедей тарихшы, ал, оның жарты бөлшегі – Қазыбеков Марат Бейсенұлы, керісінше, дәулетті бизнесмен, биліктегі элита.

Тегінде, бір адамның екіге жарылу сарыны қазақ ертегілерінде, әлемлік әдебиетте кездесетін сарын. Мәселен, «Бақтыбай би» деген ертекте бұндай оқиға былайша көрініс табады: «Өз елінің биінің жалғыз ұлы бар екен, ол келіншегін төркіндетіп келе жатса, бұларға жолдан бір сайтан келіп қосылып алыпты. Әлден уақытта келіншек

байқап қараса, күйеуі екеу болып қалыпты. Бір-бірінен титтей де айырмасы жоқ. Келіншек қайсысы өзінің күйеуі екенін айыра алмапты. Сол жағындағысын «өз күйеуім» дейін десе, оң жағындағысы да өз күйеуі сияқты. Оң жағындағысын «өз күйеуім» дейін десе, сол жағындағысы да өз күйеуі сияқты. Сөйтіп, келіншек қайсысын «өз күйеуім» дерін біле алмай, екі жағына жалтақ-жалтақ караумен жүре беріпті. Ал өңі-түсі айырғысыз би ұлы мен сайтан жол-жөнекей келіншекке таласып, керісумен болыпты». Ақыры, өз күйеуін тани алмай, есі шыққан келіншекті бала би Бақтыбай құтқарады, ол екеуін жарыстырып, «Озғаның құмыраға келіп кіресін, қалғаныңды қылышпен шауып өлтірем», – деп үкім шығарады. Нәтижесінде шайтан озып келеді де, құмыраға қамалады.

Романда бұндай жағдаят былайша көрініс табады: «Балжанның өңі бұзылып кетті. Иегіне дейін көміліп, көрпе астына тығылған. «Сен...сен... – дейді дір-дір етіп. – Сен... екеу екенсің ғой!», «Балжан, Балжан... қорықпа, бұл мен ғой!», – дейді, тіпті де, мен емес, тек маған егіздің сыңарындай ұқсайтын біреу».

Міне, университетті үздік бітірген дарынды тарихшы жас ғалымның бір өзі тылсым жағдайда екіге бөлініп, бірі – жан жолында, бірі тән жолында қызмет ететін жолайрыққа түскен сәті. Жазушы, бұл шығармасында да мифопоэтикалық қолданыстарға сү йеніп, оны көркемдік тәсіл ретінде қолданады. Бір адам келесі адамның сыңары, бөлшегі ретінде бейнеленеді, кейіпкер белгілі бір кеңістіктен келесі мекенге кедергісіз өтіп отырады. Бірақ бұның бәрі шығарманы шытырман оқиғалы, қызықты болдыру үшін қолданылған әдістер, шын мәнісінде, романда қазіргі қазақ қоғамындағы бай мен кедейдің, рухани құндылық пен материалдық игіліктің, халық пен биліктің арасы алшақтап, екіге жарылып кеткендігі суреттеледі.

«Бір бүтін – қос жармақ. Анау, кеткен жармағым алғашқы қадамынан бастап, маған тиеселі бар игілікке ие болған. Әуелі жүрек емес, есеппен қосылған сұлу жар, оған жалғас молшылық өмір, барақат тіршілік... Берік, нақты бағдар – бар болып, бай болып, тыныштықта дәурен сүру – басқа ниет, пиғылдан ада. Ал мұндағы жармақ – құр кеуде ғана. Рас, терең білім, ұлттық таным, бірақ соған орай қажымас қайрат, қайыспас жігер жоқ».

Сонымен, жаңа қазақ сенатор Марат Бейсенұлы «Ақырзаман адамы. Қазақ ақырзаманының. Бүкіл дүниеден түңілген – ештеңеден тайынбайды, иман, ұяттан ада – ешкімге сенбейді, сөйте тұра, өмірге өте құштар. Оның ұғымындағы өмір – билік пен байлық».

Бизнесмен Марат Бейсенұлы өз сыңары Мұратқа ақша төлеп, ежелгі қыпшақ ұлысы туралы көлемді кітап та жаздырады. Оны өз атынан шығарғысы келіп, барымталап алады, байлыққа мас болған жаңа қазақ сенатор болып сайланған соң сыңарын, яғни қара халықты

жәбірлеумен айналысады. Бұған төзбеген зиялы Мұрат оны өлтірудің тәсілін табады, себебі тарихшы Мұрат өзіне қол жұмсаса, оның жаны – бір жармағы сол сәтте көз жұматынын түсінеді. Марат Бейсенұлы парламентте «Қазақстан: демография және иммиграция» деген тақырыпта ұлтсыздану ұранын көтеріп жатқанда оның сыңары Мұрат қол тұзаққа асыла қалады, сол сәтте сенатордың да тілі күрмеліп, буынып, жаһаннамға қабат аттанады.

Бір қызығы, Мұраттың жаны ұшып, аспанның екінші қатына көтерілгенде сыңарының жаны келіп, оған қосыла кетеді. Бұл да – байырғы танымның белгісі. «Енді ғарасат майданында бірге жауап береміз, екі кісі, екі ғұмыр емес, бір кісі, бір ғұмыр ретінде. Мен ғана. Жалғыз өзім», – деп толғанады зиялы Мұрат Бейсенұлының рухы.

Жазушы М.Мағауиннің жаңа романының бас кейіпкері Жармақ есімінің арғы тамырында ескі түркілік тарихи танымның қатпар-қыртысы мол. Жармақ деген сөз жарылу, жарты болу, жарымжан деген ұғымды да, сонымен бірге жармақ, яғни соқыр тиын деген мағынаны да береді.

Жарты басты, жарты денелі, жалғыз көзді адам бейнесіндегі мифологиялық кейіпкерді татар, башқұрттар «ярымтык» (қазақта жармақ, моңғолда эрэмдэг-зэрэмдэг (жарымжан, мүгедек) деген сөзбен үндес), тұңғыс тілді эвенкілер чулоке (шолақ) деп атайды.

Діңі берік, тамыры терең алып шынарға айналған сөз зергері М.Мағауин осындай түркілік түпбейнелерді арқау етіп, бір адамның екіге жарылғандығын шым-шытырық тартыспен суреттейтін романын кейіпкерінің аты мен әрекетіне ұқсатып «Жармақ» деп әдейі атаған.

Сайып келгенде, бұл – тәуелсіздік алған соң оның қызығы мен шыжығына бөккен байшыкеш жаңа қазақтар капитализмнің сылдыраған соқыр жармағына ашкөзділікпен таласып, есінен адасып, қара халықты да, құдайды да ұмытқандығы туралы, мұның ақыры елдің болашағына өлшеусіз зарар болатынын ақсақалдықпен ескерткен өсиетнамалық туынды. Классик жазушы қазақ қоғамында орын алып отырған жаңа қазақ пен ескі қазақтың арасындағы қайшылықты, дүбәра-дүрегейлер мен ұлт зиялыларының ортасында өріс алған жікті шеберлікпен суреттеген. Бұл кесел тереңдей берсе, ұлт тұтастығына нұқсан келетіндігіне дәйекті көз жеткізіп, данагөйлікпен дабыл қаққан. Қазақстандағы саяси-әлеуметтік өмірді деректі толғаммен өре суреттеген шыншыл шығармаға мифопоэтикалық бояулар нақысты сәуле түсіріп, романның композициялық құрылымын күрделендіріп тұр деуге негіз бар.

«Жұлдыз» журналы,
16.03.2020

Нұрсұлтан МЫҚТЫБАЙ

СЕРГЕК ОЙ, СЕРПІНДІ СӨЗДІҢ ҰСТАСЫ



Ақұштап Бақтыгерееваның поэзиясы қаншалықты нәзік лирикадан, сыршыл сезімнен, көркем де шұрайлы, адал да шыншыл жыр жолдарынан тұрса, оның публицистикалық шығармалары да соншалықты қуатты, халықтың мұң-мұқтажы мен қоғамның келеңсіз құбылыстары мен замана шындығын тап басқан кесек-кесек ойлардан құралған. Бұл пікірімізді Мылтықбай Ерімбетовтің мына тұжырымы сөзсіз қуаттайды: «Ал уақыт «Сөйле!» деп тұрғанда халық жүгін, мұңын нәзік қабырғасы қайыса толғап-толғап қара сөзбен – мақалаларымен мерзімді баспасөзде жиі көтеріп жүрген

Ақұштап әлеуметтік бұйыртпа орындаушы қаламгерге мүлде ұқсамайды, қайта қазағы туралы жазбаса тұра алмайтын, жүрегін қаламымен жұбататын ақынға, азаматқа келіңкірейді».

Ақынның бүкіл публицистикалық шығармаларын шолып шыққан адам оның мақалаларының ең басты екі тірегін байқар еді: ол – ақынның туған ел мен жерге деген ыстық махаббаты және қоғамдағы, өмірдегі қайшылықтар мен әділетсіздіктерге, адам қолымен жасалған қиянаттарға қарсы күрескерлігі.

Ақын публицистикасының тақырып аясы өте кең, ауқымды. Оның бүкіл публицистикалық шығармалары ұлттық құндылықтар мен ұлттық мүдде, ұлттық мәселелерден тұрады. Ол ұлтқа арнаған шығармаларында ең бірінші ұлттық мәселені – қазақтың мәселелерін көтеріп келеді. Ақынның өзі осы жөнінде: «Иә, өзге тіл, өзге діннің ықпалы көбірек тиген Қазақ елі тек бабалар рухының мықтылығынан өз келбетін, өз салтын сақтап, бірін тапса, бірін жоғалтып отырғаны рас қой. Еліктегіш, сенгіш, аңғалдау да болатын қазақ ұрпағын, әсіресе, ұлт ұрпағына ана болатын қазақ қызының батысқа қатты еліктейтінді шығарды. Бұл – менің көкейімдегі өмір бойы басты мәселем, тақырыбым да», – дейді.



Ақұштап Бақтыгереева

Қоғам қайраткерінің көсемсөздерінің тақырыбы мен ондағы ұлттық мәселелерді негізінен үш топқа бөліп қарастыру қажет. Оның біріншісі – Отан, туған жер, ауыл, Ақжайық тақырыбы, екіншісі – ана, әйел, қазақ қыздарының ұлттық тәрбиесі жөніндегі, ал үшіншісі – ұлттық құндылықтар мен ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұрпақтар үндестігі, мәдениет, халықтық таным, қоғамдағы түрлі мәселелерді қаузаған мақалалары. Ол осы мақалаларында ұлттық мұрат жолында кетіп жатқан кемшіліктерге ерекше назар аударады. Сондықтан да оның мақалалары мен очерктерінде, ең алдымен, ұлттық идеология мен елдік мүдде мәселелері ерекше көрініс табады.

Қазақылықтың, ұлттық танымның негізгі бастауы, негізгі ошағы – туған жер, ауыл, Отаннан бастау алатыны ақиқат. Ұлт кіндігі байланған ауыл қазақ баласы үшін дүниенің бар қымбатын сыйғызған ұғым. Ауыл – қазақылығымыздың темірқазығы, ұлттық құндылықтарымыз бен руханиятымыздың өшпейтін ортасы. ХХІ ғасырдағы қазақ ауылдарының бет-бейнесі өзгеріп, ондағы қазақы тәрбиенің қазаны ортайып, ұлттық таным мәселесі алаңдатарлық күйде екенін «Атамекен алдында анттасайық, ағайын!» атты мақаласында жан-жақты талдаған публицист ауылды сақтау – қазақылықты сақтау деп біледі. Ауыл – ұлттық тәрбиеміздің өшпейтін ошағы екендігін алға тартқан автор ондағы тұрғындардың бет-бейнесін рет-ретімен суреттей отырып, ауыл өміріне байланысты көптеген мәселелерді бүкпесіз айтады: «Иә, ауыл шынымен тозды.

Бірақ, оның біразын жөндеуге болар. Алдағы үш жылда сәл де болса еңсе көтерілер. Үркіп кеткен, қалада қарабастың қамы деп

қаңғығандар ауылына оралар, қалған жастар қайраттанар. Өттең, дәл қазіргі несиені іс-ке асырып, бел сыбанып кетер сауаттылар аз ауылда. Егемендік алғанда 10 жастағы бала қазір 20 жасар жігіт болды, қолында не малы, не көлігі, не білімі жоқ... Тоздырып болып, енді еске алған ауыл алдымен ұлттық тәрбиеміздің ошағы еді-ау! Сол ошақты да бұзып алған сияқтымыз. Ол қашан қалпына келер екен?» – дейді ақын.

Публицистің: «Осыдан отыз жыл бұрын ауыл атасы, ауыл ағасы, ауыл қарттары, ауыл азаматы деген атаққа асқан ілтипатпен қараушы едік. Ауылдың сырт келбетінен ауыл ағасын, азаматтарын танушы едік. Ауыл баласы! Ол өзі алданса да өзгені алдамайтын ақкөңіл болатын. Ауыл бойжеткені инабат пен сызылған табиғи байсалды мінездің иесі еді. Қалада тұратын сәбилер жазғы демалыста ауылдағы ата-әжеге асығатын, даладан мейірім мен төрт түлік малды көріп, таза ауа мен адамдардың таза пейіліне сусындап, жанын, жүрегін тазартып қайтушы еді» деген жолдарынан «ауыл атасы», «ауыл ағасы», «ауыл қарттары», «ауыл азаматы», «ауыл баласы», «ауыл бойжеткені» деген секілді ұлттық таным мен ұғымдарға берілген сипаттамадан қазақ халқының тұтас бір ұлттық болмысын көруге болады.

Әсіресе: «Ауыл баласы! Ол өзі алданса да өзгені алдамайтын ақкөңіл болатын» деген сөйлемдерінен қазақ халқына, қазақ ауылының баласына ғана тән ұлттық ерекшелікті боямасыз жеткізе білген. «Ауыл ағасы» деген бір-ақ ауыз сөзге бүтін бір ауылдың болмысы мен бет-бейнесін сыйдырған сол ауыл тұрғындарының бұл күндері болмысынан ажырап бара жатқандығын да А. Бактыгереева ерекше тебіреніспен жеткізеді: «Енді ше? Енді олар ауыл қазағын мен-сінбейтін тасбауыр болды. Ауыл жігітін «мәмбеттер» деп атайтын қала қыздары қазір күйеусіз. Дала қызы қалалық жігітке қызығып, тастанды баланың санын көбейтуде. Ауыл жігітін ертеде «Асылдың тұяғы», «Марқасқа», «Азамат» деп ерекшелеп атайтын, қазір ол сөздер – архаизм. Ондайды ешкім естіп жүрген жоқ, түсінбейді де. Қала мен ауылға сауда жасап, ұн мен көмірді сәл қымбат сатып жүрген көрші жігітті ауылдағы ағайынымыздың мектепке бармайтын баласы «крутой» дегені бар. Адамға жақсылық жасау деген ұғым қазір саудамен араласқан түсінік сияқты. Ендеше қазіргі ауылда өсіп жатқан ұрпақ мейірім мен адамшылықты көре алмай отыр... Бұрын ауылда көргендінің баласы, ұяты бар ұл, анасы асыл қыз, мәдениетті жігіт деген сөздерді айтып отырушы еді, оны жастар еститін. Қазір ел ішін кәкүр-шүкір қаптап кеткендей сезінесің. Аға ұрпақ – зейнеткер. Қолында ақшасы жоқтың сөзі де арзандап тұр, ешкім тыңдап жатқан жоқ сияқты».

Қоғам қайраткері бүгінгі ауыл өміріне байланысты мәселелер қазіргі

таңда ұлттық деңгейге жетіп отырғандығын да жан-жақты жазып, нақты дәлелдермен жеткізеді. Ауылмен бірге біздің халқымызға тән ұлттық танымдарымыз бен ұлттық мінез, өзіндік ерекшеліктеріміз де жойылу үстінде екендігін айтып, дабыл қағады. Қарама-қайшылыққа толы риторикалық сұрақтар қоя отырып, ауылдардағы басты мәселелерді алға шығарады. Публицист мақаласындағы бұл мәселелерді бірнеше топтарға бөліп, жіктеуге болады. Біріншісі – ауылдардағы сауат ашу, оқу-білім, мәдениет жайы: «Он жылдай пә-туэсіз лицензия ал-ған оқу орындарына ақша төлеп оқы-ғандар шала сауатты. Өйткені, ақ-ша төлегесін емтихан-да құлатпайды, құламайтынын білген соң құнығып оқып бас ауыртпайды. Сауда жа-тсап ақша төлейді, баға қойғызып үйіне қай-тады. Ондай маман кімге абырой әпермек. Бұрын алыстан оқып келген студент қарияларды құрметтеп сәлем беріп шығатын дәстүр болатын. Қазір ел баласы оны да көрмейді екен. «Баталы құл арымас» деп отыратын баталы шалдар да зейнетақы-ның кезегінде жүр, қазір үйлеріне әкелмейді, банкомат немесе байланыс орнын күзетіп жүргені. Осыны көрген жас ұрпақ үлкен сыйлап жатқан шарадан бейхабар. Сондықтан Ауыл жылын алдымен тәрбиеден, мектептен, мәдениет-тен бастаған дұрыс болар еді. Әрине, мәшине мен трактор да керегі сөзсіз, ол санасыз-дың қолына тисе тез сы-нады және жекелеген адамдарға ғана пайда әкеледі. Олардың бірі – қожа, бірі – би, тағы бастары бірікпеуі мүмкін. «Бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесең істің бәрі – бос» деген Абайдың айт-қаны келеді.

Алдымен ауылдың басын біріктіріп құрап, мақ-саттарын айқындап бере-тін шара жүргізілсе. Ауыл әкімдері қара халықтың сөзін құлаққа аспай бара жатыр және бұл бір ай-мақтың «сырқаты» емес, талай жердегі құбылыс. Тіптен, зейнеткерлер баратын қамсыздандыру бөліміндегі жастардың өзі дауыстарын көтеріп сөй-ле-седі. Осының бәрінің арғы төркіні – мәдениетсіздік. Ата салттан тысқары кеткен тәрбие-нің «жемісі». Ауылда өскен ұл-қыздар аздау оқығанымен, ата дәстүрлі тәрбиеден талай тағылым алушы еді ғой».

Екіншісі – сол оқу мен білімге үйрететін ауыл мектебінің жайы, бұл мәселе де әлі күнге дейін күн тәртібінен түспей келе жатқан, басы ашық қалып отырған сұрақтардың маңыздысы екені жасырын емес. Бұл тұрғыда: «Ауыл жылында ауыл мектебін қалай дамытсақ екен деген ой да мазалайды. Талай жерді компьютерленді деп жария етеміз. Оның көбі қағаздағы есеп беру. Талай ауыл мектебінде ол бөлме құлып-таулы тұрса ше? Құлып астында есепке кіріп тұрған тексеру комиссиясы кезінде іске қосатын компьютерден телевизорға түсіруге арналған бөлмеден кімге не пайда келмек? Көбіне сабақ берер мұғалім жетпейді. Ауыл жылы алыс ауылға мектеп салып

береміз деп тағы шығынға батамыз ба? Одан да аудан орталығындағы немесе облыстағы интернаттарды күшейтсе қайтеді? Ауыл баласы үйінен алыста болса, өз бетінше күн көріске бейімделер, бір-біріне мейірімді болып араласып үйренер, ең бастысы уақыт талабына сай техника мен жаңа заманның жетістігін меңгеріп, дамып жетілер. Өз киімін өзі киіп, ұқып-ты, жинақы болуға, қаланың тазалық мәдениетін меңгеріп, жазғы ауылдың дәстүрімен салыстырып өсер. Біз ауылды ауданнан, ауданды облыстан, облысты өзінше бөлгеннен оқу-тәрбие жұмысын әлсіретіп алатын сияқтымыз. Иә, Алматыға баруға ақша жоқ, Астанада оқуға шама жоқ деп жоғары оқу орындарын бөлдік. Университеттердің саны көбейді, сапасы қалай? Не ұттық, неден ұтылды?» – дейді автор.

Үшіншісі – ұрпақ тәрбиелеу мәселесі. Өз өңірінен өзгені көрмеген ұрпақтың тәрбиесі осал болатындығын көтерген публицист бұл мәселенің де келешегіміз үшін өзекті екендігіне баса назар аударады: «Павлодарлық студент бұрын Оңтүстік-тің қызына үйленіп еліне салт-дәстүр апарушы еді. Атырау жігіті Баянауыл бойжеткеніне Дина күйлерін үйретер еді. Сырдың сұлу қызы сонау Абай елінде палау басар еді. Көкшедегі дастархан сал-ты Түркістанмен аралас жаңғырып, құда-лар келіп мәре-сәре болар еді. Өзі шағын республикада енді әр жер өз қазанында қайнай бастады. Өз руы, өз әулиесі, өз атасы жайлы кітап... Әскерге де өз облысында қалады. Өз өңірінен өзгені көрмеген ұлдың көзқарасы биіктемесі анық. «Үйдегі батыр жауға жоқ, үйдегі шешен дауға жоқ» деп халық неге айтқан. Ұсақталған ынжық ұл елге қалқан бола алар ма? «Атың барда жер таны желіп жүріп, асың барда ел таны беріп жүріп» деген ұлағат нені меңзейді? Иә, қалталылар шет елді танып жатыр, шүкір, шет тілін меңгерген ұрпақ өсіп жетілуде, бірақ ана тілі мен ата салт ұлт сақтауда, елдікті сақтауда орны бөлек нәрсе емес пе? Қазір бізде сол дала философия-сы, ғасырлап жина-ған бабалар дәстүрі, ұрпақ тәрбиелеу-дегі құнды пікірлер ұмыты-лып тұрғанға ұқсайды. Тәуелсіз Қазақ-станның ертеңіне лайық саналы, намысты, жаны бай, салтқа берік ұрпақты тәрбиелеу кейінге қалдыра тұруды көтермейтін мәселе. Мұның бәрі жақсара түссек, бола түссек, ешкімнен кем болмасақ деген игі арман, ақ тілек», деген А.Бақтыгереева ұрпақ тәрбиелеу мәселесіндегі ана тіліміздің рөлі жоғары екендігіне тоқталады.

Ұлттық мүдденің қайнар көзі – отбасы, ошақ басындағы, қалды, ұлттық құндылық, ерекшеліктерімізге негізделген тәрбиеде жатқандығы бұл күнде дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома екендігі шындық. Сол себептен де қоғам қайраткері ұлттық таным мен ұлттық тәрбие жоқ жерде еңбек еш екендігін айтудан жалықпайды. «Біз-ге не жетпейді? Ең бастысы, ұлттық тәр-бие, ар-намыс жайлы әңгіме,

тәртіп пен та-лап, ұлтжандылық сезімі жетіспейді. На-мысты ұрпақ пен азамат жетіспейді. О шеті мен бұл шетіне қыран қанаты талып жете-тін, тұлпар тұяғы мұқалып жететін кең дала-мыз бар! Оның тағдырын ойлайтын алаш-тың азаматы деген аты барлар жет-пей-ақ тұрғаны шындық. Жыртық қалта жұмыссыз жігітке ештеңенің керегі жоқ. Қымбат мейрамханада бір-бірімен сағаты мен жүзігінің бағасын бәсекелеп, тойынып жүрген тоғымызға да ештеңе керек емес. Кіндігі ашық сепелек қызға бәрі бір. Өкі-нішке қарай, бізде осындай қоғам бар. Ұлт тағдыры, ұлтшыл ұғым тәрбиеден шығып қалды. Ұлттар достығының жөні достыққа құрылуы керек, қандас, қарындас деген айтылмай қалды. Мектепте қазақы тәрбие-нің сағаты өтпейді. Немерелеріміз Алпа-мыс, Ер Тарғын, Қобыланды болып емес, монстр болып киінуді қалайды. Бұл тегіс қоғам көңіл бөлетін шаруа, бір-екі әженің қолынан келмейді. Қазір әжелердің өзі ертегі мен мақалсыз өскендер. Мексика сериалы тәрбиелеген кемпірлер емес пе? Бесіктен ана тілде әлди дауысын естімеген ұр-пақ ұлттық рух жайлы айтқанды ұқ-пай-ды. Мектеп оқулығының әр тақырыбы ту-ған жерді сүю, өз ана тілін сүюден бастал-ға-ны жөн-ақ. Қазаққа басқа ел сені би сай-ламайды, қай тілді меңгерсең де сен қазақ-сың деп үйрету қажет. Бейбарыс Мысырды билегенмен, жусан иісін аңсап, дала бары-сының мүсінін салып өлгенін айту керек сияқты. Олжас ақынға бәрібір ескерткішті қазақтар қоятыны шындық», – дейді публицист.

«Шетел шықтық. Еркіндік бізге өте көп мүмкіндік бергені рас. Не үйрендік? Тілін меңгердік. Сол елдің елдік намысына ой жүгіртпей-ақ келеміз. Олар өз тілінде сөй-лейді. Көшесіне қоқыс та тасталмайды ғой. Біздің жастар шетел асқалы өз туған даласының аталар қаны, аналардың ақ сүті екенін тез ұмытатыны таңдантады. Төр-кінін сағынатын қазақ қызының жүрегіне не болды? Ол төркін түгіл Отанын сағын-бай-тыны қалай? Шет тіл білген жігіт те ту-ған даласын сағынбайды. Жеке бас қамын ғана ойлайды. Отан жайлы тәрбие әлсіре-ген екен, ар-намыс сөзін естімеген ғой олар не мектептен, не үйден. Әскердегі ұлан-дар бірін бірі неге ұрды? Қандас емес пе олар? «Біз қандаспыз» дегенде Мауглиге тимейтін еді ғой аңдар. Қандас деген ұлт-тық сөз айтылмайды қазір. Жалпы, ар-намыс тәрбиесі жүрмейді қазір, айтылмайтын да сияқты. Әлде ол шетел тауары сияқты сатыла ма екен? Иә, сатылады екен. Ол қымбат көліктің түрі болып, түнгі мейрамханалар мен сонда айтылар мадақ сөз болып, жылы-мық күлкі мен алтын алқа болып сатылады екен. «Арымды сақтайын, адам қолымен ұстамағанымен құдай көрер» деген сезімнен аттап кеткендердің ісі бұл. «Құдайдан қорықпа-ғаннан қорқу керек» деген қазақ нақылын білмейтіннің, білсе де ұмытқан, не қазақша түй-сігі жоқ адамдардың әрекеті бұл.

Ана тілдің тәрбиелік қасиеті мен күдіретін білмеген, өнер мен ән-күйден сезігі жоқ жануарға ұқсас адам обал-сауапты білмейді, Құдайдан қорықпайды. Ақша берсең, бар бұйрықты орындайтын – мәңгірт. Оны да өсіріп отырған өз ортамыз, аспаннан түскен жоқ. Қоғамдағы тәртіптің бұзылуына басты себепті де сондайлар», – деп ашынатын ақын жүрегі әр адамның өмірінде ауылы мен туған жері, Отаны бірінші орында тұру керек деген тұжырымды айтады. Ал, олай болуы үшін ең алдымен тәрбие керек. «Тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі» деп данышпан Аристотельдің өзі айтқан емес пе?

Ұлттық мұратпен ұштаспаған тәрбие жоқ жерде заңсыздық та қатар жүреді. Заңдылық болмаған жерді жемқорлық жаулайды. Ал, жемқорлық сатқындыққа ұласады. Осылай жалғасып кете береді. Сондықтан да Бақтыгерееваның бәрінің басында, қайнар көзінде, бастау бұлағында тәрбие жатуы керек деуі тегіннен тегін емес. Ұлттық тәрбие мен тағылым ата-баба ұлағатымен, өнерімен, салт-дәстүрімізбен сіңетінін айтады ақын.

Ақ Жайық – Ақұштап Бақтыгерееваның мәңгілік тақырыбы. Оның поэзиясы мен публицистикасынан Ақ Жайық тақырыбы ойып тұрып орын алған. Әрине, Жайықты Ақұштап ақынға дейін де өлеңіне арқау етіп, мақаласына тақырып еткендер бар. Халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттегі өшпейтін осынау Еділ мен Жайық тақырыбы Мұрат ақыннан, Махамбеттен бастау алатыны әдебиет-сүйер қауымға жақсы белгілі. Мұрат ақын: «Жайықты келіп алғаны, Жағаға қолды салғаны, Еділді келіп алғаны, Етекке қолды салғаны», – деп толғаса, Махамбет: «Жайық үшін жандастық, Еділ үшін егестік. Қиғаш үшін қырылдық», – деп атойлатады. Осылайша әр де асқақ рухты алға тарта отырып, қайратына мінеді. Қалғып кеткен намысты дүр сілкіндіреді.

Қазақта Жайықты жырға қоспаған суреткер сирек. Бірақ бүгінгі қазақ әдебиетінде Жайық тақырыбын тиіп-қашып емес, тұтастай өзінің шығармашылық жолының басты өзегі, тұтқасы, негізгі нысанасы етіп алғандар онша көп те емес. Солардың көш басында, әрине, Ақұштап Бақтыгереева тұрады. Ақын Ақжайықты өзінің анасына теңейді. Ақ шағала ақын осы анасы іспеттес Ақжайығын аман сақтап қалудың сан тарау жолдарын іздеп, шарқ ұрады. Қанатын Жайықтың кеберсіп, құрғап бара жатқан жағасына аяусыз соғып, араша сұрайды. Арнасы жылдан-жылға тартылып бара жатқан Жайықтың жағалауында тұрған Жайық қызы қолына қалам алып, көл-көсір мақалалар жазады. Жәй ғана жазып қоймайды, оқыған адамның намысын оятып, атамекен, туған жер, Отан алдында келешек үшін анттасуға дейін шақырады.

Әйел-ана тақырыбы – публицист мақалаларының негізгі бағыттары-

ның бірі. Қаламгер шығармаларындағы «Ана болу – әдебиеттің мәңгі тақырыбы» немесе «Ел басқарам, ұлтыма қызмет етем деп ұмтылатын ұл тумасақ, ұлтымыздың өлгені» деп келетін тіркестер ұлтын шын сүйген тұлғаның мазмұнды ойларға толы маржан сөздерінің қатарын толықтырып қана қоймай, автордың болмысын да айқындай тұрғандай.

Бүгінгі қыз бала – ертеңгі ана екендігі даусыз. Олай болса, он шақты жылдардан кейін ол қандай ана атанбақ? Өз анасынан қандай тәлім-тәрбие алды, анасының қандай өсиеттерін өміріне өзек ете білді? Жоғары сынып оқушылары немесе жоғары оқу орнындағы студенттер-қыздар болашақта өздеріне ана ретінде, әйел ретінде қандай жауапкершілік артылатынын осы бастан түсіне ме? Тастандылар тағдыры қалай болмақ? Бұл сұрақтар да – қоғам қайраткерін толғантқан, күрмеуі көп, сан салалы сауалдар. Әсіресе, ана мен бала тағдыры оның жүрегін тілімдеп, қабырғасын қайыстырады. Себебі, қазақ әйелі – өзінің дүниеге әкелген баласының ғана емес, бүтін бір ұлттың анасы. Ол өз баласын тәрбиелей отырып, бүтін бір ұлтты тәрбиелейтінін естен шығармаған жөн.

Сондықтан да қоғам қайраткерінің «Жалғызбастылық – ұлттық тәрбиенің аздығы» атты мақаласындағы: «Қазақстанда 400 мыңнан аса ана балаларын жалғыз тәрбиелеп отыр» деген ақпаратты оқыдым. Бұған заманның өзгеруі, әйелдердің еңбекке араласуы, жанұяны сақтау үшін барлық жүкті мойынға алуы – басты себеп пе деп ойлаймын. Бұл – 90 жылдардағы қиын-дықтың жемісі... Жалғыз әйел трагедиясы – баланың анаға, ананың балаға құрметінің жоғалуына әкеліп отыр. Біздің бойжеткен қыздарға қоғам тәрбиелеу шараларын ұйымдастырмаса, болмайды. Жалғыз-басты әйел мен жалғызбасты әкенің көбеюінің тағы бір себебі – ұлттық тәрбиенің аздығы. Ұлттық тәрбие әлсіреп кетті. Қазақ қызының ұлттық тәрбиесі мектептен бастау алуы қажет. Отанды сүюдің, ошақты сақтаудың, ана болудың жауапкершілігін көп айтпасақ, мектеп кезінде қыздардың құлағына құймасақ, ертең өзіміз ұтыламыз. Мұндай ұлттық тәрбиені насихаттайтын сабақтар біздің мектептерде мүлдем жоқ», – деген пікірінен-ақ қазақ қызының мойнындағы ауыр жүк пен міндетті сезінуге болады.

Соңғы кездері қоғамда «Ана» сөзінің мағынасы жақсы жаңалықтардан гөрі, жаман оқиғалардың басты тақырыбына айналып отырғаны жасырын емес. Бұрын «Ана» сөзінен қасиетті, қастерлі ұғым болмайтын. Қазір ше? Қазір – «баласын тастаған ана», «маскүнем ана», «қылмыскер ана», «баласын өлтірген аналар» күн өткен сайын көбейіп барады. Отбасындағы бесік тербететін ананы былай қойғанда, ең алдымен, Әйел – Ұлттың анасы емес пе еді? Ал Ұлттың анасы адасса – сол ұлттың халі не болмақ?

Қоғам қайраткері әйел-аналардың, қыздардың тәрбиесінің бұзылуына тек олардың өзі кінәлі деп бір жақты пікір қалыптастырмай, олардың қоғамдағы орнының құлдырауына себеп болып отырған мәселелерді де сараптайды. «Ұлттық тәрбиенің шырқап тұрған жері Атыраудан бір жылда 70 қыз шетке тұрмысқа шықты, Талдықорғанда бір жылда жүздің үстіндегі бойжеткен қытайға күйеуге тиіп кетсе, бұл біздің ұлтқа сын, ұлдарға мін емес пе?» – дейтін ақын «Әйелдің халі оңалмай, қоғам көркеймейді» атты мақаласында әйелдердің басындағы жағдайлардың түп-төркініне көз жүгіртеді: «Қазақтың қара көз қызының тағдырын ойлар есті азаматтар не дер екен? Ел билеген ерлер, байлыққа кенелген жігіттер тек өз әйелінің қамын ғана ойласа, бір босағадан аса алмаса, ұлт тағдырына араласпаса, азаматпын дей ала ма? Жезөкше деп жазғырамыз әйелді, оған итермелейтін кімдер? Баласын тастады дейміз, оның әкесі қайда? Неге тек әйелді ғана кінәлаймыз? Олар кімге сүйенер, оларды кім қорғар? Олар да өз қанымыз, өз қарындасымыз, өз тұқымымыз емес пе? Біз қоғамбыз ғой, біз елміз ғой. Мен бақыттымын деп шалқып отырған әйелдің ұлы көршісінің қызын жылатып, баласын қаңғытса, ол қандай адамгершілік болмақ. Осы біз қандасқа жаны ашитын бауырмалдық сезім мен ұлттық рухты әлсіретіп алған жоқпыз ба? Қазақ жігіті қазақ баласын ұрып өлтірді дегенге жүрек түршігеді. Базар жағалап кеткен әйелдер ұл-қыз тәрбиесінен көз жазып бара жатыр. Ұрпақ тәрбиесіне әйелдер оралуы керек-ақ. Біздің әжелер «Ақымақ болсаң да, ақшаң болсын» деп тербете ме бесігін деп қорқасың. Еліміздің ертеңі үшін, егемендікті мәңгі нық ұстау үшін ұрпақ керек бізге. Ендеше, әйелдің бала тәрбиесімен алаңсыз айналысуына неге мүмкіндік жасамаймыз?».

«Ақұштап Бақтыгереева әйелдерді емес, әйелдікті жырлайды, әйелдерді емес, әйелдікті қорғайды. Сол үшін де әйелді әйел етіп тұрған нәзіктікті дәріптейді. Тек нәзік жүректер ғана ел мен жердің, заман мен адамның қадір қасиетін терең түсінеді. Біздің заманымызда адами жарастық пен үй ішілік бақыттан асқан әлеуметтік мәселе жоқ. Ендеше, Ақұштап Бақтыгереева – ең қажетті, ең қиын майданда шайқас салып жүрген ержүрек суреткер», деп Әбіш Кекілбаев бағалағанындай, публицист өзін толғантқан, көңіліне қаяу, жүрегіне жара салған ұлттық мәселелер туралы айтып, жазып қана қоймайды, сол жолда тер төгіп, қайраткерлік танытып келеді.

Тіл мәселесі де – Ақұштап Бақтыгерееваның публицистикасындағы басты тақырыптардың бірі. «Қазақ – тілімен дауын шешкен, осы тілінде ұрандап жауын жеңген, сан ғасырлар ұрпағын ана тілінде тәрбиелеп келе жатқан халық», – дейді қоғам қайраткері бұл тақырып төңірегінде «Ұлттық тіл – ұлттық тәрбие көзі» атты мақаласында, –

«Біздің бүгінгі қоғамымызда кейбір келеңсіз жағдайларды туғызып отырғандар – ананың тілінен нәр алмағандар. Шындығында, өз тілінді ұмыту өз тегінді ұмытуымен пара-пар. Біздің кеше де, бүгін де «тіл, тіл» деп жалықпай айтып жүргеніміздің тегін еместігін түсінетін уақыт жетті, тіпті, асып та кетті. Тілімізді құрметтеу арқылы біз бәріне жетер едік. Егер біздің барлығымыз өз ана тілімізді жақсы білсек, барлық нәрседен тек ұтар едік. Сөз түсінбегенді «көргенсіз» дейміз, «мынау сөз ұқпайды» екен дейміз. Міне, сол көргенсіздіктің бәрі өз тілін білмегеннен кетіп жатыр. Мен, әрине, өзге тілде сөйлегеннің бәрін көргенсіз демеймін, бірақ қоғамда кетіп жатқан көп қателіктің басты себебі – өз тамыры мен тілін білмеуден болып тұр. Тіл болмаған жерде ұлттың тәрбиенің айқсайтыны анық. Содан да қызымыз баласын далаға тастап, керемет соқталдай жігіттеріміз үй болып, өз ұясына қорған бола алмай жүр. Қазір біздің елімізде Мақаш Тәтімнің санағы бойынша 350 000 отырып қалған қыз бар. 150 000 өз отбасын құрмай жүрген білімді жігіт бар. Біздің бірнеше тіл білетін, сауатты қыздарымыз неге ана бола алмайды? «Ауруын жасырған өледі» деген сөз бекер айтылмаған. Сол қыздарымызға: «Айналайын, ана жолын қуып, ана бол, өз ана тілінде әніңді айтып, бесігіңді тербет» деп отырған кім бар? Біз қазір бәлен тіл білеміз деп мақтанамыз. Тіл үйренуде қазақ алдына жан салмайды. Қазір қазақтың орысша сөйлегеніне орыстың өзі таң қалады, тіпті кей орыс ұлтының өзі олай сөйлей алмайтын шығар. Осындайда кенже қызымның кішкентайында: – «Мама, сіз жоқта біздің үйге өзі қазақ, аузы орыс апа келіп кетті» деген сөздері есіме түседі. Әлі күнге дейін көшеге шықсам өзі қазақ, аузы орыстармен сөйлесіп үйге қайтамын. Қазаққа қазақша ауыз қашан бұйырап екен?».

Баба мен бала арасындағы үндестік туралы «Елдің елдігі – ерлігі» атты келесі мақаласында: «Ағылшын жазушысы Киплингтің «Маугли» аты шығармасында ну орманның жыртқыштары сәби кезден өздері өсірген екі аяқты адам баласын «бәріміздің қанымыз бір» деп өздеріне бауыр санап кететіні қандай көп тәлім түйгізеді. Біз болсақ егемен ел атандық деп кеуде соға отырып, әрқайсымыз әр жаққа тартып, әлі күн қандасымызға қайырым жасай алмай келе жатырмыз. Бауырластықты ұран ететін кез жетсе де, ауылдастың алауыз әңгімесіне әуестене береміз. Осы бір аурудан емделмесек, елдікті сақтауымыз қиынға түспес пе екен?» деп елдігімізді сақтау үшін де ерлік керек екендігін жазады. «Өз туын желбіреткен, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болған ел болу, әрине, үлкен табыс, шексіз мақтаныш. Осы бақыттың парқын білмей ел тағдырын ойлауды ермекке айналдырып алғандарға қайтып күйінбейсің? Ау, ол заманда бұл заман есі бар жігіт: «ел тағдырын ойлап жүрмін» деген сөзді тісінен шығарып көрген бе? Ісімен танытқан ғой», – дейді ақын. Осы

мақаласында: «Кейбір балабақшаның терезесі айқара ашық тұрады, ар жағынан сәбилер шуылдап жатады. Ішке кіріп, тәрбиеші қыздарға: «Мынау бөтен бала емес, еліңнің ертеңгі болашағын, егемен қазақ даласының ұрпағын, оны ауыртпай бағу да сенің елдікке қосқан саналы борышың емес пе?» – деп айқайлағың келеді. Кейде кешкі ресторан жанынан өтіп бара жатып, мас қазақ қызын көрсең, оны әлгіндей халге жеткізгендерге: – Әй, жігіттер, бұл сенің қандасың ғой, қарындасың ғой, өзіндей жігіттің ертеңгі жары мен ертеңгі Отаным деп қолың жеткен далаңның сендей жігітінің анасы ғой. Оған неге арақ бердің, неге мазақтайсың, қорғасайшы, – деп жан айқайын салғың келеді. Оған бірақ түсінетін кім бар? Сонда Киплингтің «Мауглиіндегі» қасқырлар да қандасына тимейтіні, аңның арасында өскен адамда да махаббат сезімі болатыны есіңе түседі. Қандасына деген құрметті тым болмаса солардан үйренейікші... Бір-бірімізді бауыр деп тануға үйрене алсақ қана ел боламыз. Даңғойлық ел қылмайды. Дарақылық ел қылмайды. Әдеп жоқ жерде, абырой-әжет жоқ жерде ел олушы ма еді?!» – деп ел болуға үндейді.

«Ақ Жайықтың ақ шағаласы» атанған ақын Ақұштап Бақтыгереева табиғаттың нәзік жыршысындай болып көрінгенмен, оның өлеңдері мен мақалаларының арғы астарынан батырлық пен ерлік рухы өріліп жатады. Алапат ұрыста Әлия мен Мәншүктей әйгілі батыр қыздарды тудырған ардақты өлке өзі өсіріп түлеткен ақын қызынан да ол мінезін аямапты. Айырмашылығы: оларда – қару, ал біздің Ақұштап апамызда – қалам. Ақұштап ақын өзінің қаламымен-ақ заманның небір зұлмат, зобалаң, зымиян сұмдықтарымен соғысып, арпалысып келеді. Олай болса, ұлттық мүддеге келгенде Ақұштап Бақтыгерееваның есімі кей замандастарынан биік тұратындығы да сондықтан.

«Жұлдыз» журналы,
22.06.2021

Мақсат ТӘЖ-МҰРАТ

ТАЛАНТ ТАБИҒАТЫ (эссе)

«Жалындағы» жасын жылдар

I



Бұл өзі осыдан 35 келі (жыл) бұрын басымыздан өткен оқиға-тын: бұлдыр да бұлдыр 1988 жылы «Социалистік Қазақстаннан» колбиндік «Горизонт-Өркенге» келіп, онда екі ай істеп, басред Столяровпен келісе алмай, ақыры «Жалын» журналына ауысқанмын. Содан екі-үш жыл бұрын «Жалынды» альманахтан әдеби-көркем және публицистикалық журналға айналдырған басред Мұханның (Мұхтар Шахановтың) қарамағындағы қызметкерлер былайша жүйеленген екен: Мереке Құлкенов – басредтің орынбасары, Тынышбай

Рахимов марқұм – поэзия бөлімінің, Серік Асылбеков – проза бөлімінің және Жұмабай Шаштайұлы – публицистика бөлімінің меңгерушілері. Әдеби журналда – әдеби ортада, сөз өнерінің мэтрлерінің арасында жұмыс істеуім бірінші, солай болғандықтан да, яһудилер айтпақшы, бұларды «жартылай ғана танимын», яғни мен оларды танимын, олар мені танымайды.

Әсіресе проза жағын қарайтын жазушы Серік Асылбековті «жартылай» жыға танимын. Содан бірер жыл бұрын «Жұлдыздан» «Құлтай» дейтін ұзақ әңгімесін оқып, құлап қала жаздағанмын: я қала емес, я ауыл емес, шөре-шөре «пгт»-да даланың нәрі жетіспей өскен, одан соң «Өрісбайдың өрісі кең», «Баспақбай шыққан баспалдақтар» деп келетін көзқарықтырма суреттемелермен әуейіленіп қалған жазған басымды «Құлтай» қаймағы бұзылмаған ауыл тірлігіне

үйрекше жүздіріп жіберген. Тіпті алғашқы жолдарына шейін жадымда жатталып қалыпты. Иә, міне:

«Құлтай қыр төсіне қыземшектеңіп шаншыла біткен биік боз төбенің басында шынтақтап жатыр. Ауық-ауық мойнын созып, төмендегі кең жазыққа бытырадай шашылып кеткен отардың о шеті мен бұ шетіне байырқалай көз салып қояды. Бұл мезетте отардың алды көз ұшында нар түйедей көлбеген Қоспақтөбенің қырқасына барып ілінген.

Манағыдай емес, ауыздары көп шиын бола қоймаған таза жердің күреңселі мол отына тигеннен кейін жөңкуін саябырсытып, қадалып қалыпты. Арқасын кеңге салып бытырап кеткенімен, пырдай боп қозғалмастан жатыр».



Ай, майын шығара жазған екен, неде болса. Неткен идиллия! Бірінші сөйлемде Құлтай жатыр төбеде көлбеп, соңғы сөйлемде қойлар жатыр қырқада жусап – шіркін, осылай суреттесем ғой мен де! Мизам ұшқан саршатамыздың қапырығында кәбинетімнің есігін шалқасынан ашып тастап, қиялымды әлде Жанкент, әлде Қазалы жаққа өрлетіп отырғанымда, ішке әлгі жолдардың авторының дәл өзі кіріп келмесі бар ма.

Ол уақытта Секең әлі университет кафедрасында тұрып лекция оқымайтын, содан болуы керек, сөзді тұжырып қайырды: бұған дейін журналға қалалық қазақтардың үй проблемасын көтеретін бір журналистік зерттеу жоспарланған екен, – өзінің тақырыбы да дайын: «Пропискадан» пәтерге дейін», бірақ, әттегене, маған дейін тапсырған адамдар үдесінен шыға алмай, кетіп қалған, соны енді кәсіби журналист ретінде мен бірдеңе қылуым керек (тек «Прописка» деген сөзді тырнақшаға алып жазасың!).

Гап йук, Секе! Худо қоқласа.

Деуін дедім-ау, бірақ көкіректе күлкіл тұр. Ап-май, маған тапсырманы очерк-публицистика бөлімі емес, проза бөлімі беретіні несі? Бұл – бір. Екіншіден, бұ жердегілер субординация дегенді біле ма екен өзі – бөлім меңгерушісінің дырдай жауапты секретарьға, редакциядағы үшінші бастыққа яки маған тапсырма беруге құқысы бар ма, әуелім?!

Бұл сөздерді мен ішімнен айттым. Себебі, кішкене қой көздері кісіге жылыұшырап қарайтын, қазіргі тілмен айтқанда тым-тым позитивті көрінетін ағамыздың бойын жасырған бәйге атындай қарапайым бітіміне, «темір Майкке» келіңкірейтін серіппедей нығыз денесіне, сол мығымдығына лайық жүндес сом білектеріне қарап, аңдаусызда хук пен кросс арасындағы оверхэнд алып қалудан қауіп иледім білем. Әйтеуір, түбі хайыр – әйгілі «Жетім бұрышты» жағалап, жез тұтқалы ауыр есіктерді ашып жүріп жазған «Пропискадан» пәтерге дейін» проблемалық мақалам оқырмандар арасында кең жаңғырық туғызып, журналға бедел әперді, ал авторын Төлеген Айбергенов атындағы халықаралық (!) сыйлықтың лауреаты атандырды. Осының өзі аз олжа емес еді.

Кейін білдім, Секеңнің бөтеннің бақшасына еркіндей беруінде, сарт айтпақшы, бір «гәп» бар екен. Ағамыз Алматыға содан оншақты жыл бұрын сақайыңқырап және үйлі-баранды шағында қоныс аударыпты. Тиісінше, сол кездегі ауылдан келген бүткіл қазекең – үйсіз үй иелері сияқты пәтердің зарын бір кісідей тартқан. Бұрын өзі қызмет істеген «Жалын» баспасындағы пәтер кезегінде бесінші болып тұрған ол жаңадан құрылған «Жалын» журналына баспана одан да тезірек берілуі мүмкін болғандықтан Мұхтар ағамыздың (Шаханов) сөзіне сеніп ауысқан. Көңілі ағарғыр Мұхаң ол сөзінде тұрған – екі жыл аралатып, яғни дәл мен келер қарсаңда кезектегі бірінші Секеңе пәтер кілті табыс етіліп, ағамыз зор қуаныш үстінде жүр екен. Және қай жерден дейсіз ғой – жұрттың қолы жете бермейтін әл-Фараби даңғылынан сәл төмен Игрек зонадан, «Алмагүл» шағынауданының дәл өзінен! Жазушылар Одағының мүшесіне тиесілі шығармашылық норма – жеке жұмыс кәбинетін қосқанда, төрт бөлмелі секция! Бұнда сол кездегі пәтер бөлетін құдіретті де құзіретті мекеменің – квартбюроның басшысы Мұрат Раев дейтін азаматтың еселі еңбегі бар екендігін айтпай кетсек әділетсіздік болар еді. Әзілхан Нұршайықов пәтерін кеңейтпекші боп Раевтан бұрынғы бастықтың алдына барса, әлгі «былғары бас» чиновник үстел құшақтап жатып: «Писательге қалада пәтер не керек – писатель Шолохов сияқты деревняда тұру керек қой», – дейтін көрінеді. Ал Секеңді қабылдаған Мұрат ағамыз өзіне жазушының келгенін біліп және оның сонау «Айнабұлақтан» бөлінгелі тұрған пәтерден анау 6-шағынаудандағы № 86-шы мектепке (сол кездегі қаладағы екі қазақ мектебінің бірі)

балаларын сүйрелеудің машақатын айтқан әңгімесін түсіністікпен қабылдап, әлгі мектепке аса алыс емес және ауасы таза «Алмагүлден» бергізген екен пәтерді. Секең Мағытай жеңгей екеуі сол құттыхана-мешітінде әлі күнге тұрып келе жатыр және сол жерден қыздарын қияға ұшырып, ұлдарын аяқтандырды. Африн Мұрат ағамыздың қолына! Бар ма қазірде бізде, көп пе бізде кітап оқитын, жазушының басын ардақтайтын сондай шенеунік?!.

Кейін бұл тауарихты Секеңнің өз аузынан ести отырып, әгәрәки мен сол жолы Секеңнің орнында болсам, бастықтың алдына әлгіндей мәселемен кірер ме едім, әлде... «басқа салды, біз көндік» деп, баламды сол «Айнабұлақтағы» орыс мектебіне ауыстыра салар ма едім, қайтер едім деп ойландым. Сірә, ит өлген жерге тасып, әуреге түскенше ауыстыра салуым әбден мүмкін еді. Бірақ, мен қиынсынғанмен, Секең әсте ондайға бармас еді деп ойлаймын – тістей қатып, баланы 6-шы «микрге» Айнабұлақ тұрмақ, 70-ші разъезден де тасыр еді. Неге десеңіз, біздің Секең ұлтшыл, соның ішінде радикалдау ұлтшыл болатын.

Я, я, «ұлтжанды еді» деп жақауратпай-ақ, дәл осылай атымен-затымен жазу жөн.

1980-шы жылдардың аяқ шенінде, 86-ның уақиғасы елді шапалақпен тартып қалып оятып жібергеннің соңында «Жалын» журналы «Қазақ әдебиеті» газетімен бірге ұлттың арын арлайтын, жоғын жоқтайтын қабырғалы басылымға айналды. Мұхаң (Шаханов) қайта құруды арқаланып құрып жіберген Арал теңізін құтқару жөніндегі жалпыхалықтық қозғалыстың штабы журнал редакциясында орналасқан болатын. Оның Көкбазардың жанындағы ғимаратының есігі бейне бір 1917-ші жылғы Смольный сияқты топсасынан еңкеймейтін – Қаршыға дейтін экономист, Түйебаев дейтін эколог бастаған ұлтшыл-патриоттар тобы апы кіріп, күпі шығып жатады. Күніге ондаған қызу талқылаулар... албырт жиналыстар... қалам ұшынан көк түйнектей домалаған неше түрлі бағдарламалар мен тұжырымдамалар... (сол күндері ғой марқұм Рақаң – Рақымжан Отарбаев «Қаршығасы қолында, / Түйебайы астында, / Мұхаң кетіп барады, / Коммунизм жолында» деп келетін әйгілі тарихи жырын шығаратыны).

Ал енді бар ма, бұлар Айдың көрінеу беті, бергі жағы сияқты, ал оның таса, көмес бетінде Серік Асылбеков дейтін бір генератор тұрғанын қызметтестері – біздер ғана білетінбіз. Ол күндері журналда ғана емес, жалпы ел көлеміндегі санаулы ұлттық стратегтердің біріне айналған Секеңді Мұхаңның жанындағы «царедворец», құпия кеңесші яки «сұр кардинал» десек дәлірек болар еді – көзімізбен көрдік қой, бүгінде біз қалыпты нәрседей қабылдай беретін Наурызды тойлау, қостілділік, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру,

ұлттық жұмысшы табын қалыптастыру, т.б. мәселелер сол күндері Мұханның аузымен айтылып, Мұханның қолымен шешімін тауып жатқанымен, алдымен мемлекет мүддесі, ұлт қамына келгенде қашанда оқтаулы мылтықтай Секеннің миқазанында жүйеленіп, қаламымен қорытылып, сонан кейін барып жарыққа шығарылатын. Басы толған албырт идея, әлгі тақырыптар бойынша жазылғанның бәрін тауып, зерделеп отыратын ағамыз колбиндік «Қос тіл – қос қанатың» тезисі қазақ тіліне шығарылған үкім екендігін, арбаға бірі жүйрік, бірі шабан екі атты қатар жегіп шабанын мерткіретін қатерлі іс екендігін жасқанбай айтып, ғылыми негіздегендердің алғашқыларының бірі деуге аузым барады (осы сөздің шындығын кейінгі үштілділік концепциясы да дәлелдеп, қазақ тілі қазіргі күйінде озық орыс және ағылшын тілдеріне әлемдік жарыста төтеп бере алмайтынын көрсетіп берді ғой). Бұдан шығатын жол – мемлекет құраушы халықтың тілінің мәртебесін жаңағы әлемдік тілдерден заңдық негізде артық ету, яғни оған мемлекеттік мәртебе беру. Құдайшылығын айтайық, алғашында Мұхаң Секеннің бұл идеясын қолдағанымен, оған практикалық телу (аналог) іздеп тосылғаны бар. Әлемдік тәжірибеде мұндай болған ба, бар ма өзі дейді ғой. Тауып берді ондай жұғымды дәлел-дәйекті біздің тасшайнар Секен: сол тұста Грузияда грузин тілі мемлекеттік мәртебе алып тұрғанын, совет кезінде-ақ ел Конституциясында солай деп көрсетілгенін құжатымен ұсынды. Әлгі қағаздар қолға тигенде тастүлектей түлеп сала берген Мұхаң дереу өзінің белгілі динамикалық «қозғалтқышын» іске қосты. Нәтижесі белгілі – қазақ тілі мемлекеттік статус алды. Біз мұны ұмытпауымыз керек.

Секеннің маған тапсырма беруінде осындай гәп бар – яғни басред оны осы қабілет-қарымын ескеріп, ұлтшылдық идеялар бойынша қызметкерлерге тапсырма беру құқығына ие етсе керек.

Секен халықшыл, ұлтшыл идеяларын ауызбен тұжырымдап, керекті жерге жеткізіп қана қоймай, сол тұста осындай тақырыптарға өзі де өндірте жазды (солардың көпшілігі кейін «Қазақ мәдениеті – қазақ мемлекеттілігінің жүрегі» атты публицистикалық мақалалар жинағына енді). Кәдуілгі қара мақала, интервьюлерді былай қойғанда, кейбір прозалық шығармаларын да ұлт мәселелеріне бейімдеді. Соның бірі – журналда жарияланған «Кішкентай ғана қуаныш» дейтін әңгімесі (кейін «Бақыт» дейтін атпен шықты), ондағы бас кейіпкердің бүткіл өмірі ұлтқа қызмет ету жолында қолы жеткен кішкене-кішкене жетістіктерден құралатыны есімде қалыпты. Айтпақшы, ұмытып барады екем, Секен бұл іске әдетте «самарқау ұлтшылдар» қатарында жүретін мені де біраз жекті.

Әңгіме былай. Сол 1988 жылы Алматыда метро құрылысы басталатын болды. Әлі де Мәскеу курантымен жатып-тұратын бізді-

кілер маман инженер, құрылысшы іздеп, Мәскеу, Новосібір сияқты қалаларға шыға бастады. Әлбетте, бұған ұлт стратегі Секең және оның идеяластары шыдап тұра алмады: тау-кен өндірісі дамыған, небір «проходшылар» тәрбиелеп шығарған, Шмидт Айталиев сияқты осы саланың академигін берген қазақ өз метросын өзі сала алады деген ой қарама-қарсы қойылды. Енді осы идеяны мысалмен дәлелдеу керек болды да, Секең Мұхаңа мені «қаламының желі бар» деп, Тәшкен метросын зерттеп келуге жіберу жөнінде ұсыныс тастады. Жалпы Мұхаң жаңалықты тосырқамай қабылдайтын креатив редактор болатын, дереу құптап, қолма-қол Арал мәселесіндегі өзбекстандық досы профессор Пірмұхамедовке звондап, маған көмек мәселесін де шешіп тастады. Ертеңіне Тәшкенге ұшқан мені профессор өзі қарсы алып, Сүлеймен Ибрагимов дейтін аспирантының үйіне орналастырды, сонда үш-төрт күн жатып, Тәшкен метросын ала топылы ағайындар негізінен өз күштерімен салып шыққандығын, соның арқасында осы сала бойынша талай маман сайлап алғандарын зерттеп білдім. Бүгінде аты есімде жоқ әлгі сапардан жазылған мақалам бұл жолы да халық қолдауына ие болып, көптің дүмпуімен һәм іс басындағылар Мұхаңнан ығысатындықтан (ол КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болатын) енді метроны сырттан адам шақырмай, өз күшімізбен салатын болып шешілді.

Бұл күнде «ғасыр құрылысына» айналған метромыздың тарихында «жалындықтың» осындай еселі еңбегі бар. Мен мұның барлығын өзімді көрсету мақсатында емес, жадымыздың жаңылшақ болмауы үшін және



тақырып ыңғайында, яғни Мұхаңның ұлт трибуны ретіндегі көрінеу, Секеңнің ұлт стратегі ретіндегі көместегі қызметін атап өту үшін жазып отырмын. Бір-бірінің ғана емес, үлкен мен кішінің де бағасына жеткен қайран ағалар-ай!

II

«Салғырт ұлтшыл» мені сол күндері бір сұрақ ылғи да мазалап жүретін: осы біздің Секең елден алабөтен неге ұлтшыл, әлбетте, біреу бас десе, құлақ деп қияңқыланып тұратын ойық құлақ ұлтшыл емес, сонда да неліктен өз халқын осыншама өбектеп, өліп-өшіп сүйеді? деген.

Жалпы, нағыз майталман жазушы, суреткер болу үшін сол кісінің табиғи жаратылысында төмендегідей үш қасиет болуы керек деп ойлаймын. Олар, біріншіден, Жаратушы о баста бойына дарытқан туабитті талант, екіншіден, ұзақ оқу-тоқумен келетін кемел интеллект, сонан соң мазмұнды өмірбаян. Меніңше, жазушы – драматург – ғылым докторы Серік Асылбекұлының бойында осылардың үшеуі де бар.

Бір кем дүние деген емес пе, көптеген қаламгерлеріміздің бойларында осылардың бірі жетсе, бірі кемшін түсіп жатады. Олардың кейбірінде жеткілікті ілім-білім мен мазмұнға бай өмірбаян болғанымен, табиғи жаратылысында Құдай берген суреткерлік қабілет жоқ болып шықса, екінші біреулерінде интеллект пен суреткерлік болғанымен, өмірлік тәжірибе жетпей жатады. Осыған байланысты жазушыларды шартты түрде мынадай екі топқа бөлуге болады: көркем әдебиетке әдебиеттен келгендер, әдебиетке өмірден келгендер.

Қазіргі қазақ прозашылары мен драматургтарының көпшілігі маған осылардың алғашқы тобына, яғни әдебиетке әдебиеттен келгендердің қатарына жататын секілді көрінеді. Олардың өмір жолының ұзынырғасы шамамен мынадай болып келеді: ауылдық мектеп, онан соң екі астанамыздағы, немесе облыс орталықтарындағы университеттердің филология яки журналистика факультетіндегі аудиториялар мен жатақханалар, сосын газет-журналдар мен баспалардың, радио мен телевидениенің редакциялары орналасқан жайлы офистер, сол кеңселердегі компьютерлердегі Интернет кеңістігі. Әрине, бұл да әжептеуір әлем, өмір. Алайда төрт аяғы тең жорға жазушы болу үшін бұл әлемнің тәжірибесінің аздық ететіні талассыз. Серік Асылбекұлы болса көркем әдебиетке өмірдің өзінен келген прозашыларымыз бен драматургтеріміздің азғантай тобына жатады (мен бұл араға өмірлік тәжірибенің жетімсіздігін бойларына Құдай жаратқан таңғажайып терең түйсіктерімен толтырып алатын ақындарды әдейі қоспай отырмын). Сөзіміз дәлелді болу үшін енді оның өмір жолынан кейбір нақты деректерді келтіре кетелік.

Жазушы Айгүл Кемелбаеваға берген көлемді интервьюінде Секең өзінің өмірбаянынан төмендегідей мәліметтер береді: «Екінші дүниежүзілік соғыстың солдаты, менің әкем Өтегенов Асылбек майданда қатты жараланып, Уфа қаласындағы әскери госпитальда бес ай

жатқаннан кейін, 1944 жылдың соңында әскер қатарынан босатылып, елге оралады. Елге келген соң 6 – 7 жыл колхоз председателі болып істейді де, 1950 жылдары төрағалық қызметін райкомға қайта тапсырып, бір отар қой алып, қырға кетеді. Өзінің бұл қадамын ол кісі: «Менің сауатсыздықты жою мектебінде үш-төрт ай алған азғантай білімім 1950 жылдардың басында бір-бірлеріне қосылып ірілене бастаған үлкен колхозды басқаруға қауқарсыз бола бастады. Елге бұл кезде ауыл шаруашылығының кәсіптік училищелері мен техникумдарын бітірген жас мамандар келе бастады. Сондықтан мен райкомға барып, арызымды жазып, өз орнымнан ерікті түрде босануды жөн көрдім. Ол кезде қанша майдангер болсаң да, мен секілді шала сауатты адамға екі-ақ жол бар еді, біреуі – қолыңа кетпенінді алып, дихан болу, екіншісі қазақтың ата кәсібі – қойшылық. Мен екінші жолды таңдадым», – деп түсіндіретін.

Енді бәрі түсінікті болған шығар деп ойлаймын. «Қысқы каникулдағы» совхоз орталығындағы интернатта жатып оқитын, қияндағы жалғыз қыстаудағы үйіне он күнге қысқы демалысқа келіп жүрген қойшының баласы Таңаттың прототипі – менің өзім.

Малшылардың балалары кішкентайынан ел-жұрттан жырақта, жаратылыспен етене боп өскеннен болар, табиғатқа, ондағы өсімдіктер дүниесі мен жан-жануарлар әлеміне өте жақын сезімтал болып өседі. Сонан соң қиялшыл болады, себебі айналада сенімен бірге ойнайтын құрбы-құрдастарың жоқ. Ал бала болған соң бәрібір біреулермен ойнамай болмайды, сондықтан сол қиялыңдағы құрбыларыңмен асыр саласың, немесе «Қысқы каникулдағы» Таңат секілді Мойнақ тәрізді итіңмен жарысып ойнайсың. Әйтеуір айналысатын бір ермекті өзің тауып алуың керек.

Тағы бір айта кететін жағдай, малшылардың балалары орталықтағы жайлы үйлерде өскен ауыл мен қала балаларына қарағанда ерте есейеді. Малшының ауыр тұрмысы оны ерте есейтпей қоймайды. Мысалы, мен үшінші кластан бастап жазғы үш ай каникул кезінде бір отар қойды кұнара жалғыз өзім бағып келетінмін. Әкеме солай көмектесетінмін» («Ақ желкен», №6, 2015, 53 – 54-беттер).

Осы үзіндіден-ақ біз жазушының балалық шағының оп-оңай болмағанын байқаймыз. Мұнан соң 1968 жылы мектеп бітірген ол сол жылғы ақ қоянның атақты ақтүтек қысында ауылда тағы бір жылға қалып, комсомол-жастар бригадасында жұмысшы, малшының көмекшісі болып жұмыс істейді. Себебі, мектепті үздік бітірген оған райкомның нұсқауымен аттестат берілмей қояды. Сол кездегі Совет Одағының айбынды авангарды Коммунистік партияның саясаты сондай болатын: алыстағы қазақ ауылдарының жастары мектеп бітіргеннен кейін туған жерлерінде тағы кем дегенде бір жыл қалып,

мал бағуға тиісті-ті. Және, бір қызығы, Компартияның бұл пәрмені Кеңестер Одағының басқа республикаларындағы мектеп бітірушілерге жүрмейтін.

Тағдыр кейінірек, 1973 жылы Алматыдағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетін тағы да үздік бітірген біздің кейіпкерімізге астанада қалуға мүмкіндік бермейді. Ол тағы да сол империяны ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап тұрған Компартия басқарған үкіметтің жолдамасымен Қызылорда облысы Қазалы ауданындағы қияндағы бір ауылдық мектепке қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болып келеді. Бұл жерде оның жастық өмірінің алты жарым жылы өтеді, сүйтіп ол өзі бала күнінен аңсаған арман қаласы Алматыға тек 1980 жылдың қаңтарында ғана қайта оралуға мүмкіндік алады.

Негізі, бір жамандықтың бір жақсылығы, бір кесепаттың бір шарапаты болады деген сөз рас. Секеңнің ғұмырында осындай күрделі өмір өткелектерінен өтуі кейін оның шығармашылық әлемінің мазмұнын байытуға көп шапағатын тигізеді. Солайша оның еңбекпен есейген балалық, бозбалалық шақтарының тірі куәгері секілді болып кейіннен өмірге «Қоңыртаудың басында бір топ жусан», «Мектеп бітіру кеші», «Қысқы каникул», «Әх, Россия!..» секілді әңгімелері мен «Үшқара», «Оттан да ыстық өмір» (кейінірек «Қалқаш» деп аталды), «Жез киік» повестері келсе, одан да соңырақ автордың алыстағы ауылда мұғалім, мектеп директорының оқу істері жөніндегі орынбасары болып жүрген кездеріндегі жастық шағының іздері сайрап жатқан «Ақ иін», «Алдаш – Алданыш – Алдекең», «Есекең», «Ата жұртта», «Шер таркату», «Қарашадағы үйлену тойы» секілді әңгімелері мен кезінде қазақ оқырмандарының арасында үлкен резонанс тудырған атақты «Рәбиғаның махаббаты», «Бөтеннің тойы» (алғашқы аты – «Кұлтай»), «Ақ қарға» повестері және «Қазақша ашылып сайрау» комедиясы дүние есігін ашты. Сонымен бірге бұлар жазушыны арман қаласы – Алматыға бастап әкелген жолдың да басы болды. Әсіресе «Оттан да ыстық өмір», «Жезкиік» повестерінің «Жалын» баспасы мен «Жалын» альманағы жасөспірімдерге арналған шығармаларға бірігіп жариялайтын республикалық жабық әдеби бәйгеде жүлделі орындарға ие болуы авторды астанаға көшуге қатты ынталандырады және бұған әлгі повестерді оқыған жюри мүшелері – «Жалын» баспасының директоры Қалдарбек Найманбаев, «Жалын» альманағының редакторы Тұманбай Молдағалиев және «Жалын» баспасының бас редакторы Бексұлтан Нұржекеев мұрындық болып, нәтижесінде Секең аталған баспаның проза бөліміне редактор ретінде қабылданды. Бұл жағдайды Қалдарбек ағамыз 1981 жылы одақтық «Комсомольская правда» газетінің тілшісімен сұхбатында «Он не

приезжал «пробивать» своих рассказов» деп, бір-ақ ауыз сөзбен түйіндеп кеткені бар. «Әдебиеттің ауылына тесіктен түспей, есігінен кірді» дегені ғой.

Айтса айтқандай, ауылда жүрген мұғалім түгіл Алматыдағы қаламгерлердің қолы жете бермейтін лауазымды орын еді бұл ол кезде. «Кемеден тойға топ ете түсті» деп осындайда айтатын шығар, бірақ ол ең алдымен елде жүргендегі тынымсыз еңбектің, өзінің көрген-білгенін, бастан өткергенін суреткерлік санаға ыждаһатпен, ұңғыттықпен салып зерделеп, жас кезде ғана болатындай бас қаңғып, көз тұнып, құлақ тарс бітіп жазғанның нәтижесі десе лайық. Соның арқасында мұғалім-қаламгер астана қалаға жаңа бастап жүрген нәнталап жас жазушылардай қоңылтақ күйде емес (шығармашылық жағын айтамыз), елде жазған төрт повеспен (барлығы сегіз повестің тең жарымы) және оншақты әңгімемен (барлығы отызшақты әңгіменің үштен бірі) қоржын басы тоқ келген. Өз қара топырағынан нәр алып болғасын, енді сол арқылы айнала басқа дүниеге органикамен қарау үшін келген.

Жазушының ресми өмірбаянында оның негізінде Қызылорданың Қармақшы ауданындағы Қарақ дейтін жерде туғандығы, ал соңыра үй-ішінің көршілес Қазалы ауданындағы «Қазалы» қой совхозына қоныс аударуына байланысты екі жасынан сол жерде өмір сүре бастағандығы айтылады. Дәлірегіне келсек, Асылбек ақсақал мен Ләтипа апа үпір-шүпір төрт баласымен жаңағы «қой сапқоздың» «Бірлік» дейтін №3-бөлімшесінде тұрған (Секене сөз қармақшылық нағашыларынан, соның ішінде белгілі Нұғыман жырау арқылы дарыған). Ел аузындағы атымен айтсақ, бұл – Сырдың сонау қиырдағы Аралға барып құяр төменгі сағаларының бірін жанай қоныс тепкен Ақиін деп аталатын алақандай қазақ ауылы. Маркестің кейіпкерлеріне Маконда қандай қасиетті мекен болса, бүгінде бары мен жоғы белгісіз Ақиін – Серік Асылбекұлы геройларының дені туын тіккен эз-ұя. «Серік үшін Ақиін – жер кіндігі. Ақиінде жазушының өзі ғана түсінетін бір керемет бар. Ақиіннің асып төгілмейтін қоңыр әуені үнемі құлақ тұсынан күмбірлейді де тұрады», – деп жазушы Қуаныш Жиенбай әрі әдемі, әрі дәл айтқан. Сол Ақиіннің жайын Секеннің өзі осы аттас әңгімесінде бас кейіпкер Төлеутайдың көзімен жеріне жеткізе жазады. Төлеутай – ілгеріде айтылған «Қысқы каникулдағы» Таңат, «Үшқарадағы» қойшының көмекшісі сияқты автордың өзі. Ал «Қоңыртаудың басында бір түп жусан» әңгімесіндегі шалдың түпбейнесі – автор 5-сыныпқа дейін қолында өскен атасы Қани Қосымұлы. Тіпті «Қалқашта» да автордың өмірбаянынан алынған тұстар, сарындар аз емес болуы. Жазушы мектепте мұғалім болып жүргенде совхоз басшылығы оны бір топ жоғары класс оқушыларына бас қылып айдалаға шөп шабуға апарып

тастайды да, артынша ұмытып кетеді. Содан Секен ұлардай шулаған бір топ баламен елсізде ассыз-сусыз бір аптадай қамалып жатады. Қазіргі өздерін өздері экстремал жағдайларға түсіретін реалисти-шоу сияқты. Әйтеуір су ішерліктері бар екен, сегізінші күні бұлар директордың есіне әлдеқалай түсіп кетіп, адам жіберсе, осы заманның «робинзондары» жағдайлары онша жақсы болмай жатырған көрінеді. Сонда да шөп шауып, пішен дайындауды тоқтатпаған сабаздар. «Қалқашта» автор шөп шабатын кәселкенің ұңғыл-шұңғылын жіліктеп шағып суреттейді ғой, соған қарағанда әлгі «аралдағы» бір апта жазушы ретінде оның әбден кәдесіне жараған сияқты. Бұдан кейін біздің Секенді әдебиетке түп-тура өмірден – кит аулайтын кеменің палубасынан, Гаитидің жүгері плантацияларынан, шанаға ит жеккен зымыстан Алясканың өзінен келген Джек Лондонға балап, «қазақтың Джек Лондоны» дегенде, кім дейсің?!



Сонымен қатар Серік Асылбекұлының бірқатар кейіпкерлері көркемдік жинақтау жолымен жасалған. Мысалы, «Рәбиғаның махаббаты» мен «Әдебиет пәнінің оқытушысындағы» Ұлықпан – осындай тәсілмен жинақтап берілген кейіпкер. «Әх, Россиядағы» әскерден кеп, орысқұлықтылығымен елді қырып кете жаздайтын Қасқырбай өмірде нақты болған кісі Бейсеннен көшірілген, әлгіндей оқиғаның болғаны да шын. Құлтай да солай, ол автордың құрдасы, жолдасы, екеуі Акиінде бірге өскен және шығармаға өз атымен енгізілген. «Алматыдағы институттағы оқудан босап, жазғы каникулға келгенде қой бағып жүрген Құлтаймен ауылда талай кездесіп, бірге жүрген кездеріміз болған, – деп еске алады автор жоғарыдағы Айгүл Кемелбаевамен сұхбатында. – Сонда мені оның жандүниесінің тазалығы, бетіне иманы шығып тұратын пәктігі және көркем әдебиет шығармаларын көп оқып қана қоймай, содан үлкен адамгершілік тәлім алғандығы риза ететін. Өзімнің азды-кем өмірімде осы күнге дейін мен дәл Құлтай секілді адамгершілік,

адамдық сипаты жағынан мінсіз жаратылыс иесін өте сирек көрдім. Сондықтан бірге өскен сол құрбыма осы бір туындым арқылы көркем сөзден әдеби ескерткіш қойғым да келді бір жағынан».

Автордың «ескерткіш» деп отырғаны – Құлтай 1973 жылы, 22 жасында, Сырдарияның арғы бетіне қой отарын қайықпен өткізіп жатқанда суға кетіп өлген... Бұдан шығатын қорытынды: Серік Асылбекұлы туындыларының автобиографиялық сипаты басым болып келеді және мұны жазушының өзі әртүрлі басылымдарда жарияланған сұхбаттарда жоққа шығармайды. Соған қарағанда қаламгер жазушылық ғұмырының қай кезеңінде де өмір шындығына барынша адал болып қалуды мақсұт тұтқан тәрізді. Бұл тұрғыдан келгенде ол о бастан Габриэл Гарсиа Маркестің «Жазушы шындықты жоғалтқан кезде суреткер ретінде өзін де жоғалтады» деген пікірін өз шығармашылығының басты темірқазығы етіп алғандай. Әркім әртүрлі мақсатпен жазады ғой: біреулер тарихта із қалдыру үшін, енді қайсыбіреу есінен ауысып кетпеу үшін, ал базбіреулер көбінесе неге, не үшін жазғысы келетінін өздері де түсінбеуі мүмкін. Осы соңғылары қолға қаламды әйтеуір бір түйсікпен шындықты жазу үшін алатындай. Мәселенки, итальян жазушы әйел Грация Даледда сияқты. Бастауыш мектепті ғана бітірген Грация ауылында өзі көрген оқиғаларды роман қылып жазып, Нобель сыйлығына ие болған ғой. Соған қарағанда мұндағы гәп фактілік шындықтың өмір шындығына, одан әрі өмірлік шындық арқылы көркем шындыққа – кітап шындығына айналуында болса керек. «Француз буржуазиясының тарихын Бальзакты оқи отырып анығырақ және толығырақ тануға болады» деген Маркстың сөзі осы жерге дәл.

Ал енді сонау Альпі баурайындағы сеньора Грацияның өз ауылының шындығын образға бөлеп көрсетіп, Айдай әлемді таңғалдырғаны сияқты, Сырдың жағасындағы ауылының шындығын біздің мұғалім Секен қалай көрсете алды екен, соған келейік.

05.11.2021



**Гүлжаһан ОРДА,
М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты
Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет және
көркем публицистика бөлімінің
менгерушісі, филология
ғылымдарының докторы,
профессор**

1. БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Әлем халықтарының барлығы дерлік бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Қазақ халқы да баланы өмірге келгеннен бастап тәрбиелейтіні халық мұрасынан, бай ауыз әдебиетінен көруге болады. Сондықтан балаларға арналған шығармаларды әдебиеттің барлық дәуірінен көптеп кездестіреміз. Қазіргі таңда балабақшадан бастап бала тәрбиесін жүйелі жүргізуге мемлекет тарапынан көңіл аударылуда.

Мәдениет және спорт министрлігінің ұсынысымен «2021 – Балалар әдебиеті жылы» деп аталса, Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа жыл қарсаңында 2022 жылды «2022 – Балалар жылы» деп атағандықтан, бұл жылдары қаламгерлердің балаларға арналған көптеген шығармалары жарық көрді. 2022 жылғы «Айбоз» ұлттық әдеби байқауында «Үздік балалар әдебиеті» номинациясы бойынша Бекен Ыбырайымның «Іздер құпиясы» детективті романы жүлдегер атанды. Аталған байқауда балалар әдебиеті номинациясы жеке аталғанынан балалар әдебиетіне көңіл аудару байқалады.

Әдебиеттанушы ғалымдар детектив жанрында зұлымдық әлеміндегі қым-қиғаш оқиғалардың шытырман болып берілетіндігіне назар аударады. Детектив әңгіме, повесть, романдарда кездеседі.

74 Детективті романдарда роман жанрына тән шығарманың құрылысы сақталады. Қылмысқа құрылған шытырман оқиғалар өткір сюжетке

құрылатындықтан, шығарманың шешімі оның әшкереленуімен аяқталуы тиіс. Сондықтан да оның басты кейіпкерлері – із кесуші, заң қызметкерлері, тыңшы, барлаушылар болып келеді.

Б.Ыбырайымның «Іздер құпиясы» – қазақ жеткіншектеріне арналған тұңғыш детективті роман. Романның оқиғасы: «Айдалада маңқиған қоңырқай киіз үйден ешқандай тіршілік нышаны білінбегені біртүрлі күдікті көрінді. Төңкеріп тастап кеткен қазандай күмпиіп, неге жалғыз қалғаны түсініксіз.

Ақсұр, киіз қалпақты қарт пен ақ орамалды кемпір, шолақ жең, шаппақты қоңырала жейде киген, кекілді бала – үшеуі де не істерін білмей, бір сәт қаңтарылып тұрды. Сасқалақтағаны ма, әлдекімді іздегендей жан-жаққа қарағыштағанымен, ешкім көрінетін емес», – деп басталады [1, 1].

Өткен жылы Жарықбай деген қарт шопанды кемпірімен қоса байлап тастап, отыз қойын алып кеткен ұрыларды милиция көп ұзатпай тапқан болатын. Бүгінгі бір үйдегі үш жанның мына тұрысы мен көмекші шопан Қараманның, қырда жайылып жататын қойлардың, сарала Мойнақ пен сұр қаншық Зауланың көрінбеуі – оқырманға күдік ұялатады. Нәдірбектің қойы түгіл, өзі жоқ, Сәрсенбай да көрінбейді. Ағаш есікті қыл арқанмен шандып байлап кеткендерінен Ахмет қарт пен Анар әже іштарта бастады. Жылда жазғы каникулын Ақадырдың жайлауындағы тау бөктерінде ата-әжесінің қасында өткізетін Ерікке табиғат сүрең тартып тұрған тәрізді.

«-Ата, Қараманның таңертеңнен бері үйге келмегенін қайдан білесіз?..

- Е, ол көмекші болғалы қа-шан?! Қойды таңсәріден өргізетін әдеті. Бірақ бүгін тіпті ерте кетіпті.

- Оны қалай білдіңіз?

- Иістен.

Ерік таңданып қалды:

- Қандай иістен? Оны ұстай алмайсыз, көре алмайсыз. Сонда қалай білесіз?

- Е, шырағым, көзімді малмен аштым, неге білмейін. Қой ертерек өрсе, иіс сәл де болсын, азайып қалады. Жаңа ғана шықса, уыты мұрныңды кептеп кетер еді» [1, 3]. Қараманның таңертең қойды ерте өргізіп кеткенін оның иісінен сезген қарттың сөзіне немересі аң-таң. Ахмет қария құрт пен ірімшік салған дорбаның орталап қалғанына, термосты алып кеткеніне, көк шәйнектің түбінде су қалмағанына, ілулі тұрған қайысты алып кеткеніне, үй маңындағы аттың ізіне қарап Қараманның бұлар жоқта үйге келмей, қойларды ұзаққа айдап кеткенін ұғады. Атасының әр болжамы – Ерік үшін тылсымға толы құпия.

Романның құрылымын отыз тарау құрайды. Әр тараудың мазмұнын

сол тарауға қойған эпиграфпен ашу көзделген. Бірінші тарауға «Айдалада жалғыз үй неге қалған? Ғайып болған қойшылар. Қараман аман ба?» деген эпиграф қойып, тарауда сол сауалдарға жауап берген. Бірінші тарауда совхоздың бас зоотехнигі Шахан Әкімжанның жеке меншігіндегі асыл тұқымды ала сиырын ферманың жоғалған тарғыл сиырының орнына салғызғаны үшін Ахмет қарттан жақсылап сөз естіген. Бірақ соның салдарынан малшылар жайлауға көшкенде оған машина жібермей, жалғыз үйді жұртта қалдырады.

Екінші тарауға «Кертөбелден неге айрылды? Неге ерегесті? Бұйрыққа бағыну» деген эпиграф қойылып, осы сауалдарға жауап іздеген. Шаханның совхозға жаңадан келген Таңсұлуға сауыншылардың сүтті сиырларын жиып беріп, социалистік жарыста қолдан озат жасауы, Әкімжанның жүйрік аты кертөбелін «Егер Төлебай кетіп қалса, малшыларға жағдай жасамайды, кадрлар тұрақтамайды» деген жаманатқа қаламыз» деп, жаңадан келген Төлебайға бергізуі күдік тудырады. Әкімжанды жұртта қалдырып кетуінің себебі сол жүйрік атқа қатысты қарттан сөз естуімен байланысты екенін оқырман екінші тарауда түсінеді.

Үшінші тарауда оқырман «Күтпеген шатақ. Асқынған дау. Қауіпті сапар алдында. Тірі қалу үшін не істеу керек?» деген сауалдарға жауап табады. Шахан бұл отбасына екі күннен соң машина жіберіп, олар ерте көшкен елдің артынан қойларын айдай жөнеледі. «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» дегендей, жұртта қалған деген жақсы атақ емес. Жайлауға алдымен барғандар өзіне ұнаған шұрайлы жерді иемденетінін білетін қарт соны ойлап бір күйзелсе, Шаханның өзімен ерегесіп бетіне былығын айтқан қартқа «түрмеде шірітем» деп қолдан жасап отырған қиқарлығын іші сезеді. Екі күндік шөлге бір отар қой үшін машинамен су алып келмейтіні белгілі. Ондай жағдайда қой шөлден қырылады. Мал шығынға ұшыраса, қойшылар түрмеден бір-ақ шықпақ. Оны Қараман да, Ахмет қарт та біледі.

«Қараманның сөзі дәл ойының үстінен шықты:

- Шаханның сөзіне енді түсіндім. Малымызды қырғызып, мойнымызға салмақ. Сөйтіп, бізді қылмыскер етіп, түрмеде шірітпек, ә?!

- Иә, – деді Ахмет қысқа ғана шегелеп» [1, 14].

Ахмет қария мен Шаханның кергісіуінен туған бұл жанжалдың немен тынары қазірге белгісіз.

Төртінші тарауда төрт күн ат үстінде отырып, сәскеден бастап ұйықтаған Еріктің оянғанда шідерленген аттардың шідері шешіліп кетіп, өздері зым-зия жоғалғанын біледі. Өң мен түстің арасында талықсып ұйықтаған баланың, атасына ілесіп жоғалған аттарды іздеп шығуынан атасынан алған тәлімі байқалады. Атасының көмекшісінің із танитындығы – оның малсақтығының көрінісі. Төрт күн бойы 3-4

сағат қана дамыл алып Шоқаманға әрең жеткен қойшылардың алдынан енді су кездеспейді. Құлашөлде қойшыларды қуып жетпесе, аржағы беймәлім.

«- Ата, бері келіңізші.

- О не?

- Мына жерде торы айғыр үркіпті.

- Қой, күнде бірге жүрген жылқылардан үркіп, не көрініпті?

- Рас, міне, өзіңіз қараңызшы.

Ахмет қарт немересі нұсқаған ізге бажайлап үңілді:

- Ия, мына жердегі ізі шүңірейіп түскен екен, соған қарап үрікті деп ойлағансың ғой. Иен түзде көзіне қасқыр елестеп, үріккен шығар. Болмаса жылқылардың біреуі жақтырмай тепкен соң, шегініп қалды ма, кім біледі....

- Міне, қараңызшы. Тұяқтардың ізі жиырылып, жақын-жақын жатыр. Аралары да, қазылған ізі де әркелкі. Жүріс бірқалыпты, жайбарақат емес екені көрініп тұр. Тұяқтардың шет-шетінің іздері сәл тереңірек. Осы жерден күдіктеніп тұрмын, ата. Міне, жақын жерде құнанның да, сіз мінген күрең қасқаның да ізі жоқ» [1, 20].

Келтірілген диалогтан Еріктің аттардың ізіне қарап топшылауы байқалады. Іздерге қарап келген кісінің әккілігін, жерге түспей ат үстінде отырып шідерді шешкенін, оның астындағы биенің шалқұйрық екенін, ұрының биесінің де, өзінің де аяғын жай киізден емес, тозған текеметпен орап байлағанын, биенің салмағы жеңіл болатынын із арқылы болжаған. Ол ауылда жүргенде балалармен кім ізді тез табады деп жарысқанда, ылғи Ерік табатындығы – осы ізшілдігі. Еріктің ұрының ізі арқылы оның бойы мен салмағын, аяғын қалай басатынын, отардағы қозыға қара мәліннің шабуын, оның текемен айқасын анықтауына қарап кәнігі із кесушілерден көп білетініне тандай қағасың. Өз болжамдарын ертегі оқиғаларындай қызықты етіп баянайтын Еріктің әңгімешілдігінен жазушының стилі байқалады.

Батпаққарадағы батпаққа сиырды қуып келіп батырған Төлебай екеніне Еріктің көзі жетті. Жібектің сауын сиырын жоғалдыға шығарып, орнына өз сиырын совхозға өткізіп жүргені енді белгілі болды. Төлебайдың аттан түскен ізін көргенде оның жайлауға бара жатқандағы түн ішінде аттарын ұрлап кеткен ізбен бір екені есіне түседі. Батпаққараға батқан совхоздың тарғыл сиырының өтеуіне Әкімжанды кінәлап, ферманың малына ықтиярсыз қостырған ала сыйырын Ерік пен Әділбек ұрыдан аман алып қалады. Бірақ қараңғыда ұрыны тани алмағандары өкінішті.

Шаханның ащы суды өмірі татып көрмеген Қараманға күштеп арақ ішкізіп мас қылып тастауы – күні бойы қойға жібермеудің амалы. Сол күнгі ауа-райының бұзылуын пайдаланып, Төлебай оның тапсырмасын орындау керек

Төпелеген қара нөсер мен ес жиғызбай үдеген бұршаққа төтеп бере алмай, алдындағы он алты қойынан айырылып қалған Ерік енді сол қылмысты ашуға бел буады. Қойларды қасқыр тартқанмен, оларды біраз жерге дейін атты адамның айдап барғанын, атының аяғын інге тығып алып омақаса құлағанын жапырылған шөптерден болжап тұрғанда, шөп арасында жатқан мүйіз сапты қанжарға көзі түседі. Бұл қанжардың иесі ұзыны үш жарым, ені бір қарыстай табаны біртүрлі етікті тіккен Мырзабек ағай екенін білгенмен, жайлауға ол кісінің келмегені анық. Нағыз зергердің қолынан шыққан қанжарды «Жақын тартқан адамына пышақ, қанжар сыйламаушы еді. Бұл қалай: бірдеңеге арандатқысы келгені ме? Арам есебін жасырып жүр ме, әлде...» деп бажайлайды.

Оқиғаның шарықтау шегі – жігіттердің тауда көкпар тартуы. Жайлауда көкпар тартып жүрген жігіттердің ішінде тақымына көкпар тиген Төлебай жер сырын білмегендіктен құздан құлағанда, оған Ахмет қарттан басқа көмектескен тірі жан болмады. Тас көшкіннен Ахмет Төлебайды, Ерік атасын құтқарам деп үшеуі де өлуге таяғанда оларға Заңғар көмекке барып, бірін-бірі құтқарып қалады.

Көкпар мен тас көшкіннен аман қалған Төлебайдың Ахмет қартқа келіп, мән-жайда айтуы – шығарманың шешімі. Оның аяғындағы етігіне қарап, Тарғыл сыйырды Батпаққараға батыруды ойлаған, ала сыйырды Күйгенжарда тасаға байлап, ұрламақ болған, шөлде аттардың шідерін шешіп, біраз жерге айдап апарған, он алты қойды бөлектеп, аршаның арасына қуалап жіберген – Төлебай екеніне Еріктің көзі жетеді. Семей полигонының зардабын тартып, бажасын сағалап келген жігіт соның айтқанымен жүріп-тұрғанын, бәрін тапсырмамен жасағанын өзі жайып салады.

Осы әңгіменің үстіне Заңғар мен Қамбар да келіп Ахмет қартқа рақметін айтады. Егер олар бір-бірін құтқармағанда бәрі де тас көшкіннің астында қалар еді. Төлебай, Заңғар, Қамбар – үшеуі де қара былғары, қонышы тізеге жетер-жетпес, балтырды таралғы мен үзеңгі қажамас үшін солай тігілген етік кигеніне қарап, қылмыскерді таба алмай Еріктің басы қатады.

«Ерекше ұзын адам басқа емес, тап осы кісі! Әнеугүні «Кертөбелдің ізін танып қоюы мүмкін» деп, қауіптенген соң, бір сыбайласын ерте келген, немесе соны жұмсаған. Әйтпесе, айдалаға белгісіз біреу бекерден бекер келуші ме еді?! Ізден шатастырудың немесе із жасырып адастырудың бір амалы сол емес пе» [1, 151], – деп ойлаған бала ағалардың барлығының етігі бірдей болған соң, қылмысты қайсысы жасағанын білмей дал болады. Осы әңгіменің үстіне кітапханашы қыз Құралайдың Шомбал туралы әңгімесі қосылады. Қим-қиғаш, шым-шытырық оқиғалар кейіпкерлердің әңгімелерімен таратылып шешіле береді. Ағалы-інілі Қамбар мен

Заңғар жастайынан жетім қалып, бірі қырғыздың, екіншісі қазақтың бауырында өскенмен араға жылдар салып әкесінің жазған хаты бойынша Асқардың екі ұлы бір-бірімен табысқан екен.

Шығарманың соңы мұрат-мақсатына жетіпті деп аяқталатын ертегілер тәрізді, бір күнде Ахмет қарттың үйіне жиналған Төлебай, Заңғар, Қамбар, Құралайдың әңгімесімен, Шомбал мен Қамбардың әкесінің хатымен, із кесуші Еріктің болжамдарымен бар қылмыс ашылады.

Жазушы: «– Ассалаумалейкүм, Ахмет аға! Сізге хат жазып отырған мен – Шомбалмын. Мені көкпарда көргенсіз, әзірге ұмытқан жоқ шығарсыз. Үш қабырғам және тобығым сынып, ауруханада жатырмын. Себебін кейін өзіңізге оңашалап айтармын. Қойларыңыз туралы хабарыңызды мен де естідім. Сізден жалғыз өтінішім бар: бәріміз де қазақпыз ғой, «бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде» демеуші ме еді. Кінәмді толық мойындаймын. Ешкімге ештеңе демей-ақ қойыңызшы. Шығыныңызды артығымен мойныма алайын. Ауыл-аймақ естісе, тірідей өлгенім ғой. Көпті көрген көшелі адамсыз, кешіреді деген сеніммен осы хатты өз қолыммен жазып отырмын. Сәлеммен Шомбал», [1, 190], – деген хатта адамды намыс өлтіретініне назар аударған. Төлебай Шаханның тапсырмасымен жүрсе, оны аңдыған Заңғар, Қамбар, Шомбалдардың көздегені – Кертөбел еді. Бірін-бірі аңдып жүрген батырлардың мақсаты – қазақ пен қырғызға аты жайылған жүйрікті тақымға басу. Қамбар әкесін емдеген емшіге берген уәдесі бойынша жүйрікті іздеп шықса, басқаларының ойы – атты қалай да қолға түсіріп, бәйге мен көкпарда өз аттарын шығару.

Таңсұлу мен Төлебай жер жәннаты Жетісуға жер аударғанымен, полигонның зардабынан құтыла алмай өмірден ерте өтті. Дүниесіне сеніп ешкімі жоқ Заңғардың сүйгені Құралайды күштеп алмақ болған Шомбал ұрлық үстінде жазым болып, үш қабырғасы мен тобығы сынып ауруханаға түсті. Батпаққа батқан сиырдың төлеуіне сауын сиырын берген Ахмет қарт қасқыр тартқан он алты қойдың өтеуіне берері болмай, сотталатын болдым деп жүргенде қылмыскерлер өз қылмыстарын мойындап, Ерік Төлебай деп күмәнданған қылмыскерлер саны көбейіп шыға келеді. Себебі, олардың бәрінің етігін тіккен шебер – Мырзабек еді. Шомбал Заңғардың қанжарын кітапханадан ұрлап алғанмен, құлаған жерінде түсіп қалған қанжар қылмысты ашатын айғақ болды. Төлебай Шаханның тапсырмасымен Ахмет қарттың соңына түссе, басқалары өзінің астындағы жүйрікті аңдып жүргенін қайдан білсін.

Шығармаға негіз болған қылмыстардың барлығын мұқият зерттеп жүрген тергеуші, із кесуші – Ахмет қарттың тәрбиесін алған немересі Ерік. Ол алғырлығымен, тапқырлығымен біріне-бірі жалғасқан

қылмыстарды ашқанына атасынан бастап, үлкендердің бәрі тәнті болды. Романның эпилогында бала Еріктің ата болып, балалық шақтағы оқиғаларды еске алып отырғанына кезіземіз. Бұл – біз өмір сүріп отырған қазіргі қоғам. Авторлық ұстаным: «Кәзіргі адамзатты меңдеген – іштарлық вирусы. Іштарлықтан дүниекоңыздық шығады. Неге жемқорлық, тонау тыйылмай келеді? Соның барлығына кінәлі кім? Адам баласының өзі! Іштарлық вирусынан толып жатқан қылмыстар таралады. Жебір, жалмауыздар сондай санасы ауру, дені сау есалаңдардан шығады. Елдің алғысын емес, қарғысын алатын – сол тажалдар. Әділ болмасаң, әбілет боласың, адал болмасаң, азғын боласың. Адам азса, ел азады. Қанша бүркегенмен, шындық шыңыраудан шығады. Шындықты сәбидей шырылдатындар – тажалдар», – дегенге саяды [1, 192].

Қорыта айтқанда, адамзат баласы қай дәуірде өмір сүрсе де іштарлық пен дүниекоңыздық олардан бір сәт ажырамаған екен. Автор іштарлықтың үлкен қасіретке алып келетінін шығарма кейіпкерлерінің шынайы өмірімен көрсеткен. Балалар әдебиеті туралы Ғабиден Мұстафиннің: «Меніңше, балаларға арналған әдебиет, сол балалармен қатар, үлкендер оқитын дәрежеге жеткенде ғана қызықты, құнды әдебиет болады!..» [2, 59], – деген пікіріне сүйенетін болсақ, шығарманың негізгі кейіпкері – мектеп оқушысы болғанмен үлкендер де қызыға оқитыны белгілі. Детективті романда қылмыстар өткір сюжетке құрылған шытырман оқиғаларға толы болғанмен, шығарманың шешімі оның әшкереленуімен аяқталған. Мұндағы із кесуші, заң қызметкері, тыңшы, барлаушының міндетін атқарған мектеп оқушысы – Ерік. «Аштықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейді» дегендей, бүкіл қылмыстың ашылуына тас көшкінінде Төлебайды Ахметтің, Ахметті Заңғардың жанын шүберекке түйіп өлімнен алып қалуы себепкер болды. Өзін бір өлімнен алып қалған қартқа алғыс айта келген азаматтар сол жерде бар күнәларынан тазарып шығады. Мұның өзі адам баласы өмір мен өлім беттескенде өткеніне есеп беретінін көрсетеді. Пендешілікпен жасағандарын жуып-шаюдың бір жолы – кішірейіп кешірім сұрау. Қазақ мұндайда «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деген, олай болса ата жолын білетін Ахмет қарттың жасап отырған кендігі – сан ғасырлар бойы атадан балаға мирас болған ұлттық тәлім-тәрбиенің көрінісі.

Сонымен бірге қазіргі таңда балаларға арнап шағын әңгімелер жазып жүрген Тұрдақын Жексенбай, Кәдірбек Сегізбайұлы, Шәкен Күмісбайұлы, Жұмабай Қайранбай, Серік асылбекұлы, Нұрдәулет Ақыш, Толымбек Әбдірайым, қанат Қайым, Дәлдәр Мамырбаева, Сәбит Дүйсенбиев, Ғалым Қалибекұлы, Серік Елікбай, Серік Сарыбай, Қанағат Әбілқайыр, Есей Жеңісұлы, Есболат Айдабосын,

Зәуре Төреханова, Әлібек байбол, Елдос Тоқтарбай, Мейіржан Жылқыбай, Нұрбек Нұржанұлы есімдерін атауға болады. Аталған жазушылардың бір топ әңгімелері Серік Әкіраұлы құрастырған «Балалар әңгімелерінің антологиясына» енген екен [3].

Балалар мен жасөспірімдерге саятшылық, құсбегілік туралы көптеген қызықты әңгімелер мен повестер жазған жазушы Тұрдақын Жексенбайдың «Балалық», «Үш дос», «Еліктің лағы», «Сауысқан», «Қос қарлығаш» әңгімелерінің негізгі кейіпкерлері – бастауыш сынып оқушылары. Балалар жазушысы Мәди Айымбетовтің: «Балаға арнап шығарма жазу – бала болып өмір сүру, бала болмысының табиғатын боямасыз тану, сол арқылы өмірді жазу. Міне, осы ұстаныммен әр жылдары қағаз бетіне түскен әңгімелерім мен хикаяттарымда мен жас кейіпкерлерімнің образын өмірдің өзінен алып жаздым» [4, 32], – деген пікіріне сүйенетін болсақ, Тұрдақын Жексенбайдың шығармалары өмірден алынған шынайылығымен тартымды.

«Балалық» әңгімесіне ауыл балаларының балалықпен жасаған әрекеттері негіз болған. Төртінші сынып оқушысы Ермектің өзінен кішкентай Еркін, Алдан, Еркебайлардан билеттің жарты құнынын алып, құрылысы бітпеген клубтың шатырында кино көріп жатқанда жіңішке тақтай төрт баланы көтере алмай, Ермек пен Еркіннің клубтың ортасына топ ете түскеніне қарап отырып жазушының бала психологиясын жақсы меңгергенін көреміз.

Ал, «Үш дос» әңгімесінде бізге таныс Ермектің Аппақай атты ақ күшігі мен Көкжал атты көк күшігінің қызығына кенелеміз. Күшік дегенің болмаса, олар да бала тәрізді. Ақ күшік тауып алған сыңар тері қолғапқа таласқан екеуі алғашында ойнап жүрген тәрізді болғанмен, олардың тартысы өзара бәсеке тәрізді болғанын жазушы былай суреттейді: «Олары алғаш ойын сияқты-ақ еді, бара-бара егеске айналып кетті. Тұмсықтарын тыржитып, ырылдаса бастады. Біресе ақ күшік, біресе көк күшік сүйрейді. Сөйте-сөйте олар жыраның табанынан түсті» [3, 6]. Аппақай аузындағы қолғапты жібере салғанда, Көкжал өз екпінімен барып, су орған қуысқа түсіп кетеді. Сабақтан келіп күшігін іздеп таппаған Ермек ертеңіне Аппақайдың үйшігінің есігін ашқанда, ол күндегідей арсалаңдамай, қақпаның астынан өтіп сыртқа қарай жүгіреді. Оның артынан еріп келген Ермек Көкжалды шұңқырдан шығарып алады. Жазушы осы оқиғамен бір үйде өскен балалардың өзара тартысқанмен, бірін-бірі іздейтінін еске салады. Балалар да осы күшіктер тәрізді өзара ойыншыққа таласып төбелескенмен, бір-бірін көрмесе, іздеп отыратыны белгілі.

«Еліктің лағы» әңгімесінің негізгі кейіпкері – Ермек. Ол жайлауға шыққанда шөп арасында ұйықтап жатқан арқасында қатар-қатар ақ

теңбіл шұбары бар, көзі қап-қара, аяқтары ұзын еліктің баласын тауып алады. Кішкентай лаққа не берерін білмей қиналған анасы оны қолдан өлтіріп аламыз ба деп қорқады. Емізулі ешкі жоқ, қой сүті ауыр, сиыр сүті жақпайтынын білген анасының «Ішің өтіп, өліп қалар ма екенсің? Енең байғұс та зар илеп іздеп жүр ғой сені!» деген сөзін естіген соң, Ермек оны анасына қайтарып бермек болады. Анасы екеуі ұстаған жеріне алып барып жібергенде бір-бірін іздеген лақ пен еліктің табысқанына куә болады. Әңгіме оқырманын қоршаған орта мен табиғатқа, жан-жануарларға қамқорлыққа, мейірімділікке баулиды.

«Қос қарлығаш» әңгімесінде бесінші сыныпты бітірген кейіпкердің басынан кешкен оқиғаларына кезігіміз. Дәурендердің үйіне ерте көктемде ұя салған қос қарлығаштың төрт балапан ашқаны, балапандарын мысықтан қорғап шырылдап жүруі, ұйықтап жатқан Ермекке бесік арбасына өрмелеп шығып бара жатқан жыланды көрсету үшін шыр-шыр етіп үйге кіріп көмекке адам шақыруы, жерге құлап түскен балапанын екі қарлығаш екі қанатынан көтере ұшып ұясына жеткізуі – бала көзімен нанымды бейнеленген. Осы оқиғалардан кейін Дәурен «Қарлығаш – адамның досы» деген осы екен-ау» деп түйеді. Авторлық ұстаным да қарлығаштың адамға деген достығын нақты оқиғалармен көрсету болатын. Қарлығаш – ұясын кез келген жерге салмайды, өте талғампаз құс. Қарлығаш ұя салған үйге бақ-береке қонатыны туралы жаугершілік заманда қарлығаштың ұясын бұза алмай жалғыз үй қалып қоятын Төле биге қатысты аңыз да бар.

«Сауысқан» әңгімесінде он жасар Ермектің жауыр болған атын сауысқандардан қалай қорғағаны туралы оқиғаға кезігіміз. Апасының ақылымен қақпанға түскен сауысқанның қауырсындарын бір шоқ етіп Ақбоздың шоқтығына тағып қойған соң, сауысқандар жоламайтын болады. Осылайша Ақбоз ат жауырдан жазылды. Жазушы шағын оқиғамен, Ермектің ісімен кішкентай оқырмандарының бойына мейірімділік сәулесін себуди көздеген. Кәдірбек Сегізбайұлының «Арқарға үлкен мүйіз неге керек?» – танымдық әңгімесінде биік тау мен қалың орман көрмеген Қошан орманшы атасына келіп, орманның өзіне құпия сырларын білуге құмартады.

«–Ата, орманшы болған жақсы ма?

– Жақсы ғой балам!

– Аю, қасқырды көресің, иә!

– Е, көреміз ғой, бәрін де көреміз.

– Марал, арқарларды да көресің бе? Әрине, тау-тас орманды күнде аралай берген соң көреміз де...» [3, 23].

Бір-екі сұрақ қойса, әкесінен ескерту еститін балаға атасынан жақсы

адам жоқ. Атасы қанша сұрақ қойса да жалықпай жауап береді. Балалардың өздеріне белгісіз заттар туралы білгісі келіп, үлкендерге қоршаған орта туралы сансыз сауал қоятыны белгілі. Біздің кейіпкеріміз – сондай көп балалардың бірі. Атасы сауалының бәріне жауап бергенмен, «Арқарға осынша үлкен мүйіз не үшін керек?» деген сауалын өзіне қайыра қойып, соған жауап іздеуге мәжбүрлейді. Бұл сұраққа ағасы, әкесі, шешесі жауап бере алмаған соң, біраз кітаптарды да ақтарып қарайды. Ғалымдардың «үлкен мүйіз арқар қатты жүгірген кезде оның қанын салқындатып тұру үшін қажет» деп жазғандарын да атасы қабылдай қоймайды. Атасы Қошанға арқарлардың тіршілігін көзімен көріп, сауалға жауап тапсын деп қолына дүрбі беріп оларды бақылатады. Қошанның ойынша үлкен мүйіз қасқырдан қорғану үшін керек сияқты. Ол арқарлардың тіршілігіне қарап отырып та дұрыс жауап таба алмайды. Атасының айтысына қарағанда, арқарлар биіктен секіргенде жерге мүйізімен қадалып, содан соң аунап түседі екен. Өзіне қойылған сауалға жауап таппаған Қошан үшін атасының арқардың мүйізі туралы айтқаны – жаңалық еді. Осы оқиғалар арқылы кішкентай оқырмандар алдағы уақытта арқарларға мүйіз не үшін керектігін білетін болады.

Жазушының «Құзғын» әңгімесінде «құзғын сияқты құңқылдамай отыршы» дегенді естіп жүрген Оралтай қысқы демалыста әкесінің орнына қой баға шыққанда құзғынға кез болады. «Құзғын – құс атаулының сүйкімсізі. Ол – жердегі қасқырлардың аспандағы барлаушысы. Құзғын қасқырларға: «Мұнда иесіз мал жатыр» деп хабар беріп, өзі жол бастайды» деген сөзін жадына құйып алған бала құзғынның қаңқылдағанынан секем алып, қолындағы мылтығын оқтап дүрбісімен жан-жағына қарағанша болған жоқ, еліре өкіріп қашқан сиырларға қасқыр шапқанын байқайды. Баланың аспанға атқан оғынан кейін құзғын да, қоңыр сиырдың бір кесек етін жұлып алған жыртқыш та біржола жоғалды. Оралтайдың оқыған кітаптарындағы «қасқырдың сарқытынан дәмектен құзғыннан боқтықты шұқыған қарға артық» деген сөздер мен әкесінің айтқанын жадына тоқуынан оның не нәрсеге де мұқияттылығы, ұқыптылығы байқалады. Қасқырларды көрмесе де, құзғынның құңқылынан секем алған баланың сиырларды жыртқыштан аман алып қалуы оның батырлығы мен жауапкершілігін толықтырады. Әңгімені оқыған балалар Оралтай сияқты қырағы болуға тырысатын болады.

«Талапты ер» әңгімесі мектепте озат оқитын Қуаныш пен орташалау оқитын Әлішердің кездесуіне құрылған. Үшінші сыныпты бітірген Қуаныш аршаның келтек кесіндісінен анасына ожау жонып отырған. Оның қасына келген Әлішердің «мақтаншақ болғаны бар болсын» деп кекетуіне ашуланып отырып, ожауының басын шауып алады да енді сүт құятын қасық жонуға кіріседі. Мұны көрген Әлішер:

«— Аға, мына мақтаншақ Қуанышты қарашы, мана келгенімде «апама ожау жонып беремін» деп мақтанып отыр еді, бір айналып келсем ожау емес, қасық жонатын болып қалыпты. Енді біраздан кейін келсем тіс шұқығыш жасап отырар, — деп мәз болып күлсін» [3, 28].
Әлішерге Қуаныштың ағасы Ораз мақтаншақтың да мақтаулысы болатындығын айтып, «Талапты ерге нұр жауатындығымен» түсіндіреді. Мектепте жақсы оқитын Қуаныш үйде әке-шешесіне қолғабыс жасап, шамасы келген жұмысты атқарып жүрсе, Әлішер — оған қарама-қарсы кейіпкер.

Әлішердің қандай бала екенін мына диалогтан байқауға болады:

«— Әлішер, атты ұстап әкелші.

—Иә, қазір.

— Әлішер, өзеннен су әкеліп берші.

— Тұра тұршы, барамын ғой.

— Әлішер, ыдыс-аяқты жуа салшы.

— Түһ, ойнатпадың ғой, тіпті...» [3, 28].

Жазушы екі кейіпкерді бірінің бейнесін бірі толықтыру мақсатында алған тәрізді. Әлішер мектепте сабақты қатырмаса, үйде үлкендерге қолғабыс жасауда жалқаулық танытып отырады. Екі баланың ісі мен сөзіне қарап, олардың қандай екенін көруге болады. Әңгімені оқыған балалар Әлішер сияқты жалқау емес, Қуаныш сиықты талапты болғысы келеді. Қазақ халқы «талапты ерге нұр жауар!» дегенді осындай балаларға қарата айтқан. Ол бүгін қасық жоныса, келесі жолы ожау жасайтын болады. Осылайша шамасы келгенше үлкендерге қолғабыс танытып жүреді.

«Жігіт» әңгімесіне бізге таныс Қуаныштың жазғы демалыста әкесінің орнына қой баққан бір күнгі оқиғасы негіз болған.

«Кеше кешкілік көкесі:

— Қуанышжан, ертең түске дейін қойды сен жайып келе ғой. Менің Қарасарт жайлауына барып келетін бір шаруам болып тұрғаны, — деген.

— Жаямын, — деп Қуаныш бірден келісе кетіп еді, көкесі де оны қолпаштап қойды.

— Жаяды. Қуанышжан жігіт болып қалды емес пе?!

— Әй, Қуаныш, не ұйықтап қалып, не ойнап кетіп, малдан айрылып қалма!», — деген диалогтан Қуаныштың ойын баласы болса да ата-анасына көмекші болып қалғанын байқаймыз. Бұл күні қойға қызыл түлкі шүйліккенмен, одан күшігі Дөңгежат екеуі қойды аман алып қалады. Жазушы Қуаныштың қырағылығы арқылы оқырманын еңбекқорлыққа шақырған.

«Қойқақтай» әңгімесіне Әмірдің әкесімен ойнамақ болып құшақтай алған аю қонжығының әрекеті арқау болған. Еліктерді көздеп отырғанда, оның екі лағын көріп атуға қимай қалады. Сол кезде оны

қонжық келіп бас салады. Қонжық та бала сияқты ғой, ол бұқпантайлап отырған адаммен алысып ойнағысы келген екен. Бірақ оқтаулы мылтық бұрқ ете қалғанда еліктер де, қонжық та ыршып түседі. Әмірдің айтып отырған «қойқақтайлары» – мылтықтың дауысынан қорыққан еліктер мен қонжық еді. Бала тілі – бал деген. «Ұлар» әңгімесі бізге таныс Қуаныштың мұғалімнің тапсырмасымен ұлар құсты суретке түсірмек болып шыққан жорығына негізделген. Ол аяғы сынған ұларды үйге алып келіп, бір ай емдеген соң тау басына апарып ұшырып жібереді. Қуаныштың ақ тамақ, жасыл тұмсық, қызыл жіліншік ұларға деген қамқорлығынан балалардың үйренері көп. Алдағы уақытта олар да құстарға көмектесетін болады. Балалар әдебиеті туралы С.Қирабаев: «Көркем әдебиет те, өнердің басқа түрлері сияқты, адам сезімін билеп, оның ақылына әсер етеді. Ол сезім мен ойды ғана өсіріп қоймай, адамды өмір тәжірибелерімен байытады. Осы тұрғыдан қарағанда, біздің балаларға арналған әдебиетіміздің жас ұрпаққа өмір таныту мен білім үйретуде елеулі қызмет атқарып келе жатқанын атап айтпауға болмайды», – деген болатын [5, 185]. Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, қазақ қаламгерлері де өмір тәжірибелерімен бөлісіп, жас ұрпақты тәрбиелеуге көңіл бөліп келеді. Жазушы әңгімелерінің кейіпкерлері мектеп оқушылары болғандықтан, олардың іс-әрекеттері өзге балаларға үлгі-өнеге болары даусыз.

Шәкен Күмісбайұлының «Абайдың шәкірті» әңгімесі Абайдың 175 жылдығы қарсаңындағы оқиғаға негізделген. Ақсай бөлімшесіндегі оншақты үйден басқасы Қаракөз ауылына қосылып, іріленіп, елдің көшіп жатқан кезі. Бөлектай мектеп кітапханасының сынған терезесінен қарлығаштардың кіріп-шығып жатқанын көріп, терезеден ішке кіріп «Абай Құнанбайұлы. Шығармалары» деген қалың кітапты атасына алып келеді. Атасы сұраса класта бірге оқитын Тойкеннен алдым деп айтам деп ойлаған, бірақ атасы кітапты қайдан алғанымен шаруасы болған жоқ. «Әй, қарашотпақ. Кеше қай жеріне келіп едің? Ары қарай оқы», деп күнде Абайды оқумен болды. Атасы ғана емес, Бөлектай да ұлы Абайдың нағыз шәкіртіне айналды. Атасы екеуі күнде Абайдың өлеңдерін оқып жадыларына тоқуда. Кітап оқуға деген құштарлық осылай қалыптасса керек.

«Апорт алмасы, атам және мен» атасы ауырып ауруханаға түсіп, зейнетақы түспегендіктен әжесі дәрі-дәрмек алуға ақша таппай отырғанда, түнімен топылдап жерге түсетін апорт алма сату Ардақтың ойына оралады. Көршідегі дүкеннің жанында кіп-кішкентай, бойы өспей қалған тапал Ақжан атаның баласы Мінуардың пісте сататынын көріп жүр, бұл «мен атам үшін бәріне дайынмын» деп сәрсенбінің сәтті күні алма сатуға кіріседі.

Оқуда үздік оқитын баланың алма сатқанынан бір күн ішінде ауыл

тұрғындарының бәрі хабардар болды. Ертесіне сынып жетекшісі Сәбира апай өзімен бірге оқитын Әсет, Біржан, Ақжан, Медине, Күлшат, тағы басқаларды ерте келіп бар алманы сатып алды. Ол аз болса, бас салып құшақтап, бар жақсы сөзін айтып мерейін өсіріп кетті.

«– Атасының жебеушісі» Қиындықта жанын суырып берер қамқоршысы, – деп дауысы дірілдеп салды. – Атаңның халі жақсы ма? – Басымды изедім. – Сендей немересі бар қартымыз аман болсын. Сен, отличнигім менің, адам ойламайтын іс-қаракет жасадың ғой. Жарайсың, ұлым. Бүкіл ауыл саған алғысын жаудырып жатыр» [3, 41], – деген Сәбира апайдың сөзінен Ардақтың үлкен істі тындырғанын көруге болады. Ол әжесі ақша таппай қиналған сәтте, содан шығатын жол тауып атасы мен әжесінің қамқоршысы, көмекшісі екенін ісімен көрсетуде.

Ардақ жаз бойы алма сатып атасының еміне ақша жинады. Дәрігерлер атасын Бурабайға емделуге жібергенде, атасы сол жақтан хат жіберді. Ол хатта атасы: «Құлыным, алмаңды сата бер. Тиын-тебенім бар. Қайтсам, жолыма молынан жетеді. Айналдым сенен, «апортым», құлыным, жанашырым», –депті. Төртінші сыныпта жүріп осылай үлкен іс тындырған Ардақ туралы сынып жетекшісі мен атасының сөзімен, өзінің ісімен оның бейнесі толығымен түскен.

Қазіргі таңда балалар еңбекке араласпайтын, әке-шешесі тапқан тамақты жеп қана жататын жалқау болып барады. Кіп-кішкентай Ардақтың үлкен ісі өзімен қатар балаларға үлгі-өнеге. «Жалпы әдебиетіміз сияқты балалар әдебиеті де негізгі материалдарын біздің еліміздің өмірінен, оның адамдарының қаһармандық істерінен, еңбегінен алып өсіп келеді. Біздің балалар адалық пен достықты, өжеттік пен ержүректік мінездерді қазірдің өзінде молырақ танытып, өзінің бақытты болашағына қызмет етуде. Бала ерлігінің көзі – оның өмірге құштарлығында, коллективпен өздерін бірге, тұтас сезінуінде» [5, 188-189], – деген С.Қирабаевтың пікіріне сүйенетін болсақ, әңгімені оқыған балалар ата-аналарына, ата-әжелеріне көмектесу керегін түсініп өседі.

Жұмабай Қайранбайдың «Екі бурыл» әңгімесіне Байжұмалардың үйіндегі мал басы Бурыл бие мен елге келгенде апасы сыйға тартқан Бурыл туралы оқиға арқау болған. Көзін ашқаннан мал ішінде өскен малсақ баланың беске толар толмаста тізгін-шылбырын өзі ұстап, жеке көлікке мінуді армандағаны, келе-келе жеке атқа ешкімнің көмегінсіз мінуді, одан асау үйретуді мақсат еткен баланың асқақ армандарының барлығы да қоршаған ортамен тікелей байланысты екені мәлім. Бурыл биеден тарағандар тай, байтал, дөнен, аттардың – барлығы да бурыл болса, олардың естілігін кейіпкер сөзі растайды. Арғы бетте отырғанда мал басы құралып, ел қатарлы отырған

жандардың туған жерге көшіп келгенде қорасында бір тұяқ болмай қиналуы – өмір шындығы. Іленің бойынан сексеуіл алып келетін көлігі болмай қиналып отырғанда апасы отын-суын тасуға Бурылды мінгізіп жібереді. Күні бойы жол соқты болып келген жылқыны қас қарайып қараңғы түскенше күнгей бетке алып барып оттатып жүрген Байжұма – малсақ бала.

«– Жылқы, тегінде, есті жануар ғой. Көрдің бе, берген жемім үшін тұмсығымен иығымды түртіп, ризалығын білдірді, – деді апам.

– Көрдім.

– Мал басы деген – осы. Жау келіп, тігерге тұяқ қалдырмай барымталап кеткенде де тұқым-тұяғының бірде-біреуін жат жерге қалдырмай, өз мекеніне бастап әкеледі. Бұл – үлкен үлгі. Осыны ұғып ал, – деді апам» [3, 49].

Жылқы малы туралы мақал-мәтелдер өте көп. «Сиырдан құласан, мүйізін төсейді. Жылқыдан құласаң, жалын төсейді» деген мақалдан жылқы мен сиырдың ерекшелігін көруге болады. Жазушы Байжұманың жылқы малына деген сағынышын Бурылға жасаған қамқорлығымен суреттеген.

«Кәрібоз» аңыз-әңгімесінде бәйгенің алдын бермеген Бозтұлпардың соңғы бәйгесіне куә боламыз. Төрт жыл бұрын Иманқұл ақсақал «Бозтұлпар армансыз-ақ шапты ғой. Енді бұл шіркінге де тыныштық берейік, – деп бәйге атының басынан жүгенін сыпырып тұрып, – Мұның ендігі аты Кәрібоз болсын», – дегенді айтқан соң, оны өрістегі жылқыға біржолата қостырып жіберген» [3, 51].

Арға төрт жыл салғанда ауыл маңын дүрсілдете жөнелген көп атты көрген Кәрібоз желігі ұстап Иманқұлдың үйіне шауып келеді. «Аттың сыры иесіне мәлім дегендей», «Қане, балам, тез-тез қимылда. Бәйге аттарының қалың тобы бұл кезге дейін бір көш жерге ұзап та кеткен болар. Кәрібозға қамшы салмастан еркіне жібер, бұл шіркін көпке бармай-ақ өз қалауынан белгі беріп қалар», – дегенін естіген баласы Бейсен «Ақ боз атқа тағы бір тақымым тиіп қалатын болды!» деген ішкі қуанышын жасыра алмай, көзі оттай жайнап Кәрібозға жайғасты.

Көп ұзамай иненің көзінен өткендей сәйгүліктерді қуып жетіп, біртіндеп артта қалдыра бастады. Бұл өңірдің теңдесі жоқ жүйрігі атанған Салторыны басып озғанын былай суреттейді. «Күш атасын танымас» деген осы да – мүлде аруақтанып кеткен Бейсен көзі сора-сора болған бақталасының басынан ойша аттап өтіп, оны орнынан қайта тұрмастай етіп, жер қаптырып кетті» [3, 53].

«Аруақ! Аруақ!» деп қарлыққан дауыспен айқайға басқан Иманқұл қарттың даусынан жиналғандар қара үзіп келе жатқан ақ боз аттың Кәрібоз екенін жазбай таныды. Мәреден ағындап өтіп, ұзынынан сұлап түскен Кәрібоз сол құлаған жерінен қайта тұрмаған күйі жан

тапсырды. Бұл оқиғаны көргендердің барлығы «Алла-ай! Қасиетті Бозтұлпар қан майданда халық үшін құрбан болған қас батырдан да асып түсті-ау!» деп шұрқырап жатты. Бұл оқиға жылқы малының қасиетімен бірге сезімталдығын көрсетеді. Ауыл маңындағы ат дүбіріне шыдап тұра алмаған Кәрібоз қартайған шағында Иманқұлдың үйіне ағызып келіп, бәйгеге қосуын сұрап еді. Өтінішін орындағанмен, бұл – Кәрібоздың соңғы бәйгесі екенін ешкім білмеп еді.

Нұрдәулет Ақыштың «Елгезектік зардабы» әңгімесіне мектеп оқушысына «әй, бауырым, тез көмектесіп жіберші. Ана қызды тіркеменің үстіне шығару керек. Демеп жіберші қолтығынан», – деген бейтаныс жігіттің айтқанын екі етпей ауылдың бас жағында тұратын Ерғазының қызы Жаңылдың қолтығынан демеп жібереді. Сөйтсе, елгезек баланың көмегімен бейтаныс жігіттер Жаңылды алып қашып кеткен екен. Оны ертеңіне болған айқай-шудан түсінеді. «– Мына Бөкеннің апайы Жаңыл бар емес пе?

– Иә, иә...

– Сол апайыңды кеше кешкісін біреулер алып қашып кетіпті. Оны сен шығарып беріпсің.

– Алып қашқан Сарыөлеңнің жігіттері көрінеді. Тракторға шырқыратып басып алған да, тура ауылдарына қарай тартып отырыпты.

– Інісі апайын алып қаштырған деген не сұмдық? Мына Бөкеннің күйіп тұрғаны да сол...» [3, 57].

Шағын оқиғадан елгезектіктің зияны болатынын мектеп оқушысының аңғалдығынан, аңқаулығынан байқалады.

«Телефон шұқыған «Тілазар» әңгімесінде телефонға әуес балаға кез боламыз. Мұқаш анасы ұзын мүйіз көк ешкіні іздеп кел дегенде тұрмай телефон шұқылап отырып, аяқ астынан «Табылды!» деп айқай салады. Сөйтсе, алтыншы сыныптың оқушысы Бердібек ауыл балаларына «Топ құрып» қойған екен. Сол топқа жазып ешкісінің Нұрландардың қорасында екенін біліп алады. Балалардың бұл ісіне тәнті болған үлкендер малды кезекпен бағу үшін «Үстіңгі көшенің малы» деген жаңа атаумен топ құрды. Әңгімеге бүгінгі күннің оқиғасы негіз болған, қазіргі таңда ауыл тұрғындары бірнеше топ ашып, сол топта өздеріне қажет заттарын тауып отыратыны – өмірдің шынайы көрінісі. Әңгімеде қазіргі ауыл өміріндегі шынайы оқиғалар нанымды бейнеленген.

Толымбек Әбдірайымның «Үш тал гүл» әңгімесіне 4-сынып оқушысы, елгезек Ақеркенің 8-наурыз күні анасына үш тал раушан гүлін сыйлағаны арқау болған. Ақеркеге ой салған көрші үйде тұратын Алдаберген ата еді. Ақсақалдың «түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз» деген сөзінің астарын сұрағанда, былай түсіндіреді.

«Мүйіз дегеніміз – қасат қар болса, киіз дегеніміз – сол қардың түс ауа күншуағымен жібіп, еруі деген түсінік береді. Демек, наурызда Жер-ана бусанып, қыс бойғы қар еріп, жылға-жылғамен сылдырап ағады, ұзамай көк қылтиып шығады, күн мен түн теңеледі» [3, 64], – деген болатын.

Көрші атаның әңгімесі ой салып, Ақерке наурыздың басындағы қыз-келіншектер мерекесімен анасын құттықтауды ойлады. Көкесі мен бауырлары Ақеркенің тапқырлығына таңырқаса, анасы «кішкентай қызы мен әдемі раушан гүлдерін құшағына қысып, бәріне мейірлене қарады». Ең жақын адамыңа қуаныш сыйлау – қандай бақыт. Жазушы Сәкен Жүнісов балалр әдебиеті туралы: «Адам жылма-жыл есейіп, балалық шақтан алыстап, ұзаған сайын бала өмірін сырттай бақылаушы ғана болады. Балалар үшін жазудың қиындығы содан шығар. Бірақ, сол қиындықтан жеңетін бір ғана жеңілдік бар. Ол – бала қуанышы», – деген болатын [2, 133]. Ақерке анасын мейраммен құттықтап оған қуаныш сыйласа, біз де анамызға, жақын адамдарымызға қуаныш сыйлайтын боламыз.

«Таза бұлақ» әңгімесіне короновирус кезінде үйде отырып онлайн сабақ оқыған ағайынды балалардың бір күндік оқиғасы негіделген. Астынан су шыққандай байыздап отыра алмаған Нұржанды бесінші сыныптағы ағасы Жандос пен жетінші сыныптағы әпкесі Ақбота кітап оқуға баулиды. Далаға шығып ойнауға болмағандықтан, олар қызықты кітаптарды оқуға кіріседі. Нұржан Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» кітабын оқып біткен соң, Ақбота оған Ы.Алтынсариннің «Таза бұлақ» кітабын оқуға береді. Алғашында аға-әпкесінің айтуымен кітап оқуға ден қойған Нұржан көркем шығарма оқуға қалай құмартып кеткенін, бос уақытында қолынан кітап түспейтінін өзі де байқамай қалды. Жазушы карантин кезіндегі балалардың бір күндік тіршілігімен оларды уақытты тиімді пайдалануға шақырады. Әр жастағы балалардың түсінігі түрлі болатыны бір үйдегі үш баланың көзқарасынан, ұстамдылығынан көрінеді. Авторлық ұстаным – үлкендер кішілерге жол көрсетіп дұрыс жолға салса, қызықты шығармаларды тауып беріп отырса, кітап оқымайтын бала болмас еді дегенге саяды.

«Ақ кептер» әңгімесіндегі кішкентай кейіпкер Ақмарал қанаты сынған кептерді анасына айтып дәрігерге қаратып ота жасады. Үш-төрт күнде қанаты қатайға кептер ұшуға әрекет жасайды. Бейбітшілік құсының қатарға қосылып қанат қағуына септігі тиген немересіне «Күні ертең сен де бойжетесің, жоғары оқу орнын бітіріп, қалаған мамандық аласың! Еліміздің елеулі адамы боласың! Алла алдыңнан жарылқасын! Бақытты бол!», – деп ақ батасын береді [3, 68]. Қазақ халқында «Батамен ел көгерер» деген даналық тәмсіл бар, әңгімені оқыған балалар шамалары келгенше өзге тіршілік иелеріне қамқорлық жасап, ата-әжелерінен бата алуға ынталы болатын

«Ормандағы оқиға» әңгімесінде бір сыныпта оқитын көрші үйдің балалары Жанат пен Қанаттың басынан өткен оқиға баяндалады. Орманға барып тиіндерге нан беруді әдетке айналдырған балалар бір күні қарағайды балталап жатқан ұрылардың үстінен түседі. Адам барын біліп қашып кеткен ұрыларды қорықшы Күнес ағайға айтып барады. Ертеңіне Күнес ағай екі көмекшісімен көрші ауылдан келген ұрыларды ұстап, акт жасап, оларға айыппұл төлетеді. Тиіндер туралы Жанаттың сауалдарынан оның кітапты көп оқымайтыны көрінсе, көп білетін Қанат танымдық кітаптарды көп оқитын еді. Емен, грек жаңғағы, орман жаңғағы, гүлдің қауызы, саңырақұлақ пен ағаш қабықтары, жәндік, ұлуларды қорек ететін тиіндер қысқы азығын жаз бойы жинап алады. Қанаттың айтуынша 10-12 метрге дейін секіретін тиіндерге олардың ұлпа құйрығы көмектеседі екен, олар 10 жылға дейін өмір сүретін көрінеді. Әңгімені оқыған оқырман өздері де танымдық кітаптарды оқып, қоршаған орта, жануарлар мен жәндіктер туралы көп білуге құмартады, Қанат тәрізді білімді болуға тырысады.

«Тосын сый» әңгімесіндегі балабақшада әріп үйреніп жүрген Бекболаттың атасына қояр сауалы таусылмайды. Атасының айтуына қарағанда, «Пешене деген – адам тағдыры. Жарық дүниеге келгенде мандайға жазылатын өмір. Түрі, жасайтын жасы, мамандығы, істейтін қызметі... осылай жалғаса береді...» [3, 72].

Қыс түсіп қар жауғанда Бекболат көптен төсек тартып жатқан әжесін қуантқысы келіп оған тосын сый жасамақ болады. Өзі сияқты далаға шығып қарға алысып ойнай алмайтын әжесіне жұдырықтай домалақ қар алып келеді. «Тең құрбыңның алды бол, құлыным!», – деп, мейірімді жанары жарқ еткен кейуана тосын сый жасаған тапқыр немересін айналып, толғануда. Тәрбиелік мәні басым әңгіменің оқырмандар да алдағы уақытта кішкентай Бекболат тәрізді жақын адамдарын тосын сыймен қуантуға тырысады.

«Сәдібектің саябағы» әңгімесінің оқиғасы одан да қызық. Қонаққа келген Сәдібек шаруа қожалығында агроном болып істейтін нағашы ағасының жеміс-жидек ағаштарын көріп көзі атыздай болады. Жазушы көрсем, білсем деген бала психологиясын Сәдібек арқылы әдемі жеткізген. Оның құмарлығымен отырғызылған жеміс ағаштарынан бүкіл ауыл тұрғындары көшет алып жатады. Келісіп қойғандай, – қайдан алдыңдар? – дегендерге Сәдібектің саябағынан деп жауап беріп еді. Төртінші сыныпқа көшкенде нағашыларынан алып келіп отырғызған көшеттері жапырақ жайып, бір-ер жылда жемістерін бере бастады. Аякөз өңірінде кездесе бермейтін шие, қарақат, қызылқат, алма сықылды жеміс-жидектерді алдымен жейтін – Сәдібектің іні-қарындастары. Мектепті үздік оқитын баланың бұл ісі бүкіл ауыл аймаққа ғибрат болды. Бұрын картоптан басқа ештеңе

өспейтін ауылда қазір жеміс-жидек ағаштары көбейе бастады. Ағаштарды баптап күту, түбін қопсыту, мезгілімен су құю деген шаруаларды ешкімнен сұрамай-ақ, танымдық кітаптар мен ғаламтордан үйренген Сәдібектің бұл жаңашылдығы көрсем, білсем, жақсыдан үйренсем деген әр балаға үлгі-өнеге болары даусыз. Жаңалыққа жаны құмар балалар өз ауылдарында, аулаларында осындай эксперименттер жасап, оның жемісін жеуіне болады.

«Күрде» әңгімесінде нағашыларына қаладан қонаққа келген Әсеттің бұрын соңды көрмеген жаңалықтарына кезігеміз. Нағашы апасының күрең биенің артқы оң аяғына жіп байлап, алдыңғы аяғын тарта байлап тастағанын көріп, аң-таң болып апасынан сұраса, мінезі «шәлкес» болған соң байлап қойғанын айтады. «– Шәлкес» деген не сөз? – Тентек, қикар... Тыныш тұрмайды...», – деп түсіндіреді апасы. Оған да жарытып түсінбей атасынан білмек болады. Атасы өзі көрген «күрде», «күрделеу», «күрдебау», «күрдежіп» дегендеге түсінік беріп, түсініксіз сөздерді дәптерге жазып алуды ұсынады. Қалада кино, интернет, «Тик-ток» дегендерді ғана білетін Әсетке ауыл тіршілігі – тұнып тұрған жаңалық еді. Ол үшін әр істің, әр сөздің өзі – жаңа ұғым. Атасы айтқандай, ауылдан естіген жаңа сөздер мен жаңа тіркестерді тізіп жазатын болса, оның сөздік қоры әп-сәтте толығып шыға келмек. Қазақтың өзіне беймәлім тіршілігіне куә болған баланың атадан-балаға мирас болған сөздерді тізіп жасаған түсіндірме сөздігімен оларды келер ұрпаққа жеткізетіні күмән туғызбайды. Өзге қала балалары осылай ауылға барғанда естіген жаңа сөздеріне түсіндірме жазып, оны сыныптастарына жеткізіп отырса нұр үстіне нұр болар еді. Сонда қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүріне, кәсібі мен тіршілігіне қатысты көне сөздер жоғалмас еді. «Көлбайдың көмегі» әңгімесінде әкесі аяғын сындырып алып, қос балдаққа сүйеніп қалғанда, Көлбайдың ойынды доғарып ауладағы қарды күреп жүргеніне кезіксек, «Құстың ұясы» әңгімесінде қыста құстар тоңбасын деп жасаған Бақтияр мен Алдиярдың ұясына торғайлар қонып, бұлардың шашқан жемдеріне алғыс айтуда. «Тарқаған өкпе» әңгімесінде суық тиіп аурухана түскен Алдан бір аптадан кейін келсе, көрші тұратын досы Сәруар аттан құлап, мертігіп ауруханаға түсіп қалыпты. Енді ол аурухананың төсегінде достарын күтіп жатқан Сәруарға дәмді тамақ алып барғанша асығулы. «Таңат – менің ағам» әңгімесінде ағасы Таңаттың сабаққа дайындалуына кедергі жасап жүретін қарындасы Айгерім ол бір аптаға қыдырып кеткенде сағынып, асыға жолын күтуде. Әкесі алып келген екі сникерстің біреуін ағасына қалдырып, күнде оның жолына қарауда. Шағын оқиғадан бірге жүргенде бір-бірінің қадірін білмейтін қатар өскен балалардың арасы ұзаған кезде сағынып жүретінін көруге болады. Таңат басқа қарындас тауып алды дегенге

иланған қыздың «Таңат – менің ағам, менің ағам!», – деп жылауын үдетуінен бала психологиясы анық көрінеді. «Отыз мың теңге» әңгімесінде орыс балабақшасына барған Досымжан қазақ сыныбында оқығысы келмей қиқандағанмен, атасының «бірінші сыныпты үздік бітірсең, отыз мың теңге сыйлық беремін» дегеніне тырысып, сыныпты үздік бітіріп отыр. Ол енді атасы сыйлаған отыз мың теңгеге велосипед алмақ. Тілі орысша шыққан басқа балалар да еңбектеніп, біраз күш жұмсаса, ана тілін еркін игеріп кететін еді. Сынып жетекшісі Ақайдар ағайдың «Досымжан еңбекқор, білімге ерекше күштар. Алдағы уақытта да осы бетінен қайтпас деп ойлаймын» деген сөзі оның бейнесін толықтырып тұр.

Қанат Қайымның «Алабай» әңгімесінде Қалидың күшік кезінен асыраған итінің иесіне деген адалдығына тәнті боламыз. Қали жол апатынан мезгілсіз қайтыс болғанда, зиратқа дейін бірге барып, ел ауылға қайтқанда жаңадан үйілген жас топырақты күзетіп қалған Алабай содан бері жарты жыл өтсе де зират басынан табан аударған емес. Марқұмның балалары Әли мен Мәди үйге алып келсе де, иесін сағынған Алабай әп-сәтте солай қарай тайып тұрады. «Ит әбден ішқұса болып жүр. Адалдықтың айқын айғағы демеске не шара?!» деген автор сөзінен иттің адамға дос екені аңғарылады.

«Мейн-кун жетектеген шал» әңгімесінен қазақ ішінде өскен Степан Макарыштың таза қазақша сөйлегеніне тәнті болсақ, оның жетектеп жүрген мысығы да өзгеше еді. Степан шалдың Купидон деген мысығын жазушы былай суреттейді: «Жүні желпілдеген құйрығының өзі жарты метрге жете-қабыл. Бұлшық еттері шығыңқы басының өзі ересек адамның екі жұдырығындай. Бір-біріне жақын орналасқан екі құлағы жалпақ боп басталып, ұшына қарай сүйірлене береді екен. Ақ құлақ ұшында сілеусіндікі тәрізді күлтеленген шашақтары бар» [3, 91].

Арғы аталары Америка Құрама Штаттарының Солтүстік-Шығыс Америкадағы Мэн штатындағы вермаларында өмір сүрген. Сырт келбеті енотқа, қазақша жанатқа ұқсайтын мақұлықтың бағасы да мың доллордай болатыны Арланға ғана емес, оның атасына да жаңалық еді. Дене бітімі зор, басынан құйрығына дейін бір метр болып қалатын мақұлықты итше жетектемесе, 8-9 келі салмағымен көтеріп жүру де оңай емес. Жазушы шағын оқиғамен біріншіден, жалғызбасты қала адамдарының ит пен мысықты өздеріне серік ететіне көңіл аударса, екіншіден, қазақ ішінде өскен Степан шалдың таза қазақша әзілдесіп сөйлейтініне назар аударған.

Ділдер Мамырбаеваның «Махаббаттың ақ жауыны» хикаятында Ақниеттің мәнерлеп сырғанаудағы жетістігіне тәнті боламыз. Мұз үстінде балалардың конькимен ойнағанын көріп, әжесіне алдырған Ақниет пышақтың қырындай конькиді екі-үш күнде игеріп алады.

Ауылдағы мұз айдынына спортшылардың келіп жаттығу өткізіп жатқанынан басталған оқиға лирикалық шегініспен толығыады. Мұз үстінде билеймін деп, өкшесі шытынап, тобығын шығарып алған қыз есін жиса ауруханада жатады, тағы бір есін жиғанда әжесінің сөйлеп тұрғанын естиді. Әжесінің айтуына қараса, Моңғолиядан келіп Шет тілдер институтында оқып жүргенде өзімен бірге оқыған жігіттің ата-анасы «оралмандар – кезінде елін тастап кеткендердің ұрпағы, олар саған опа бермейді» деп анасы алдырмай қойғанға ұқсайды. Қазақтардың ішінде «оралман» дегеннен қашып, шетелге оқу іздеп кеткен қыз балконнан құлап, жұлыны үзіліп, қоларбаға таңылып мүгедек болып шетелде жүр. Америкада өзі оқитын университет арнайы қор ашып, дәрігерлердің қарауына бекітіп қойғандықтан Қазақстанға келгісі жоқ.

«– Конькимен мұз үстінде билегенін көрсеңіз. Арнайы мектепке барып жүргендер де олай билей алмайды.

– Кәңкимен сырғанаған да өнер болып па?

– О, мұның болашағы зор. Біздің Қазақстанда мәнерлеп сырғанаудан әлі ешкімнің жұлдызы жарқырап жана қойған жоқ. Оның түрлі себептері бар. Енді сол өкініштердің орнын толтыруымыз керек. Ақниетті беріңіз. Өзіңіз де бірге жүріңіз.

– Жасым келгенде қалаға барып, кімнің есігін сығалайын? Осы қолқанды қайтып ала қойшы», – деген әжесі мен әдемі апайдың диалогы Ақниет туралы оқырманға толыққанды ақпарат береді [3, 97].

Әдемі апайдың айтысына қарағанда, Олимпиада үміткерлері мектебіне сынға алған 100 баланың ішіндегі біреуін ғана іріктеп алатын, жүздің ішінен оза шыққан балаға ақша төлейтін көрінеді. Әжесі қанша қарсыласқанмен, екеуінің әңгімесін естіп жатқан Ақниеттің «барайыншы» деп қиылғанына қарсы бола алмады. Осылайша Ақниетті әдемі апай өзімен бірге қалаға алып кетті.

«Ақниетке ұнағаны – мұзайдынындағы үлкен айна. Тұла бойыңды түгел көресің. Дененді түзу ұстауды, басыңды, қолыңды қалай қимылдатқаныңды бақылайсың. Жаттықтырушы – әдемі апай. Аты – Кәмила» деген жолдардан Кәмила апайдың Ақниеттің тікелей жаттықтырушы екенін байқасақ, ол кісі өмірде жайдары болғанмен, жаттығу кезінде тым қатал. Қалт кетсең бір қимылды он рет қайталатудан жалықпайды. Мұз үстінде сырғанаудың оңай еместігін Ақниеттің талай құлап, үстінің көк ала болып жүретінен байқасақ, оған ақшаны өкіметтің тегіннен-егін төлемейтіні де белгілі. Азия чемпионатында спорт костюмінің сыдырмасы шашын іліп қалып, басы кекжиіп қалса, мұз үстіндегі төрт минуттың ішінде саусақтары компьютер басуға келмейтін мүгедек анасы есіне түскенде, қалай құлағанын өзі де сезбей қалды.

Камила апай қанша жұбатқанмен, ЦСКА клубының бас бапкері жандарына келіп:

«– Осы хореография дегенді мәнерлеп сырғанауға қоспандар дедім. Не болдық дүйім жұрттың алдында? Тәп-тәуір өнер көрсетіп жүрген саған не болды? Жаңа сен құлағанда алдыңғы қатарда отырған министріміз жерге қарап қалды. Құрттың ғой бәрімізді», – деп тап берді [3, 99].

Бұл сайыста мәнерлер сырғанаудан қытайлық қыз Ли Тихуаның жұлдызы жанды. Еркін еркелеп, жымыып жүріп ауада айналуға үш орам жасап секіре білетін қызда титтей де жасандылық жоқ. Мұның бәрі оңай емес екендігі Ақниетке айқын, ол ауада артқа шалқалаймын деп көк мұзға талай рет гүрс ете құлаған. Сырғанауда тодес, аксель, сальхова элементтерін игеру оңай емес.

Осы жарыстан кейін Ақниетті жеке емес, жұптасып сырғанауға шешім қабылдапты. Енді оны Кәмила емес, бас жаттықтырушы жаттықтаратын болады. Көнгіш, тыңдағыш, сенгіш Ақниет бас бапкердің жаттықтыратынына қынжылғанмен, үлкендердің айтқанын дұрыс деп қабылдады.

Ақниет өзінен 3-4 жас үлкен Серік деген баламен жұптасып өнер көрсетіп жүргенде, ол Өріксайдағы мұз үстінде «Қаражорғаға» билейтін қызды шырамытса, Серік – мұз үстінде «циркуль» жасайтын, уысындағы асығы мұзға шашылған қалақтай бала екен. «Ақниет! – екеуі күн нұрына малынғандай сырғанай жөнелді. Тыныш тұрған жүрек бұлқынды, атқақтады. Ұршықтай үйірілді. Кербез аққудай керілді. Кішкентай баланы әкесінің аспанға көтергеніндей. Осы сәтте Серік оны қолы мен белінен демеп ауаға лақтырып жіберді. Мәнерлеп сырғанауда оны «выброс» дейді» [3, 101]. Аяқ астынан Серіктің көзі тұманданып, әл-дәрмені қалмады.

Аяқ астынан ауруханаға түскен Ақниетке дәрігерлер «миы шайқалған» деген диагноз қойды. Бір айдан кейін жастар арасындағы әлем біріншілігіне дайындап жатқан спортшылардың күтпеген жағдайы жаттықтырушыларын тығырыққа тіреді. Көріпкел-психологтың емімен Ақниеттің тез аяққа тұруы – оның еңбекқорлығымен бірге үлкен жарысқа деген дайындығы еді.

Оңтүстік Кореяның Гоянг-Сити қаласында өтетін жастар арасындағы әлем біріншілігінде Ли Тихуаны іздесе, ол гидроцефалия деген ауруға шалдыққан болып шықты. Ақылды, сүйкімді Лидің бассүйегінің іші суға толып, ми судың ішінде қалқып жүретін сумилық ауруға ұшырағанын ұмыта алмады.

Қазақстаннан барған Серік Нұржан мен Ақниет Асан ауада толық төрт айналым жасап рекордтық көрсеткіш жасап, «Қазақ мәнерлеп сырғанаудан кенде қалған!» дегенді жоққа шығарды. Қуанышты естіген әжесі алдымен құттықтап, Түркияда тұрып жатқан Кәмила

ұшып келді. Жарыстан кейін Нью-Йорктағы шешесіне барып, қасында біраз болып, мауқын басып қайтты. Бүкіл ел Ақниет Дүйсенқызы Асанның атын әлемге жеткізіп жатқанда, әлемдік рекорд жасаған қызын әкесінің іздеп келмегені – өкінішті. «Басқа отбасы, басқа балалары бар шығар, бірақ өзінің бір кездегі адамгершілікке жатпайтын ісін ұмытып кетуі мүмкін бе?! Жаны қалай тыныш тауып жүр екен?! Әкемнің сондай қылығы болмаса, шешем де шет елге кетіп қалмас еді ғой», – деген монологтан Ақниеттің жан жарасын түсінуге болады [3, 104].

Туа бітті нағашы әжесінің бауырында өскен Ақниет қанша жетістікке жеткенмен оның көңілі жарым еді. Анасы жастайынан жазылмас дертке ұшырып арбаға таңылды. Өлі жасушаларды жаңалайтын жасушалар жаңа туған баладан алынатындықтан, дәрігерлер оған антигуманный деп рұқсат бермейді екен.

Жатықтырушысын ұнатпайтын Серіктің өтініші бойынша бұларға кәсіби сырғанаудан жаттықтырушы болып Сәуле Кәрібай келді. Хореография қосылып, сырттан Кәмила шақырылды. Кәмиляның тапқырылығымен мұз үстінде қыс, көктем, жаз, күз мезгілдерінің сұлбасын салғанда театрға бергісіз болды. Осылайша Ақниет Асан мен Серік Нұржан Қазақстанды мәнерлеп сырғанаудан алтын тұғырға көтерді. Мұз айдынында махаббатың ақ жауынына шомылған Ақниет сальховты параллель жасап, ауада әсем өрнек қалдырды.

Жазушы Ақниеттің мұз үстіндегі кемшіліктеріне жабырқау көңілі әсер еткендігін нанымды бейнелеген. Туа бітті көрмеген әкесін іздеуі, ұзақтағы мүгедек анасын сағынуы – жас қыздың өнеріне де көлеңкесін түсіргені белгілі. Алайда өнердегі жұбы Серіктің өзіне деген кіршіксіз махаббаты Ақниетті ақ ұлпа бұлттай қалықтатып аспанға ұшырды. Авторлық ұстаным – ауада қалықтап ұшқан қыздың жан ләззаты оны өнер биігіне көтерді, жалғыз емес, сүйгені Серік екеуі Қазақстанды әлемге танытты дегенге саяды.

Ғалым Қалибекұлының «Тыртық Қабыл» әңгімесі бала күнінде пісіп тұрған сүтке түсіп кетіп беті тыртық болып қалған, Ұлы Отан соғысының ардагері Қабыл қария туралы ауыл балаларының қорқынышты оқиғаларына құрылған. Оқиганың негізгі кейіпкері – мектепке бармаған кішкентай Қаһар. Ауыл балаларының айтуынша тыртық Қабыл балаларды жейтін, қараңғыда шайтанның отын жағатын, көздері түнде жанатын көрінеді. Ауыл балалары бір-бірін «Тыртық Қабыл келе жатыр» деп қорқытады. Бір-бірінен естіген үрейлі әңгімелерінен шошыған олар қарияны көргенде зым-зия жоғалып қолына түспеуге тырысады. Балалардың ертегілеріне имандай сенген Қаһар тыртық Қабылмен үш рет бетпе-бет кездеседі. Біріншісінде, ақ сүйек ойнап жүріп, «Тыртық Қабыл келе жатыр»

дегенді естіген бойда балалар тым-тырақай қашып кетіп, ол орнынан қозғала алмай отырып қалады. Оны көрген қария «Әй бала! Түн ішінде не істеп жүрсің? Апаң іздеп қалады, жүгір!» дейді де кете барады. Ұстап алып, үйіне апарып сойып жейтін болды деп, тілі күрмеліп тырп ете алмай отырғанда, қасына аялдамай өте шыққанына таңданады.

Екіншісінде, сиыр іздеген әкесімен бірге барып, тыртық Қабылдың шөп қорасының жанынан айдап келеді. Ол кезде де ол балаға ештеңе айтпайды.

Үшіншісінде, биік маяның үстінде ойнап жүріп құлап, орнынан тұра алмай ойбайлап жатқанда, арқасына салып оташының үйіне алып келеді. Үйінде әке-шешесі жоғын біліп, зілдей баланы өкпесі сырылдап жүріп оташыға жеткізеді.

Енді мектепке барған күні директор Ұлы Отан соғысының ардагері Қабылдың өмірден өткенін, мектеп алдындағы балаларға сая болған биік ағаштарды сол кісінің отырғызғанын айтып отыр. «Қабылдың да дәм-тұзы бітті, – деді апасы мектептен қайтқанда, – кісі баласына жақсылық жасағаннан өзге зәбір-зауқыметі жоқ еді, иманды болсын, бұндай кісінің орны жұмақта!», – деген сөзінен кейін Қаһар ойға шомды. Ол тыртық Қабылды тектен-текке кінәлағанын, орынсыз қорыққанын кеш біліп, «іштей бірдемені күбірлеп, апасымен қатар «Әмин» деп бетін сипады. Оның не дегенін бір құдайдың өзі біледі...» [3, 131].

Жазушының «Кім кінәлі?», «Түс», «Майтабан» әңгімелерінің негізгі кейіпкерлер – ағайында Айбын мен Айдан. «Кім кінәлі?» әңгімесіндегі Айбын мектепке барғанға дейін әріптерді ағасынан үйреніп, «Балдырған» журналы мен «Ұлан» газетін еркін оқып, тақпақтарды жатқа айтатын болса, ағасы Айдын сабақ оқып жарытпайды. Әкесінің «Осы оқу деген бәлені кім шығарды екен, ә?!», – дегеніне, Айбынның: «Ыбырай Алтынсарин» деп жауап беріп жүргені де оның оқуға деген құштарлығын көрсетеді. Жазушы екі баланың оқуға деген талабымен бес саусақтың бірдей еместігін оқырманның есіне салса, олар алдағы уақытта Айдын тәрізді үлкендердің алдында ұятқа қалмас үшін жақсы оқитын болады. «Түс» әңгімесінде кішкентай Айбын түсіндегі Айдынның қолындағы билетін іздеп ұятқа қалса, «Майтабан» әңгімесінде шалшыққа түскен Майтабан күшіктерін сабындап шомылдырамыз деп өлтіріп алған екеуінің балалығына кездесеміз.

Жазушы Серік Елікбайдың «Атасының баласы» әңгімесінде қаладағы жас отбасылардың балалары Елханды бірінші сыныпта ауылда оқытқаны, бір жылда атасының баласы еңбекқор болып шыға келгені туралы баяндалған. Атасы ауырып өмірден озған соң, ата-анасының қасына келген бала атасының тәрбиесімен күн шыққанда

төсекте жатпай ерте тұратын болып алған. «Ерте тұрған жігіттің ырысы артық», – деп ата-әжесі ерте тұрғызатын болғаны ғой. Тіпті үй ішінде етек-жеңін жинап жүретін жинақы баланың әке-шешесі бұл күнде ата-енемен бірге тұрып жатқандай, олар да ашық-шашық жүрмейтін болған. Ата тәрбиесін алған кішкентай Елханның өз әке-шешесін тәрбиелеп жүргеніне көңілің толса, атасын сағынған баланың «Ата.. Ата.. Ата.. Ата...» деген жазбаларын көргенде еріксіз мұңаясың.

Қалада өскен баланы ауылдағы ата-әжесіне жіберудің қажеті жоқ, ата-анасының қасында болу керек деген пікірлер қоғамда көп талқыланып жатады. Алайда, ата-әжесінің тәрбиесін алған баланың еңбекқор, бауырмал, көпшіл болатынын ұмытып жатамыз. Жазушы ауыл тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтарға назар аудару арқылы, қазақтың болашақ ұрпағын тәрбиелеудегі ұстанымдарын ашық көрсеткен. Ол – бала тәрбиесіндегі ата-әженің рөлі.

«Болат қайда жүр екен?» әңгімесіндегі жеті жасар әкесіз Болаттың өзін шынымен ауыл жанына НЛО тастап кеткеніне сенетіні жаныңды күйзелтеді. Баласының көршілермен араласуына тыйым салатын анасының тағдырында ешкімге айта бермейтін өз құпиясы бар еді. Болаттың түн ішінде далаға шығып кетуінің, аяқ астынан шегір шүңірек көз жігіт ағасының көшіріп алып кетуінің астарында үлкен сыр жатқанын оқырман түсінеді. Болат үшін жағдайын сұрап тұратын көршісінен жақсы адам жоқ еді, енді ол көрші ағасын сағынатын болады. Жазушы әкесіз өскен бала бойындағы бұйығылық пен жалтақтақтың толық отбасында өскен баланың бойында болмайтындығына назар аударған. Бала тәрбиесі – ұл болашағы болса, әр бала бақытты болуға құқылы. Олардың ата-аналары әр баланың тағдырына жауапты екенін ұмытпағаны абзал.

Серік Сарыбайдың «Құлжа сақа» әңгімесіне мектеп жасына жетпеген Ақпар мен Бекеннің құлжа сақаға таласып, бір-бірінен кезек ұтып алып жүргеніне, сақасын ұтқызып алған Бекеннің ауылды көшіре өкіріп жылауы, анасы мен әпкелеріне еркелеп қиғылықты салуы сынды сюжеттер кезек-кезек өтіп жатады. Бекеннің мектепке бармай жатып есеюіне анасының мезгілсіз қазасы себеп болып еді. Мектебі жоқ ауылдың балалары қалаға барып оқитындықтан, Әлімбай кішкентай Бекен үшін қалаға көшкелі жатыр. Қалада сақаның керек болмайтынын білген бала кезінде таласып, төбелесіп жүретін Ақпарға құлжаның асығын: «Мынау саған. Биыл түк ойнаған жоқпын. Күтіп ұста мен секілді, қарашы әлі еш жері мүжілген жоқ», – деп сыйға тартады.

Әңгіменің басында құлжа сақасы үшін ойбайға салып өкіріп келе жатқан Бекен бір жылға жетпей есейіп шыға келді. Бекен балалармен қол алысып қоштасып: «Мен келемін. Балалар, міндетті түрде кеп

тұрамын, – деп зорлана күліп, жанарға тығылған жасты көрсетпеу үшін көлікке қарай бұрылып, жүре берген. Аңтарылып тұрған балалардың ең кішісі Амантай өкіріп жіберді...» [3, 151]. Шаң сапырған кішкентайларға жуымайтын Бекен анасынан кейін жалғыздықтан жүдеп сала берді. Әкелі-балалы қос мұңлық құшақтасқан күйі еңіреп қала берді. Сенбі, жексенбі күндері әпкелері кезек-кезек келіп тұрғанмен, құлазыған үйге сыймаған бала күні бойы әкесінің қасында жүріп оған көмектескен болады. Анасы барда ештеңе ойлағаман ерке бала осылайша көз алдымызда, аз уақыттың ішінде есейіп шыға келді.

«Қызқұлаған» шығармасы бір-біріне ғашық болған Дәуренбек пен Қайша қыз туралы аңызға құрылған. Жазушы Текелі тауындағы Шаша өзенінің бойындағы «Қызқұлаған» аталып кеткен сілем таудан домалаған ат пен қыздың ізінен бүгінде жықпыл тас сусып, үнемі төмен сырғып жататынын айтады. Қайша мен оның аты Бөрте жатқан шошақ төбе туралы аңыз былай болған екен.

Қайша – төрт құбыласы сай, өте бай кісінің қызы болса, Дәуренбек – жылқышы жігіт. Екі жастың махаббатына жеңгесі тілекші болғанмен, жылқышы жігітті әкесі өзіне тең көрмейтіні анық. Бірақ сөз байласқан жастар кездесіп жүреді. Қайшаның сұлулығын ел былай жеткізеді: «Көзі жақұттай жарқылдап, қос бұрымы тобығына түсіп тұр, білегі Шажанда шоршыған ханбалықтай жұмыр, сауырындай аппақ, сөйлесе аузынан маржан төгіледі» [3, 151].

Қыздың сұлулығы елден-елге тарап, оны естіген Балдырған бай қызға құда түсіп келу үшін бетін әжім басқан шалды, қалыңмалына құлын-тайды енесімен, бота-тайлақты келесімен, сиырды табынымен, қойды отарымен беремін деп қыз әкесіне аттандырады. Дүниеге қызыққан әке ай жаңа туғанда қызын береретін болып дайындыққа кіріседі. Осы кезде жылқышы жігіт Дәуренбек Керкұла, Бөрте аттарды тасқораға қамап, ащы терін алады. Бір аптадан кейін, екеуі уәделескен күні таң ата екі ғашық аттарға мініп қаша жөнеледі. Шажаның күркіреген дауысынан ат тұяғының сытырын ешкім естіменде Шоқпар құл естіп қалып «Аттан!» салады.

Байдың айтуымен Шоқпар құл бастаған қуғыншылар соңына түсіп, келесі күні таң атқанда олар орманға паналайды. Қуғыншылардың Дәуренбекке батпай тұрғанының себебін былай түсіндіреді. «Дәуренбектің қабыландай еді білегі, құрыштай еді білегі, қуғыншы мұны біледі. Бәрі батпай көп тұрып, «Тәуекел!», – деп Шоқпар құл орман ішіне кіреді. Дәуренбек оған атылып, қаршығадай бүріп, жонынан таспа тіледі. Сабап-сабап қуып жібергенде, Шоқпар құл «Дәуренбектен кек алмай өлсем қайтпаймын» деп орманға өрт қояды. Дәуренбек әкесі қызын өлтірмес деп, Бөртеге қамшы басып оттан шығарып жібереді де, өз өрттің ішінде қалады. Қызының бұл ісіне

намыстанған әке қол-аяғын байлап, үстінен мың қой айдап өтіндер» деп бұйрық береді. Тар соқпақтан қойлар кезектесіп өткендіктен, қыздың белін баспай бәрі секіріп өтіп, қыз аман қалады.

Әкесі Балдырғанға хабар беріп, қызын беріп жібереді. «Қызың мені масқара етті», – деген сылтаумен азын-аулақ құн мен пұл беріп қызды алып қайтады. Балдырған күйеу Қайшаны нарқоспаққа мінгізіп, түйенің басына шашақты қоңырау салдырып, қарқаралы көшпен жайлауына бет алады. Әкесінің шалға бергеніне ренжіген қыз Балдырғаннан Бөрте атқа отыруға рұқсат сұрайды. Қашып қайда барады деп ойлаған бай рұқсат бергенде, Дәуренбектен жаным артық емес деп шешкен қыз, «Әй, қу қақбас, әкеме сәлем айт! Ақсұңқарға сақтаған ақ етімді құзғынға шұқытпақ болғанын екі дүниеде кешірмеймін» деп тау жиегінен атымен бірге қарғып кетеді.

Жазушы Текелі тауындағы Шажаның бойындағы Қызылауыз жайлауы, Балдырған жайлауы, Қызқұлаған, Беласар деген жер атауларын осы оқиғалармен нанымды баяндайды.

Қанағат Әбілқайырдың «Аққұлақ пен ұялас» әңгімесінің оқиғасы шопанның кіші ұлы Қанаттың көзімен суреттелген. Әкесі мен көкесіне еркелеп, бұзықтықтың неше түрін жасап жүретін Қанат бастықтар келіп Аққұлағын жеп кеткенде апталап төсек тартып ауырып қалады. Сол бастық кейін көп жегені үшін істі болады. Әңгіменің соңында құтырған түлкімен таласты деп Ұялас итін атып тастағаны үшін көкесінің егіліп жылап отырғанына кезігіміз. Көкесінің жылғанын көрген Қанат енді бұзықтық жасамауға, үлкеннің тілін алуға бел шешеді. Оның ойынша Ұялас көкке ұшып барысымен Аққұлақты тауып алады. Екеуі бірге жүрсе, олар ештеңеден қорықпайды. Аққұлақ марқасын жеген бастық тәрізді, енді Ұяласты атқан кісіні де орнына алып тастайды. Мектепке бара қоймаған кішкентай Қанаттың көзімен суреттелген шығармада бала психологиясы жақсы ашылған.

«Мейір мен Айна» әңгімесінің оқиғасы мектеп оқушысы Мейірдің көзімен суреттеледі. Қыстың көзі қырауда кеш батқанша далада сырғанақ ойнап жүрген Мерейді әкесі Өмірәлі ағасы мен Әбділдәні ет жеуге шақыруға жұмсайды. Өмірәлі Мерейге қызы Айнаны берем күйеубала деп қағытып отыратындықтан ол үйге барғысы келмейді. Айна екеуіне көбейту кестесі мен септіктердің сұрақтарын қойып жарыстырып отыратыны ұнамайды. Бірақ әкесінің тапсырмасымен қонақтарды шақырып ертіп келеді. Әкесі еліміздің еркіндік алғанын айтып, құрдасы Өмірәліден сүйінші сұрайды. Тәуелсіздік дегеннің не екенін түсінбеген балалар әрқайсысының аузына үңіліп әлек. Ертеңіне мектепте үлкен жиналыс болып, Айна тәуелсіздік туралы өлең оқиды.

Бабам күткен тәуелсіздік,

Атам күткен тәуелсіздік,
Бәрімізді қуандырып,
Келіп жеткен тәуелсіздік!..., – деген өлеңнің сөздері ұнады ма, өзі іштей жек көретін Айнаға Мейір тұңғыш рет мейірлене қарады:

«Әдемі екен ғой өзі...» [3, 170].

«Бала көктем» әңгімесінің оқиғасы төртінші сыныпты бітірген Нұрлы мен інісі Қанаштың көзімен суреттелген. Нұрлының тұзаққа түскен бүркіттің қанатын кесіп алып, Қанаштың екі қолына байлап оны ұшырмақ болғанына еріксіз жымиясың. Ойынға тоймайтын балалардың өзен жағалап, не ойнарын білмей жүруі, өзенмен қайық ағызбақ ойлары, бүркіттің қанатын байлап ұшқысы келгені, қой бағып жүрген әкелеріне құс сияқты лезде ұшып барғысы келуі – олардың психологиясын ашуға қызмет етеді.

Есей Жеңісұлының «Ұсқынсыз қонжық» әңгімесінде балабақшаға баратын Маралды өзі суретін салған кішкентай қонжығы тәрбиелейді. Марал жан-жануарлардың суретін дұрыс салмай, бірін аяқтамай тастап, екіншісін бастап суреттерін дұрыс салмай жүргенде оның түсіне өзі суретін салған қонжығы кіреді. «Қараса..., қараса, бір беті ісіп кеткен, бір құлағы шолақ қонжық қарап тұр. Маралдың ұйқысы шайдай ашылды. Қатты қорықты. Жан-жағына қарап еді, әкесі мен анасы қаннен-қаперсіз ұйықтап жатыр» [3, 176].

Қонжық Маралдың суретті дұрыс салмағанына, заттарын қалай болса, солай шашып тастайтынына ренжиді. Оның айтуы бойынша, түнде альбомдағы суреттерге жан бітіп, олар түнімен қуаласып ойнайтын көрінеді. Маралдың суретті дұрыс салмауынан қонжығы өзінің ұсқынсыз болып қалғанын айтып ренжіп тұр.

Марал таңертең тұрғанда анасына қонжығының келіп өзімен сөйлескенін айтады.

«– Мам, түнде үйге мына қонжық келді, – деді анасына альбомын көрсетіп. – «Мені дұрыс сала алмапсың, ренжіп жүрмін», – деді.

Тісін тазалап тұрған анасы альбомға көз салып, жайлап езу тартты. Аузына су алып шайқап алды да:

– Қашан келді? – деп сұрады.

– Бағана, мен шөлдеп оянғанда.

– Тағы не деді?

– «Салақ болма, бастаған ісінді аяқта» деп ұрысты.

Әне, көрдің бе, менің де, апайыңның да айтып жүргенін қонжығың да біледі екен» [3, 179], – деген диалогтан Маралдың балаға тән психологиясы анық көрінеді. Ол өзі салған суретке жан біткеніне сеніп, қонжығы айтқан сын ескертпелерден нәтиже шығарады, ағасы Барысханның көмегімен сурет салуды үйренеді. Алдағы уақытта жан-жануарлардың суретін салғанда, қалай болса,

солай немқұрайлы емес, аса ыждағатпен барынша ұқсатып салатын болады. Сонымен бірге анасы мен тәрбиеші апайының өзіне айтып жүрген сын-ескертпелерін сүйкімді қонжығы да қайталап айтқандықтан, алдағы уақытта салақ болмауға, бастаған ісін соңына дейін жеткізетін тиянақты болуға сөз береді. «Мені кешіріші, қоңыр қонжық. Енді сені ренжітпеймін» деген уәдесін естіген қоңыр қонжық Маралды кешірсен, енді ол өзі салған әр суреттегі жан-жануарлардан осылай кешірім сұрайтын болады. Парақ үстінде ойнап жүрген қонжық пен мысыққа қарап отырғанда, қоңыр қонжық Маралға қарап көзін қысып қояды. Мұны көрген ол анасына жүгіріп келіп, «Мам, естіпті! Қонжық мені кешіріпті» деген қуанышын білдіреді. «Анасы қызының қолындағы альбомға еріне қарап, қонжық пен мысыққа самарқау көз тастады. Кішкентай баланың қолынан шыққан кәдімгі сурет. Ерекше ештеңесі жоқ». Бұл суреттердің кішкентай Марал үшін мәні өте жоғары екенін анасы түсінген жоқ. Марал қонжық пен мысықты өзіне дос санап, олармен сөйлесіп жүргенін анасы білмейтін еді.

Е.Жеңісұлының «Қайтпас шырпы» әңгімесінде сіріңке фабрикасынан шыққан миллионнан астам шырпының біреуінің тағдырына тап боламыз. Оқиға қайтпас шырпының көзімен баяндалады. Адам баласының қажетін өтеп, оларға жылу сыйлауды армандаған шырпы өз мақсатына жету жолында ұзақ уақытты өткізеді. Бір қораптың ішіндегі шырпылардың біразы темекі тұтатуға кетсе, мұнымен қожайыны құлағын шұқып жерге тастай салады. Екі-үш күн дегенде күн шуағымен кептірілген шырпы жаз бойы, күз бойы бір адамның көзіне шалынбай жерде жатып қалады. Үстіне желмен келіп түскен көп жапырақтың арқасында қыс түскенде де суланбай құрғақ күйінде жата береді. Қыстыгүні шалғышының жазда көрген баласы осында келіп, өзеннен су алып шай қайнатпақ болғанда, дүкеннен шырпы алуды ұмытып кеткенін біліп аһ ұрады. Көп ұзамай оның көзі жерде жатқан шырпыға түсіп, шырпыны шалбарына сүйкеп қалғанда жарқ етіп от шығады. Осылайша, адамзат баласының қажетін өтеп өз арманына жеткен шырпының қайсарлығын автор былай түсіндіреді. «Иә, ол дегеніне жетті! Адамның пайдасына жарады! Жарағанда да, жаңбырға, шақырайған күнге, аязға қарамай шыдап, осы сәтке жеткенін көрмейсің бе?» [3, 187].

Өмірлік мақсатын орындаған шырпы қап-қара күлге айналғанынан ләззат алса, әр тіршілік иесінің де алдына қойған мақсаты болу керек. Тіпті жансыз заттардың өзі алдына мақсат қоятын болса, адам баласының арман-мақсаты олардан әлде қайда биік болу керектігін әр оқырман түсінеді деп білеміз.

Жазушының «Өрімтал» әңгімесінде бастауыш сынып оқушысы Құрмаш әкесінің бұтақты сындырып машинасының шамына жұққан

балшықты тазалағанын көріп, бұтақты сындыруға болмайтынын ескертеді. Апайының «Айналамен таныстыру» сабағында айтқанын ойына тоқыған баласына көңілі толған әке сынған бұтақты өсіруге болатынын үйретеді. Үйге алып келіп шыны құтыға салып, тамыры шыққан соң өзен жағасына апарып отырғызады. Оны көрген Құрмаш: «– Әке, сонда біз шыбықты тамырлап үлгермей-ақ әкеп отырғызсақ, өспей қалуы мүмкін бе еді?

– Біздің Алматының топырағы қасиетті ғой, шыбықты теріс шанши салсаң да өсіп кетеді. Бірақ барлық нәрсенің тамыры болғаны жөн. Тамырсыз шыбық тұрмақ, адам да ұзаққа бара алмайды. Сенің тамырың – әке-шешен мен әпкең мен қарындасың, ауылдағы бауырларың, Отаның, Қазақстанның. Тамырыңды тереңдетіп оқысаң, өсіп-өнсең, ақылды азамат болсаң, керекке жарағаның» [3, 190], – деген диалогтан Құрмаштың білмегенін білуге деген құштарлығы байқалса, әкесінің сөзінен баласын дұрыс тәрбиелеуді сөзімен ғана емес, ісімен көрсетіп, оған үлгі-өнеге болып жүргені байқалады. Шағын оқиғаға құрылған әңгіме Алматы қаласында өткенін ескертін болсақ, әр жердің табиғаты әртүрлі, әңгімені оқыған балалар туған жеріне шыбық отырғызып, оның үлкен ағашқа айналғанын көргісі келетінін білеміз. Құрмаш тәрізді олар да бірнеше шыбық отырғызса, олар мектеп бітіргенше шыбықтары тоғайға айналар еді. Жазушының оқырманға ұсынар тақырыпты таңдауы, оны жеткізуі балалар әдебиетінің талаптарына сай. Автор сөзімен, не кейіпкер сөзімен әр оқиғадан түйін жасай отырып, содан шығатын ойды қорытындылауы орынды.

Есболат Айдабосынның «Қоңыр боти» атты екі бөлімді әңгімесіне көрші отырған екі үйдің кенжелері туралы оқиғалар легі негізделген. Оқиға ауруы асқынған Кадронның отбасынан ажырасып, әке-шешесінің үйіне келіп жатқанынан басталады. Кадронның шын аты – Кәдірбек. Оқиғаны баяндаушы кейіпкер Кадронның басындағы жайды анасынан естіген соң, балалық шағы есіне түседі. Қыстың суығында күні бойы далада ойын қуған балалардың екеуі де денсаулығынан айырылған. Кадронның түбіне жеткен – қоңыр боти. Ешкімде жоқ, сырғанауға ыңғайлы қоңыр ботиын аяғынан тастамайтын Кадрон қыс өте ревматизм болып ауырады. Алғашында екі ай Ұзынағаштың ауруханасында, кейін Алматыдағы ауруханада ұзақ жатып ем алғанмен, созылмалы аурудан сауығып кетпейді. Зерек бала аурумен алысып жүріп мектепті бітіріп, Алматы Технологиялық Университетіне оқуға түседі. Алғашқылардың бірі болып Астанаға жұмысқа кетеді, бірақ денсаулығы жарамай қайта Алматыға келген. Әңгімешіл, ауылдастарын парадояға салғыш кейіпкерді: «Кадрон – ұзын бойлы, аққұба өңді бала. Менің жайым белгілі, оның белінен келемін, екеуіміздің түрімізден сондықтан ұқсастық іздеп керек емес.

Бірақ екеумізді бір нәрсе жақындатса, ол – кенжелігіміз. Ол үйіндегі үш ұлдың соңғысы, менің екі ағам, бір қарындасым бар, яғни ұлдан кенжемін. Кенже баланың қандай болатыны белгілі, біз де көп кенжелердей ерке, ойынкұмар, тентек едік», – деп еске алады әңгіме авторы.

Екі үйдің бақшасының арасын сымтемірмен тоқылған қоршау ғана бөліп тұрғандықтан, оларға ортақ әңгіме де жетерлік. Кішкентай кездерінде бір-біріне қолына түскенін атып ұратын еркелер, уақыт өте келе бірінсіз-бірі жүре алмайтын жақын дастарға айналады. Мектеп бітіріп, жұмысқа араласқан соң, ұзақтан сырласып, сырттай хабардар болып жүргені болмаса, бірі Алматыда, екіншісі Астанада тұрып жатады. Елге демалысқа келгенде естіп отырған жаңалығы – мынау.

Екі кейіпкердің әңгімелері, тағдыр тауқыметінен бір дәуір ұрпағының тағдырын, кеңестік кезеңде білім алып, тәуелсіздік тұсында қызметке араласқан ұрпақтың басынан кешкен қиыншылықтарын көруге болады. Бірінші бөлімдегі «Неге ғана Жаратқан осы бір жайсаң жанның бақытын кемшін, сорын қалың қылды екен? Неге? Неге? Кадронды аяп кеттім» деген сауалдың жауабына екінші бөлімде қаныға түсеміз.

«– Жарайды онда, жатып демал, – деп келген ізіммен қайтып бара жатып ошақ қораның шатырында тұрған қоңыр галошқа көзім түсті. Галош емес, боти. Өлгі сырғанақ боти. Кадрон тракторға жабысқанда киіп алып, ешкімге жеткізбей жүретін жүйрік боти. Ақыры өзіне кесел жамаған қоңыр боти. Күнге қақталып, әбден көнерген екен. Шамасы Кадронның көкесі, қонышын қиып тастап есік алдына киетін сүйретпе жасаған» [3, 211].

Резеңке етікті бір қарғып шатыр үстінен іліп әкетіп моншаға жағып жібермек болғанда, Кадрон телефон соғып; «Қоңыр ботиды өртемей-ақ қойшы», – дейді. Осы сөзді естіген кейіпкердің дыбысы шықпай, көзінен тамшылардың ытқып шыққанымен аяқталады. Әңгіме авторы да сол бір жылдардағы ойынның салдарынан демікпе ауруына шалдығып, ұзақ уақыт аурухана жатады. Бір дәуірде өмір сүрген екі баланың екеуінің де денсаулығынан айырылуына қыстағы ақ қар, көк мұз үстіндегі ойындары себеп болып отыр. Жүрегіне ота жасатқан Кадронның балаларының алдына масыл болып жатқысы келмей, елге келіп жатысы мынау болса, көршісінің де денсаулығы жақсы емес. Кадрон үшін өмірінің мәні, балалық шағының естелігі болған қоңыр ботидың орны бөлек еді. Себебі, ол созылмалы ауруға шалдығуын ботидан емес, өзінен көріп жатыр. Біздің кейіпкерлер алдағы уақытта өз балаларының денсаулығына, киімдеріне ерекше мән беретін болады. Бұлар – ел экономикасы құлдыраған, кеңес үкіметі ыдыраған тұстағы тұралаған елдің балалары. Ойын

қызығымен аяқтарынан өткен суықты сезбеген балалар – жоқшылықтың салдарынан денсаулығынан айырылған ұрпақ өкілі. Жазушының «Сүлікқара» әңгімесіне мектеп оқушысы Алмабек тай жарысынан оза келген Сүлікқараны үлкен бәйге баптап жүргенде ауылға кірген құтырған түлкіні талап өлтірген иттердің барлығы құтырып адамдарға, малға шабады. Алмабек суытып келіп, таң асырып қаңтарып қойған жерінен оған да тиеді. Құтырған иттер мен малдарды атқанда Сүлікқара да кете барады.

Келер жылы наурыз тойында нағашысы Сүлікқарадан аумайтын түсі қара емес, торы тайды алып келеді. Бәйгеге қосқан алпыс тайдың ішінен торы төбел мәреден арқан бойы озып, жеке-дара өтеді. Мұны көрген Алмабек өксіп-өксіп жылап жатыр, айтып жатыр.

«– Жаңағы торы төбелдің түр-тұрпаты мен шабысы Сүлікқарадан аумайды, байқадың ба?, – дейді.

– Білемін, – дедім мен де солығымды баса алмай.

– Туған інісі. Екеуі бір әке, бір шешеден тараған», – деп қайтадан өксіп жіберді. Көз алдым тұманданып, төртбақ сары баланы құшағыма қыса түстім.

Сүлікқараның кісінеген дауысы құлағыма келгендей болды» [3, 229], – деп аяқталады әңгіме.

Алмабек пен бәйге баланың құшақтасып жылап жүргені – өздері үміт еткен Сүлікқараларын естеріне алуы. Жылқы малының да туыстық қатысына қарай жіктегенде, бір әке, бір шешеден туған сәйгүліктер «тартпай туамас негізге» деген халық даналығын еске салады. Ат жалында өскен ауыл балаларының жанына жақын жекеменшік тайлары өсе келе өздерінің ажырамас серігіне айналады. Ондай жағдайда олардың арасында мызғымас достық орын алады. Екі баланың бауырын жоқтағандай, Сүлікқараны іздеуі – өмірден алынған шындыққа сай.

Зәуре Төреханның «Әмина Тұранның көшпенділер еліне саяхаты» атты роман-фэнтезиі 2014 жылы Алтын Қалам бәйгесінің бас жүлдесін алды. «Біздің сүйікті қаламыз Алматы» (2016), «Ел жүрегі – ажарлы қала Астана» (2017). «Амина Туран в стране номадов» (2018) орыс тілінде, урбан фэнтези жанрында «Айша және Үй пірлері» (2022), «Күйекөбелектер шаһары» ертегілер топтамасы жарық көрді. Жазушының «Шұбат» әңгімесінде поезд вагонында отырған Мәди мен Әлияның беттерін неше түрлі етіп қисайтып, сыртта тұрған түйені мазақтап тұрғанына кезігеміз. Балалардың бұл қылығына ренжіген түйе олардың бетіне ақ көбігін бүркіп жібермекші болғанда поезд қозғалып жүріп кетеді. Сол кезде атасы сырттан түйенің шұбатын ала келіп, адам ағзасына пайдалы түйе сүтін немерелеріне ішкізеді. «Түйе – қасиетті мал, ол бізге осындай құнарлы сүт береді!» деген аталарының сөзінен кейін өздерінің

түйені мазақтағанына өкініп, «кешірші бізді, түйежан, ендігәрі олай істемейтін боламыз», – деп ойлайды Әлия.

Бізге таныс Мәди мен Әлияның аталарымен бірге Елек өзеніне барып, балықшы атайдан бір балық сұрап алған оқиғасы «Алтын балық» әңгімесіне арқау болған. Үйге келген соң, әжелерінің палауы, қазанжаппа наны, сүт қатқан шайын ішіп қорадағы балықтарына келсе, оны әжесінің мысығы жеп қойған болады. Енді олар үйде аквариум ұстамайтын болады. Балық мысыққа жем болғанша, өзенде жүргені жақсы еді. Көңілсіз оқиғадан арыла алмаған Әлия күні бойы қабағын шытып, аузы бұртиып, ешкіммен сөйлеспеген күйі жүрді. Иә, бала үшін алтын балығының мысыққа жем болуы – шынымен де ұмытылмастай ауыр оқиға еді.

«Супер қаһармандар» әңгімесіне бізге таныс Мәди мен Әлия су атқыш ойыншықтарымен аулада супер қаһармандар болып жүргенде, оларды қаңқылдаған қаздар үйге қуып тығады. Мәди қашамын деп жүріп қолындағы ойыншығы даладаға қалғанын біліп, екеулеп жүріп қаздарға су шашып ойыншықтарын ала үйге жүгіреді. Супер қаһармандардың ойынына қарап отырып, қаздардан қашқан балалардың қылығына еріксіз жымисың.

«Құмды ауыл» әңгімесінің кейіпкерлері де – Мәди мен Әлия. Інісінің көп сауалына ренжіген Әлия «Түһ, мына баланы-ай! Ендігәрі онымен бірге ешқайда бармаспын» деп ренжігенмен, құмды ауылға жетіп ұйықтап тұрғанда атасы мен әжесін, інісін іздеп таппай қалады. Дүкеннен балмұздақ алып келген інісін көргенде бас сала құшақтаған Әлияға керегі балмұздақ емес інісі еді.

«Алма» әңгімесінде жаздың екі айын атасы мен әжесінің үйінде өткізген Әлия мен Мәди көрші үйдің балалары Есет пен Медетпен кеш танысқанына өкінеді. Бір-бірін алмамен атқылайтын балалардың танысуы да, бір-бірін қимай қоштасуы да нанымды бейнеленген.

Жазушы Әлібек Байболдың «Бәйшешек» әңгімесінде ерте көктемде бәйшешек гүлін көрген Жазираның жылда сол уақытты бәйшешекті іздейтініне куә боламыз. Алғашында тостағаншасы аппақ гүлге жүгіріп барғанда, гүлге тіл бітіп өзін таныстырады. Жұлуға қимай, суретке түсіріп алған суретіне қарап, әкесі бәйшешекпен көктемнің келгенін айтады. «Гүлім мен Гүлсім» әңгімесінде аналарының туған күніне сыйлық жасауға асыққан Гүлсім түрлі түсті қағаздан гүл жасаса, Гүлім ауладан бақбақ пен раушан гүлін жинайды. Бірінші болып беруге асыққан қыздарына анасының «екеуің де бірге сыйландар» дегені дұрыс болды.

Жазушының «Бәйшешек», «Гүлім мен Гүлсім», «Дәулет пен Дәурен», «Зерек Зере», «Жиһаз – үйдің көркі», «Күлімдеген күн», «Суретші Сәуле» әңгімелерінің кейіпкерлері Жазира, Гүлім, Гүлсім, Дәулет, Дәурен, Зере, Жауһар, Талғат, Айдос, Сәулелер – өмірден

алынған кейіпкерлер. Бір сәттік эпизодтармен «бала тілінің бал», «балалы үй базар» екенін көрсеткен жазушы кейіпкерлерінің тілі де, сөз саптауы да қызықты.

«Қымыз бен қымыран» әңгімесінде ертегі кейіпкерлеріндей қымыз бен қымыранның айтысына куә болып, Айдардың апасының «екеуі де шипалы» деген сөзіне тоқталсақ, «Кім мықты?» әңгімесінде жүзуге қатысатын Әілет, футболмен айналысатын Өркен, шахмат ойнайтын Бауыржан өз жетістіктерімен мақтанып жатқанда, Бауыржанның атасы «Бәрің мықтысыңдар. Себебі, уақыттарыңды бос нәрсеге жұмсамайсыңдар» деп төрелігін айтады.

«Саябақтағы уақиға» әңгімесінде саябақтағы құстарға нанның қиқымын, тары, қуырылған бидай, құрттардың үгіндісін үйден тасып беретін Жандос пен Біржанға мойнындағы жолағы, арқасындағы белгісі, сынған соң қисая біткен оң қанатты кептер қатты ұнайды. Ертеңіне олар өздеріне ұнаған кептердің жансыз жатқанын көрсе де, оны жәшіке салып, астына жүн-жұрқа төсеп, қасына бір шыны су, бір үзім нан қалдырады. «Қарны ашса, түнде жейді. Мұздамаса болды» деп түсінген балалар «мазасын алмайық» деп оны оңаша қалдырып, Біржан ара-тұра артына қарайлап бара жатты. Өмір мен өлім туралы түсінігі жоқ балалардың жансыз жатқан құсқа жасаған қамқорлығынан олардың бейкүнә бейнесі байқалады.

Елдос Тоқтарбайдың «Алмасайдың алмасы» әңгімесіне Алмайсадағы алма ағашының үстінде көк алмамен атысып ойнап отырған балаларға бақшаның бағбаны Дүйсен атаның әңгімесі қатты әсер етеді. 1930-1932 жылдардағы ашаршылықта алмамен жан бағып аман қалған жандардың алмаға деген құрметтері ерекше еді. Бағбан ойын балаларына ерте көктемдегі көк алманы жұлуға болмайтынын түсіндіреді. Балалар көктей жұлып тастамаса, Алмасайдың алмасын әле қанша ұрпақ жейтін болады.

Е.Тоқтарбайдың балаларға арналған бірсыпыра әңгімелеріне халық арасындағы аңыз-әңгімелер арқау болған. «Арқардың тұяғы неге қасиетті» әңгімесінде Созақ бойынан Қызылқұмға көшкен ел екі-үш жылдан кейін жұтқа тап болып, ауыл аймақ қырылып жатқанда оларды арқар құтқарып қалған екен деген аңызды негіз етіп алған. Аңыздың айтуы бойынша Қызылқұмның құлжасы тұяғымен жерді тепкен сайын дән шашылып, содан ел-жұрт аман қалғанға саяды. Арқардың тұяғында қасиет бар деген сөз сол оқиғадан қалған тәрізді. «Қасқырдың тектілігі» туралы Айдардың атасы мен әжесінің әңгімелеріне көк бөрі туралы аңыз-әңгімелер арқау болса, «Киіктің құралайы» әңгімесіне күзде жылы жаққа қоныс аударғанда анасына ілесе алмай, қамыс арасында қалып қойған құралайды көктемде киіктің іздеп келуі, екеуінің шұрқырасып табысуы негіз болған.

«Отан», «Ауылдағы өмір», «Ойын» әңгімелеріне кішкентай

балапандардың бір сәттік оқиғасы негіз болса, «Айтыс» балаларға ой салар әңгіме. Жазушы кітап пен айфон телефонды айтыстыру арқылы олардың қайсысы күшті екеніне көңіл аударған. Шаң басып тұрған кітап балалардан үмітті болса, мақтаншақ айфон қуаты біткен соң ешкімге керек болмай қалатыны бала ұғымына сай нанымды бейнеленген. «Көзімді құртпаймын» әңгімесінде балалардың телефонға көп үңілуге болмайтындығы туралы ой қозғалса, «Ойын» әңгімесіндегі кішкентай кейіпкерлердің бәрін білетін ең ақылды бала болғысы келетіні орынды. «Қара жорға» әңгімесіндегі қара жорға мен шалақ құйрық көкжал арасындағы өмір мен өлім күресінен ұрпақ жолындағы жанталас байқалса, «Қансонарда» бөлтіріктеріне азық тауып бере алмай ашқұрсақ жүрген бөрінің адам қолынан өлуімен суреттелген. «Он бес жасар қаһармандағы» ауыл баласы Еркетайдың өртеніп жатқан үйдегі Жандос, Нұрдос, Айдосты өлімнен арашалап қалуы – шән мәнінде ерлік еді. Қала баласы Азат өзге үйдегі өртке немқұрайлы қарағанмен, ауыл баласы Еркетайдың елгезектік танытуынан ауыл тәрбиесі, ұлттық менталитет мен мұндалайды. Мейіржан Жылқыбай әңгімелерінің кейіпкерлері – мектеп оқушылары. «Шуақ» әңгімесіндегі ауылдағы ата-әжесімен тұратын бастауыш сынып оқушысы Берікболдың жаңа мұғалім келгелі қабағы ашылмайтын болған. «Мынау үлкен адамның жазуы» деп екілік қояды, не істесе де жаңа мұғалім біліп қояды. Жазуын әжесіне жаздыртып жүрген Берікбол осылай қабағы салбырап жүріп, құшақтағалы жатқан әжесін итеріп жібереді. Немересінен мұндайды күтпеген атасы «Мейірімнен қалғыр» деп ренжігені сол еді, енді оған бір адам дұрыс қарамай, бәрі сырт айналады. Қазақ балалар әдебиетін жете зерттеген Ш.Ахметов бала тәрбиесі туралы: «Ата-анасын сыйламайтын бала ол жолдасына да, қоғамға да ешқандай дұрыс қызмет ете алмайды. Өзін әлпештеп өсірген адамға немқұрайды қараудан, анаға опасыздық етуден ауыр қылмыс жоқ», – деген болатын [6, 288]. Сол сияқты біздің кейіпкеріміз ертеңіне әжесі ауруханаға түсіп қалғанда, не істерін білмей атасы мен әжесін ренжіткенін білген бала әжесіне барып кешірім сұрағанда әжесі баяғыша мейірім шуағын шашып немересін құшақтай алды. Мейірім дегеннің не екенін Берікбол әжесі ауырғанда түсінді. Енді ол атасы мен әжесін ренжітпейтін болады.

«Қырық бірінші өтіріктің соңы» деп аталатын әңгімеде екі сөзінің бірі өтірік болатын Батыржан түн ортасына дейін компьютерде ойнап, күнде сабаққа кешігіп келеді. Екінші сабаққа кешігіп келгенде тісім ауырып дәрігерге бардым деп ақталғанмен, түстен кейін футбол қуып ойнап кетеді. Жолда келе жатып қисық тепкен добы әжейдің терезесін сындырып, одан бұқпантайлап қашқалы жатқанда «ұзын бойлы, ақ сақалды, бөрік киген бір атай таяғын арқасына тіреп тұр.

– Сен ғой, – деді сындырған. Қайда барасың? Бар кешірім сұра! Терезесін салып бер!

– Жоға... мен емес... – деді күмілжіп. – Оллахи-биллахи, – деді сасқанынан. Шегіншектеп барады.

– Өтірік айтпа, балам, анау кісі ренжіп жатыр. Өтірік өрге

бастырмайды.

– Айттым ғой, мен емес деп, – Батыржан бұрылып алды да жүгіре жөнелді. – Өтірік жақсы! Әрқашан көмектеседі, – деді онымен қоймай.

– Онда өтірік әрқашан алдыңнан шықсын! – деген атайдың дауысы микрофонмен айтқандай дәл жанынан шықты» [3, 272].

Атайдың айтқаны сол екен Батыржан өтірік пен шынның арасын ажырата алмай дал болады. Қырық бірінші өтірігің болар деп, оның айтқанына тірі жан сенбейді. Бір күн бойы сыныбына, мұғалімдерге күлкі болған ол өзінің екіге жарылғанын айнадан көріп, үлкен қателік жасағанын түсініп терезесі сынған әжейден кешірім сұрайды. «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деп түсінген әжей «Мен байқамай допты қисық теуіп... Сонымен сындырған... – мен. Кешіріңіз» дегенде ашуы қайтқан әжей иіліген басты қылыш шаппайтынын айтады.

Өзіне ақыл айтқан Ардақ атайдың сыйқыршы екенін түсінген бала енді өтірік айтпауға бел буады. Балалықпен өтірікті көп айтамын деп елге күлкі болды. Енді ол «өтіріктің құйрығы – бір-ақ тұтам екенін» білетін болады.

Жазушының «Саяқ» әңгімесінің кейіпкері – Жақсылық. Қаладағы офицер баласы Жарас пен ғалым келіні Әсияның үйіне келіп жатқан аналарының бар ермегі – немересі Жақсылық. Қызмет бабымен бір есік, тір тесік болып отырған балаларының үй күтушісін, аула күтушісін ұстайтынына ренжіген аналары оларға қызметші емес, адам ретінде қарауды үйретеді. Үй күтушісі Әсия апаның немересі Ғани мен ақсаусақ Қанатты, еркетотай Жақсылықты салыстыру арқылы балалар өздеріне керегін алады. Ғани әкесінің еміне ақша тауып, сабағын жақсы оқып бәріне үлгеріп жүрсе, Қанат – үлгерімі жақсарғаны үшін үй тірлігінен қашып жүрген жалқау. Жақсылық жыл соңы аяқталып, тоқсандық бағалар қорытылып жатқанда балконнан секіремін деп аяғын шығарып алып үйде жатыр.

Қисайған шарбақтарды жөндеп, жер қопсытып көмектескен Қанатқа әжесі ауылдан дорбаға түйіп алып келген асықтарын береді. Енді ол Жақсылықтың аяғы сауыққанша асықтармен, ләңгімен ойнайтын болады. Кезінде Жарастың өзі ойнаған заттарын анасы немересіне алып келген. Әңгімеде саяқ аталған Жақсылық, ақсаусақ Қанаттарды ауылдан келген әжейдің тәрбиелегеніне қарап отырып, «қариясы бар

үйдің – қазынасы бар» екеніне көзіміз жетеді.

Нұрбек Нұржанұлының «Кішкентай батыр» әңгімесіне түсінде жалмауыз кемпірмен бетпе-бет келген Еркенің түсі негіз болған. Түсіндегі жаулар ұрлап кеткен айдың қызын қайтаруды ойлаған Ерке батыр болуға бел буады. Ол қасындағы балаларды қаншама ойынға қызықтырғанмен, күннен-күнге қатарлары сирей береді. Балалар ата-аналары алып берген айфоннан күндіз-түні шықпай үйде отырып ойын ойнауға көшкен. Бір күні Еркенің де қолына телефон тиіп, ол да ойын қызығына кірісіп кетті. Кеш жату, ноутбук алдында ұйықтап қалу – Еркенің де әдетіне айналды. «Ергежейлілер мекені» ойынын ойнап жатып ұйықтап қалған ол, анасы оятқанда бәрі де түсі екеніне қуанды. Енді ол ауладағы достарымен «Ергежейлілер мекенін» ойнайтын болады. Әңгіме қазіргі таңда мектеп оқушыларының смартфондарға тәуелді болғанын негіз еткен, одан шығудың жолы аулада ойнау сияқты. Автор балаларды тәуелді еткен электронды ойындардан бойын аулақ салуға шақырады.

«Жұлдызға ұшқан ракета» әңгімесінде табиғат сақшысы болған Жолшыбек пен Сардардың ауылдағы жан-жануарлар мен ағаш-өсімдіктерге қамқор болғанына куә боламыз.

Жолшыбек пен Сардардың:

«–Біздің ауылда жаман адамдар аз-ақ екен, енді әлемді құтқаратын боламыз. Қалай ойлайсың, әлемде жаман адамдар көп пе?

– Әй, қайдам, ит біліп пе!? Бір білерім, мен Табиғат-ананы қорғайтын болам, өле-өлгенше.

– Біз бірге қорғайтын боламыз...» [3, 322], – деген сөздерінен олардың табиғат-анаға деген қамқорлығы көрінеді. Бүгін өз ауылдарының табиғаты мен жан-жануарларына қамқор болған тәртіп сақшыларының өскенде әлемді құтқаратыны күмән туғызбайды. Бала тәрбиесі туралы М.Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде: «Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны», – деген болатын [7, 128]. Ғалым айтқандай, әңгіме оқырмандары Жолшыбек пен Сардар тәрізді табиғат-анаға көздің қарашығындай қарау керектігін түсінетін болады.

Қорыта айтқанда, жоғарыдағы әңгімелерде педагогика ғылымында дәлелденген тәрбиенің дене, ақыл, сұлулық, құлық сияқты төрт түрі түгел қамтылған. Жазушылар кішкентай кейіпкерлердің басынан өткен оқиғаларымен адам өміріндегі орны ерекше дүниелерге көңіл аударып, сол арқылы балаларды жан-жақты тәрбиелеуге ден қойды. Бұл шығармалар оқырмандарын табиғаттың тылсым құпияларын білуге, танымын кеңейтуге, өтірік айтпауға, жалқау болмауға, қоршаған ортаға қамқорлық жасауға, табиғат-ананы аялауға, үлкенді құрметтеуге, кішіге қамқор болуға, ата-ана мен туған-туысқа мейірімді болуға шақырады. Бүгінгі қоғам өмірінен алынған шағын

оқиғаларды басынан өткерген кейіпкерлерге қарап отырып, балалар жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренетін болады. Олар «өтіріктің құйрығы – бір-ақ тұтам» екенін біліп өседі, кейбір балалар тәрізді смартфондарға тәуелді болмауға тырысады. Қаламгерлер шағын әңгімелерімен кішкентай оқырмандардың танымын кеңейтумен бірге Абай айтқан бес асылды бойына жинақтаған «толық адам» тәрбиелеуге тырысқан.

Әдебиеттер:

1. Ыбырайым Б. Іздер құпиясы: детективті роман. – Алматы, 2022. – 192 б.
2. Балалар бағының бағбандары. – Анықтамалық. – Алматы: «Балалар әдебиеті» баспасы, 2008. – 300 б.
3. Балалар әңгімелерінің антологиясы. – Алматы: «Атамұра», 2022. – 328 б.
4. Айымбетов М. Құмөзек хикаялары. Хикаяттар мен әңгімелер. – Алматы: Раритет, 2007. – 256 б.
5. Қирабаев С. Балаларға арналған үлкен әдебиет жасайық. Кіт.: Көп томдық шығармалар жинағы. – Т.2. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 416 б.
6. Ахметов Ш. Ыбырай Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің атасы. Кіт.: Ыбырай Алтынсарин тағлымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер /Құраст. М.Жармұхамедов. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
7. Жұмабаев М. Таңдамалы: (Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар). – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б.

**АЛАШТЫҢ
АЛАТАУЫН
АРҚАУ ЕТКЕН
РОМАН**

*Қазақтың белгілі ақыны, бірнеше прозалық
кітаптардың авторы жазушы Рафаэль Ниязбектің
«Көсем» тарихи романы аса көрнекті
мемлекет және қоғам қайраткері,
үш мәрте Социалистік Еңбек Ері,
Қазақ КСР Ғылымакадемиясының академигі
Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 110
жылдығы қарсаңында жарық көргендіктен,
үстіміздегі жылы аталған роман туралы
көп айтылуда. Жуырда*

*Алматы облысындағы Қапшағай
қаласының Д.А.Қонаев есімімен аталуы
ресми бекітіліп, Қонаев қаласының
ашылу салтанаты өтті. Балқаш қаласында
тұлға бейнесі қашалған алып ескерткіш еңсе тіктеді.*


*Қазақ қаламгерлерінің ішінен Д.А.Қонаев туралы
300-ден аса өлең жазған көрнекті ақын
Р.Ниязбектің «Көсем»*

*романы туралы Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
ф.ғ.д. Рақымжан ТҰРЫСБЕКТЕН,*

*М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми
қызметкері, профессор,*

*ф.ғ.д. Гүлжаһан ОРДАДАН,
«Әуезов үйі» ҒМО-ның бас ғылыми қызметкері,
ф.ғ.д, профессор Гүлзия ПІРӘЛІДЕН
сұрап көрген едік.*

XX ҒАСЫРДЫҢ КӨРКЕМ ШЕЖІРЕСІ



– 2022 жылдың 18 мамырында өткен Қазақстан Жазушылар одағының жылдық қорытындысында Рафаэль Ниязбектің «Көсем» романы деректі шығармалар қатарында аталды. Романның жанры туралы не айтар едіңіздер?

Рақымжан ТҰРЫСБЕК: «Көсем» – автордың күрделі жанрға қалам тартқан алғашқы туындысы емес. Бұған дейін де ол осы жанрда үш кітабын жарыққа шығарып, оқырманның ыстық ықыласына

бөленген.

«Көсем» – даңқты тұлғаның (Д.А.Қонаев хақында) еңбек һәм өмір жолы арқау болған, сан салалы оқиға мен талайлы тағдырлар талқысы тоғысқан, кезең шындығы мен уақыт рухы терең танылатын кең көлемді, тың өрісті, соны үрдісті, тағылымды туынды екені анық.

Тарихи романның мазмұн құрылымын еске алсақ, бастапқы бөлікте – «Ұлыны ұлықтаған туынды» деп аталған ғалым Темірбай Мұқашевтың көлемді алғысөзіне, ондағы бірқатар талдау жүйесіне көз тоқтатпай, айналып өту ағаттық болар еді. Т.Мұқашев тарихи романның кеңестік кезеңдегі көркемдік мәні мен нәрін, басты тұлға – Д.Қонаевтың болмысы мен ұстанымын, тұлғалық қыры мен көркем бейнесін кең түрде талдаған. Шындығында ол тарихи романның табиғаты мен тағылымын тануда, жанр жүйесі мен



көркемдік-рухани нәрін танып-талдау тұстарында автор ұстанымы мен туынды шындығын жан-жақты ашу мүмкіндігін айқын көрсетіп берді. Бастысы, тарихи романда негізгі кейіпкер Д.Қонаевтың кезеңі мен қызметіне, әсіресе мемлекеттік саяси маңызы бар кездесулер мен оқиғаларда оның басшыға тән білімі мен біліктілігіне, жауапкершілік жүгіне, ақыл-парасаты мен адами ұстаным мәніне айрықша ден қояды.



Гүлжаһан ОРДА: Р.Ниязбектің «Көсем» романында да пленум материалдары, кейіпкердің сұхбаттары мен естеліктері мол қолданылған. Мұның бәрі тарихи тұлға туралы нақты деректерді сөйлету қажеттілігінен туған. Р.Ниязбектің қаламына арқау болған «Көсем» романында тарихи деректердің өзгеріссіз қолданылуының басты себебі де сонда. Соған қарап бұл туындыны деректі проза деп атауға келмейді. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай жүгірер» дегендей, Д.Ахметұлының өз

естеліктеріндегі, сұхбаттарындағы мәліметтерді әр қаламгер түрлі әдіс-тәсілдермен оқырман жүрегіне жеткізіп жүр.

Гүлзия ПРӘЛІ: Автор қазақтың саяси тарихында ғана емес, ел басқарған басшылардың кез келгенінде кездесе қоймайтын тереңдік пен тазалықты, адалдық пен бекзаттықты, тектілікті бір бойына сыйдыра білген тарихи кейіпкердің барлық қоғамдық-саяси бейнесін аша білген. Д.Қонаевқа артық сипаттама берудің өзі де ерсі. Ол ел алдында өмірінің соңына дейін қандай қасиетті, қадірлі болса, романда да тап өмірдегідей өз өресі мен биігінде бейнеленген. Туындыда құнды құжаттардың молынан келтірілуі оқырман сенімін тудырып, шығарманың шынайы шындықпен өрілген нанымдылығын арттырады. Тарихи роман жанрының көркемдік шарты мен талабына сай туындаған осындай талап күні кеше көз алдынан өткен өмірлік шындықтың өміршендігін танытады.



– Оқырман қауымға түсінікті болу үшін өздеріңіз айтып отырған тарихи құжаттардан, не болмаса тарихи деректерден бірер мысал келтіре сөйлесеніздер.

Гүлжаһан ОРДА: Романда Д.А.Қонаевтың ұстамдылығы, көрегендігі, тектілігі жан-жақты, нақты детальдармен ашылған. Оған бір ғана мысал келтірсек те жетіп жатыр. Қазақстанның қырық жылдығын тойлап жатқанда Н.С.Хрущевтің Алматыдағы отыз бес мың адамдық стадионды көргенде: «Яй, яй, сілтеген екенсіңдер шамаларыңа қарамай. Ал Алматының халқы қанша?» – деп басшыға тарпа бас салғанына қарап отырып, Отанға жыл сайын миллиард пұт астық тапсырған Қазақстаннан не болса, соны қызғанғаны анық көрінеді. Кеңес Одағы басшысының бұл қитұрқы сауалына ол мән бермеген қалып танытты. Бірақ оның қазақ халқын менсінбеуі, артқа тартуы, көкіректен итеруі, басынуы ұлт көсемінің жанын жегідей жеп жатты. Тіпті бүкіл радио-телевидениені өшіріп тастап, тойға жиналған әлем халықтары алдында: «Патшалық Ресей империясы Қазақстанды ғасырлар бойы орыстандыра алмап еді. Біз бұл идеяны аз уақыттың ішінде жүзеге асырдық!» - деп көпіргеніне не дерсің.

Ел көсемінің романда сөз болатын ашаршылық, қуғын-сүргін көрген халықтың тарыдай шашырап Орынбор, Астрахан, Омбы, Новосібір, Қытай, Монғолия асып кеткенін Хрущевке жеткізіп, Саяси Бюрода бірнеше рет көтеріп, жат жерлік болып кеткен ағайынды бауырына баспақ болғанын біреу білсе, біреу білмес.

Гүлзия ПІРӘЛІ: «Құнарсız жеміске құрт та жуымайды» дегендей, Д.Қонаев көптен биік, абыройлы, ойлы, білімді болған сайын жауы да соншалықты көп болуы табиғи заңдылық та еді. Тарихта қашанда солай болған және бола да береді. Ұлттық мүддені өзінің мансабынан асырып ойламайтын жанындағы жандайшап пенделердің де оның етегінен тартып, Мәскеудегі беделіне көлеңке түсірген тұстары да романда нақты тарихи фактілермен баяндалған. Мәтіндегі мысалдарды келтірер болсақ, бір жиынның немесе бір мақала көлемінің жетпесі тағы анық. Қазақтың өзінің пендешілік пиғылына жету үшін арызды жазудан алдыға жан салмайтын қасиетін жақсы зерттеген орыс билігі отты да, орды да қазақтың өз қолымен көсеп, тұтатып та, түсіріп те отырды емес пе? Д.Қонаевтың үстінен жазылған 250 беттік бір арызда арсыздықпен айтылмаған не жоқ дейсіз? Ал оның саны 500-ден артса ше? Сонда біз қандай ел болдық? Ол ой кімді толғандырмаған? Оның жауабы осы романда толық берілген десе де болады. «Жарамсақ – жаудан жаман», «Қазақтың жауы –қазақ» деген Абайдың даналығы кітаптың өн бойында өріліп отырады. Павлодар қаласына Хрущевтің құрметіне «Хрущевград» деп атай жаздағаны, Бостандық ауданын сұраған өзбектерге беруі, Хрущевпен бірге оқыған сол кездегі Өзбекстанның Бірінші хатшысы

Ниязов пен Жоғарғы кеңеске төрағалыққа сайланған Насреддинованың ықпалы мол болғаны шығармада нақты нарратологиялық мәтіндер арқылы нанымды бейнеленеді. Оған «О передачи Бостандык-ского района и части земель голодной степи из состава Казахской ССР в состав Узбекской ССР Постановление Верховного Совета Казахской ССР от 21 января 1956 г. (Стенографический отчет заседаний второй сессии Верховного Совета Казахской ССР четвертого созыва 1956 г)» деген архивтік құжаттағы деректер дәлел (68-69-бб).

Рақымжан ТҰРЫСБЕК: Романда Ғылым академиясы мен Жазушылар одағы бірлесіп өткізген көне дәуір әдебиетіне байланысты конференция, М.Әуезов пен М.Ғабдуллиннің эпос мәселесіне қатысты қайшылықты кереғар көзқарастары, Қазақстан жазушыларының съезінде Бірінші хатшы Пономаренко Әуезовті төнген қауіп-қатерден қалай қорғағаны хақындағы жағдаяттар да кезең шындықтарымен сабақтастықта өріс алып, байыпты баяндалып, сенімді суреттелген. Бұл жайлар Мәскеудің империялық өктемдігі екенін Д.Қонаев анық аңғарған еді. Ол – жауапкершілік жүгін жан-жақты сезініп, ғылым ісі мен ғалымдар еңбегін жан-жақты ашып, кеңінен көрсетеді. Романдағы бұл тұстар, шын мәнінде кеңестік кезеңнің қатқыл жүйесін, идеологиялық ұстанымын, уақыт рухының: «ұр да жық» сынды бағыт-ұранын, астамшыл әрекеттерін анық-қанық таныта түседі.

Романның екінші бөлігінде Д.Қонаевтың тарихи тұлға, кезінде Алашорда мүшесі болған Әлімхан Ермековпен жол үстіндегі кездейсоқ кездесуі баяндалады. Ол кезде Д.Қонаев Мәскеудегі институтта оқитын. Екеуі бірін-бірі танымайтын еді. Қонаев – студент, Ермеков – тұтқын. Д.Қонаев оның жәй адам емес екенін іші сезген. Оның арып-ашыған, жүнжіген аянышты халін көрген Дінмұхамедтің сол бір сәтін: «Есіл ерді қор қылған қайран заман-ай!» – деп жүрегі қанжылап, көзінен ыстық жас ытқып кетеді. Бірақ қолдан келер дәрмен қайсы», – деп шарасыздық танытқанын автор көркем тілмен көкейге қонымды етіп жеткізген. Конвоирдың көзін ала бере оның әйеліне жазған хатын алып, жасырып қалады. Олар арада он сегіз жыл өткен кезде қайта кездескен. Осы сәт романда былай суреттелген: «Әлімхан көп сөзге жоқ кісі еді. «Шырағым, мені танымайтын шығарсыз», – деп келген шаруасын айта бастап еді, Дінмұхамед сөзін бөліп: «Әлеке, о не дегеніңіз. Сізді білмейтін қазақ баласы бар ма бүгінде? «Ұлы математика курсы» деген кітабыңызды оқып, жан дүниеніздің рухына көкірек көзімізді суарып өстік емес пе. Оның үстіне, баяғыда сізді тұтқындап Мәскеуге алып бара жатқанда вагонда кездескеніміз қайда. Сондағы студент мен едім ғой», – деп есіне салған. Әлімхан мұндай тосын жайтты күтпеген еді. Қатты толқып, көңілі босап жылап жіберді. «Ой айналайын-ай, сол хат-ты

салып, хабар жеткізбегенде жеңген менің қандай зауалға тап болғанымды білмей әуре-сарсаңға түсіп, ішкұса болып өлетін бе еді, әлде қайтер еді. Алла бетіңнен жарылқасын сені», – деп Дінмұхамедті қапсыра құшақтап, ұзақ егілді» (230-231-беттер). Ақын-қаламгер Р.Ниязбек екі тұлғаның тарихи кездесуін оқырманға осылай әсерлі етіп жеткізген. Болған жайды бүкпесіз баяндап, қаз-қалпында жеткізген автордың ұстанымы мен жазу шеберлігі оқырманды тәнті етпей қоймас.

Желтоқсан шындығы

– **1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы Д.А.Қонаевтың өміріне тікелей қатысты болғаны тарихтан белгілі. Осы көтерілісті жазушы қаншалықты дәрежеде көрсете алған?**

Гүлжаһан ОРДА: Романнан үлкен орын алатын оқиғаның бірі де сол - Желтоқсан көтерілісі. Себебі Д.А.Қонаевтың ұйқамақта болып, сұрақ-жауапқа тартылуының басты себебі де осы көтеріліске байланысты. Көзін ашқалы Қонаевтан басқа басшы көрмеген қазақ жастары үшін В.И.Лениннің «Ұлттардың өзін-өзі билеу правосы» бұрмаланғаны басқа сыймайтын құбылыс болды. Бір айдан кейін 75 жасқа толатын Бірінші басшыны халықтың, елдің алдында салтанатты түрде зейнет демалысына шығарып салады деп жүргенде, оның бір түнде орнын босатуы кім-кімге де күмәнді ой туғызды. Солардың көбі – жоғары оқу орнында «Ғылыми коммунизм», «КПСС тарихы», «Саясаттану» сияқты пәндерді оқып жүрген саяси сауатты студент жастар.

Сонымен бірге саясаттанушы Дос Көшімнің сол сотта аудармашы болғаны, үкімнің сотқа дейін шығып қойғаны, Қайраттың Жамбыл облысының тумасы болғаны үшін ату жазасына кесілгені бірінші рет айтылып отыр. Түгелбай Тәшенов, Жамбыл Тайжұмаев, Қайрат Рыскұлбеков, Қайыргелді Күзенбаевтарды ұстап берген де – өздерінің қасында жүрген достары. Жазушы басын өлімге тіккен жігіттерге сатқындар мен аярларды қарсы қоя суреттеген. Төрт жігіттің сот залындағы қасқайып тұрған суретін газетке жариялаған журналист Жақыпов пен ҚазТАГ-тың директоры Жұмағали Ысмағұлов та жазадан құтылмады. Оларға газет-журналдардың есігі тарс жабылды, отбасын қаламымен асырап отырған жігіттерге бұл оңай жаза болған жоқ.

Гүлзия ПІРӘЛІ: Қонаевтың әрбір әрекетінің терең оймен, сабырлы сақтықпен, ұлтжандылықпен, ұқыптылықпен, парасаттылықпен пайымдалып отырғанын да оқушы жақсы сезінеді. Әсіресе 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан соң саяси қуғынға түскен тұлға Қонаевтың әділдігі, ұлт пен мемлекет ісіне деген адалдығы тұлабойынан ғана емес, күнделікті тіршілігінен де тайға таңба басқанлай көрінетін. Білдей бір мемлекет басшысының әрбір алған

затының құжаттарының бар болуы, олардың соншалық ұқыптылықпен сақталғаны осыған дәлел.

Рақымжан ТҰРЫСБЕК: Алматыда өткен Пленум 18 минутта аяқталды. КОКП ОК хатшысы Разумовский Д.Қонаевты қызметінен босатып, оның орнына Ресейдің Ульянов обкомының бірінші хатшысы Г.В. Колбинді тағайындады.

Пленум шешіміне қарсылық білдіргендердің қарасы көп еді. Студент жастардың дауысы да, екпіндері де қатты естілді. «Театр және кино» институтының профессоры А.Тоқпанов екпін-серпіні басым студенттерді сабырға шақырып, қызбалыққа салынбауларын қатты ескертті. «Ресейдің китұрқы саясаты көп қатпарлы, терең астарлы» екенін де барынша байыпты баяндап, жіті қаперге салды (148-бет).

Бұл кезде қарлы алаң жан-жағынан әскерилермен қоршалған еді. Қызыл жағалы жендеттер жастарға өктем үн қатып, қолдарындағы келтек темірмен, дубинка және сапер күрекпен ұрып-соға бастады. Жиналған жұрттың бірқатары кейін шегініп, бас сауғалап қашқақтай бастаған... Сол сәтте: «Жігіттер, қорқып, тайсақтайтын болсаңдар, шалбарларыңды шешіп бізге беріңдер! – деді бір жап-жас қыз айғай салып. – Сендерді туғанда аналарың қалжа жеген жоқ па? Еркек емессіңдер ме, немене? Намыстарың қайда?» – деген ащы дауысы мен жанайқайы естілді. Оның дауысы жалпақ жұртқа жетті. Ар-намысты оятып, жан-жүректі қозғағаны да анық еді.

Бұл – Қазақ университетінің 2-курс студенті Гүлжиһан есімді қыз. Ол қарлы боран мен мұз құрсауында жүрсе де ерік-жігері мықты, намысты да табанды, өжет мінез, өршіл рухты қыз екен. Елдің сөзін сөйлеп, жұрттың алдында жүрді. Жастардың қарасын көбейтіп, ар-намыстарын оятып, елдік әрекеттерге барып, жігерлі үн қосты. Бастысы, империялық билік ұстанымы мен қилы әрекеттеріне қарсылық көрсетті. Бодандық пердесін кейін серпіп, билік тұтқасын «берік қолға алған» кеңестік жүйе мирасқорларын, отаршылдық ойранын сынап-мінеді. Тәуелсіздік мәнін, азаттық, теңдік үнін анық та айқын жеткізді. Ел басқару – ұлттың ісі екенін табандылықпен, қайсарлықпен айтты.

Қазақстан Жазушылар одағының көктемде өткен Пленумына Г.В.Колбин қатысқаны қаламгерлердің есінде. Желтоқсан тақырыбы да қозғалды. Майдангер-ақын Т.Бердияров, Ж.Молдағалиев және сатирик Ш.Смаханұлы елдік мүдде мен ерлік шежіресін әр қырынан сөз етті. Мәскеудің «саяси ойын ережесі» қазақ халқына, жастардың өмір-тағдырына кері әсер етіп, сызат түсіргені де барынша байыпты, дәлелді дәйектер негізінде жүйелі жеткізілді. Біріншіден, сол кездесуде ақындар Токаш Бердияровтың: «Колбин, сен неге алаңдағы қазақ жастарын қанға бөктірдің?», Жұбан Молдағалиевтің: «Мен бұл қырғынды көргенше, соғыста шейт болып кеткенім артық еді», – деп

орындарынан атып тұрып, атой салғандары әлі күнге дейін қаламгерлердің құлағында. Тарихи романдағы Желтоқсан шындығы да осы тұста анық аңғарылды.

Көркем шығарма мен көркем образдың негізі – өмірлік болмыс

– Тарихи романда орталық кейіпкерден басқа тарихи тұлғалар кездесе ме? Бар болса, олар кімдер?

Гүлзия ПРӘЛІ: Романда Д. Қонаев қатты қадірлеген қанаттас, замандас қаламгерлер бейнесі де көзге жылы ұшырайды, әлемге әйгілі Мұхтар Әуезов, көрнекті актер Қалыбек Қуанышбаев, ақиық ақындар Олжас Сүлейменов, Мұқағали Мұқатаев, халық батыры Бауыржан Момышұлы, атақты Желтоқсан ардагерлері Жұбан Молдағалиев, Сейдахмет Бердіқұлов, т.б. сынды сирек кездесетін ұлтжанды тұлғалар бейнесі де халық жүрегіндегі қалпында көркем кестеленген. Автордың кейіпкердің күрделі табиғатын, қиын сәттердегі жан дүниесіндегі арпалыстарды ашу үшін әдеби түс көру тәсілдерін пайдалана білуі де көңіл аударуға тұрарлық. Ұлт тарихындағы тәуелсіздік үшін күрескен тарихи тұлғалар галереясы да осында берілген. Кешегі Кенесарыдан бастап, Махамбет, сырласы болған құдасы Мұхтар Әуезов, Мұстафа Өзтүрік, Д.Қонаевқа ғана емес, қазақ еліне оң көзімен қарап, еркін еңбек етуіне мүмкіндік жасаған Брежневпен, Косыгинмен, 50 жыл отандасқан жары Зухрамен түсі арқылы кездесіп, шер тарқас-уы, ел тағдырын ойласып, терең толғанысқа берілуі де – қисынын тапқан көркемдік тәсіл. Өйткені образ қаламгер қиялының, суреткерлік шеберлігінің, интеллектуалдық деңгейінің, көркемдік танымының, жазушылық ой-сезімінің синтезіне тәуелді. Кез келген көркем шығарма мен көркем образдың негізі – өмірлік болмыс. Көркемдік дерек пен өмірлік дерек мұнда да көркемдік шарттылыққа ие. Себебі көркемдік әлем, көркемдік шындық өмірлік шындықтың бәрінен жоғары тұратындығы мәлім.

Рақымжан ТҰРЫСБЕК: Д. Қонаев орнына өздерін «үміткер санап» жүрген – Жоңғарбаев, Қаражамалдинов, Әбуталиев, Меңдібаевтар қисынын тауып, Г.В.Колбинге ата жауындай көрген жанды қаралау бағытында «тосын сыр» ашады (502-505-беттер). Төртеуінің Колбинге жағымпаздығы, Қонаевқа деген өшпенділіктері бір-бірімен жарыса сөйлегендерінен көрініп, «өзі болып, толған қыз төркінін танымастың» керін келтіріп жатса, қалай қынжылмассың. Абай: «Күшік асырап, ит еттім, Ол балтырымды қанатты. Біреуге мылтық үйреттім, Ол мерген болып, мені атты», – демей ме?! Кемеңгер ойшыл қалай дөп басып айтқан десеңші. Қазақ «Кімнің-кім екенін

басыңа іс түскенде білерсің!» – дейді. Әнші, термеші Жәнібек Кәрменов «Ойлаамандар, жігіттер» деп аталған термесінде: «...Күні үшін жүрген қулардың, Бірі де қалмас қасыңда», – деп жазылған жолдар бар. Сол бір ауыр жылдары қоғамдық өмірден бөліп тасталған Қонаевтың бұрын жанынан шықпайтындар амандық-саулық сұрасу былай тұрсын, қарасын да көрсетпей кетті. Тек ақын Олжас Сүлейменов пен ішкі істер қызметкері Амангелді Шабдарбаев қана күнде жанында болып, достыққа адалдықтарын көрсетті. Әсіресе А.Шабдарбаев оны әкесіндей сыйлап, алғашқыда қызметінен бас тартып, жанына жалау болды.

Түркі дүниесіне мәшһүр Халифа Алтай мен Шығыс өнерінің танымал жеңімпазы Мұстафа Өзтүрікпен, алғашқы қазақ ғарышкер Тоқтар Әубәкіровпен болған жылы шырайлы кездесу-сұхбаттар арқылы да адамдық борыш, ізгілік пен имандылық, адамгершілік пен жауапкершілік жүгі, сыйластық сырлары ұтымды суреттелген (611-622-беттер).

Тарихи романның тұтас табиғатынан байқалатыны, Д. Қонаев қызмет бабындағы ресми адамдармен (Н.С.Хрущев, Л.Н.Брежнев, М.С.Горбачев, Ю.В.Андропов, К.У.Черненко, Ж.Шаяхметов, Ж.Тәшенов, Н.Оңдасынов, И.Юсупов, К.Аухадиев, М.Сағдиев, т.б.), еңбекшілермен, бейресми кездесу-сұхбаттарда да ұлт мұраты мен елдік мүддені жоғары қойғанын аңғарамыз. Автор халық қағидаттары мен дүниетаным арналарын, дәстүр мәні мен дін нәрін, өмір тағылымын кең түрде пайдаланып, жүйелі жеткізген. Ататарих пен тұлғалар тағылымын (Абылай хан, Бәйдібек, Кенесары, Төле би, Бөлітірік шешен, Абай, Жамбыл, Шәкәрім, Т.Рысқұлов, Б.Момышұлы, Қ.Сәтбаев, Е.Бекмаханов, М.Әуезов, Қ.Қуанышбаев, т.б.) сөз жүйесінде, ойлар мен толғаныстар тоғысында көңілді кеңге салып, айрықша жылылық, мейірім шуағымен орынды кестелегені оқырманды тәнті етіп, бей-жай қалдырмайды.

Гүлжаһан ОРДА: Желтоқсан көтерілісіне қатысты О.Сүлейменов, Т.Бердияров, Ж.Молдағалиев, Ш.Смаханұлы, Ә.Мәмбетов, Т.Жаманқұлов, т.б. сияқты кейіпкерлер өз аты-жөндерімен жүрсе, енді бір сыпыра Домалақ шал, Қожантай, Жұмағұл сияқты өмірден алынғанмен, аты-жөні өзгертілген жағымсыз кейіпкерлер де бар. Бірақ олардың аты өзгертілсе де, оқырман кім екенін жазбай таниды. Қонаевтың үстінен 250 беттік арыз жазған осындай сатқындар, алаяқтар еді.

Қонаевтың мәселесі қаралған Пленумда М.Сағдиев, Шығыс Қазақстан облысының бірінші хатшысы Милкин сияқты азаматтар Димаш Ахметұлын арашалап қалды. Жоғарғы Кеңестің төрайымы Сидорова Қонаевты қаралап сөйлеуден бас тартса, Орал обкомының бірінші хатшысы М.Б.Ықсанов, Заманбек Нұрқаділов сынды

азаматтар қасынан табылды. «Жеңілген күреске тоймайды» дегендей, Колбин «Қонаев – Алаштың ары, қазақтың – қасиеті, ұлттың – ұяты деген сайын оған өршелене өшігіп, айналайын ата қазақтың өзін де, өтінішін де өзекке теуіп, сұлатып салып жайратумен болды». Себебі «Қонаевтың ақ сауыты – адалдығы еді. Қараулықтың қара жебесі қанша үшкір болса да бәрібір кеудесін тесіп өте алмады». Мәскеуден арнайы тапсырмамен жіберген полковник үстем ұлттың үсігіне шалынбаған жаны жайсаң орыс азаматы болғандықтан, Горбачев «Алаштың заңғар Алатауын» абақтыға жаба алмады.

Роман оқиғасына сондай-ақ Қарақалпақстанның бірінші хатшысы Кәкімбек Салықов, Өзбекстанның бірінші хатшысы И.Б.Усмонходжаев, Совминнің төрағасы Бәйкен Әшімов, Көкшетау облысының бірінші хатшысы Мақтай Сағдиев, Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы М.С.Мендібаев сияқты тарихи тұлғалар қатысқан. Саяси Бюродан К.Салықов арашалап, «Қонаевтың бір тал шашы түсіп, ескерткіші тұғырынан алынатын болса, қашан айтты демендер, Мәскеудің ескі алаңына да, Алматының жаңа алаңына да қарақұрым халықты жинап, митингі өткізем!» – деп О. Сүлейменов ақын күркіремегенде Қонаевтың күні не болары белгісіз еді. Кезінде Кәкімбекті Орынборға басшы етіп жіберуден «бұл қорыққан билік қашан да азулы ақындардан аяқ тартты. Ал олар Қонаевқа керек кезінде қалқан бола алды. Есесіне, келесі топтағылар «Бір кездері Қонаевтың жүрегінен көктеп өскен бұтақтар екенін ұмытып, бір-бір ұзын найзағайға айналып, тұла бойын тұс-тұстан сұққылап, қанын сорғалатып ағызып жатты. Бірақ бұл мәңгүрттер Қонаевты емес, ұлылықты шабақтап, қан құстырып жатқанын білмеді»...

P.S. 674 беттік көлемді тарихи романды бір жиын барысында толық талқылап шығу мүмкін еместігін байқап отырмыз. Көлемді романды оқып, ол туралы оқырманға мазмұнды сұхбат бергендеріңіз үшін алғыс айтамыз. Қазақтың кешегі тарихын білгілеріңіз келсе, Рафаэль Ниязбек ағамыздың ұлт көсемі Д.А. Қонаев туралы романын тауып оқуға асығыңыздар, ағайын.

«Алқа» жиынын
ұйымдастырған
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА
«Қазақ әдебиеті» газеті,
03.08. 2022



**Гүлзия ПІРӘЛІ,
М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты
«Әуезов үйі» ҒМО бас ғылыми
қызметкері, филология
ғылымдарының докторы,
профессор**

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ БЕЙНЕСІ

Қазіргі қазақ баспасөзінде тарихи тұлғаларға қатысты әртүрлі пікірлер, сындар, жоқты бар етіп қолдан пайғамбарлар жасау секілді көңілге кірбің орнатумен бірге келешек жастарды адастырар, олардың санасын улар ойлар айтылуда. Аға ұрпақтың екеуара айтылатын әңгімелері, құпиясы, қат-қабат сырлары әлі ұлттық ұстанымдары, сана –сезімдері қалыптасып, тарихты түгендеп оқымаған жастарға керісінше әсер етеді. Сондықтан болар, бүгінде жастардың көпшілігі аға ұрпаққа, тарихқа күдікпен қарайтыны байқалады. Тегінде, сын айта білу мәдениеті мен оны қабылдай білу мәдениеті бар. Ал, сынды қабылдау мәдениеті, ең алдымен, сол сынды оқыған адамның ой-өресіне, танымына байланысты. Елді елең еткіземін деп бүгінде сәнге айналған «сенсациялық» мақалалар оқушыны қызықтырғанымен өзімізді өзіміз өрескел қателікке ұшыратары сөзсіз. Осы тұрғыдан келгенде, тарихи тақырып пен тарихи тұлғалар туралы туындыларға асқан жауапкершілікпен, тарихи негізге, нарративті және архивтік құжаттарға арқа сүйеп жазбаса оның оқырманға да руханиятқа келтірер пайдасы шамалы. Осы ретте көрнекті ғалым Бейсембай Кенжебайұлының: « Егер, қазақ іргелі, саналы ел боламын десе бірін-бірі көрсеткіш, бірін-бірі аяқтан шалғыш мінезден тыйылып, тірі кісіні қойып әруақпен жауласуды қойып, өткен күнә, кінәсінен арылып, арының алдында ақ сөйлейтін күнге жетер, ұрпақ тәрбиесін ойлайтын күнге келер...»,- деген ақырғы аманаты еске оралады (26-136 бет). Қ. Ергөбек. «Арыстар мен ағыстар:

Әдебиеттану, сын әлемі.-Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2003.-336 бет-Отырар кітапханасы».-136 –бет.

Күрделі жанрға тән толғауы тоқсан түрлі тағдырларды тоғыстырар тамыры мен тарихы сан тарау халық өмірін, күрмеуі қиын кейіпкерлердің жан әлеміндегі толғаныстар мен мың қатпарлы құпия қалтарысты психологиялық құбылыстарды алдыңғы шепке шығарып, қоғамдағы саяси, әлеуметтік жағдайлардың жұмбақ сырларын астарлап жеткізуде де үлкен жетістіктерге ие болған М.Әуезовтің «Абай жолынан» басталған тарихи туындылардың көші қазіргі қазақ әдебиетінде баршылық. Сол толқынға қосылған соңғы тарихи романның бірі - Рафаэл Ниязбектің «Көсем» атты тарихи романы (Алматы, 2021.-676 б.).



Бұрында қазақтың аяулы азаматы, ұлтжанды тарихи тұлға Асанбай Асқаров туралы «Таукімет» атты роман жазып, мол тәжірибе жинақтаған автордың «Көсем» атты тарихи романына әлемге аты әйгілі аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың күрделі тағдыры өзек болған. Ұлы қайраткердің өмірі мен қоғамдық, саяси, мемлекеттік қайраткерлігі жөнінде

өзінің көзі тірісінде де, кейін де түрлі тақырыпта және түрлі жанрда жазылғаны да ақиқат. Қай халықтың тарихында да сирек кездесетін ойлы да әділ мемлекет басшысы, энциклопедиялық білімнің иегері, биік интеллектуал, парасатты тұлға туралы жазу, әрине, үлкен жауапкершілікті жүктейді. Әрі десе көзі тірі, әр қадамы, әр сөзі халық санасында сайрап тұрған тұлға туралы жазуға де жүрек керек шығар. Сөз андып, тырнақ астынан кір іздейтін, қазіргі қайшылығы мен қақтығысы мол кезеңде, өзге түгілі өзін жете түсіне алмай жүрген тұста мұндай батылдыққа бару кез келген қаламгердің қолынан келе қоймайтын қайсарлық, ерлік десе болады. Романның жетістігі мен ерекшелігі 30 жыл ел басқарып, халық құрметіне бөленген ұлы тұлға Д.Қонаевтың басында бағы бар кезең мен тақтан түскен тәуелсіздік тұсындағы тағдыр тәлкегі, қарама-қайшы пікірге толы қақтығыстарды суреткерлік сүзгіден өткізіп, тарихтың өзі төрелік еткен әділдіктің әңгімесін айтуы еді. «Әр қаламгер өз заманының қоғамдық ой қозғаушысы» (М.Әуезов) екендігін ескерсек, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Шешенстанның халық батыры, Шешенстан мемлекеттік сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлы-

ғының, «Түркі әлеміне қызметі үшін» халықаралық сыйлығының, Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты және Ресей Жазушылар одағының Сергей Есенин алтын медалінің иегері көрнекті ақын, белгілі жазушы Рафаэл Ниязбектің «Көсем» атты тарихи роман жазуға моральдық та, кәсіби де, азаматтық та құқығы бар екендігіне көз жеткіземіз. Көрнекті ақын, қаламгер Рафаэл Ниязбектің «Көсем» атты тарихи романындағы Қонаев өмірі , көркем бейнесі бүгінгі заман мен оқушының рухани талабы мен талғамына сай интерпретацияланған. Романдағы кеңестік кезеңнің көркемдік шежіресі біздің жас ұрпағымызға ұғынықты болуы мен олардың дұрыс дүниетанымын қалыптастырып, төл тарихын таза тарихи шындықтар негізінде танып, ой-өрісін кеңейтудегі философиялық құнарын жоғалтпауы басты нысанға алынған. Өйткені, «тіріде жақсысы жоқ, өлгенде жаманы жоқ» деген қазақы менталитетте қай көсемнің де тірі кезінде көсегесі көгермеген, ақиқат ашық айтылмай көбінде көмескі, бүркемеленген түрде, емеуріндермен ғана айтылып келгені белгілі. «Көсем» романындағы Қонаев бейнесі оның көзін көрген, талай тілдескен, өмірінің ең бір ауыр кезеңдеріндегі өзекті өртер өкініштерін өз сезімімен сезінген, табиғатымен түсінген «адам жанының инженері» ретінде зерттеп, зерделеген сөз зергерінің тарихи тұлғаның тағдырын шығармашылық, философиялық тұрғыдан интерпретациялаған деуге әбден болады.

Р.Ниязбек осы көркем прозасына дейін халықтың сүйікті перзенті Д.Қонаев туралы «Кемеңгер» деген өлеңмен роман жазған . Алайда, тарихи тұлғаның күрделі тағдыры мен қалтарыстары мол табиғатын терең тану үшін поэзия поэтикасына тән көркемдік компоненттер, метафора, шабыт, күрсініс, сезімдік эмоциялық көңіл-күй аздық етті. Сондықтан ол өмірге етене еніп, көп нәрсе көріп, білуі, бәрінен бұрын проза өнерін білуі тиіс болды. Өйткені, проза есейгендікті қалайды. Мемлекетті басқарған 25 жылда еліміздің экономикалық дамуын жоғары деңгейге көтеріп, ұлттың санын өсіріп, халықтың тұрмысын жақсартқан сирек тұлға туралы толғану, жазу оңай емес-ті. Саяси-тарихи тақырыпқа жазылған күрмеуі қиын күрделі романда ел басшысының тарих, ұлт алдындағы азаматтық парызын орындау барысындағы кісілік келбеті, парасат пайымы, тұлғалық табиғаты шынайы бейнеленген. Күнделікті өмірде қарапайым халық Д.Қонаевты қалай көріп, таныса көркем шығармада да сол бейнемен бетпе-бет кездеседі. Кеңестік кезеңдегі былайғы жұртқа белгісіз, бәймәлім, саяси тартыстар, отаршылдық пиғылдағы небір қитұрқы қиянкесті айтыстар мен қақтығыстар, пікір қайшылықтары, ұлт тағдыры шешілер тосын тұтқиылдан жасалған шабуылдар нарративті мәтіндер, архивтік құжаттар, эпистолярлық мұралар арқылы ақиқатты ашық айтудың әдеби әдіс-тәсілдері

арқылы берілген. Романда Д.Қонаевтың Министрлер кеңесінің төрағасы болған сәттен бастап, Бірінші хатшы болып қызметтен кеткенге дейінгі дәуірі негізгі лейтмотив болған. Н.С.Хрущевтің келуімен басталған басты кейіпкердің саяси күресі кеңестік кезеңнің соңғы басшысы М.С.Горбачевтың кетуімен аяқталған қоғамдық және мемлекеттік қызметі жөніндегі Д.Қонаевтың «Өтті дәурен осылай», «Ақиқаттан аттауға болмайды» деген екі бірдей естелік кітабын да автор жақсы пайдаланған сияқты. 30 жылдай осы саяси ортада жүріп, қазаққа жасалған небір қастандықтың, қиянаттың қыл көпірінен өткен, сонда да сағы сынбай, орталықтың айдауына көнбей өзінің азаматтық абыройын, ұлтжандылық ұстанымын, қайраткерлік қасиетін, мемлекеттік міндетін мінсіз атқарған Қонаевтай сирек тұлғаның қазіргі прозадағы көркем бейнесі кім кімнің де мақтаныш сезімін оятып, мәртебесін көтереді. Әйтеке бабамыздың : «Атқа мінгенің азапқа мінгенің. Азапсыз ердің аты шықпас. Азап дегенің-тынымсыз еңбек. Асқақ – ұшсаң - абайлап қон. Өйткені, төбеге шықсаң күндейтін, төменде қалсаң тілдейтін жамағайындар көп», - деп айтқанындай жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығып, шырқау биікке көтерілу, ел басқару оңай шаруа емес. Атақ пен азаптың бірге жүретіні де белгілі. Д.Қонаевта атқа мінген жылдары қырағының көзі шалмаған, тірлігін тізбеген, аузын бақпаған қазақ қалмаған шығар?! Тіпті кешегі бұрата халықтан көз көрсе көңілің тоятындай көркем де кесек, сөйлессең ойың өсіп, рухани кеңістігің кеңейетін, бір республика ғана емес бүкіл 15 одақтас республикада энциклопедиялық білімімен, интеллектуалдық деңгейімен, кеменгерлік кескін келбетімен, кісі баласына кергіп қарамайтын, кесір сөз сөйлемейтін көркем мінезімен мойындалған тұлғаның бейнесі ол туралы жазылған қай шығармада да сол биігінен төмендеп көрмеген десек артық айтқандық емес.

Д.Қонаев заманында республика, облыс, аудан дәрежесінде партия, совет, шаруашылық салаларын басқаратын мықты мамандар, ұлттық кадрлардан тұратын база қалыптасқаны мәлім. Ұлт атаулы - адамзаттың генофонды, экономикалық, әлеуметтік, мәдени өмір сүру тәжірибесінің қайнар көзі екендігін ескерсек, қай мәселені де кең өрісте, жалпы адамзаттық құндылық ретінде қараған зерек саясаткер, қайраткер Д.Қонаевтың дипломатиялық шеберлігін, ақылмен жүзеге асырып отырған іс-әрекеті жөнінде 1960 жылы Вашингтонда кездескен АҚШ президенті Дуайт Эйзенхауэрдің : «...Мен бүгін зор тұлғамен қауыштым. Ол терең саясаткер, халықтар даналығын толық меңгерген адам. Ол КСРО-ның сирек кездесетін тұлғасы», - деп толғанып айтуы да тегін емес. Ал, тұлға болу арына шаң жуытпаған, Д.Қонаев сынды бойына ойы сай сирек адамдарға ғана лайық болса керек. Сондықтан да болар туысқан түркі тілдес ел басшыларының

бәрі Д.Қонаевты «Сіз түркілердің лидері екеніңізді ұмытпаңыз. Өзіңіз бізге керексіз» , -деп үнемі соған қарап бой түзеп, арқа сүйеп отыратын. Ақын қаламгер Р.Ниязбек ұлы тұлғаның қайраткерлік қасиетін терең сезіммен суреттеп, нақты өмір фактілерін поэтикалық сипатта асқан шеберлікпен, көркемдікпен бейнелейді. Романдағы көрнекті басшының әдебиеттегі әлемі көркем ойды эстетикалық тұрғыда қабылдау мен суреттеудің жүйесі ретінде жүзеге асырылған. Осындайда ақын Темірше Сарыбайұлының: «Қонаев-ұлттың Ары мен Намысы! Қонаев-ұлттың Рухы мен Иманы! Қонаев-қазақтың Қанағат мектебі) Адалдықтың өлшемі!», - деген жыр жолдары еріксіз еске түседі.

Дара тұлға Д.Қонаев Қазақстанның интеллектуалдық қуатының өркендеуіне ерекше көңіл бөліп, қазақ интеллигенциясының қалыптасып, дамуына, олардың творчестволық жұмысына жағдай жасап, оларға арналған үйлер, демалыс орындарын салды. Көрнекті мемлекет қайраткері Қазақстанда жаңа зауыттар, фабрикалар, көптеген оқу орындары мен түрлі ғимараттар салынып, халықтың жұмыспен қамтылғанына көп көңіл бөлді. Дүние жүзі бойынша ең биік Медеу мұз айдыны, «Қазақстан» қонақ үйі, Республика сарайы, жапондық үлгіде салынған Оқушылар сарайы, Цирк, архитектуралық ерекшелігімен шығыстық ел екенімізді білдіретін «Арасан» моншасы, алғашқы әуежай, орталықтағы Көкбазар, ҚазГУ ғимараты және Қапшағай қаласы, Қапшағай су-электр станциясы сияқты көптеген құрылыстар оның дәлелі. Халық даналығы «дүниедегі ең қауіпті у –сөз. Әсіресе, мақтау сөз» деген. Өйткені, мақтау сөз адамды мақтамен бауыздағандай бақилыққа жіберуі әбден мүмкін. Алайда ел басында 30 жылдай отырған Д.Қонаев өзінің кісілік келбетін, ақыл-парасатын арзан мадаққа еш айырбастамай, ар-абыройын биік ұстаған дара тұлға. Бір таңғаларлығы халықтың игілігі мен ел мәртебесін көтеретін мәдени орындардың, осынау әсем ғимараттардың рахатын ел басшысы бір рет те пайдаланбапты. Не деген қарапайымдылық, данылық десеңізші?!

«Мемлекет қайраткері үшін аса қажет қасиет: кісілік: Ұлылықпен астасқан кішіпейілділік», -деген Чили президенті Салводор Альенданың сөзі тап бір Д.Қонаевқа арналып айтылғандай. Р.Ниязбековтің «Көсем» романындағы бас кейіпкер Д.Қонаевтың бейнесіндегі бар болмыс бітімі сөз өнеріндегі өміршеңдігін танытса керек. Өйткені, кейіпкер өлсе де ол әдебиетте өлмейтіні белгілі. Халық жадындағы Д.Қонаевтың бекзаттық болмыс бейнесі өзінің шынайы келбетін жоғалтпай романда да әділ әспеттеліп, көркем кестеленген. Даңқа тұлпар дүлдүлдігімен жетсе, ер-азамат білгірлігімен жететіні мәлім. Д.Қонаев та сор мен шерге шырмалған көп дананың бірі ретінде әрбір сәт сайын мың құбылып тұратын

қитұрқы саясаттың сайыпқыран солдаты бола жүріп, елін әлемге танытты, ұлтты көкке көтерді. Сөйтіп, елдің де өзінің де даңқын дүние жүзіне мәлім етті. Ол басқарған 30 жылда Қазақстан сан жағынан да, экономика жағынан да, әлеуметтік тұрмыстық жағдай жағынан да өркендеп өсті. Миллиардап берген астығы, тонналап берген темірі, қазына байлығы, әлемнің түкпір түкпіріне тарап жатты. Алайда даңқтың жолы даңғыл еместігі тағы аян. Оның бәрі оңайлықпен келген олжа, жәй жеткен жетістік емес-ті. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалған күндердің жемісі еді, олар. Отыз жыл бойы ой жиып, тәжірибе жинақтап, құнарлы, құнды қабілетке ие болды. Ұшан-теңіз білім жинады. Сол біліктігімен ешкімге дес бермей билік құрды. Алайда бірнеше ғасыр бойы жан жағындағы елді сүлікше сорған отаршылдықтың кесепаты осы күнге дейін өзінің өркөкіректіген арылар емес. Оның сойқан көрінісі сол кеңестік кезеңде Қонаев билік құрған заманда мылтықсық майданның нағыз қайнаған қанды шайқасы болғанын да бүгінгі оқырман осы кітаптан оқып, біледі. Қазақтың әрбір құнарлы жері, асты мұнай, үсті шүйгін жылда миллиардап астық беретін берекелі байтақ жер тек орыс қана емес жан-жағымыздағы бүкіл көршілеріміздің көз құрты болғалы қашан. Әсіресе «сексеуілді сексеуілге ұрып сындыратыны секілді қазақты қазаққа айдап салып, қырып-жойып» келе жатқан орыс билігіндегі әпербақан басшының бірі Хрущевтің әлегі Қонаевқа оңай болмаған сыңайлы. Алайда өзінің білімі мен ой-өресінің тереңдігімен, салмақты парасатымен не жайды байыппен шешетін Д.Қонаев та кез-келгенге оңай алдыра қояр жаңғақ емес-ті. Жақсы адамның серігі-әманда ақыл, қанағат, әдеп, төзім, сабыр, үміт, татулық болғандықтан Д.Қонаев қай айланы да ақылмен жеңіп, Алаштың туын биік ұстаған тұлға екендігін, оны елі ұмытпайтынын «Көсем» романының авторы, азулы ақын, қарымды қаламгер Рафаэл Ниязбековтің айтуы жарасымды әрі өзінің де азаматтық парызы екендігін ескермеске болмайды. Өйткені, ақынның сөзі ақиқаттың өзі болып тұрған жоқ па? Ұлттың көркем сөзі мен шежіресі саналған «Көсем» атты жақсы кітаптар, елдің есінде, жұрттың жадында, ұрпақтың ойында қалуы тиіс. Ұлттығыңызды ұлағаттайтын кітаптан өзге насихат та, өшпес мұра да жоқ.

«Құнарсыз жеміске құрт та жуымайды» дегендей, Д.Қонаев көптен биік, абыройлы, ойлы, білімді болған сайын жауы да соншалықты көп болуы табиғи заңдылық та еді. Тарихта қашанда солай болған және бола да берері күмәнсіз. Ұлттық мүддені өзінің мансабынан асырып ойламайтын жанындағы жандайшап пенделер де оның етегінен тартып, Мәскеудегі беделіне көлеңке түсірген тұстары да романда жан-жақты әрі нақты тарихи фактілермен баяндалған. Мәтіндегі мысалдарды келтірер болсақ бір мақала көлемі жетпесі тағы анық.

Қазақтың өзінің пендешілік пиғылына жету үшін арызды жазудан алдыға жан салмайтын қасиетін жақсы зерттеген орыс биілігі отты да орды да қазақтың өз қолымен көсеп, тұтатып та, түсіріп те отырды емес пе? Д.Қонаевтың үстінен жазылған 250 беттік бір арызда арсыздықпен айтылмаған не жоқ дейсіз?. Ал, оның саны 500-ден артса ше? Сонда біз қандай ел болдық? Ол ой кімді толғандырмаған? Оның жауабы осы романда толық берілген десе де болады. «Жарамсақ-жаудан жаман», «Қазақтың жауы-қазақ» деген Абайдың даналығы кітаптың өн бойында өріліп отырады. Павлодар қаласына бір келген Хрущевтің құрметіне «Хрущевград» деп атай жаздағаны, Бостандық ауданын сұраған өзбектерге беруі, Хрущевпен бірге оқыған сол кездегі Өзбекстанның Бірінші хатшысы Ниязов пен Жоғарғы кеңеске төрағалыққа сайланған Насреддинованың ықпалы мол болғаны шығармада нақты нарратологиялық мәтіндер арқылы нанымды бейнеленеді. Оған «О передачи Бостандыкского района и части земель голодной степи из состава Казахской ССР в состав Узбекской ССР Постановление Верховного Совета Казахской ССР от 21 января 1956 г. (Стенографический отчет заседаний второй сессии Верховного Совета Казахской ССР четвертого созыва 1956 г.)» деген архивтік құжаттағы деректер дәлел (68-69 бб). Қаламгер Р.Ниязбек туындысында осындай құнды құжаттарды молынан келтіруі оқырман сенімін тудырып, шығарманың шынайы шындықпен өрілген нанымдылығын арттырады. Тарихи роман жанрының көркемдік шарты мен талабына сай туындаған осындай талап күні кеше көз алдынан өткен өмірлік шындықтың өміршендігін танытады. Қонаевтың әрбір әрекетінің терең оймен, сабырлы сақтықпен, ұлтжандылықпен, ұқыптылық пен парасаттылықпен пайымдалып отырғанын да оқушы жақсы сезінеді. Әсіресе, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан соң саяси қуғынға түскен тұлға Қонаевтың әділдігі, ұлт пен мемлекет ісіне деген адалдығы да әрбір алған затының құжаттары барлығынан, олардың соншалық ұқыптылықпен сақталғанымен ерекше әсер етеді. Қазақтың саяси тарихында ғана емес ел басқарған басшылардың екісінің бірінде кездесе қоймайтын осындай тереңдік, тазалық, адалдық, бекзаттық, тектіліктің дара тұлға, дана тұлға Д.Қонаевта болуын, оның өмір жолындағы әрбір қиян кескі күрес барысындағы әрекеттерімен, мінезімен, білім біліктілігімен көркем бейнелеген автор шын мәніндегі тарихи кейіпкердің барлық қоғамдық, саяси бейнесін аша білген. Д.Қонаевқа артық сипаттама берудің өзі де ерсі. Ел алдында өмірінің соңына дейін қандай қасиетті, қадірлі болса романда да тап өмірдегідей өз өресі мен биігінде бейнеленген. Қаламгер Р.Ниязбектің ақын болғандығы 674 беттік көлемді де күрделі тарихи романында тілден еш тұсалмай ойын да, сезімін де еркін, көркем тілмен кестелей білуімен ерекшеленеді. Кеңестік кезең-

дегі қоғамдық саяси, тарихи, әдеби өмір сабақтары суреткер санасында сүзіліп, уақыт таразысында қорытылып, қайта өңделіп, бүгінгі биіктіктен баяндалған.

304-307 беттерде ұлы суреткер Әуезовтің : «Сүйемдей жер үшін сүйегін беріп, ұлтарактай жер үшін ұран көтеріп, ұлы майданға шығып, жаумен шайқасып өткен жауынгер жұрт еді бұ қазақ! Ақыл-ойы ашық күндей сайрап тұрған мезгілде ұлт тағдырын ойлап, атойлап күреске шықпайтыны қалай? Неден қорқады? Ел де, ер де заманының диірменіне тартылып, ұсақталып, қара бастарын ойлап, мәңгіріп қалмаса бұ не?», - деген оймен сол кездері ел басқарған П.К.Пономаренкоға барғандағы диалогы ,саяси дискурсы берілген. Сондағы солақай саясаттың зардабы, азамат соғысына дейін 13 млн болған халықтың кеңестік кезеңде 2 млн.ғана болуы, сондықтан шет елдегі қандастарымызды елге қайтару мәселесін қоюы секілді күрделі мәселелерді батыл көтере білуі де үлкен рухани ерлік еді (304-307 бб). Д.Қонаевтың көкейіндегі ойларын осындай ұлттың ар-абыройы болған әдеби тұлғалар арқылы беруі де шығарма шырайын ендіріп тұр.

Романда Д.Қонаевтың қатты қадірлеген қанаттас қаламгерлер бейнесі де көзге жылы ұшырайды. Әлемге әйгілі Мұхтар Әуезов, көрнекті актер Қалыбек Қуанышбаев, ақиық ақын Олжас Сүлейменов, Мұқағали Мұқатаев, халық батыры Бауыржан Момышұлы, атақты желтоқсан ардагерлері Жұбан Молдағалиев, Тоқаш Бердияров, Сейдахмет Бердіқұлов, т.б сынды сирек кездесетін ұлтжанды тұлғалар бейнесі де халық жүрегіндегі қалпында шынайы көркем кестеленген. «Біз Сізді 25 жыл күттік»деген сөз айтқан қаламгерлерде романда қалыс қалмаған. Автор прототиптері белгілі кейіпкерлерінің есімдерін өзгерткенімен олардың халық алдындағы абыройсыз сөздері мен іс-әрекеттері, арына жағылған қара күйе ретінде қалатынын ешкім жоққа шығара алмас. Автор көркемдік компоненттерді , психологиялық талдау тәсілдерді осындай қайшылыққа толы кезең шежіресі мен кейіпкерлердің күрделі табиғатын, қиын сәттердегі жан дүниесіндегі арпалыстарды ашу үшін кеңінен пайдаланған. Әсіресе психологиялық талдаудың бірден бір көркем компоненті- әдеби түс көру тәсілдерін пайдалана білуі де көңіл аударуға тұрарлық. Ұлт тарихындағы тәуелсіздік үшін күрескен тарихи тұлғалар галереясы да осында берілген. Кешегі Кенесарыдан бастап, Махамбет, сырласы болған құдасы Мұхтар Әуезов, Мұстафа Өзтүрік, Д.Қонаевқа ғана емес қазақ еліне оң көзімен қарап, еркін еңбек етуіне мүмкіндік жасаған Брежневпен, Косыгинмен, 50 жыл отандасқан жары Зухрамен түсі арқылы кездесіп, шер тарқасуы, ел тағдырын ойласып, терең толғанысқа берілуі де қисынын тапқан көркемдік тәсіл. Өйткені, образ қаламгер

қиялының, суреткерлік шеберлігінің , интеллектуалдық деңгейінің , көркемдік танымының, жазушылық ой-сезімінің синтезіне тәуелді. Кез-келген көркем шығарма мен көркем образдың негізі- өмірлік болмыс. Көркемдік дерек пен өмірлік дерек мұнда да көркемдік шарттылыққа ие. Өйткені, көркемдік әлем, көркемдік шындық, өмірлік шындықтың бәрінен жоғары тұратындығы мәлім.

1887 және 1911 жылдары Алматыда 9 баллға дейінгі болған жер сілкіністерінен кейін қала сейсмологиялық қауіпті аймақ ретінде танылған. Сондықтан «Қазақстан» қонақ үйінің бой көтеруіне көптеген қарсылықтар болған. Алайда, өзге де өркениетті елдерді көріп, өз елінің де олармен иық тіресе алатындай әсем ғимараттары болуын көксеген көрнекті қайраткер Д. Қонаев архитектор мамандардың кәсіби кеңестеріне сүйеніп 25 қабаттың астына шар орналастыру, ол жер сілкінгенде әр бағытта бір метрден жылжып, ғимараттың бүлінбеуіне мүмкіндік жасайтынын ескеріп, қаладаға ең биік қонақ үйдің салынуына себепкер болған.

1921 жылы 8 шілдеде Алматының тау бөктерінде қатты нөсерден сел жүріп, табиғи апаттан Алматы қаласы үлкен шығынға ұшырағанын тарихтан халық жақсы біледі. Міне осы тұста да өзінің ұйымдастырушылық қабілеті мен энциклопедиялық біліктігінің арқасында ұзақ уақыт зерттеулер жүргізіп Медеу шатқалында 1966-1967 жылдары үлкен жарылыстар жасап, платина салдыруы да ерлікке бара-бар іс еді. Міне, осындай күрделі мемлекеттік шаруалардың бәрі романда көркем тілмен үлкен суреткерлік шеберлікпен шынайы баяндалған.

Д.А.Қонаевтың мұнда жеке кітапханасындағы өзі оқыған 5 мыңнан астам анықтамалықтар мен әр түрлі тақырыптағы ғылыми және көркем әдебиеттердің көмегі болғаны кәміл.

«Ырыс, бақыт та, қызыр да әйелде. Әйелің қызырлы болса, үйіңнен жақсы адам кетпейді. Жақсы әйелдің арқасында ердің елге даңқы кетеді.», -деп дана бабамыз Төле би айтқандай жұбайы Зүһра Шәріпқызының асқан ақылдығының, көрегендігімен, кемел кеңесімен Д.Қонаевтың атақ-абыройы асқаны да жасырын емес. Өйткені, «ел сыйлайтын ерді ақылдылықпен адам етіп тәрбиелейтін де әйел, кең жайылған дастарханымен ердің атын шығаратын да – әйел» екендігі осы романдағы Зүһра бейнесі , оның өмірі жиналмайтын берекелі дастарханы, есігі жабылмайтын қонақжайлығы жайлы жазылған роман беттері шынында да «Ердің бақыты – әйел» деген даналықты дәлелдегендей. Қызметтен кетіп, басындағы бағы мен астандағы тағынан қоса айрылып, жапандағы жалғыз үйдей жетімсіреп қалғанда қасындағы қосағы Зүһра Шәріпқызы көңіліне медеу, жанына жалау болғанын қаламгер Рафаэл Ниязбеков от басы, ошақ қасындағы қилы-қилы қиыншылықтар,

қартайған шақта тап болған қасіреттерді психологиялық, сезімдік эмоциялық құбылыстар арқылы бейнелейді. Ер азаматының басына түскен ауырпалықты өзі көтеріп, ақырында ажал құшады. Елу жыл өмірдің қызығын да қиындығын да бірге көрген ерлі-зайыптылардың ішкі жан иірімдерін, бір-бірін қабақ қағыстарынан танитын жұбайлық өмірінің күрделі табиғатын да суреткер тереңнен талдайды.

Көрнектің ақын, жазушы Рафаэл Ниязбектің «Көсемі» Д.Қонаевтың өмір тарихына арналған жалғыз туынды емес осыған дейін белгілі жазушы Тұрысбек Сәукетайдың «Қилы тағдыр» атты романдар топтамасының «Айқараңғысы» атты (бірінші кітабы) тарихи романында да Д.Қонаевтың тағдырында ойып орын алған Желтоқсан оқиғасы, сол кезеңнің өмірлік фактілері мен тарихи тұлғалар тағдыры тілге тиек етілген. Қос қаламгердің шығармасы да қоғамдық танымда қозғалыс тудырып, ұлт санасын оятқан ойлы дүниелер. Екі туындыда да қайта құру кезеңіндегі қиындықтар, желтоқсан оқиғасының тууына себепкер болған фактілер, оның құрбандары болған куәгерлер мен осындай өліара сәтте сынға түсер ел басшыларының шынайы бет пердесі, адами болмыстары, санасы мен ішкі жан әлеміндегі психологиялық құбылыстар арқылы сол уақыттың рухын сезіну, қасіреті мен қуанышын бастан кешу, жан толқытар тағдырлар, өзекті өртер өкініштер бар. Жалпы қазіргі қазақ прозасындағы ұлт көсемі Д.Қонаевтың тағдыры өзек етілер көркем шығармалар қатары келешекте көбеймесе кемімесі анық. Мәселен, соңғы жылдары жарық көрген қоғам қайраткері Сәбетбек Еркінбайұлының «Әдептен озбайық...», көрнекті журналист, жазушы Көлбай Адырбектің «Соңғы репрессия», қонаевтанушы, жазушы Ораз Қауғабаевтың «Таңғажайып Қонаев», журналист, жазушы Талғат Айтбайұлының Желтоқсан көтерілісіне қатысты әзірге 16 томдық архивтік деректерге негізделген мақалалар жинағы, өзге де қаламгерлердің туындылары біздің сөзімізге дәлел. Осы ретте Д.Қонаевтың «Ақиқаттан аттауға болмайды», «Өтті дәурен осылай» деген естеліктері мен «Елу жыл ел ағасы», «Естен кетпес ұлы есім», т.б естеліктер жинағындағы ұлы қайраткердің дара да дана бейнесі өз дәрежесінде дәріптеліп, оқырмандарға көп тарихи мәліметтер береді.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі түрлі жанрларда жазылып, түрлі деңгейлерде зерттеліп, бейнеленіп жүрген ұлт көсемі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Дінмұхаммед Қонаевтың бейнесі, желтоқсан тақырыбы, ондағы қанды қасіреттер мен қилы тағдырлар ұлт тағдырымен көркемдік тұтастықта көрінуінің өзі біздің қазақ тарихы, руханияты үшін өлмес мұра.



Мархабат БАЙҒҰТ,
жазушы, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері,
халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты

«НЕТКЕН ҒАЖАП... БҰЛ ӘЛЕМ!»

Жанболат Аунбаев! Бұл есім қалың қазақ оқырмандарына жақсы таныс. Қаламы жүйрік, ойы ұшқыр ағамыз республикалық басылымдарда алымды журналистігімен қатар басшылық қызметтер атқарып, қажырлы әрі жемісті еңбек етті. Журналистика жампозының қаламынан туған мақалалар, очерктер, эсселер, тың тақырыптарды арқау еткен зерттеулер жұртшылықты әрдайым елең еткізіп, жазған дүниелері халықтың ыстық ықыласына бөленіп келеді. Жанболат ағаның есімі «Ақиқат» журналының ұжымы үшін де қадірлі. «Қазақстан коммунисті» журналында мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімжан Қазыбаев бас редактор болған жылдарда Кәкеңнің орынбасары болып, журналдың дамуына сүбелі үлес қосты. «Ақиқат» деп аталған сонау тоқсаныншы жылдарда бас редактордың бірінші орынбасары лауазымында журналдың қазақ баспасөзі кеңістігінде айшықты орын алуына үлкен еңбек сіңірді. Үстіміздегі желтоқсан айының 24-і күні Жанболат Әлиханұлы мерейлі 70 жасқа толады. Редакция ұжымы атынан ағамызды шын жүректен құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына амандық тілеп, таяуда ғана жарық көрген төл еңбегі «Табиғат терезесі» атты кітабы жайында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Мархабат Байғұттың мақаласын назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

«Ақиқат» журналы

Халық жазушысы, ұлтының сүйікті суреткері Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүние» атты туындысы талай адамның қолында, қойнында жүр. Сол көкшіл кітапта «Туған жерің» дейтұғын тәмсіл бар. Түгел келтірсек, бүй дейді: «Тілші менен сұрайды – Жұрттың көбі қалада тұрады. Сіз неге ауылды аңсай бересіз? – деп. Мен: – «Наурызкөк, қарлығаш, тағы басқа құстар ерте көктемде сонау жердің түбіндегі Африкадан біздің елге мыңдаған шақырымды артқа қалдыра ұшып жетеді. Немене, сонда Африкада ұя салатын жер жоқ па? Құс екеш құс та туған жеріне жер түбінен ұшып жетеді. Ал мен адаммын ғой, – деймін. Кейбіреулер туған жерінен жерісе, бұл да бір кем дүние. Тұғырына саңғыған сұңқар оңбас, үйірінен безінген тұлпар оңбас».



Мінекейіңіз, Мұртазаңыз осылай түйеді. Ойын. Ойтолғағын.

Айтулы журналист, қарымды қаламгер, ізгі жүректі, ізденімпаз ініміз Жанболат Әлиханұлы Аупбаев сирек тақырыптарды тауып жазуға маманданған қаламгер.

Соның бірі де бірегейі оның көп жылдардан бері табиғат әлемінің таңғажайып сырларын творчествосына берік орнықтыруы. 1975 жылы «Лениншіл жас» газетінен басталған бұл үрдіс 1992-1996 жылдары «Халық

кеңесінде», одан 1999-2018 жылдары «Егемен Қазақстанда», қазір «Ана тілі» апталығында жалғасып келеді. Автордың ұзақ уақыт бойғы осындай табанды ізденісінен туған деректі-танымдық дүниелер таяуда «Сенім» баспасынан жеке кітап болып та шықты. Ол «Табиғат терезесі» деп аталады.

Оған еніп отырған әрбір дүниені оқыған сайын толқисыз. Тебіренесіз. Күрсінесіз. Қуанатын тұстарыңыз да аз емес. Алайда табиғат анаңыздың тағдырына деген алаң көңіліңіз байыз таппайды. Жанболаттың жазуындағы табиғат таңғажайыптарынан жан жүрегіңізге ұя салатын таңдай қақтырарлық тағылымдар ғана санаңызға сәуле құйып, жылу дарытады. Жұбатады. Әлденеге үміттендіреді. Иландырады. Сендіреді. Табиғат ананың төл перзенті делінетін, Алла тағала айрықша сүйіспеншілікпен жаратқан адами затыңыздың кейде, кейде ғана емес, көп реттерде айуандық,

қатыгездік танытып, туған анасына ойланбай-ақ опасыздық жасайтынын, жаратылыс жауһарларын жапыра жойып жатқанын жазыңқырайтын тұстарында Жанболат та шырылдайды, оқырманның да шырқырайтыны анық. Ондай тұстарда толғаныс-тебіренісіңіз түңіліске айналып кететіндей күй кешесіз. Шерағаныздың түнере түйілетін күрсінісіне салып: «Бір кем дүние...» – деумен тынасыз.

Көрнекті қаламгер, зерделі зияткер Сауытбек Абдрахманов жазғандай, әлемнің небір әйгілі жазушылары мен журналистері «тұнып тұрған таза да тұмса табиғаттың қойнау-қойнауына тікелей өздері барып, бәрін өз көздерімен көріп, өз таным-түйсігімен ақ қағаздың бетіне төгілдіріп түсірген». Мұндай дүниелер әрине, Сауытбек сараптағандай, «жыл өткен сайын табиғат анамыздан алыстатып, жанымызды жүдетіп бара жатқан мына жаһандану дәуірінде айрықша аяулы».

Жанболат Аупбаевтың «Табиғат терезесі» кітабындағы әрбір туынды міне, осындай айрықша аяулы. Таңғажайып тағылымдарға толы. Біз бұл жинаққа енгізілген дүниелердің көпшілігін мерзімді баспасөз беттерінен бұрын оқығанбыз. Енді қайталап оқудың рахатына бөлендік. Қандай да бір құнды шығармаларды қайталап оқымақтың, сағынысып табыспақтың кереметтігі хақында айтқандар, жазғандар аз емес. Ешқашан ескірмейтін, қайталап оқыған сайын жаңаша қырлары жарқырап көрінетін, бұрын байқамаған жақтары менмұндалап шыға келетін жазбаларды жарататындар – Жанболат сияқтылар. Себебі Жанболат сындылардың жаратылысында жалғандық жоқ. Жалқаулық жоқ. Журналистің, жазушының жаулары сол жалғандық пен жалқаулық қой. Жобалап, нобайлап жаза салу Жақанның табиғатына жараспайды. Жанболат Аупбаев дегенде тынымсыздықтың, ізденімпаздықтың, деректілік пен дәйектілікке тұнып тұратын мәністі мақалалардың, сапарнама, жолжазбалардың ойға оралатыны осыдан. Қандай мақаласы, очеркі, толғам-толғанысы, тағысын-тағылары болсын, ең әуелі танымдық құндылықтарымен жан-жақты мағлұматтарға малынып, мәнер құрайтындығымен айрықшаланады. Қай, қандай дүниесінде де дүниежүзілік деңгейдегі салыстырмалы сандар, беймәлім мәліметтер, талдамалы цифрлар мен фактілер, тек өзі ғана іздеп тапқан, барып көрген, куә болған жағдаяттар, табиғат ананың туындылары: өсімдіктердің, жан-жануарлардың, өзен-көл, тау-тастардың жағдайлары және өзгеше өзекті мәселелер сараланып, сарапталады. Ұтырлы ұсыныстар алға тартылады. Амалсыздықты аңартып, әттеген-айға әкеліп тірейтін тұстары да кездеседі. Таңғажайып тағылымдарыңыз, міне, осындай-осындайлардан туындайды.

«Алакөлде бір құс бар». Атының өзі Алакөліңізге ертіп әкетердей еліте әсер-лендірер. Ә дегеннен-ақ Әуезов туралы естеліктен үзінді келтіреді. Ол естеліктің авторы – Алексей Пантиелев. Мұхтар Әуезовпен бастайды. Асылдың тұяғы, алтынның сынығы Ернар Мұхтарұлына елжірей аялдап, оқырманды да баурап ала жөнелер. Пантиелев пайымына парасат үстейтін автор Аупбаев аңғарымпаздығына тәнтісіз. «Құйтақандай құсқа зәбір көрсетуге жүрегі дауаламаған кешегі бала және өзінің өмірлік жолын табиғат аясындағы қанатты құстар әлемінен тапқан бүгінгі ғылым өкілі» турасында аз-кем ғана айтып, әке мен бала арасындағы табиғи тамырластықтың тереңінен сыр аңғартады.

Жә, жадағайлатпай айтар болсақ, Жанболат жолға, кезекті сапарға шыққан. Ернар Мұхтарұлы Әуезовті Алакөлден іздеп таппақ. Әлі жолыққан жоқ. Серіктестерімен сұхбаттасады. Ара-арасында Аупбаевқа ғана тән стильмен түрлі дерек-дәйектерді байқамаған болып-ақ санаңызға сіңіре бастайды. Алакөлдегі экспедиция мүшесі Нұрлан Ах-метжановтың айтуына қарағанда жер шарында құстардың 8 мың 600-ден астам түрі бар екен. Соңғы ғылыми деректер бойынша Қазақстанда олардың 478 түрі кездеседі. Ал Алакөліңіз – қанаттылардың көбіне қолайлы мекен. Құстар миграциясы, сақина салу сияқты қызықтарға қанығасыз. Алакөліңіз 181 түрлі құстың қонысы екендігіне қызығасыз. Қазақтың қараторғайы 1230 шақырым жолды ұшып өтеді екен. Аляскадан Гавай аралдарына дейін 3600 шақырымды қонбастан ұшатын қоңырқанат жылқышы құстар ше?! Экспедиция мүшелері әр маусым сайын Алакөліңізден 1300-1500 құс балапандарына сақина кигізетін көрінеді. Қоладан жасалған белгіде арнайы серия, нөмір, таңба бар. Алакөлдің құстары Африкаға, Оңтүстік Шығыс Азияға, Үндістанға, Пәкстанға, Иранға барып қыстап, туған жеріне қайта оралады. Шерхан Мұртаза мәністегендей ұғым.

Ақырында авторыңыздың өзі де, оқырман да Ернар Әуезовке жолығады. Оқиға одан сайын қызықтыра түседі. Жақанның суреттеуінде Мұханның ұлы Ернар ерекше: «құрыштан құйғандай тіп-тік, көзі дөп-дөңгелек, қызылшырайлы жігіттің көп сөйлемейтін, сөйлесе шиырып-шиырып келіп лықсытатын сезім бұлқыныстары көп адамдарда кездесе бермейтін бір ерекшелікті танытқандай». Сол Ернар Әуезов біраз жыл бұрын нақ осы Алакөлде су құстарына сақина салып жүрген кезде, оның орталық аралдарынан сыртқы пішіні қара басты өгіз шағалаға ұқсас құстардың үлкен тобын кездестіреді. Ернар оларды одан сайын бақылап, зерттеп, анықтай бастайды. Сөйтсе, бұл құстар өгіз шағалаға мүлдем ұқсамайды екен. Институт лабораториясында тапжылмай жұмыс істейді. Ернарыңыз ерінбейді. Жалықпайды. Пікірталастар жүреді. Жер жүзіндегі құстар

жайында жаһандық жинақтарды, сирек басылымдарды саралайды. Сараптайды. Әуезовіңіз ақырында Алакөлге тағы да барып, ғайыптан пайда болған әлгі тосын құстың түрімен шындап шұғылдануға бел байлайды.

Жанболат Аупбаев жаңағы құстың түрін Ернар Мұхтарұлына зерделеп, зерттетіп қойып, оқырманға тағы да танымдық деректер мен дәйектерді шебер ұсынады. Швед саяхатшысы Свен Гединге еріп, Моңғолияға кетесіз. Э.Ленберг, Ч.Вори сынды ғалым орнитологтармен танысасыз. Ресейдің Чита облысындағы Борун-Торе көліне дейін хабардар боласыз. Мұның бәрін журналист-жазушыңызға Ернардайын ғалымыңыз айтып отырыпты. Сөйтсе, бұл қоңыртөбеліңіз шағала да, олардың дүниежүзінде кездесетін 14-тен астам түрінің ешқайсысы да, тіпті бұлардың гибриді де емес екен.

– Біздің лабораториямыздың қызметкерлері көрнекті ғалым-систематиктердің көмегімен оның өз алдына дербес құс түрі екенін дәлелдеп, бұл қанаттылар өкілінің өте сирек кездесетіндігіне қарай отырып «реликт шағала» деп атауды ұйғарды, – дейді Ернар Әуезов. «Қазіргі таңда бұл құс дүниежүзі бойынша екі-ақ жерден бой көрсетіп жүр. Біздің елімізде ол Алакөлде ғана бар. Осыны ескере келіп реликт шағала Бүкілодақтық және қазақстандық «Қызыл кітапқа» енгізілді де, оның жазғы мекені Тасты, Орталық аралдары мемлекеттік заказник болып жарияланды», – дейді автор. Бұдан әрі жоғарыда келтіргеніміздей, адамдардың айуандық әрекетін де айтады Ернар. Қайбір жылы Тасты аралында қолдарына бір-бір шелек ұстаған бейсауат жандардың үстінен түсіпті. Ернар Әуезовіңіз. Жағалаудағы қайықтарында шүпірлеген құс жұмыртқалары... Реликт шағалаңыздың жұмыртқаларын аямай, айуандықпен жинағандар өздерінің діни мейрамдары – пасхаға арнап, қайықты қайыстыра толтырып әкетуге үйренген екен.

«Алакөлде бір құс бар» туындысының соңында автор балалық шағына, ата-ана ақылына, құс қасиеті мен киесіне оралып соғады. Аз-кем ғана аялдап, өзі де мазасызданады, оқырманға да ой салады.

Біз әуелгі дүниесіне әдейілеп, ұзағырақ тоқталыңқырадық. Таңғажайып тағылымдар дегенімізді аңдата түспекке. Жанболатыңыздың барлық жазбаларында да шамамен осындай-осындай тосындықтарға тап боласыз.

«Қаратаудың жабайы жүзімі» мына бізге тіпті таныс. Етене. Сол Қаратауыңыздың бір бөлігі Бөкейтау баурайында, Пістелітау бауырында, Бозторғай асуының аузында туып-өскенбіз ғой. Қаратаудың түстік тұстарындағы асуларда алып ағаштарға асылып өсетін жабайы жүзімді жастайымыздан жеп өскенбіз. Сондықтан да Жанболаттың мына мақаласындағы жабайы жүзімді жақын деп отырмыз. Автормен бірге тағы да жабайы жүзімнің қыр-сырына

қанығып, ақшылтым-қышқылтымдығына қарамай, «бір жегенде жүзін жеп, бір-бірлеп үзіп жемейтін» әдетімізді еске аламыз. Тұт, шетен, тобылғы, жабайы алма, тауісте, кәтіреңкі, таушие, доланаларды сағынып жүргенде, солардың бәрімен табысқандай, Бозторғай асуына барып қайтқандай күйге бөленгендейміз.

Тағы да ризасыз авторға. Жабайы жүзіміңізді жан-жақты таныстырады. Таңыркатады. Тамсандырады. Қаратаудың ғажап орманын, оның төл байлығы – жабайы жүзімнің түп-төркінін тереңдетіп әкетеді. Алматыға оралып, академияға, ғылыми-зерттеу институттарына, Ботаника институтына хабарласады. Сөйтсе, біздің елдің ботаниктері бейхабарлау көрінеді. Бау және жүзім шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтынан ғана Мәденов Эдуард деген ғалым жігітті әзер табады. Эдуардпен бірге Грузияға, Түрікменстанға шолу жасайды. Жабайы жүзіміңіздің Қаратау қойнауындағы сұрпы да ғажап құбылыс, табиғат ананың сыйы, оны көздің қарашығындай сақтау керек деген түйінге келеді мақала иесі. Жанболаттың «Ләйлек келеді... Ләйлек!» деген дүниесін оқығанымыз күні кеше ғана сияқты. Осынау мақалаға еліктеп, талай жас журналистер де әжептеуір әрекеттенген. Ләйлек іздеген. Кейбіреулері тапқан. Көпшілігі кезіктіре алмаған. Бақыт құсы ғой ол. Келес, Сарыағаш жақта, Ордабасы, Арыс атыраптарында, Сайрам, Манкент төңірегінде байқалып қалатыны бар.

«Балалық шағын ұмытқан адам – біткен адам», дейді дүниежүзілік бір данышпаныңыз. «Ләйлек келеді... Ләйлек!» мақаласының мәніскері Жақан да балалық шағына барып қайтады. Ләйлекті айтып отырып, балалық бал дәуренді ойламауыңыз мүлдем мүмкін емес қой. Шарын өзенінің бойындағы елден, Қарқара жайлауына көшердегі жағдайынан ләйлекке байланысты бір аңыз әңгіме келтіреді. Жанұзақ деген малшының шаңырағына көктемде ләйлек ұя салған екен. Жұрт жайлауға көшерде бір киіз үйдің жығылмай тұрғанын көреді. Жанұзақтың үйі. Ол кісі ләйлектің ұясын бұзбайды. Туырлық, желбауды ғана жинап алып, жайлауға итарқа жаппамен шығады. Жанболат балалық шағына барлау жасап алып, қайтадан Келеске, жолсерігі Кеңесбайға оралады. Әлікен Талқанбаевтың ауласындағы ләйлекті зерттейді. Алматыға оралып, ерінбей, жалықпай зоолог ғалымдарды мазалайды. Украина, Қиыр Шығысқа ой-қиялыңызбен барып келесіз. Әлемнің қай елінде қанша ләйлек бар екенін, қай мемлекетте қанша ұя есепке алынғанын ежелеп түсіндіретін авторға қалайша алғыс білдірмейсіз?!

Жанболат жазбалары бірінен бірі өтеді. ««Айболит» атайды» алыңызшы. Мақаланың басында қарлығаштайын қасиетті құстың ұясын, сол ұядағы балапандардың әрекеттерін, адамнан жасқанған балапандар анасының аянышты ахуалын баян еткені ерекше әсер

етеді. Себебі, тап осындай оқиғаларды біз де бастан кешкенбіз. Айта кетейікші. Талай жыл ауылда тұрдық. Қарлығаш жыл сайын барлық үйлерге дерлік ұя салатын. Бала кезімізде байқайтынбыз.

Кейініректе кейбір шаңырақтарға ғана бауыр басып, ұя салатын болды да, көп үйлерге жоламайтынға айналды. Әйтеуір қайда барсақта, қай ауылға көшсек те, біздің үйіміз қарлығаштың ұясынан құралақан қалған емес-ті. Тіпті облыс орталығы Шымкент шаһарынан әзер дегенде пәтерге қол жеткенде ше! Жұртта жоқ ұя біздің есігіміздің үстіңгі жағында пайда болды. Қатты қуандық. Өкінішке қарай, бертініректе қарлығаш бізден де қашқандай. Шынымен-ақ пенделік пейіліміз басымданды ма, мейіріміміз кеміді ме, кім білсін-ай, кім білсін. Қарлығаш атаулының азайып кеткеніне сүйеіп құтыламыз, әйтеуір...

Ал «Айболит» атайға» оралайық. Шиелі дейтін шеткері аудандағы Жолекең – Жолмұхамед Әлиакпаровтың «Айболит» атанғандығы туралы туынды бұл. Аяғы жараланған аяулы тырна. Қажып-қалжыраған құстың ақырында адамнан көмек күтуі. Жолекеңе жолығуы. Сол тырнаны асырап, аялап күтуден басталған тірлік. Ит талап, үйірінен қалып қойған ақбөкен лағы, артқы аяғын оқ талқандаған түлкі, қақпанда қалған қасқыр, топшысы сынған үкі, қырғауыл...

Пенделігі басымданған, пейіл-пиғылдары бұзылған адамдар «Айболит» атанған атайыңызды түсіне бермейді. Мазақтайды. Мысқылдайды. Күледі. Өсек-аяң айтады. Жамандайды. Көршілері темір торда тұрған бөлтірікті айырмен шаншылап өлтіріп те кетеді. Бір жақсысы, жас өскін, жаңа ұрпақ Жолекеңді жақсы түсінеді. Әкейдің әрекетін бағалай біледі. Үйірсек тартып, үлгі-өнеге тұта бастайды. «Мен осы хайуанаттарды өсіріп, одан бір пайда табайын деп жүрген жан емеспін, қарағым. Қарт адаммын. Бұрынғыдай атқа мініп, туған дала төсін ерсілі-қарсылы шарлап жүретін кез алысқа кетті. Даланы, құмдағы малды, ауылды аңсағанда осы жан-жануарларға, олардың жанарына қараймын. Сонда бойым жеңілденіп қалғандай болады. Осы бір тіршілік иелерін мәпелеп күтудің өзі, жараларын емдеп, қатарға қосудың өзі қарт адам – маған үлкен жұбаныш. Қайталап айтамын, сен олардың көздеріне қарашы. Түсіне білген адамға соның өзінен үлкен сыр түюге болады», – дейді Жолекең. «Айболит» атай.

«Міне, кішкентай ғана түлкінің көзі мен темір тор жанында оған қызықтай қарап тұрған алаңсыз сәбидің жанары. Табиғат пен адамның жанары деуге болады оларды. Адамның көз жанары жайлы көп жазылды. Әдетте, хайуанаттарда ойлау қабілеті жоқ дейміз, сондықтан олардың көзқарастарынан да ештеңе аңғара бермейміз. Бұл, әрине біздің жалпы түсінігіміздегі ұғым. Дегенмен, Жезқазған

жеріне бір жолым түскенде оқ тиген ақбөкеннің өмірмен қоштасар сәтіндегі жанарын көргенім бар. Оған қарауға адамның дәті шыдамайды екен. Нарынқол ормандарының бірінде қарама-қарсы ұшырасып қалған бұғының мөлдір көздері де әлі есімде», – дейді авторыңыз. Бұдан әрі Жақаң ғасырлар бойы адам баласының хайуанаттарға дұшпандық жасап келе жатқанын, қамқорлығы да жоқ еместігін, алайда аз екенін екшейді. Аңдардың қатты қиналғанда, қауіп төнгенде адамды паналайтынын, кейде адамдардың да хайуанаттардан жұбаныш табатынын ойға түсіріп, санаға салып береді. Қайтадан қарлығаш пен тырнаның оқиғасына оралып, жан-жануарлардың жанарларына жанашырлықпен назар тігуге үндейді. «Өзіміз өмір сүріп отырған осынау жұмыр жер бетінде адамзат баласына етене жақын не десек ол – өсімдіктер әлемі деп жауап берген болар едік», – дейді-дағы Жанболат өсімдіктер дүниесін «Дермене» деген туындысымен бастайды. Дерменеңіз де тек Оңтүстік Қазақстанда ғана өседі. Жер жүзінде жусаныңыздың жүздеген түрлері бар. Бірақ дүрри-гауһар дүниеңіз – дерменеңіз өзге жақтарда жоқ. Жерсінбейді. Еуропаның бірер елдері біздің осы Оңтүстік Қазақстанымыздағы дерменені өздеріне талай мәрте апарыпты. Егіпті. Сеуіпті. Бір таңғаларлығы, дермене өнбеген. Өспеген. Цирктеріңізге ешқашан көнбейтін көкбөрі тұқымы секілді дегдар дерменеңіз де үйренбеген.

Жақаң дерменені діттемектің алдында ағаштардың қасиеттеріне, жапырақтары мен жемістерінің дәрілік-дәрумендік өзгешеліктеріне тоқталады. Үйеңкіге. Шырғанаққа. Содан бара-бара дерменеге мінездеме береді. Қазекемдер дермененің артықшылықтарын қой малы арқылы біліпті. Дерменесі қалың далаға жайылған қой тұяқ арасының қиылып кететін ақсақ ауруынан, қотырдан жылдам жазылатын болған. Арық-тұрақ қой-ешкі дерменелі жерде тез оңалған. Бірте-бірте адамдардың өздері де дерменені түрлі-түрлі дерттерге қарсы дауа ретінде пайдаланбаққа кіріскен.

«Бұл аңыз ба, әлде шындық па? Шындық. Олай деуімізге 1884 жылы дәл осы аймаққа, атап айтқанда, Шымкентке неміс капиталистерінің негізгі шикізаты дермене болып табылатын сантонин заводын салуы. Ол қазіргі Қазақстан территориясындағы тұңғыш завод, ал дүние жүзі бойынша сантонин шығаратын бірден-бір кәсіпшілік еді. Өйткені оған қажетті өсімдік Қазақстанның оңтүстігінде өсетін дермене болатын. Басқа жерде бұл шөп өспеді және жерсінбеді. Өлкенің шалғайлығын қиынсынған неміс фармацевтері артық шығынды азайту мақсатында дерменені Германия-да өсіру үшін көп әуреленді. Бірақ одан еш нәтиже шыққан жоқ. Бөгде жерді менсінбеген дала өсімдігі Еуропа топырағына тамыр жаймай-ақ

қойды», – деп жазады Жақан.

Дермененің жаңадан ашылған қасиеттері, қазіргі замандағы жағдайы жайында журналист талай-талай мәселе-лер қозғайды. Қазақ мінезді қайран дерменеге қайран қалған күйіңізде Антарктидаға қарай сапарға шығасыз. Данабек дейтін дара кейіпкермен бірге.

Антарктида құрлығындағы аяздың теңдесі жоқ. Жаға-лауында 50, ал оңтүстік полюсінде 88 градусқа дейін суық. Данабектің даралығы сонда, ол Антарктидадағы ғарыш сәулелерінің интенсивтілігін теңіз деңгейінде және стратосферада өлшейді, зерттейді. Данабек бүй дейді: «Есімде ерекше қалған нәрсе – ондағы қоршаған ортаның әсіресе, Антарктида ауасының шырышы бұзылмаған тазалығы. Біздің құрлыққа қарағанда ондағы күн сәулесі өте айқын. Күн шапағы ол жерге бозамықтанбай және әлсіремей, керісінше, бояуы ашық күйде келіп жетеді. Ондағы айсбергтер ғана емес, сонымен бірге жай мұздардың мөлдірлігі мені қатты таңдantты. Табаныңмен басып тұрған кез-келген алаңның қарын жеңімен үйкеп жіберіп, үңіле қалсаң, оның астындағы 15 метрге дейінгі нәрсенің бәрі мұз бетінде жатқандай ап-анық көрінеді. Осының бәрі қоршаған ортаның тазалығынан ғой деп ойладым іштей».

Данабектің әңгімесі де, Антарктиданы аяндай баян етер авторыңыздың жазбасы да жарқын. Жаңа. Ескірмейтін жаңалықтар. «Эверест экспедициясы» да ғажап сырлар шертеді. Ең биік шыңдарды бағындырғандар жүйелі түрде, тартымды түрде хикаяланады. Заманымыздың заңғары, теңдессіз ойшылы, бірегей білімпазы Әбіш Кекілбаевтің өзі: «Білетінім бір тоғыз, білмейтінім тоқсан тоғыз», деген ғой. Көрдіңіз бе? Мына «Эверест экспедициясын», жалпы жер жүзіндегі таулар мен шыңдар, биіктерді бағындырған батырлар туралы баяндарды оқығанда Әбекеңнің әлгі сөзі ойыңызға орала береді. Жанболат альпинист Қазбек Уәлиев сынды саңлақпен кездеседі. Сырласады. Талай тағдырларға тоқталады. Сан-алуан оқиғаларды ортаға салады. Қазбек Уәлиев пен Валерий Хрищатый өте күрделі, қиын да қауіпті жағдайда Эверестке шығады. Соңғы 500 метр жерге 15 сағат жұмсайды. Биіктікте болжанған желдің жылдамдығы 30-35 метрдің орнына секундына 40 метрге жетеді. Қатты шаршаған жолдастары үшін сонау 8500 метр биіктіктегі бесінші лагерьде кездес-кен Эрвант Ильинский мен Сергей Чепчев өздерінің Эверестке көтерілу ниеттерінен бас тартып, достарына көмектесіп, олармен бірге төмен түседі. Мінекейіңіз, жолдастықтың, достықтың қалтқысыздығына мысал! Өнеге!

«Аязда өскен жидекте» Аягөздегі Ақтүбек мүйісіндегі жемісі қысты күні пісетін жидек ағашы – шәңкіш жайы әңгімеленеді. Автор сол ағашты іздеп барады. Табады. Танысады. Қыста пісетін жемісін жеп

көреді. Нарынқолда да өсетін түрін еске түсіреді. Әдетінше небір деректерді келтіріп, ақырында ғалымдар мен мамандарға жүгінеді. Жалқауланбайды. Жалған жазбайды. Үстірт ашпайды. Ақтүбекпен және Нарынқол нақыштарымен ғана шектеліп қалмастан, Жамбыл өңірі жаққа тартып отырады. Жаңа тақырыпты қаузады. Сондағы «Көккөлдің құпиясы» – Жанболаттың шеберлігін жаңа қырынан танытады. Құпияны бірден ашпайды. Сыздыктата сыр тартып, жіптің бір ұшын оқырманға ұстатып қойып, жетелейді де отырады. Мына жерде сездірер дейсің. Түк те сездірмейді. Осы тұста құпияның бір шеті білінер дейсің. Білінбейді. Мәскеудегі ғалымдардың хаттарын шебер пайдаланады. Сондай шыдамдылығына қайрансыз. Енді қашан?! Деп, шыдамыңыз шегіне жетеді. Аупбаев асықпайды. Саспайды. Көккөлде ешқандай айдаһар жоқ екен. Айдын түбіндегі, яғни, тұңғыық табанындағы шұңқыр-шұқанақ – сифондар қорқырап тыныс алатын болып шықты. Сол кезде көл беті аунақшиды екен. Тағы басқа да тосын құбылыстар, құпия қимылдар пайда болады... Сөйте тұра, солай дей келе жазбагер оқыrmанды ойлантип: «Мүмкін, бұдан басқа да жұмбағы бар шығар. Оны зерттеу алдағы күндердің еншісі», – деп үміт жетелеткізіп барып тәмамдайды. Бұл-дағы шеберлік.

Келесі бір жазбасына көшесіз. «Алып ағаш» деп аталады. Латвия өңірін неге әңгімелейді? Деп ойлайсыз. Себебі, алып ағаштың қайда екенін білесіз. Жақаң әрине, Балтық жағалауын бекер-босқа алмас. Салыстырмаққа шебер пайдаланар. Бір өзі бір шоғыр орман боп тұрған алып ағашқа барасыз. Автормен ілесіп. Мұқан ақсақалдың сырына қанығасыз. Алып ағаштар туралы талай мағлұматтар біліп, жан әлеміңіз байып, небір цифрларға бас шайқайсыз. Бас шайқап, бәйтерекке қарайсыз. Қиялмен... Кенет тағы да табиғат анаға жасалған қатігездікке кезіктіңіз. Жақаңмен бірдей ызаға булығасыз. Автор алыстағы аудандық газеттің жігітіне алты ай өткен соң қайта хабарласып, алып ағаштың жағдайын сұрайды ғой. Сөйтсе, алыбыңыз жапырақ жайыпты. Жайқалыпты. Бір өзі бір ормандай... Алайда, таяуда үлкен бір бұтағын әлдекімдер кесіп әкеткен...

«Хан Тәңірі» – перзенттік пафоспен өрілген өзгеше дүние. Мұқағалидың жыр жолдарымен, Шерхан Мұртазаның өтпей қалған ұсынысымен басталады. Шерағаң қашанғыдай керемет тілек білдірген көрінеді. Кезінде Астанадағы бір биік ғимаратты «Хан Тәңірі» және біреуін «Ақжайық», үшіншісін «Алтай» деп атайық деп. Өкінішке қарай, өтініші өтпеген екен. Автор «Хан Тәңірі» тауына деген тамсанысы мен таңданысын әр тұста әдемілеп, әдіптеп кестелейді. Бәрібір біреулер секілді сол күйі ұзаққа сілтеп кетпейді. Кілт үзе қойып, өз стиліне салады. Әлем жүзіндегі жауһарлардан мысал келтіреді. Сүйікті тауын, құзар шыңын кімдердің

зерттегенінен, кімдердің жазып-сызғанынан хабардар етеді. Семенов Тянь-Шаньский, Н. Северцов, А.Каульбарс, А.Куропаткин, А.Краснов пен И.Игнатъев қашан келді? Не деді? Орыс ғалымдарын былай қойғанда, біздің бірегей шыңымызға келіп көруді венгр зоологтары да, итальяндық альпинист-ғалымдар да, немістер де армандапты. Бәзбіреулері армандарына қол жеткізіпті. Небір қызықты оқиғаларды бастан кешіпті. Әсіресе, неміс ғалымы Г.Мерцбахер бірнеше мәрте жорық жасаған. Шың басына шықпаққа әрекеттенген. 1902 жылы 5500 метрге дейін көтерілген. Келесі жылы Инелшік мұздығының шығыс жағына жеткен. Шегінген. Хан Тәңірі жол бермеген. «Мұз құрсаулы мұнара» міз бақпаған. Мерцбахеріңіз сонда: «Альпинистік әуестенушілік әуресін көтермейтін жер», – деп жазып, тағы да кері қайтқан екен.

Жанболат одан әрі талай жорықтарды жайбағыстап жазып, Хан Тәңіріге кімдердің, қалай шыққанын қызықты да әсерлі әңгімелейді. Неге екенін қайдам, мына бізге ешкімнің шыға алмағаны, бағындырмағаны жөн секілді сезіле береді. Бізге Мағжан ақынның: «Тұранның Тянь-Шаньдай тауы қалай; Пар келмес Тянь-Шаньға таулар талай! Еріксіз ер түрікті ойға аларсың; Көкке асқан Хан Тәңіріне қарай-қарай!» – дегені қымбат. Мұқағалидың: «Шыңның мен ұнатамын биіктігін; Шырқай кеп шыңырау көктен сүйіпті Күн. Түндігін түртіп тұрған көк аспанның; Кәнеки, Хан Тәңірінен иықты кім?!» дегені қымбат. Жақаң да іштей Хан Тәңірінің бағынбағанын қалайтын болуы керек, Мағжанның, Ілиястың, Мұқағалидың жыр шумақтарын келтіреді. Қысқасы, бұл жазбада біз меңзегеннен, біз байқағаннан басқа да талай-талай нәрселер бар. Оларды тәптіштей бермелік. Оқырманның өзі оқысын. Ойлансын.

Осы кітапқа еніп отырған «Неткен ғажап...Бұл әлем!» де қара сөзбен жырланған дүр дүние. Оқта-текте Оралха-ныңызды (Бөкей) да ойға оралтар. Жанболаттан бір байқа-ғанымыз, ол қысты айрықша жақсы көретін секілді: «Қыс – бала ұғымында, қарға адым қысқарған күн сәулесі. Қыс – бала ұғымында, қиялыңа қозғау салған асыл арман әлемі. Мынау аппақ кеңістік, мөлдір табиғат суреттері тіршілік иесін өзіне еліктірмей қоя ала ма?», – деп тебіренеді. Осы жырының соңын: «Қияннан қылыш сынығындай болып, ілмий ай туғалы да біраз уақыт болған. Жұлдызқұлақ аспан қазіргі сәтінде қыстың қыршаңқы аязымен демігіп тұр. Таулы өңір тылсым тыныштықпен манаурап, қараңғы түнде қалғып барады. Неткен ғажап мынау сырлы дүние...» – деп тәмамдайды.

Жаңа Жақаңның эссе мақаласын өлеңге балап, «қара сөзбен жырланған» деуіміз де бекер емес. Бізге салсаңыз, туған жер табиғатының журналистикадағы бірден-бір толағай жыршысы да Жанболатыңыз. Иә, сонау бір жылдары қасиетті қалам әлеміне аса бір

сырбаз кішіпейілдікпен қадам басқан Аупбаевыңызды әуелде ақын ретінде танығанбыз. Есімізде. Сайрап тұр. «Лениншіл жасыңызда» өлеңдері шығатын. Студенттік шағында. Жұртбаев Тұрсын секілді тұғырлы ғалым досы: «Жанболаттың өлеңді жазбай кеткенінен қазақ поэзиясы мықты бір ақыннан айырылды», деп өкінгенін де еміс-еміс естігенбіз. Оқа емес. Қазақта ақын көп. Есесіне табиғат тамашаларын асқан ақынжандылықпен шынайы суреттеп, төгілте жырлап, жазатын журналист қаламгер келді. Қазақ әдебиеті деген аталы ауылға. Соған қуанамыз. Ризашылық білдіреміз.

«Ізденімпаздық менің де бар өнерім», деп айтқан ғой Мұқағали ақын. Қаламгерлерге ізденімпаздық тән. Соның үлгісін Жанболат Аупбаевтың соңғы уақытта «Ана тілі» апталығында жарияланған «Ерен», «Каспий теңізіндегі аң», «Жұмбақ жер», «Марс пейзажы», «Көгілдір таулар», «Жетісу жұмбақтары» атты тамаша тағылымды дүниелерінен көреміз. Ерен ағашын өмір бойы назарынан тыс қалдырмай зерттеп келген. Каспий итбалығын көруге сонау 1976 жылдан бері Атырау, Маңғыстауға бір-екі емес, оншақты рет сапар шеккен. Зайсан ойпатындағы қызылкүлгін түсті Қиынкеріш аңғарының құпиясын ашуға да біраз уақытын кетірген. Ал Жетісудағы Айғайтөс пен Айғайқұмға бір емес, бірнеше рет барған. Міне, осындай жанкешті ол. Ақыры жоғарыдағы тақырыптарды жеріне жеткізе жазып шыққан.

Мәдидің ертоқымын ерекшелей кетер «Сарыарқаның Сетон-Томпсоны», «Петропавлдағы пальма» туралы да біраз қызықтар аңғартқымыз бар еді. Алайда, сөзіміз біршамаға барып қалғандай. «Елім менің ертегідегі» Шерқала, Шарын, Қыземшек, Мұзтау, Бөрітостаған, Жетіотау, Қоңырәулие, Сарқырама, Сауран, Қазығұрт, тағы басқа да ғажайыптар хақында да осы «Табиғат терезесінен» карап таңырқарсыз.

«Табиғат терезесі» – Жанболат Аупбаевтың қаламгерлік қарымын танытатын, оқырманның танымын дамытатын, табиғат анаға, туған жерге деген сүйіспеншілік сәуле дарытатын кітап.

ШЫМКЕНТ

«Ақиқат» журналы,
2021, № 2.



**Әлмира ҚАЛИ,
М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты
директорының орынбасары,
филология ғылымдарының
кандидаты,
әдебиеттанушы**

ДУМАН РАМАЗАННЫҢ ӘНГІМЕЛЕРІ

Әдебиетсүйер қауымға Думан Рамазан ең алдымен әңгіме жанрындағы көркем туындыларымен таныс. Автор қаламынан шыққан шығармалардан оның тарихи, эсхатологиялық, діни-мистикалық тақырыптарға ерекше ден қоятындығы бірден аңғарылады. Д.Рамазан әңгімелерінде табиғат пен адамзат, жаһан мен ұлт, тарих пен тағдыр, заман мен адам, мемлекет пен халық, дін мен қоғам ұғымдарының мағыналық аясындағы толып жатқан діни-эзотерикалық, философиялық, этномәдени, саяси, әлеуметтік, экологиялық мәселелер қаламгерлік таным таразысына түсіп, көркем қорытылады. Жазушы әсіресе өмірдегі өзара бітіспес қайшылықтардан туындайтын парадокс жағдайларды үңіле зерделейді. Шығарманың тұтас құрылымындағы авторлық позицияға келетін болсақ, көп жағдайда кейіпкерлер тағдырына төрелік етіп,

кесім айтушы мәртебесінен бас тартады; баяндау стилінде барынша бейтараптық сақталады; бірқатар туындыларында кейіпкер-баяндаушының автобиографиялық сипаты айқын бедер тауып жататын жағдайлары ұшырасады. Қоршаған ортаны суреттеуде жазушы бүгінгі таңда көркемдік инновацияның көз тартатын табысты тәсіліне айналған өнер синтезіне айрықша арқа сүйейді. Авторлық көзқарас тұрғысынан зерделенер табиғат құбылыстары, баяндаудағы фантастикалық, мистикалық элементтер кинематографиядағы көрініс монтажы тәсілімен көркем бедерленеді. Жалпы Думан Рамазан әңгімелерінің басты көркемдік ерекшелігі баяндаудың интермедиялық табиғатымен байланысты. Қайсыбір әңгімелеріндегі кейіпкерлердің әрекет психологиясын суреттеу ыңғайынан сахналық драмаға тән жанрлық сипат-белгілерді де аңғаруға болады. Қалай болғанда да, жазушы қаламынан шыққан түрлі тақырыптағы шығармалар тұтаса келе, оның рух, ар, күнә сынды жан табиғатын ашар маңызды концепттер аясындағы зияткерлік-философиялық пайымдарын – автордың өзіндік рухани тұжырымдамасын ұсынады.

Есімдері тарихта қалған белгілі тұлғалар жайлы әңгімелерінің бір ерекшелігі – автор өзі бейнелеген тарихи дәуірді негізгі планға шығарып сипаттауға, я болмаса, кейінгі ұрпаққа мәшһүр тарихи оқиғаны егжей-тегжейлі баяндауға ден қоймайды. Бұл, бір жағынан, әңгіменің жанрлық заңдылығына да сай келе бермейді. Автор адамзат тарихында шешімін таппай келе жатқан философиялық мәселелерді ірі тұлғалардың тағдыр-талайын қайта зерделеу арқылы пайымдауға тырысады. Осындай адамзат, ұлт тарихындағы айтулы оқиғалардың түп-тамырын ашып, тұлғалар танымын тарихи драма деңгейінде зерттейтін туындылар қатарында «Алланың әмірі», «Ажал келген күн», «Құса» атты әңгімелерін, «Кенесары-Күнімжан», «Абылай ханның арманы» драмаларын атауға болады.

Ғасырлар тоғысындағы тарихи құбылыстар, жаһанды жайлаған экологиялық, саяси, әлеуметтік, мәдени дағдарыстар эсхатологиялық сананың оянуына түрткі болды. Саяси мүдделер жолындағы қантөгіс, өркениеттер қақтығысы, экологиялық апат қаупінің ұлғаюы қоғамда «заманақыр» жайлы ойдың таралуына алып келді. Ынсапсыздықтан, қанағатсыздықтан, рахымсыздықтан, сайып келгенде, «құдайсыздықтан» өзін-өзі жойып жіберуге таяған адамзаттың беталысы заманақырдан кейінгі тіршілік жайлы ойға еріксіз жетелейді. Д.Рамазанның «Алланың әмірі» атты эсхатологиялық әңгімесі де осындай ой-толғамның әсерімен жазылған болуы әбден мүмкін. Тарихтың жаңа бастауы жайлы апокалиптикалық, тіпті постапокалиптикалық тақырыпта жазылған туындының сюжеттік желісі негізінен Нұһ пайғамбардың кемесі, Қазығұрт тауы туралы

мифтерден тұрады. Жазушы оқырман үшін қазақ қиссалары мен аңыз-әңгімелерінен белгілі жайттарды өзара сабақтастыра отырып, біртұтас сюжеттік желі қалыптастырған. Баяндау жүйесіндегі фэнтези элементтері (жануарларға тіл бітіру) мен ертегілік құрылым, кейіпкерлер қатарында құдайдың болуы – жаңа қазақ әңгімесінің көркемдік құбылысын айғақтайтын жаңашыл ізденістер.

Аталған әңгімедегі екі сюжеттік ситуация назар аударарлық. Алғашқысы тірі қалуы тиіс тіршілік иелерінің қатарында кемеге шайтанның кіріп кетуіне қатысты. Аңыз желісінен ауытқымай алынған шайтан бейнесі, түптеп келгенде, зұлымдықтың ізгілікпен қатар мәңгі жасайтындығы жайлы аңыз түбіндегі ақиқатты жеткізеді. Ал кемеге мінбесе де жан сақтаған қарияның образы оқырманды жаратушының құдіреті, дін, тарих жайлы имани ойларға жетелейді. Тәуелсіздікті аңсау сарынындағы «Ажал келген күн» әңгімесінде жазушы Шыңғыс хан дәуірінде өмір сүрген әйгілі жырау, күйші, әскери қолбасшы Кетбұқаның өмірінің соңғы кезеңі, ой-сезім сапары суреттеледі. Әлсіздігінен емес, шарасыздығынан туған елінің амандығы, келешегі үшін Шыңғыс ханға тізе бүккен ойшыл: «Енді қашан өз алдымызға ел болып, етек-жеңімізді жинар екенбіз!...» – деп мұңға беріледі. Санасына мөр болып болып басылып, жадында жатталған туған жер бейнесін Кетбұқа сағынышпен еске алады: «Атамекен, құтты қоныс... Көк аспанмен таласқан қара таулар, ұшар басына қырандар ұя салар құзар шыңдар... Құлама күз, жақпар-жақпар жартастар... Тобылғылы құла бел, қарағанды құба жондар... Гүл көмкерген қызыл қырат, жыңғылы көп сай-сала... Құстары құйқұлжыған орман-тоғай... Айдыны айнадай жалтыраған өзен-көлдер... Ши, селеуі селтиген маң дала... Жасыл жайлау, көкорай шалғын... Қаз-қатар тігілген ақ шағаладай киіз үйлер... Ақ сақалды ата, ақ жаулықты әже, иманжүзді әке, мейірлі ана... Тұлымы желбіреген ұл, жүзін күн қаққан бұрымды қыз... Төскейдегі төрт түлік, желідегі құлынды бие... Түтіні будақтаған жер ошақ, қара қазан... Буы бұрқыраған ет, қазы-қарта, жал-жая... Сапырылған сары қымыз... «Қайран туған жер, өскен өлке... қадіріңді білмеппіз-ау!...» («Ажал келген күн»). Шапқыншылықтан, қантөгістен көз ашпаған елінің кешегісі мен келешегі жайлы толғанғанда қаһарман санасында елінің азат кезі бақытты шақ ретінде пайымдалады. Бір-бірін алмастырған тарихи оқиғалар хроникасын баяндау барысында автор тұтас дәуір картинасын сәтті кескіндейді. Автор өзі бейнелеген тарихи дәуірдің рухын – жаугершілік заманның саяси, психологиялық ахуалын толымды жеткізе алған. Осы орайда назарға алынған тарихи мекеншақты мейлінше шынайы әрі көркем бейнелеуде психологизмнің ролі ерекше. «Зар заманның зарлы күйін үлге салғандай, терістіктен өкпек жел еседі» үзіндісіндегі жел –

нақты ситуациядағы психологиялық хал-күйге трагизм үстеуімен қоса, ассоциациялық тұрғыда заман келбетін толықтырып тұрған маңызды элемент. Сонымен бірге, жел – тарихтың куәсі болған, дәуірлерді жалғастырушы дербес бейне. Келтірілген үзіндіде жел мәтінге әуезді леп дарыта отырып, шығарманың психологиялық қабылдануындағы мұң (сағыныш), қайғы (өлім) эмоцияларының мәнін күшейту қабілетіне ие. Ол Кетбұқаның күйшілік құдіретіне меңзей отырып, «зар заманның зарлы күйін» жеткізуші басты архитектуралық компонент.

Азаттықты аңсау, ұлттық рухтың бас көтеруі жазушының «Алаң» повесінде де бар. Аталған шығармада 1979 жылғы қазақ жастарының еліміздің солтүстік өңірінде неміс автономиялық облысын құруға қарсы шыққандығы туралы баяндалады. «Біздің халық не көрмеді десеңізші, бәріне төздік, шыдадық! Енді міне, елдігіміз тағы бір мәрте сыналатын кез келді», – деп бір-бірін жігерлендіріп, елдік мүдде жолында бірлесіп бас көтерген студент жастардың наразылығы, шын мәнінде, тарихтағы Желтоқсан көтерілісі қарсаңындағы халықтың көңіл-күйінен хабар береді. Патриоттық пафоспен жазылған повестің басты кейіпкерлерінің есімдері (Қазақбай, Ерлік, Мақсат, Елжан), диалогтардағы ұраншыл сөздер бірде нанымды көрінсе, енді бірде ресми сценарийлік қалып танытып жататынын айта кеткен жөн.

Ұлы тұлғалардың жүріп өткен өмір жолын қайта зерделеуге деген қаламгерлік құштарлықтан туған шығармалардың енді бірі – «Құса» әңгімесі. Абай әлемі бүгінге дейін біршама зерттелді, ол туралы көптеген әдеби шығармалар да жазылды. Бірақ Д.Рамазан ақынның ақырғы күндерін ой елегінен өткізіп, қайта зерделеуге ұмтылады. Абай өмірінің соңғы күндерінен сыр шертетін шығармада автор өмірбаяндық кезенді тың деректермен толықтырып, ұлы ақынның жан дүниесіндегі ой-сезім сапарына ойша ілеседі.

Болашағынан зор үміт күттірген талапты баласы Әбіштің қазаға ұшырап, оның соңынан Мағауияның ауыр дертке шалдығуы ақынды есеңгіретіп жібергені белгілі.

Автор ақын шығармаларындағы ой желісін негізге ала отырып, осы тұстағы оның жан күйзелісін ашып, жалған әлеммен іштей қоштасқан кезін сезінуге, ұғынуға ұмтылады. Жалпы қаламгердің ұлы адамдардың өмірінің соңғы сәттерін зерделеуге деген қызығушылығы айқын. Мұны Кетбұқа, Абылай хан, Кенесары, Абай тақырыбындағы шығармалардың барлығынан көруге болады. Асылы, бұл ірі тарихи тұлғалардың қайталанбас тағдырлары, ұлы мақсаттар мен биік мұраттар, болашаққа аманат еткен ізгі идеялар төңірегіндегі зияткерлік-шығармашылық ұмтылыстармен байланысты болса керек. Белгілі психиатр-ғалым К.Юнг: «Білімнің бұл дүниеден өткендерге ғана мәлім жоғарғы шегі, менің ойымша,

әлдеқашан қол жеткізілген таным деңгейі болып табылады. Бәлкім, жердегі өмірге, адамның мәңгіге көз жұмар сәтіндегі ойларына соншалықты мән берілетіндігі де содан шығар» (Юнг К.Г. «Воспоминания, сновидения, размышления»), – дейді. Шын мәнінде, өмір мен өлім арасындағы шешуші сәттегі адамның ақтық ой-сезімі барлығына да қызғылықты мәселе екені анық.

Антиутопиялық сипаттағы «Көш» әфсанасы – көркемдік деңгейі, философиялық-эстетикалық салмағы тұрғысында қаламгердің шығармашылығындағы оқшау туынды. Барақат өмір үшін жасалатын құрбандықтың жалған екендігіне назар аудартатын қоғамдық-саяси астарлы шығармада қоғамның беталысы, билік пен халық, идеология мәселелері ирониялық ыңғайда өрнек тапқан. Жалпы нақты уақыттық-кеңістіктік координаттары белгісіз туындының ішкі мазмұны да, сыртқы пішіні де қай дәуірде болмасын мәнін жоймайтындығымен бағалы. Бұл жайында жазушы Төлен Әбдік былай дейді: «...әңгімелерінің ішінде көзге түсетіні – «Көш» атты әфсана деп айтар едім. Әңгіменің аллегориялық сипаты жан-жақты. Сондықтан мұндай шығармалардың ғұмыры ұзақ болуға тиісті»

(Т.Әбдік «Шындық пен шынайылық». Алғысөз). Дегенмен абстракциялық әлемдегі белгілі бір ұлттық кодтардың, тарихи оқиға желісімен үндесетін деректердің болуы автордың сыни пікір-пайымдарының адресатын топшылауға мүмкіндік береді. Әңгіме өзегінде халық тобырлық психологиядан арылуы тиіс; көкірегі сәулелі әр тұлғаның санасын қайсарлық, шыншылдық, әділеттілік сынды қасиеттер билеуі керек деген тұжырымдар бар. Қаламгер қозғаған тақырыбын жалаң авторлық баяндаумен егжей-тегжейлі талқыға салмай-ақ, тікелей кейіпкерлердің бейнесі арқылы көркем қорытып, оқырман көкейіне ой-тамызық тастап отырады. «Тақсірет» әңгімесінде ядролық сынақтан зардап шегіп, жазылмас дертке шалдыққан кейіпкерлердің (Нұрбек, Мәдидің қызы, Қаншайым әжейдің немересі) қайғылы тағдыры суреттеледі. Автор Нұрбектің отбасындағы жағдайды негізге ала отырып, полигон тақырыбының саяси, әлеуметтік, экологиялық, рухани астарларын жан-жақты қаузады.

Думан Рамазан прозасына тән қасиеттердің бірі – психологиялық параллельдің жиі ұшырасатындығы. Суреткер кейіпкердің өміріндегі трагедиялық жағдайды табиғат көрінісімен аастыра беруге бейім. Төмендегі үзіндідегі табиғат құбылысы алдағы қасіреттің нышаны: «Кенет, қатты жел тұрды. Аспанды қара қошқыл бұлттар қаптап, жаңбыр себезгілей бастады. Ауылға тақай бергенде әлденені шоқып жатқан үш құзғынды көзі шалды. Гүлжан жақындағанда олар дүркірей көкке көтеріліп, жерде жүні жұмаланып, ішек-қарны ақтарылған ақ көгершін жатты» (Д.Рамазан «Жылап аққан

тамшылар»). Әңгіме бойындағы күллі философиялық толғам, идеялық байлам осы құзғын мен ақ көгершін образдарының контрастылы оппозициясы арқылы пайымдалары сөзсіз. Тақырыптық деңгейде (полигон) құзғынға жем болған көгершін бейбітшілік символы ретінде танылып, автордың ұлттық, саяси бағдардағы әділетсіздікке наразылығын бедерлеуі мүмкін. Сюжеттік деңгейде бұл оқшау көрініс кейіпкерлер өміріндегі қасіретті кейіптесе, композициялық тұрғыда – қаламгерге тән модернистік назарды айқындайтын бірден-бір көркемдік деталь. Жалпы тосындығымен, тұтас көркем әлемдегі оқшау сипатымен ерекшеленіп тұратын мұндай ситуациялар Думан Рамазан әңгімелерінде жиі ұшырасады. Әңгіме соңындағы: «Ұясы бұзылған балапандардай шырқыраған сәбилердің ащы айғайынан алакөлеңке бөлменің іші күңіреніп кетті» – деген үзіндіде де кейіпкерлердің психологиялық күйі мен кеңістік көрінісі ажырамас байланыста суреттеледі. Автор әкелерінен айырылып, жетім қалған сәбилердің зарлы үнін әсірелеу арқылы («бөлменің іші күңіреніп кетті») эмоциялы картинаның қайғылы ауанын мейлінше тұтастандыра түседі.

Жазушы Думан Рамазанның қаламынан туған сюжет тартымдылығы, баяндау ырғағы, суреттеу тәсілі, кинематографиялық зерделеу ыңғайы тұрғысында киноповестке арқау бола алатын сом дүниелердің бірі – «Көкжал» әңгімесі. Сюжеттік сұлбасы өзіне дейінгі тақырыптас классикалық шығармаларды еріксіз еске түсіретін әңгіменің негізгі мотиві – көкжалдың кегі. Тұз тағысы бес күшігінің бірін қалдырмай апанынан алып кеткен адамдарға қарсы ашық шабуылға шығады. Сюжеттік желідегі түйінді сәттер: Серікжанның қателігі, қасқырдың ұрпақ үшін сұрапыл айқасы, Елубайдың қазасы. Осы тізбек бойында суреттелетін оқиғалардың астарында адам мен табиғаттың тамырластығы (үйлесім), адам қолымен жасалған зұлымдық жайлы авторлық толғамдар жатыр. Негізінен, ұрпағы үшін алпарысқан текті қасқырдың бейнесі көкбөрі тотеміне қатысты культтық наным-сенімді арқау еткені анық.

Кие мотиві жыланмен арбасу жайлы көне тотемдік наным-сенімге құрылған «Жалғас» әңгімесінде де бар. Шығарма сюжеті қытай қазақтары арасында сақталған Шошана әулие туралы аңыз-әңгіме желісін еске түсіреді. Әңгіменің негізгі идеясы Майлыбайдың өз немересі Жалғасқа айтқан мына сөздерінде жатса керек: «Ешуақытта ұяны бұзуға, шаңырақты ойрандауға болмайды! Кез келген кеудесінде жаны бар тіршілік иесі үшін мекені мен ұрпағынан артық ештеңе жоқ!» Жалғастың балалықпен жыланның жұмыртқасын жарып қоюына байланысты өрбитін шығарма, негізінен, табиғаттың адам көзінен таса тылсым тіршілігі, кие, жанұя, ұрпақ жайлы

ойларды арқау еткен.

«Жалғас» әңгімесінде Д.Рамазан көне жылан культіне байланысты ұлттық санада сақталып қалған ғұрыптарды жүйелі түрде игерген. Майлыбайдың жыланмен арбасуы, жыланды жетіге бөліп барып көму, ордалы жыланның кегінен құтылу үшін із жасырып көшу сынды көне наным-сенімге құрылған әрекеттер әңгіменің мистикалық сарынын аңғартады. Жылан киесіне қатысты авторлық ой-толғам оның «Ақсақал мен ақ жылан» әңгімесінде де жалғасын табады. Автобиографиялық сипаттағы шығармада жазушы ата мен бала арасындағы тарих пен келешек, дін мен идеология жайындағы ұзақ диалогтар арқылы ұрпақтар арасындағы байланыс, көзқарас қайшылығы мәселелерін қозғайды.

Жалпы жылан көптеген халықтардың мифологиясында отбасының символы екені белгілі. «Көптеген Евразия континентіндегі халықтардың мифінде айдаһар мен жылан жағымсыз кейіпкер ретінде көрінсе, түркі, монғол және қытай мифтерінде керісінше, жақсы жағынан көрініс табады» (Б.Әбжет «Түркі халықтары мифологиясындағы айдаһар бейнесінің типологиясы»). Қазақ фольклорында жылан киелі жануар саналады. Үйге кірген жыланның басынан ақ құйып шығару, ордалы жылан көшіне бөгет болмау, түске жылан кірсе, жақсылыққа жору сынды ырымдар – соның дәлелі. Түптеп келгенде, аталған әңгімедегі жылан сынды эхтоникалық бейне адамзат қоғамынан бөлек тіршілік әлемін мойындау, олармен үйлесімде өмір сүру идеяларын паш етеді.

Ана тілінің мәселесі төңірегінде ұрпақтар жалғастығы, ұлттық ділдің өзгеріске ұшырауы, ұлттық құндылықтардың жоғалуы сынды отбасы, қоғам, ұлт өміріне қатысты келелі мәселелерге қозғау салған шығарма – «Жатбауыр» әңгімесі. Ана тілінен ажыраған қоғамның шынайы тіршілік-тынысы Ығыбай ақсақалдың көзімен зерделенеді. «Өзіңнің туған немереңмен өз тілінде түсінісе алмау деген не сұмдық!» – деп кейіген ақсақал ұлттық қасиеттерді сақтап қалу отбасылық тәрбиеден басталады деген тұжырымның дұрыстығына көз жеткізеді. Өзге тілде тәлім-тәрбие алған ұрпақтың өз елінің мүддесіне қызмет ете алмайтындығын қария туған немересіне қарап-ақ түсінеді. Айналасындағы тұрғыластарының, ағайын-туысының пейілі тарылып, берекесі қашып, тіршілігі тозған күйінен көңілі тоңазыған ол «Заманмен бірге адамдардың да мінез-құлықтары өзгеріп, ұсақталып бара жатқан сияқты...» – дейді. Немересімен бірге өткізген аз күнде болашағының бұлыңғыр екенін түйсінген Ығыбай осы жағдайдан кейін ақыры көз жұмады. Әңгіме соңындағы кейіпкердің психофизиологиялық ахуалы былайша суреттеледі: «Бар дауысымен ашына айғай салды. Көзі қарауытып, жүрегі қатты шаншып-шаншып жіберді. Осы сәтте жер-дүние шыр айналып

кеткендей болды... Не болғанын өзі де андай алмады, әйтеуір бойынан әл, кеудесінен жан шығып бара жатқандай, денесі былқ-сылқ етіп, қос тізесі бірдей бүгіле берді. Көзді ашып-жұмғанша етпеттей құлап түсті. Қара шаң бұрқ ете қалды. Сол сәт төңіректі қап-қара түнек басты. Қарт құлаған жер өзінен-өзі ойылып жүре берді, алдымен шыңырау шұңқыр, артынша-ақ алып құбыр пайда болды. Ығыбай ақсақал сол құбырдың ішімен жеті қат жердің астына қарай құдилап бара жатты...».

Д.Рамазанның «Бақсы мен пері», «Жан», «Жын» әңгімелерінде қосарлы әлем, бақилық дүние жайлы эзотерикалық, мистикалық сипаттағы оқиғалар баяндалады. Басқа әңгімелерімен салыстырғанда, «Жын» әңгімесінде жазушы

түстегі виртуалды кейіпкерлердің портреттік кескін-келбеттерін мейлінше анық суреттеуге ден қояды: «Түн қараңғылығын жамылып, жалбыр шаштылар той жасап жатыр. Адамдарға ұқсамайды. Ергежейлілер елінен келген елшілер сияқты: бойлары бір-ақ тұтам. Өздерінше ән айтып, би билеп, той көрігін қыздыра түскен. Ортадағы отты айнала серкедей секең қағып, секіріп жүр. Мәз-мәйрам. Қойша маңырап, қозыдай жамырап, ду-ду, гу-гу етеді. Үсті-бастарын түк басқан қыз кейпіндегі екі албасты Болатбекті қос қапталдай құшақтап алған, сиырша жаланып, кенеше жабыса түседі. Ол сытылып шықпақ боп, алға қарай ұмсынса, желке тұсында қыдыып тұрған қарақшы иығынан басып, тырп еткізер емес. Бір кезде қол-аяғы сәл босап, орнынан көтеріле бергені сол еді, жапалақтай жарбаң қаққан бадырақ көз біреуі бар дауысымен аузы-басын қисайта баж ете қалды». Кейіпкер назарымен бақыланатын бұл көрініс, шын мәнінде, «жын-ойнақ» сөзінің тура мағынасындағы ассоциациясын танытады. Түс көруші кейіпкердің ой-қиял әлемінде бейсаналы күйде көрген бейнелері ертегілік-мифтік әлемнің персонаждарын еске түсіреді. Әңгімеге қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен таныс болған «жын қуу» сюжеті арқау болған.

Шығарманың тұтас поэтикалық құрылымы тұрғысынан қарағанда, түс – сюжет барысын айқындаушы әрі реалды-ирреалды шындықты жеткізуші бірден-бір көркемдік компонент. Себебі түс арқылы Болатбек өз тәнін иемденген «үсті-бастарын түк басқан қыз кейпіндегі екі албастының» бар екендігін алдын ала болжайды. Болатбек пен досының арасындағы диалогтарда автор осы тақырыпқа қатысты негізгі мағлұматтарды қамтуға тырысқаны аңғарылады. Бір адамның бойында бірнеше жынның өмір сүруі, жындардың некелесуі, ол туралы Құранда айтылғандығы жайындағы ақпараттар, оқырманға көгілдір экраннан таныс сюжеттің суреттелуі, бір жағынан, әңгіменің репортаждық сипатқа жақындығын әйгілейтіні рас.

Ал жазушының «Жан» атты келесі әңгімесі Жұлдызжан есімді кейіпкердің бойындағы көріпкелдік (экстрасенсорлық) қабілеттерін суреттеуге

арналған. Әйгілі қаламгердің мұражай үйіне келген сәтте бас кейіпкер студент жігіттің бойындағы айрықша қабілеттері ашыла бастайды. Ол өзінің Жұлдызжан ретінде алғаш табалдырығынан аттаған үйдің бұрынғы қожайыны, өткен өмірі жайлы сырларға қанық екендігіне көз жеткізеді. Осы орайдағы Жұлдызжанның бойындағы ерекше қасиеттерді суреттей отырып, автор кездейсоқ тап болған ақ көгершіннің көз жасы, ақ көгершіннің әйел

бейнесінде көрінуі, жұмбақ құстың кейіпкер соңынан шарқ ұра ілесуі, ақыры тосыннан қаза болуы оқиғалық тізбегін ұтымды пайдаланған. Осы арқылы ол адам мен көгершін жандарының арасындағы мистикалық байланыстың барын айқындайды.

Музей-үйдегі тылсым уақиғаларды суреттеуде (жазушының отбасының жанды бейнелерін елестетуі, бұрынғы гараждың орнын дәл тауып айтуы, т.б.) автор оқырман санасында кинематографиялық эффекттер әсерін тудыруға тырысады. Думан Рамазан шығармаларында бір әңгімеден екіншісіне көшіп жүретін («Алланың әмірі», «Тақсирет», «Жан») ақ көгершін бейнесінің мәні осы тұста ашыла түскендей. Авторлық пайымда ол – күнәсіз адал жанның символы.

Мистикалық тақырыпты ертегілік сюжет үлгісінде игерген «Бақы мен пері» атты әңгімесінде готикалық жанр белгілері байқалады. Бекініс, зұлым күштермен соғыс, ғашықтық, зұлым күштерден қорғаушы қасиетті тұмар (Құран) сынды атрибуттардың болуы қазақ әңгімесінің бүгінгі таңдағы жанрлық құбылу сипатының айқын көрінісі. Осы орайда қаламгердің бөгде топырақта дүниеге келген жанр табиғатын ұлттық таным елегінен өткізе отырып, қазақы көркем кеңістікке мейлінше бейімдеу барысында үлкен шығармашылық ізденістер жасағанын көрсетеді. Пауиддиннің ширек ғасырға жуық уақытты қамтитын перілер еліне саяхаты, пері қызымен некелесу, шынайы махаббат, пері қызының өз туыстарының қолынан қаза табуы, Пауиддиннің жерге – Қазалыға оралуы, т.б. әйгілі мифтік мотивтерді арқау еткен әңгіменің сюжеті шытырман оқиғаға толы.

Жазушы өзі баяндайтын күрделі фантастикалық хикаяның логикалық желісін жүйелі жоспарлаған. Перілер әлемінің заңдылықтары, Пауиддиннің Қазалыға оралған соң неміс қызымен үйленіп, ит-мысық асырауы сынды детальдар тізбегі – әңгіме құрылымында нақты көркемдік функциясы бар маңызды композициялық элементтер.

Шығармадағы перілер еліндегі фантастикалық кеңістіктің түр-түсі (Пауиддиннің жасыл киімі, перілер елінің жасыл түсі) астарлы

символдық мәнге ие. Романтикалық ыңғайда мұны мәңгілік өмір, жасампаз жастық ретінде пайымдауға мүмкіндік бар.

«Бақсы мен пері» әңгімесі бүгінгі таңдағы фантастикалық экшн стилінде тамамдалады. «Зымырап келе жатқанмын, аяғым бірдеңеге шалынып кеткендей болды да, екпіндеп келіп, мұрттай ұштым. Ар жағы есімде жоқ. Көзімді ашсам, міне қызық, жап-жасыл бақтың ішінде жатырмын», –деп келетін финал оқиғаның аяқталмағандығынан хабар береді. Демек, шытырман оқиғаның соңғы нүктесі әлі қойылмаған, жалғасы бар.

Думан Рамазан шығармашылығында терең пайымдалатын философиялық

категориялар қатарында «ар», «күнә», «қылмыс» концептілері ерекше мәнге ие. «Жылап аққан тамшылар», «Жаралы аққу» сынды нәзік лирикаға құрылған

әңгімелері – қаламгердің жан тазалығын, сезім тұнықтығын сақтау туралы биік адамгершілік принциптерін арқау еткен туындылар. Жазушы күллі шығармашылығына өзек еткен жан тазалығы мәселесін осы орайда махаббат тақырыбымен астастырып, өзгеше көркемдік-эстетикалық ыңғайда тұжырымдайды. Баяндау ырғағы жағынан аталған туындыларды ақ өлеңмен жазылған прозалық үлгі ретінде қабылдауға негіз бар.

«Келін», «Күнә», «О дүниедегі кездесу» атты әңгімелер отбасылық құндылықтар, қоғамның береке-бірлігі үшін аса қажет қайырымдылық, адалдық, әділеттілік сынды биік адамгершілік қасиеттер жайлы авторлық пәлсапалық толғаныстарға толы.

«Келіндегі» Жаңыл атты бас кейіпкердің тағдырдың тауқыметіне (сүйгенінен айырылып, жастай жесір атану), абысыны Паршагүлдің аярылығына, қайны Еркінбектің рухани әлсіздігіне төтеп беріп, адамдық келбетін сақтап қалуына негіз болған іргелі қасиеті – оның қайырымдылығы. Ал «Күнә» әңгімесіндегі Нұрланның арсыз іс-әрекеттері оның өзін шыңырауға итермелеп, ақыр соңында жас жігіттің өмірі аянышты халге түседі. «О дүниедегі кездесудегі» тозақ отына күйген Сәззәт Сұрлашев пен иманды істерінің қайырын көрген Сүйсен Сабаевтың тұлғалық оппозициясы да қылмыс пен жаза, ар мен күнә туралы терең философиялық толғаныстарға жетелейді.

Жалпы Думан Рамазан әңгімелеріндегі кейіпкерлер галереясы өте кең. Мұнда Құдай, пері мен періште, жын-шайтан, пайғамбар, бақсы сынды діни-мифологиялық, фольклорлық персонаждардан бастап тұлғаның түрлі психологиялық типтерін кездестіруге болады.

Әлеумет тіршілігінің қия-қалтарысындағы адамның рухани құлдырау және өрлеу жолдарын арқау еткен әрқилы сипаттағы әңгімелерінде бүгінгі ұлттың шынайы бет-бейнесі сомдалған. Жатбауыр ұрпақ, рухани азғындаған қандықол қылмыскерлер

психологиясын суреттеу арқылы жазушы тұлғалық рухани күйреудің себеп-салдарын ашуға ұмтылады. Бұл, түптеп келгенде, жеке тұлғаның ғана емес, тұтас қоғамның беталыс-бағдарын танытатын жағдай болғандықтан, ұлттық мәселе деңгейінде бағаланғаны абзал.

Қазақ әдебиеті.
12.11.2021

**Алма КЕНЖЕҚОЖАЕВА,
эл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу
институтының
оқытушысы**

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯСЫ
ТУРАЛЫ БАҒАЛЫ ЕҢБЕК**

**Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. Монография. – Алматы: Қазақ университеті,
2021. – 438 б.**

«Жазушы еңбегі» – профессор Жанғара Дәдебаевтың әдебиеттану саласына қосқан іргелі еңбегі. Себебі жазушы еңбегі, ондағы түрлі үдерістер мен жазушы психологиясы, өнер туындысын жасаудағы ойлау шеберлігі, сан алуан өмір құбылыстарын қисынына келтіре, еліктіре оқырманына ұсына білу жолындағы ізденістер психологиясы әдебиеттану ғылымындағы терең зерттеуді қажет ететін, теориялық және қолданбалы маңызы жоғары, тың пәнаралық мәселелер биігінде тұрғаны бәрімізге аян. Әсіресе монографиядағы автордың өзіне ғана тән талдау және түсіндіру шеберлігімен берілген тоғыз тараудың (кіріспе, ұсыныстар, қорытындыны қосқанда) қамтыған ақпараты - пәнаралық талдау жүргізетін, оқу құралдары мен оқулық дайындайтын зерттеушілер мен әдістемешілерге, әдебиетшілерге, қаламгерлерге қасықтап тосқан құнарлы азық болуымен қатар, кез келген білім беру орындарындағы әдебиетке қатысты пәндердің құнды көмекші құралы.

Әдебиеттану туралы сөз қозғасақ, оның барлығында өнер туындысы, яғни көркем шығарма негізгі рөл атқаратынын естен шығармағанымыз жөн. Оның өзегі де – осы. Өнер туындыларының, құбылыстарының дүниеге келу жолы, жазушы психологиясы, ондағы алуан үдерістердің бәріне жауап алу үшін тағы да жазушы еңбегіне үңілеміз. Автордың аталмыш монографиясының эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарында таңдау пәні ретінде жүргізілген «Жазушының шығармашылық лабораториясында» студенттерге таптырмас оқу құралы қызметін атқарғаны – зерттеу жұмысының тәжірибе жүзіндегі қолданбалы маңызын айқындап, тікелей сұранысқа ие екендігін дәлелдеді.



Жазушы шығарманы қалай, қашан, қандай ортада, қанша уақытта, қандай негізге сүйеніп жазады? Неліктен шығармаларда оқиғалар тосыннан қиылып, тұтқиылдан шап беріп баурай жөнеледі? Қаламгер өнер туындысын жасағанда қалай ойланады және не сезінеді?

Жазушының шығармашылық еңбегі қалай жүзеге асады? Мұндай бірінен соң бірі ағылып ойға орала беретін сұрақтар кез келген шығарманы оқып отырған оқырманның санасында сайрап тұрады. Орыс және әлемдік әдебиеттануда

зерттеушілер бұл сұрақтарға жауапты жазушының шығармашылық лабораториясына үңілу арқылы іздесе, отандық әдебиеттануымызда да біршама ізденістер жүргізілген. Әйтсе де осы бір термин нақты қабылданып, жүйеленбеген болатын. Профессор Жанғара Дәдебаев лаборатория, яғни қазақша «құстахана», «шеберхана» деп, мазмұны шектеле түсетін терминді кеңейтіп, «жазушы еңбегі» деп атайды. Бұл ұғым өзі қамтитын мәселелер аясына сай аса күрделі де қызықты. Жазушы еңбегі жазушы психологиясы, оның шығармашылық шеберлігі мен жасаған өнер туындысына қатысты ақпараттар ауқымын толықтай қамтып, кең құлаш жаяды. Сондықтан атап өткен сұрақтарымыздың жауабын толықтай осы зерттеу жұмысынан таба аламыз.

Өнер туындысын жасаудағы жазушының шығармашылық шеберлігі ең алдымен өмір құбылыстарына өзге бұрыштан көз тастап, өмір шындығының өзіне әсер еткен тұсын ерекше психологиялық ахуал негізінде көркем шындық бейнесіне айналдыруынан байқалады. Жазушыға көркем туынды жазуға түрткі болатын факторларды автор санамалап көрсетеді. Көркем туындының өзінен бұрын қаламгер санасында тұтанған өмір шындығының өнер шындығына алмасуы шығарма мазмұнын құнарландырады. Демек кез келген өнер туындысы бастауын өмір құбылыстарынан алып, жазушының жан дүниесінде пісіп, түрлі сүзгіден өтеді, сол өнер иесінің шығармашылық дарынына сай құрылады. Біз оқып, тыңдап, көріп жүрген көркем туындылардың сан алуан болуының басты себебі осы. Қанша жазушы болса, сонша түрлі тың, көркемдік сипаты дара, стилі айрықша жазылған, құрылған туынды бар. Ал оны оқырманға жеткізу шеберлігі жазушы еңбегінің сапасына байланысты өзгеріп отырады.

Өнер туындысын жасауда қаламгер түрлі тарихи, этнографиялық аңыздарға, деректерге, әлеуметтік және мәдени құбылыстарға, өмір шындығына сүйенеді дедік. Сондай-ақ шығарма тудырудағы тағы бір маңызды өзек жазушы еңбегі мен аударма әдебиет екенін монографияның екінші тарауынан байқаймыз. Кез келген шығармаға өмір шындығы арқау болады, сол өмір шындығы көркем аудармада көрініс табады. Автор монографияда көркем шығарма мен көркем аударма жасаушының шындық құбылысты бейнелеу жолындағы ерекшеліктерін ескере отырып, аудармашының түпнұсқа туындыдағы құбылыстардың көркем бейнесін қайта жасап шығатындығына назар аударады. Демек көркем аударма тудыру қажырлы еңбекті талап ететін шығармашылық үдеріс. Ол аударма

тудырушының шығармашылық ойлау деңгейі мен қиялындағы көркемдік шеңберінің ауқымына сай үздіксіз дамып отырады. Еңбекте аударманың қалай жүзеге асатынын ғана емес, сол шығармашылық еңбекті жасайтын тұлғаның бойында болуы керек шеберлік, көркемдік және ғылыми ойлау деңгейлері туралы баяндайды. Әлемдік және отандық әдебиеттанушылар мен ғалымдардың, зерттеушілердің көркем аударма және аудармашы турасындағы ойларын мысалға ала отырып, оқырманға нақты әрі дәлелді тұжырымдар ұсынады. Көркем шығарманың өмір сүру формаларының бірі деп танылған көркем аударманы жасау шындығында тұлғаның эстетикалық талғамы мен талантына негізделетінін де ескереді. Талант жоқ болса, аудармашы да, көркем аударма да болмайды. «Жазушы еңбегінің» бұл тарауымен танысып шыққан оқырман көркем аударманы бір тілден екінші тілге аударылған туынды немесе аударма нұсқасы деп қана бағаламай, нағыз өнер туындысы екендігіне көз жеткізе алады.

Монографияның «Жазушы еңбегі және көркемдік қиял» деп аталатын үшінші тарауында өмір шындығын байқау мен бағалауда, жинау мен жинақтауда ойып орын алатын көркемдік қиял мәселесі талданған. Көркемдік қиялдың қаншалықты ұшқыр болары туындыгердің таланты мен таным көкжиегіне байланысты екені даусыз. Талант пен танымның көркемдік қиял қызметімен ұштасуын автор Тоныкөктің «Күлтегінінен», Мұхамед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» туындыларынан мысал келтіре отырып, анық аңғартады. Оқырман жаңа туынды жасауда көркемдік қиялдың артқан жүгінің салмағын осыдан-ақ ұғына алады. Көркемдік қиял жазушы еңбегінің негізгі іргетасы іспетті, өмір шындығын көркем шындыққа айналдырудағы ойдан қосу мен ойдан шығару – көркемдік қиялға жатпайды. Автор көркемдік қиялдың – қаламгердің әдеби-эстетикалық даралығын көрсететін, шындық құбылыстың болмысын қиял қызметімен әрлейтін жазушы еңбегінің басты әрі айрықша

қызметі екенін дәлелдейді.

«Жазушы еңбегі және шығармашылық ой өзегі» атты төртінші тарауда ақын-жазушылардың еңбектерін мысалға ала отырып, туындыдағы шығармашылық ой өзегінің өмірдің шындық құбылыстарынан, адамдар тағдырынан, халық тарихында ерекше орын алған оқиғалардың тоғысуынан, шығарма жасаушының ойында жүзеге асатын шығармашылық ойлау нәтижесінен туындайтын құбылыс екенін айтады. Жазушының жан дүниесінен ұшқындаған ойлау отының мықтылығына сай болашақ шығарманың ой өзегі жалынды болмақ. Бұл – жазушы еңбегінің аса маңызды тұсы. Шығармашылық ой өзегінсіз оқырман жанына жететін шығарма тудыру мүмкін емес.

Автор жазушы еңбегін ақыл-ой қызметінің ерекше саласы деп бағалайды. Жазу үдерісі, шығармашылық ой өзегі, оның азабы мен қызығы секілді үдерістер жазушының шығармашылық лабораториясында жүзеге асатын күрделі еңбек. Жазушы еңбегінің құрамы мұнымен шектелмесі анық. Себебі көркем шығарма тудыру үшін автор тақырып пен идеяны анықтап, ой өзегін іске қосуы керек. Ал тақырып пен идеяның өмірдің шындық құбылыстарынан туатынын білеміз. Демек, жазушы еңбегінің тағы бір үлкен бөлімі – болашақ шығармаға арқау болатын өмір құбылыстарының тобы. Монографияда автор бұл үдерістің нақты бір көркем шығарма жасаудағы бастапқы кезең екенін ескереді. Өмірде болған оқиғалар, шығарма негізін құрайтын кейіпкерлер прототипі туындыгер шығармасының арқауы болатын құнды қор, басты материалдар екені сөзсіз. Жазушы оқиға мен кейіпкерлер әлемін жасауда талмай еңбек етеді.

«Жазушы еңбегі және тарих шындығы» атты тарауда автор әдеби шығармадағы тарихи шындықтың рөлі туралы баяндайды. Жазушы өз шығармасын нақты өмір шындығы мен деректер, тарихи дәуір шындығын бейнелейтін құжаттар негізінде жазуға міндетті емес. Әйтсе де біз кез келген туындыны оқығанда оның мазмұнынан, кейіпкерлер іс-әрекетінің әсерінен, жазушының сөз қолданысы мен қоғам сипатын суреттеуінен қай заман туралы айтылғанын түсіне аламыз. Демек, өткен дәуір тарихын белгілі оқиғалар тізбегіне негіздеп бермесе, туындыда өмір шындығын көркем шындыққа айналдыру қиын. Сондықтан тарихи шындықтың көркем шығармада атқаратын рөлі зор. Оны оқырманға әсерлі етіп, сан алуан бояумен көмкеріп, көркем сюжетпен бере білу жазушы шығармашылығының шеберлігі еншісінде. Тарихи шындықты қолдану әсіресе тарихи романдарды жазу кезінде жүзеге асады. Тарихи романның көркемдігін жоймай, шынайы құбылысты шебер жеткізу үшін жазушы нақты айтатын оқиғасын саралап, қозғаушы күштерін анықтап, логикалық және психологиялық дәлелі мен жүйесін көркем-

дік заңдылықтарға орай анықтайтынын автор осы тарауда назарға алады. Әр заман тарихында жүзеге асатын жеке-дара, қоғамдық, әлеуметтік, саяси құбылыстардың ортақ шешімін тауып, бір әдеби шығармаға сыйдырып, көркем ақиқатқа айналдыру жазушы еңбегінің нағыз көрініс беретін тұсы саналады. Әдеби шығарманың басты шарты – тарихи шындық пен жазушы еңбегінің көркем келісімге ұласуы туындыгердің шығармашылық парасатының жемісі екені айтылған.

Әдеби шығарманың көркемдік құрылымында адамдардың іс-әрекеттері мен сан алуан қарым-қатынастарының құбылуында халықтың дәстүрлі мәдениетінің атқаратын рөлі орасан. Оған дәлел ретінде қазақ романдарындағы халықтың салт-дәстүрінің, қайғысы мен қуанышының, сөйлеу ерекшелігінің, ас дайындауынан бастап, киім кию мәдениетінің, жалпы тұрмыс-тіршілігінің детальді көріністерін айтсақ болады. Демек халық мәдениеті шығарма жасауда кезең шындығын анықтауға әсер ететін басты факторлар құрамына кіреді. Автор монографияның бұл тарауында халық мәдениетінің әдеби шығармада көрініс табуының екі түрлі негізіне тоқталады. Біріншісі – тарихи құжаттарда сақталған оқиғалар болса, екіншісі – халықтың дәстүрлі мәдениеті материалдарының көркемдік игерілуі. Біріншісінде жазушы деректерге сай оқиғалар тізбегінің мекендік, мезгілдік өзегін сақтай отырып, шығармасының сюжеттік желісін суреткерлік нысанына сай қолданса, халықтың дәстүрлі мәдениеті материалдарын белгілі өлшем аясында шектемейді. Жазушы өзінің көркем суреттеу шеберлігі негізінде өзгертіп, толықтырып суреттеуге мүмкіндік алады. Десе де халықтың дәстүрлі мәдениеті материалдары көркем шығарманың оқиғалық өзегін түзе алмай-тынын, бірақ кейіпкерлер дүниетанымы мен олардың рухани әлемін, мәдениетін танытуда қызмет ететінін атап өтеді.

«Жазушы еңбегі және халық әдебиеті» тарауында бұған дейінгі тараулардың жалғасы болып табылатын әдеби шығармадағы халық әдебиеті үлгілерінің атқаратын қызметі туралы айтылған. Халық әдебиеті үлгілері әдеби шығармадағы образ сомдауда, тақырып және идея жасауда, тіл мен стиль құруда қолданылады. Себебі халық өмірінің шындығын тануда басты дерек көзінің бірі ретінде – халық әдебиеті саналатынын да автор атап өткен. Автор аталмыш тарауда да халық романдары мен өзге де шығармалардан нақты әрі дәлелді мысалдар келтіріп отырады. Халық әдебиетіндегі тарихи аңыздар мен жырлар көркем шығармада өмір шындығын суреттеудің амалы болса, кейбірінде шығарма идеясы мен жазушының ой-өзегіне айналады. Әсіресе ертедегі ауыз әдебиеті үлгілері бүгінгі тарихи романдарымыздың поэтикалық құндылығын арттырып отырған негізгі фактор екені даусыз. Халық әдебиетінің үлгілері қазіргі көр-

кем шығармалардың мағыналық-құрылымдық жүйесінде түрлі формада өмір сүріп, жазушының көркемдік қиялының өмір шындығымен әсем үйлесімде жалғасуына әсер етіп келе жатқанын да байқаймыз. Монографиядағы соңғы «Жазушы еңбегі және әдеби мұра» атты тоғызыншы тарауда автор бүгінгі әдеби шығармалардың мағыналық құрылымын түзіп, оқиғалар желісін құрап отырған тағы бір негіз – әдеби шығарма үлгілері туралы сөз қозғайды. Әдеби мұраны көркем шығармада қолдануда жазушы деректерді топтастырып, өзара алмастырып, оның терең сырлы өзегін ашуға тырысады. Әдеби мұра үлгілері нақты сол өткен дәуір оқиғаларын немесе қайраткерлерді сипаттап, шығарма тудыруда ғана емес, талатты жазушының жаңа сюжет пен кейіпкер тудыруында да орасан зор қызмет атқарады. Көркем шығармашылықта жазушының көркемдік қиялының мәні жоғары десек те, тарихи шығарма жасауда құрғақ қиял мен өмір шындығынан оқырманын баурайтын шедевр жасау мүмкін емес. Жазушы еңбегінің нәтижелі, ал шығарманың көркемдік деңгейінің жоғары, эстетикалық нәрі мол болуы үшін монографияның әр тарауында автор жеке-дара талдап, нақты мысалдармен негізге алған өнер туындысы, аударма әдебиет, көркемдік қиял, шығармашылық ой өзегі, өмір құбылыстарының тобы, тарих шындығы және халық мәдениеті, халық әдебиеті мен әдеби мұрасы шығармашылық еңбек үдерісінде өзек болатын негізгі факторлар екенін есте сақтаған жөн. Өмір шындығынан көркем шындық жасауды күрделі үдеріс деп танысақ, сол шындық пен көркемдіктің мәнін жоғалтпай әдеби шығарма тудыру үшін теориялық әрі тәжірибелік білім алуға профессор Жанғара Дәдебаевтың осы «Жазушы еңбегі» монографиясын негізге алуға болады. Себебі көркем шығарма жасау тек қалам мен қиял негізінде жүзеге асатын құбылыс емес, жазушының ой өзегінің, шығармашылық дайындығының, білімінің де еншісіне тән күрделі еңбек.

Жазушы еңбегі туралы толық әрі құнды ақпаратты қамтыған бұл монография әдебиеттану саласындағы зерттеу жұмыстары мен оқулықтарды дайындауда, сондай-ақ шығармашылық еңбек үдерісінде талмай еңбек етіп жүрген қаламгерлер үшін пайдалы болмақ. Монография әдебиет сүйер қауымға, әдебиеттану саласындағы ғалымдар мен зерттеушілерге, оқытушыларға, ақын-жазушыларға, осы саладағы жоғары оқу орнының студенттеріне және жалпы шығармашыл қауымға арналған.


МАЗМҰНЫ

Қансейіт Әбдешұлы. Шынайы өмірден тамыр тартқан туындылар..	5
Бекен Ыбырайым. Адамның мемлекетке айналуы.....	14
Әмірхан Меңдеке. Ұлт жазушысы.....	34
Акеділ Тойшанұлы. Алып шынар.....	40
Нұрсұлтан Мықтыбай. Сергек ой, серпінді сөздің ұстасы.....	51
Мақсат Тәж-Мұрат. Талант табиғаты.....	62
Гүлжаһан Орда. Балаларға арналған прозалық шығармалардың тәрбиелік мәні.....	74
«Алқа» жиыны: Алаштың Алатауын арқау еткен роман.....	111
Гүлзия Пәрәлі. Қазіргі қазақ прозасындағы Дінмұхамед Қонаевтың бейнесі.....	121
Мархабат Байғұт. «Неткен ғажап... бұл әлем».....	131
Әлмира Қали. Думан Рамазанның әңгімелері.....	143
Алма Кенжеқожаева. Шығармашылық психологиясы туралы бағалы еңбек.....	154

Жауапты редакторы Л. Мұсалы
Редакторы Б. Даутова
Корректоры Г. Ыбырайқызы
Техникалық редакторы А. Кенжеқожаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалды.
Электрондық басылым.
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71.

ISBN 978-601-04-6490-2



9 786010 464902

162